



– Болашаққа инвестиция саламыз

Жылдық
есеп

20
22



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Мазмұны

Компанияның қысқаша бейіні	003	03. Менеджмент есебі	032
Негізгі көрсеткіштердің динамикасы	004	Макроэкономикалық көрсеткіштер	034
Қаржылық көрсеткіштер	004	АӨК саласын талдау	038
Операциялық көрсеткіштер	005	А/ш техникасы паркін талдау	044
Қаржылық емес көрсеткіштер	005	Лизинг нарығын талдау	048
2022 жылғы басты оқиғалар	006	PEST-анализ	051
Директорлар кеңесінің Төрағасының үндеуі	008	SWOT-анализ	054
Басқарма Төрағасының үндеуі	010	Даму стратегиясын іске асыру	056
01. Даму стратегиясы	012	Операциялық қызметтің нәтижелері	060
Мақсаттар мен міндеттер	014	Қаржылық нәтижелер	068
Күтілетін нәтижелер	015	Негізгі қаржылық көрсеткіштер	068
02. Компания туралы	016	Қаржылық тұрақтылықтың негізгі факторлары	070
Рейтингтер	019	Кірістер болжамы	071
Лицензиялар	019	Даму перспективалары	072
Сертификаттау	019	04. Корпоративтік басқару	076
Қызмет географиясы	019	Менеджменттің ұйымдастырушылық құрылымы	079
Компанияның қысқаша тарихы	020	Корпоративтік басқару рейтингі	080
Бизнес моделі	022	Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп	082
Бәсекелестік артықшылықтар	024	Бағалы қағаздар туралы және қатысушылар құрамы туралы мәліметтер	083
Лизинг беру процесі	025	Жалғыз акционердің 2022 жылғы негізгі шешімдері	084
Қызмет бағыттары	026	Директорлар кеңесі	085
Субсидиялау процестері	027	Директорлар кеңесінің құрамындағы 2022 жылғы өзгерістер	086
Инвестициялық салымдар жасау кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау	027	Директорлар кеңесінің құрамы	087
Инвестициялық субсидияларды аванстық төлеммен беру	028	Директорлар кеңесінің қызметі	093
Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ..	029	Директорлар кеңесінің комитеттері	095
Бизнес-процестерді оңтайландыру	030	Іріктеу және тағайындау	100
Өнім берушілермен жұмыс	031	Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби салалардағы құзыреттері	101

Тәуелсіздік	102	07. Орнықты даму	156
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	103	Басқарма Төрағасының орнықты даму мәселелері бойынша үндеуі	158
Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту	104	Орнықты даму саласындағы саясат	159
Мүдделер қақтығысын басқару және корпоративтік қақтығыстарды реттеу	104	Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу туралы есеп	166
Мәселелер туралы ақпараттандыру	106	Экономикалық әсер	173
Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйақысы	106	Құрылған экономикалық құн	173
Атқарушы орган	107	Сатып алу іс-тәжірибесі	174
Басқарма құрамы	108	Әлеуметтік жауапкершілік	176
Басқарма жұмысы	113	Кадрлық саясат	176
Ұйымдық құрылым	116	Персоналдың құрылымы	177
Жасауға мүдделілік бар мәмілелер туралы 2022 жыл бойынша есеп	118	Жұмыскерлерді оқыту және дамыту	181
Басқарма мүшелерінің сыйақысы	119	Мотивация және сыйақы	183
Акционерлік капиталдың құрылымы	119	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау	185
Дивидендтер	120	Кадрлық резерв	186
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	121	Жылдық жалпы өтемақы коэффициенті	187
Корпоративтік этика	128	Этномәдени әртүрлілік	187
Ішкі бақылау жүйесі	130	Спорттық-сауықтыру іс-шаралары	187
Ішкі аудит қызметі	133	Әлеуметтік қолдау	188
Сыртқы аудит	134	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік	189
05. Тәуекелдерді басқару	136	Демеушілік және қайырымдылық	190
Тәуекелдерді басқару жүйесі	138	Экологиялық әсер	191
Тәуекелдерді талдау	144	Қоршаған ортаны қорғау	191
06. Маркетингтік қызмет	148	Глоссарий	193
Ақпараттық саясат	150	Байланыстық ақпарат	194
Заңнама талаптарына сәйкестік	152	1-қосымша. Есеп туралы	196
Мүшелік қауымдастықтар	152	2-қосымша. GRI индексі	198
Өнім үшін жауапкершілік	153	3-қосымша. Қаржылық есептілік	204
Шағым беру және проблемалар туралы ақпараттандыру механизмі	153	4-қосымша. ҚазАгроҚаржы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің орындалуы туралы есеп	295
Брендинг және PR саласындағы қызмет	154		

Компанияның қысқаша бейіні



«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ (ҚАЗАГРОҚАРЖЫ, КОМПАНИЯ) – АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРГЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН САТЫП АЛУ ҮШІН ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТЕТІН ІРІ ҚАРЖЫ ИНСТИТУТЫ.


Компания 23 жылдан астам уақыт бойы өз қызметін табысты жүзеге асырып, еліміздің аграрлық секторында техникалық жарақтандыруды дамытуға ықпал етіп келеді.

Саладағы жоғары құзыреттілік, нарықтағы көп жылдық жұмыс тәжірибесі, дамыған филиалдар желісінің болуы, кәсіби кадрлар құрамы, сенімді кредиттік рейтингтері мен қаржы қаражатын тартуға қолжетімділігі сияқты бәсекелестік артықшылықтары оның лизинг нарығында көшбасшы позициясын сақтауына және отандық фермерлер үшін сенімді серіктес болып қалуына мүмкіндік береді.


Негізгі көрсеткіштердің динамикасы

Қаржылық көрсеткіштер


Активтер, млрд теңге




Меншікті капитал, млрд теңге




Дивидендтер, млрд теңге



Міндеттемелер, млрд теңге



Несие портфелі, млрд теңге




Пайдалылық көрсеткіштері




Операциялық көрсеткіштер


Лизингке берілген техника саны, бірл.



Техника мен жабдықтар лизингінің көлемі, млрд теңге




Жасалған қаржыландыру келісімшарттарының саны, бірл.




Қаржылық емес көрсеткіштер


Fitch Ratings



Портфельдегі клиенттердің жыл аяғындағы саны, бірл.



Қаржыландырылған клиенттер саны, бірл.



2022 жылғы басты оқиғалар

25 шілдеде

ҚазАгроҚаржы Жалғыз акционерінің ауысуы. «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы Компанияның Жалғыз акционері болды.

27 шілдеде

ҚазАгроҚаржы үшінші облигациялық бағдарлама шегінде айналыс мерзімі 7 жыл құрайтын бірінші облигация шығарылымын жүзеге асырды және нарық инвесторларының кең тобы арасында 40,2 млрд теңгеге орналастырды.

21 тамыздан

Бастап клиенттерден өтінімдерді онлайн қабылдауға арналған online.kaf.kz BPM платформасы енгізілді.

27 маусымда

ҚазАгроҚаржы 15 млрд теңгеге облигациялар шығарды және жеке орналастыру жолымен оларды толық көлемде орналастырды.

5 тамызда

Отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын жылдық 6% мөлшерлемесімен ұсынатын 40 млрд теңге көлеміндегі «Жеңілдікті лизинг» жаңа бағдарламасы басталды.

10 қарашада

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі ҚазАгроҚаржының шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақмерзімді рейтингтерін «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне дейін көтерді, рейтингтер бойынша болжам «Тұрақты».

11 қарашада

ҚазАгроҚаржы Ұлттық ESG клубына қосылды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша

ҚазАгроҚаржының 2021 жылғы жылдық есебі PwC Kazakhstan өткізген «ESG-ақпаратты ашып көрсету деңгейі бойынша үздік қаржы компаниялары» рейтингінде 1 орынды иеленді. Сондай-ақ, «Қазақстан қор биржасы» АҚ өткізген жылдық есептер конкурсының қорытындысы бойынша «Қаржы секторындағы 2021 жылғы үздік Жылдық есеп» номинациясының лауреаты және «2021 жылғы Жылдық есептің үздік дизайны» номинациясының жүлдегері болып танылды.



– Директорлар кеңесінің Төрағасының үндеуі

Құрметті серіктестер мен әріптестер!

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің атынан Сіздерге қошеметімді білдіруге қуаныштымын!

Агроөнеркәсіптік кешенде мемлекеттік саясатты іске асырудың аса маңызды мәселелерінің бірі техникалық жарақтандыру болып табылады. Лизинг отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін негізгі қорларды жаңартудың ең қолайлы тәсілі болып қалуда.

ҚазАгроҚаржы лизинг нарығында тұрақты түрде мықты позицияға ие және өз қызметінің оң нәтижелерін осы жолы да көрсетіп отыр.

Компанияның Директорлар кеңесі ҚазАгроҚаржының 2022 жылғы қызметінің қорытындыларын оң бағалайды. Жоспарлы қаржылық көрсеткіштер орындалды және Компанияның Даму стратегиясында белгіленген барлық бағыттар бойынша айтарлықтай өсім қамтамасыз етілді. Қол жеткізілген нәтижелер – қабылданатын шешімдердің тиімділігінің айғағы.

Директорлар кеңесі Компанияға стратегиялық басшылық ету және оны тиімді басқару жұмысын жалғастыратын болады.



ҚазАгроҚаржы лизинг нарығында тұрақты түрде мықты позицияға ие және өз қызметінің оң нәтижелерін осы жолы да көрсетіп отыр.



**Айдапкелов
Нұрболат
Серғалиұлы**

«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ТӨРАҒАСЫ



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Басқарма Төрағасының үндеуі

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

Сіздерге құрметімді білдіруге және ҚазАгроҚаржы қызметінің 2022 жыл қорытындысы бойынша нәтижелерін ұсынуға рұқсат етіңіздер!

Компания үшін 2022 жыл мазмұнды ері нәтижелі болды, біз өз жетістіктерімізбен қуана бөлісеміз. Елдегі және әлемдегі күрделі экономикалық жағдайға қарамастан, жоғары нәтижелерге қол жеткізе алдық.

ҚазАгроҚаржы лизинг нарығында сенімді серіктес болып қалуда және АӨК-ті техникалық жарақтандыруға елеулі үлес қосып отыр, ҚазАгроҚаржы арқылы сатылып алынатын техника үлесінің жыл сайын артуы мұны растайды.

Біз көрсетілетін қызметтерді жетілдіру және ауыл еңбеккерлері үшін қолжетімді қаржыландыру жағдайларын жасау бойынша жұмысымызды жалғастыратын боламыз. Есепті жылдың басты оқиғасы клиенттерден өтінімдерді онлайн

қабылдауға аналған платформа енгізілуі, сондай-ақ «Жеңілдікті лизинг» жаңа бағдарламасының ендірілуі болды.

Нәтижеліліктің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу клиенттер тарапынан бізге көрсетілген жоғары сенім, серіктестермен өзара ынтымақтастық және Компания ұжымының нәтижелі жұмысының арқасында мүмкін болды.

2023 жылы ҚазАгроҚаржы қолжетімді лизингтік қызметтерді ұсыну, сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және жаңа клиенттік сервистерді енгізу жолымен саланың заманауи және жоғары технологиялық техникаға қажеттілігін қамтамасыз ету бағдарын сақтайды.



ҚазАгроҚаржы лизинг нарығында сенімді серіктес болып қалуда және АӨК-ті техникалық жарақтандыруға елеулі үлес қосып отыр, ҚазАгроҚаржы арқылы сатылып алынатын техника үлесінің жыл сайын артуы мұны растайды.



**Прашев
Айдар
Гилимович**

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫ



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ



01

– Даму стратегиясы



Мақсаттар мен міндеттер 014
Күтілетін нәтижелер 015



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

2022 ЖЫЛЫ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ АУЫСУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 25 ШІЛДЕДЕГІ № 10 ШЕШІМІМЕН ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДАМУЫНЫҢ 2020-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА ӨТПЕЛІ СТРАТЕГИЯСЫ БЕКІТІЛДІ, ОНДА 2 СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ ШЕҢБЕРІНДЕ 9 МІНДЕТТІ ЖӘНЕ 3 МАҚСАТТЫ ІСКЕ АСЫРУ КӨЗДЕЛГЕН, СОНДАЙ-АҚ ҚЫЗМЕТТІҢ 9 СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ БЕЛГІЛЕНДІ.

Мақсаттар мен міндеттер

№ 1 стратегиялық бағыт

Техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК-тің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу

1-мақсат:

Ауыл шаруашылығында техникалық жарақтандырылуды және экспорттық әлеуетті арттыру.

1-міндет:

Ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша инвестициялар көлемін ұлғайту.

2-міндет:

ҚазАгроҚаржы қолдауын алған кәсіпорындардың түсімдері мен экспорттық түсімдерінің көлемін дамытуға жәрдемдесу.

3-міндет:

Компанияның өнім желісін дамыту, оның ішінде қаржыландырудың жаңа бағыттарын енгізу арқылы дамыту.

№ 2 стратегиялық бағыт

Компания қызметінің тиімділігі

1-мақсат:

Компания қызметінің рентабельділігін арттыру.

1-міндет:

Меншікті капитал мен активтерді басқару тиімділігін арттыру.

2-міндет:

Несие портфелінің сапасын арттыру.

3-міндет:

Қаржыландырылған жобаларды мониторингтеу жүйесін жетілдіру.

2-мақсат:

ҚазАгроҚаржы үздік тәжірибеге сәйкес корпоративтік дамыту.

1-міндет:

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Компания қызметінің ашықтығын арттыру.

2-міндет:

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру.

3-міндет:

Компания қызметінің негізгі процестеріне орнықты даму қағидаттарын енгізу.

КОМПАНИЯ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ САЯСАТЫ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ОН ЖЫЛДЫҚ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН ЖАҢА ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ БОЙЫНША ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДЕ, ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНДА ЖЕКЕЛЕГЕН НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР. БҰЛ РЕТТЕ КОМПАНИЯНЫҢ БАҒЫТЫ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ.

Күтілетін нәтижелер

ҚазАгроҚаржы:

- қазақстандық лизингтік компаниялар рейтингінде позициясы мықты шығынсыз тұрақты компания;
- клиенттік сервис сапасы бойынша лизингтік қызметтер нарығындағы көшбасшы;
- саланың сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызметтерге қажеттілігін барынша қамтамасыз ететін АӨК-ті дамытудың қуатты қаржылық құралы.

Сонымен, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерді кешенді іске асыру Қазақстанның АӨК саласын дамытудың жетекші және тұрақты қаржылық институттарының бірі ретіндегі ұстанымын нығайтуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның 2020-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясында белгіленген негізгі қызмет көрсеткіштерінің барлығы толық көлемде орындалды, стратегиялық бағыттар бойынша жұмыс туралы толық ақпарат «Даму стратегиясын іске асыру» бөлімінде ашылып көрсетілді.





02

Компания туралы

Рейтингтер	019
Лицензиялар	019
Сертификаттау	019
Қызмет географиясы	019
Компанияның қысқаша тарихы	020
Бизнес моделі	110
Бәсекелестік артықшылықтар	024
Лизинг беру процесі	025
Қызмет бағыттары	026
Субсидиялау процестері	027
Инвестициялық салымдар жасау кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау	027
Инвестициялық субсидияларды аванстық төлеммен беру	028
Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ..	029
Бизнес-процестерді оңтайландыру	030
Өнім берушілермен жұмыс	031



Миссиясы

- Сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызметтер көрсету арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу.

Пайымы

- ҚазАгроҚаржы – саланың заманауи және жоғары технологиялық техникаға қажеттілігін қамтамасыз ететін Қазақстанның АӨК лизингі нарығындағы көшбасшы.

Қызмет түрлері:

- Агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызмет;
- заң актілерінде тыйым салынбаған, ҚазАгроҚаржы жарғысында көзделген Компания мақсаттары мен міндеттеріне жауап беретін кредиттеу және өзге де қызмет түрлері;
- агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

Саладағы мақсаты

- Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді ауыл шаруашылығы техникасын лизингтік негізде сатып алу үшін қолжетімді қаржы құралдарымен қамтамасыз ету жолымен агроөнеркәсіптік кешенді технологиялық жаңарту.



Рейтингтер

2022 жылғы 10 қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі ҚазАгроҚаржының шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақмерзімді рейтингтерін «BB+» деңгейінен «BBB -» деңгейіне дейін көтерді, рейтингтер бойынша болжам «Тұрақты».

Лицензиялар

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің ұлттық валютада банктік қарыз операцияларын жүргізуге арналған лицензиясы (2006 жылғы 31 наурызда алынған).

Сертификаттау

ISO 9001-2015 сапа менеджменті жүйесі бойынша сертификаттау.

Қызмет географиясы

Еліміздің барлық өңірлерінде 15 филиалы бар. Қазақстандық техника өндіруші зауыттармен, сондай-ақ жақын және алыс шетел жеткізушілерімен ынтымақтастық.

Компанияның қысқаша тарихы

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ 1999 ЖЫЛҒЫ 28 ЖЕЛТОҚСАНДА «АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 1999 ЖЫЛҒЫ 24 ҚАРАШАДАҒЫ № 1777 ҚАУЛЫСЫНА СӘЙКЕС ТІРКЕЛДІ.

1999

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚазАгроҚаржы құрылымын құру туралы қаулысы бекітілді.

2000

Шетелдік ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу бойынша алғашқы тәжірибе.

2000–2003

Алғашқы машина-трактор станцияларын құру.

2004

Арнайы техника мен технологиялық жабдықтардың лизингі.

2005

Өңдеу жабдықтарының лизингі.

2006

ҚазАгроҚаржы жаңадан құрылған «ҚазАгро» Ұлттық басқарушы холдингінің құрылымына кірді.

2007

Асыл тұқымды мал лизингін енгізу.

2008

Компанияға алғаш рет Fitch халықаралық несиелік рейтингі (BBB-) берілді.

2009

Ірі инвестициялық жобаларды қаржыландырудың басталуы.

2010

Сарапшы РА-нің Қазақстанда лизинг нарығын алғашқы зерттеуі: ҚазАгроҚаржы қазақстандық лизинг нарығында көшбасшы болып танылды.

2013

ҚазАгроҚаржы субсидиялау бағдарламасының ресми қатысушысы болды.

2015

Алғаш рет ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілді және компанияға алғаш рет корпоративтік басқару деңгейі берілді.

2016

ҚазАгроҚаржы 8 млрд теңге сомасын құрайтын және айналыс мерзімі 5 жыл ішкі нарықтық облигацияларды инвесторлардың кең ауқымы арасында алғаш рет орналастырды.

2016

ҚазАгроҚаржының бәсекелестік ортаға беруге ұсынылатын объектілер тізбесіне енгізілуі.

2017

ҚазАгроҚаржының 5 жылдық теңге облигацияларын шығару және орналастыру жөніндегі мәмілесі «Еуропадағы, Таяу және Орта Шығыс пен Африкадағы ұлттық валютадағы ең жақсы облигациялар шығарылымы» (Best local currency bond in EMEA) санатында EMEA Finance жеңімпазы болып танылды.

2019

Компанияның жеке-шелендіруге жататын объектілер тізімінен шығарылуы.

2019

Нұрсұлтан қаласында филиалдың ашылуы (26.10.2022 жылы Астана қаласы бойынша филиал болып өзгертілді).

2020

ҚазАгроҚаржының 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту.

2021

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы барысында берілген тапсырмасын іске асыру үшін «ҚазАгро «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ты «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ-ға қосу жолымен ҚазАгроҚаржының «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының құрамына кіруі.

2022

Компанияның Жалғыз акционерін ауысуы. Жалғыз акционер «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ болды.

2022

ҚазАгроҚаржы ұлттық ESG клубына қосылды.


2022

Клиенттерден өтінімдерді онлайн қабилдауға арналған online.kaf.kz BPM платформасы енгізілді.

2022

Бизнес моделі

ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ МАҚСАТЫНДА КОМПАНИЯ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫН ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ТИІСТІ ІС-ШАРАЛАРДЫ ҰДАЙЫ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ ЖҮРГІЗЕДІ.



Қаржы институттары

Лизинг заттарын жеткізушілер

Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ

"Аграрлық Несие Корпорациясы" АҚ



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Көрсетілетін қызметтер
Техника мен жабдықтар лизингі

Аймақтық желі
15 филиал

Штат саны
341 адам

Ресурстар:

Меншікті капитал – 157,0 млрд теңге
Тартылған қаражат – 100,67 млрд теңге

2022 жылғы нәтижелер:

Инвестициялар – 172,8 млрд теңге
Таза пайда – 20,6 млрд теңге
Лизингке берілгені – 6 806 бірлік техника
Клиенттер саны – 10 983 бірлік
Бюджетке төленген салықтар мен төлемдер – 1,03 млрд теңге
2021 жылы төленген дивидендтер – 12,1 млрд теңге

ҚР мемлекеттік бюджеті

ҚР халқы


Бәсекелестік артықшылықтар



Лизинг беру процесі

ЛИЗИНГ БЕРУ ПРОЦЕСІ КЛИЕНТТІҢ ЛИЗИНГ НЫСАНАСЫН ЖӘНЕ ӨНІМ БЕРУШІНІ ТАҢДАУЫНАН БАСТАЛАДЫ. ӨНІМ БЕРУШІДЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС АЛҒАННАН КЕЙІН КЛИЕНТ ҚАЗАГРОҚАРЖЫҒА ЖҮГІНЕДІ.

Кредиттік бөлімшенің менеджері қолда бар қаржыландыру бағдарламалары бойынша консультация жүргізеді, сондай-ақ клиентті өтінім беру үшін қажет міндетті құжаттардың тізбесімен таныстырады. Клиент құжаттардың толық топтамасын ұсынғаннан кейін Компанияның құрылымдық бөлімшелері клиенттің жобасына сараптама жүргізеді. Қорытындылар мен сараптамалардың нәтижелері бойынша Компанияның уәкілетті органы (Кредиттік комитет) жобаны қаржыландыруға қатысты шешім шығарады. Жобаны қараудың жалпы мерзімі, пысықтауды есепке алмағанда 5 күннен бастап 12 жұмыс күніне дейін уақытты құрайды.



Кредиттік комитет жоба бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда қаржылық лизинг шарты жасалады, клиент бірінші лизингтік төлем жасайды, содан кейін лизинг нысанасын сатып алу шартына өнім берушімен қол қойылады. Жеткізілгеннен кейін лизинг нысанасы лизинг алушыға табысталады.

Қызмет бағыттары



КОМПАНИЯ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ӘРТҮРЛІ САНАТТАРЫНЫҢ МҮДДЕЛЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІНЕ ЖАУАП БЕРЕТІН ЖӘНЕ ТЕХНИКАНЫ

ТИІМДІ ШАРТТАРМЕН САТЫП АЛУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТЕҢДЕСТІРІЛГЕН КЕҢ ӨНІМ ЖЕЛІСІН ІСКЕ АСЫРАДЫ.

Компания қызметінің бағыты ауыл шаруашылығы техникасының, арнайы техниканың, көлік құралдарының лизингі болып табылады.

2022 жылғы қаржыландыру бағдарламалары

	Мерзімі	Аванс	Мөлшерлеме
Стандартты лизинг бойынша шарттар			
1 Ауыл шаруашылығы техникасы	10 жылға дейін	кемінде 15%	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5 % (субсидияларды ескерумен 6%) 17% АНК қаражаты (субсидияларды ескерумен 6%)
2 Мелиорациялық және ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған арнайы техника	7 жылға дейін	кемінде 20%	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5 % (субсидияларды ескерумен 6%) 17% АНК қаражаты (субсидияларды ескерумен 6%)
3 Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін және оларды өңдеу өнімдерін, биологиялық активтерді тасымалдайтын көлік құралдары*	7 жылға дейін	кемінде 15%	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5 % (субсидияларды ескерумен 6%) 17% АНК қаражаты (субсидияларды ескерумен 6%)
Арнайы қаржыландыру бағдарламаларының шарттары			
1 «Қазақстанда жасалған» Отандық өндіріс/құрастыру а/ш техникасы мен көлік құралдары	10 жылға дейін	кемінде 15%	6% (ҚР ҰҚ)
2 «Сенімді фермер» Аванссыз лизинг	10 жылға дейін	0	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5 % (субсидияларды ескерумен 6%)
3 «Жеңілдікті лизинг» Өздігінен жүретін отандық өндіріс/құрастыру техникасы	10 жылға дейін	0	6% (ӨДҚ)
4 «Экспресс-лизинг» Кірісті растаусыз	10 жылға дейін	кемінде 20%	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5 % (субсидияларды ескерумен 6%) 17% АНК қаражаты (субсидияларды ескерумен 6%)
5 «Мастер-лизинг» 1 жылға арналған лизинг желісі	до 10 лет	кемінде 15%	Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі плюс 7,5 % (субсидияларды ескерумен 6%) 6% (ҚР ҰҚ)

* соның ішінде тартқыштар мен тіркемелері бар

Лизинг нысанасында қаржыландырудың артықшылықты шарттары техниканы кепілсіз, комиссия төлемей, жеңілдік кезеңін бере отырып, ұзақ қаржыландыру мерзімімен, аванс енгізусіз беру болып табылады (**техника құнының 25% мөлшеріндегі** инвестициялық субсидиялар есебінен). Сыйақы мөлшерлемесін мемлекет субсидиялайды, клиент үшін сыйақының қорытынды мөлшерлемесі жылдық 6% құрайды.



Субсидиялау процестері

Инвестициялық салымдар жасау кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау

ҚазАгроҚаржы инвестициялық салымдар жасау кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша мемлекеттік субсидиялау бағдарламасына қатысады.

Осы мемлекеттік қолдау шарасының арқасында Қазақстанның

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері лизингке техника сатып алу кезінде авансты инвестициялық субсидиялар есебінен береді. Инвестициялық субсидиялар алу мүмкіндігі клиенттердің қаржылық жүктемесін едәуір жеңілдетеді және техникаға қолжетімділікті арттырады.

2022 жылдың қорытындысында Компанияның арнайы шотына инвестициялық салымдарды субсидиялау бағдарламасының 871 қаржылық лизинг шарты бойынша жалпы сомасы 6,6 млрд теңге құрайтын аванстық төлемді өтеуге инвестициялық субсидия түсті.



— Инвестициялық субсидияларды аванстық төлеммен беру



Инвестициялық субсидиялар техника лизингі бойынша аванс ретінде пайдаланылады, инвестициялық субсидиялардың мөлшері лизинг нысанасы құнының 25%-ын құрайды.



— Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау



Сыйақы мөлшерлемесін мемлекет субсидиялайды, клиент үшін қорытынды субсидиялау мөлшерлемесі жылдық 6% құрайды.



Бизнес-процестерді оңтайландыру

КРЕДИТТІК-ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ МАҚСАТЫНДА КОМПАНИЯ КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ШАРТТАРЫН ЖАҚСARTУ ЖӘНЕ САПАСЫН АРТТЫРУ БОЙЫНША ТИІСТІ ІС-ШАРАЛАР КЕШЕНІН ІСКЕ АСЫРАДЫ.

Есепті жылы Компания ұсынатын өнім желісінің шарттары жаңартылды және жақсартылды, атап айтқанда, «Жеңілдікті лизинг» жаңа бағдарламасы бекітіліп, іске қосылды, оның шеңберінде клиенттер отандық өндіріс/құрастыру тракторлары мен комбайндарын аванстық төлемсіз, 10 жылға дейін қаржыландыру мерзімімен, жылдық 6% жеңілдікті сыйақы мөлшерлемесі бойынша сатып ала алды.

Қолжетімділікті арттыру мақсатында Компания үлкен сұранысқа ие «Экспресс-лизинг» бағдарламасы бойынша қаржыландыру лимитін 150 млн теңгеден 300 млн теңгеге дейін ұлғайтты. Бұл бағдарламаның артықшылығы өтімді қысқартылған құжаттар топтамасы

негізінде 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жеделдете қарау болып табылады.

2022 жылы негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру және оңтайландыру шеңберінде Компанияда клиенттерден өтімдерді онлайн қабылдау үшін online.kaf.kz ВРМ платформасы енгізілді. Жоба қажетті құжаттарға ЭЦҚ арқылы қол қою жолымен өтімді автоматтандырылған түрде беруге бағытталған.

Жоба өтініш беруші қажетті өнімді, лизинг нысанасының негізгі параметрлерін таңдағаннан кейін, клиент туралы мәліметтер автоматты түрде тиісті тексерістерден өткізіліп, қаржыландыруға өтініш беру мүмкіндігін көздейді.

2023 жылы ҚазАгроҚаржы бизнес-процестерді оңтайландыру және клиенттердің мүддесі үшін өнім желісін дамыту жұмысын жалғастыратын болады.



Өнім берушілермен жұмыс

ЛИЗИНГ НЫСАНАСЫН ЖӘНЕ ЛИЗИНГ НЫСАНАСЫН ЖЕТКІЗУШІНІ ТАҢДАУДЫ КЛИЕНТ «ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС ДЕРБЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ.

Компания ынтымақтастық тәжірибесі бар жұмыс істеген ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын берушілердің базасын жүргізеді. Ақпарат Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтында мүдделі тұлғалар үшін ашық қолжетімділікте.

Өнім берушілер теріс сипаттағы мәліметтердің бар-жоқты, заңнама талаптарына сәйкестік тұрғысынан және лизинг нысанасының әділ құнын қалыптастыруға қатысты мұқият тексерілуге жатады.

Компанияның лизинг заттарын жеткізушілерге қойылатын талаптары олардың барлығы үшін бірдей және Компанияның сайтында орналастырылған, бұл өнім берушілердің Компаниямен өзара әрекеттесу процесін жеңілдетеді.

Өнім берушілерге қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады:

- кәсіби біліктілігі және берілетін лизинг нысанасы нарығында кемінде 6 ай жұмыс тәжірибесіне ие болуы;

- Компания алдында орындалмаған (лизинг нысанасын сатып алу шартының талаптарына сәйкес мерзімі өткен) міндеттемелердің болмауы;

- лизинг нысанасын беру қызметін жүзеге асыру үшін қажет сертификаттардың, лицензиялардың болуы;

- кепілдік және кепілдіктен кейінгі сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру;

- Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауы;

- сенімсіз өнім беруші статусының болмауы.

Өнім берушімен лизинг нысанасын сатып алуға және техниканы жеткізуге шарт жасасқаннан кейін, Компания осы лизинг нысанасын қабылдап, өнім берушіге төлем жасайды және содан кейін лизинг алушыға табыстайды. Лизинг нысанасының логистикасын, кедендік ресімдеуді және өнім берумен байланысты өзге де әрекеттерді Компания жұмыскерлері атқарады, бұл лизинг алушылар үшін лизинг процесін барынша жеңілдетеді және қолжетімді етеді.



03

Менеджмент есебі



2
аштықты жою



8
лайықты жұмыс және экономикалық даму

Макроэкономикалық көрсеткіштер	034
АӨК саласын талдау	038
А/ш техникасы паркін талдау	044
Лизинг нарығын талдау	048
PEST-анализ	051
SWOT-анализ	054
Даму стратегиясын іске асыру	056
Операциялық қызметтің нәтижелері	060
Қаржылық нәтижелер	068
Негізгі қаржылық көрсеткіштер	068
Қаржылық тұрақтылықтың негізгі факторлары	070
Кірістер болжамы	071
Даму перспективалары	072



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Макроэкономикалық көрсеткіштер

ЕЛДІҢ 2021-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ COVID-19, ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙ, СОНДАЙ-АҚ ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫН ЕНГІЗУ САЛДАРЫНАН ТУЫНДАҒАН СІЛКІНІСТЕРДЕН КЕЙІН ҚАЛПЫНА КЕЛУ ҮРДІСТЕРІМЕН АНЫҚТАЛАДЫ.


Сыртқы жағымсыз факторларға қарамастан, 2022 жылдың қо-

рытындысы бойынша Қазақстан экономикасы орнықты өсуге қол жеткізді, мәселен, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – Статистика бюросы) бағалауы бойынша, 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан айларында жалпы ішкі өнімнің өсуі

2021 жылғы осындай кезеңге қатысты 3,2% немесе 101 522 983,7 млн теңге құрады.

6 негізгі саланың (өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сауда, көлік, байланыс) даму динамикасын қамтитын қысқамерзімді экономикалық индикатор 103,2% құрады.

ЖІӨ динамикасы



Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының деректері

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ОРМАН ЖӘНЕ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ (ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ) ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫ 2022 ЖЫЛЫ



9 257,4

МЛРД ТЕҢГЕ ҚҰРАДЫ,

▲ ОНЫҢ ІШІНДЕ:



5 574,1

МЛРД ТЕҢГЕ

▲ ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ



3 634,5

МЛРД ТЕҢГЕ

▲ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



14,4

МЛРД ТЕҢГЕ

▲ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



1,2

МЛРД ТЕҢГЕ

▲ АҒШЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



18,9

МЛРД ТЕҢГЕ

▲ ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ



14,3

МЛРД ТЕҢГЕ

▲ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АКВАӨСІРУ

пайызбен

Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы

одан:

- өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі
- мал шаруашылығының жалпы өнімі

2022 ж. қаңтар-желтоқсан 2021 ж. қаңтар-желтоқсанға

2021 ж. қаңтар-желтоқсан 2020 ж. қаңтар-желтоқсанға

109,1 97,8

115,0 93,4

100,9 103,6

2022 жылы инвестиция көлемі:


- **негізгі капиталға 15 064,4 млрд теңге, 2021 жылға қарай өсім 7,9% құрады;**
- **ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығына 853,5 млрд теңге құрады немесе 2021 жылмен салыстырғанда 106,7%.**

Инвестицияларды қаржыландырудың басым көздері шаруашылық жүргізуші субъектілердің меншікті қаражаты болып қалуда, олардың көлемі 11 083,2 млрд теңге немесе жалпы көлемнің 73,6%-ын құрады.

Бюджет қаражаты негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 15,5%-ын құрады,

сонымен қатар 2021 жылмен салыстырғанда 7,2%-ға өсті.

Экономиканың нақты секторын қаржыландырудағы банк саласының үлесі бұрынғысынша аз – негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде 2,1%, шетелдік банктердің кредиттерінің жалпы көлеміндегі үлес салмағы 0,2% құрады.

Негізгі капиталға инвестициялар, млрд теңге

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының деректері

15 064,4
МЛРД ТЕҢГЕ
▲ 2022 ЖЫЛҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ




Негізгі астық егетін өңірлер – Ақмола, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстары салаға 357,3 млрд теңге бағыттады, бұл ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығына

салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 42%-ын құрады.

Ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығына негізгі

капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде ең көп салым бір немесе екі жылдық дақылдар өсіруге (60,2%) және мал шаруашылығына (26,2%) тиесілі.

Ауыл шаруашылығына инвестициялардың секторлар бойынша көлемі, өткен жылға қатысты пайызбен

Дереккөз: ҚР СЖРА Ұлттық статистика бюросының деректері

Инфляция

2022 жылы орын алған ең өткір мәселелердің бірі азық-түлік бағасының өсуі болды. ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ ҚҰНЫНЫҢ ӨСУІ 22,3% БЕЛГІСІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫ.

ҚР Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені жылдық 16,75% деңгейінде +/- 1 п. т. дәлізімен белгілеу туралы шешім қабылдады.

2022 жылдың қорытындысы бойынша инфляцияның жылдық мәні 20,3% құрады және 0,7%-ға жеделдеп (2022 жылғы қараша-

да – 19,6%), 20-21% болжамды диапазон шегінде қалыптасты.

ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2022 жылдың аяғындағы АҚШ долларының бағамы 1 АҚШ доллары үшін 462,65 теңге құрады, өткен жылдың осындай кезеңінде – 431,67 теңге болған.

АӨК саласын талдау

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІ – ЭКОНОМИКАНЫҢ БІРНеше САЛАСЫН БІРІКТИРЕТІН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ШИКІЗАТЫН ӨНДІРУГЕ ЖӘНЕ ӨНДЕУГЕ ЖӘНЕ ОДАН ТҮПКІЛІКТІ ТҰТЫНУШЫҒА ЖЕТКІЗІЛЕТІН ӨНІМ АЛУҒА БАҒЫТТАЛҒАН АСА ІРІ САЛААРАЛЫҚ КЕШЕН. БҰЛ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ТАСЫМАЛДАУДЫ, САҚТАУДЫ, ӨНДЕУДІ, ОНЫ ТҰТЫНУШЫЛАРҒА ЖЕТКІЗУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ТЕХНИКАМЕН, ХИМИКАТТАРМЕН ЖӘНЕ ТЫҢАЙТҚЫШТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН, АУЫЛ ША-

РУАШЫЛЫҒЫ ӨНДІРІСІНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ӨНЕРКӘСІП САЛАЛАРЫН ҚАМТИТЫН ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ САЛАЛАРЫНЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ.

Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамыту үшін елеуеті зор: ауыл шаруашылығы жерлерінің ауданы бойынша еліміз әлемде бесінші орында, су ресурстары жеткілікті, жоғары сапалы өнім өндіруге мүмкіндік беретін салыстырмалы түрде таза табиғи өндірістік базасы бар, ірі нарықтарға жақын орналасқан, көлік және сауда дәліздеріне инвестициялар елеулі түрде өсіп келеді.

Үкімет қосымша құн құру, экспортты дамыту, жұмыс орындарын құру, инклюзивті және орнықты өсуге қол жеткізу үшін ауыл шаруашылығының (мал шаруашылығын қоса алғанда) іске асырылмаған елеулі елеуетін пайдалануға ниетті.

Ауыл шаруашылығының дамуы ауылдық жерлердегі экономикалық өсудің маңызды факторларына жатады.



Жердің құрылымы

РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ БОЛА ОТЫРЫП, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗОР ЭЛЕУЕТІ МЕН ЗОР РЕЗЕРВТЕРІ БАР. ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛУАНТҮРЛІ КЛИМАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА ҚОҢЫРЖАЙ ЖЫЛУ БЕЛДЕУІНІҢ БАРЛЫҚ ДЕРЛІК ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУГЕ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

АӨК аса ірі салааралық кешен болып табылады, ол экономиканың ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруге және өңдеуге және одан түпкілікті тұтынушыға жеткізілетін өнім алуға бағытталған бірнеше саласын біріктіреді.

Агроөнеркәсіптік кешеннің жетекші саласы егіншілік болып табылады, өйткені онда ауыл тұрғындарының еңбекке қабілетті көпшілігі жұмыс істейді және ол көбінесе республиканың белгілі бір аймағында ауыл шаруашылығы бойынша негізгі мамандануды анықтайды.

ҚР БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ АУДАНЫ



113,9

МЛН ГА НЕМЕСЕ

▲ ҚР-ҒЫ ЖАЛПЫ АЛАҢНЫҢ 43,3%-ЫН ҚҰРАЙДЫ

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрылымында

егістіктер – **22,9%**,
көпжылдық екпелер – **0,05%**,
тыңайған жерлер – **1,7%**,
шабындықтар – **2,01%**,
жайылымдар – **70,7%** алады.

2022 жылы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының егістік алқаптары 23,4 млн га құрады, бұл 2021 жылғы деңгейден 368,5 мыңға артық. Олардың ішінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар – 16,1 млн га (30,7 мың га артық), соның ішінде бидай – 12,9 млн га (21,3 мың га артық). Майлы дақылдар 3,5 млн га алқапта орналасқан (370,1

мың га артық), жемшөп – 3,2 млн га (31,3 мың га аз), мақта – 126,3 мың га (126,3 мың га артық). Ғ, күріш – 87,9 мың га (8,5 мың га аз), қант қызылшасы – 11,6 мың га (10,1 мың га аз), картоп – 198,9 мың га (3,7 мың га артық) және көкөніс дақылдары – 169,7 мың га (1,0 мың га артық) және бақша дақылдары – 100,3 мың га (9,5 мың га аз) алқапта орналасқан.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамындағы егістіктің негізгі алаңдары астық өңірлерінде – Қостанай (6,2 млн га), Ақмола (6,0 млн га) және Солтүстік Қазақстан (4,9 млн га) облыстарында.

Егістік жерлердің облыстар бойынша 1991-2021 жылдардағы динамикасы:

	1991 ж.	2000 г.	2020 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (+, -)	
					2021 ж. 1991 ж. қатысты	2021 ж. 2020 ж. қатысты
Барлығы мың га	35 412,9	21 369,8	26 324,5	26 660,5	-8 756,1	+336,0



Егістік алқаптарының динамикасын облыстар бойынша талдау негізінен республиканың басты астық егетін облыстарында егістік алқаптарының өсуі жалғасып отырғанын көрсетеді. 2021 жыл ішінде егістікке Павлодар облысында – 87,7 мың га, Ақмола облысында – 85,0 мың га, Қарағанды облысында – 69,3 мың га, Қостанай облысында – 61,4 мың га, Солтүстік

Қазақстан облысында – 21,1 мың га, Түркістан облысында – 10 мың га, Шығыс Қазақстан облысында – 6,7 га, Қызылорда облысында – 4,2 мың га жер қосымша енгізілді.

2021-2022 жылдар құрғақ болғанын ескере отырып, жем-шөп өндіру және жер алқаптарын суару мәселесі көп көңіл бөлуді қажет етіп отыр,

осы себепті ауыл шаруашылығы алқаптарын жайылымдарға өзгерту жүргізілуде.

Жемшөп дақылдарының негізгі бөлігі Ақмола – 0,4 млн га (11%), Түркістан – 0,2 млн га (6,9%), Жамбыл және Қостанай – 0,2 млн га (6,7%), Павлодар облыстарына – 0,2 млн га (6,3%) тиесілі.

Барлық санаттар	Жерлер, млн га
Жалпы егіс алаңы	23,4
Соның ішінде:	
• Дәнді дақылдар (күрішті қоспағанда), бұршақ және майлы тұқымдар	19,7
• Күріш	0,1
• Көкөністер мен бақша дақылдары, тамыр жемістер және түйнек жемістер	0,5
• Жемшөп дақылдары	3,1

2022 жылы жем-шөп базасы проблемасын шешу мақсатында ҚР АШМ Жем-шөп өндіру саласын дамытудың 2022-2025 жылдарға арналған жол картасын әзірлеп, бекітті, ол ауыл шаруашылығы жануарларын азықпен қамтамасыз ету бойынша жүйелі шараларды қамтиды.

ҚР АШМ деректері бойынша, Қазақстанның шамамен 75% немесе 205,4 млн га ауыл шаруашылығы жерлері цифрландырылған және цифрлық картада көрсетілген, ол 2024 жылға дейін қолжетімді болады¹. Қазақстанның жер аумағы ылғал жеткіліксіз аймаққа жатады, ал тау бөктері мен таулы аймақтар-

ды қоспағанда, орталық және оңтүстік аудандар құрғақ аймаққа жатады. Осыған байланысты, ауыл шаруашылық мелиорациясының негізгі көлемін суармалы жерлер алады, бұл оларды дұрыс пайдаланған кезде, табиғи жағдайларға тәуелсіз дақылдардан тұрақты өнім алуға мүмкіндік береді.

— Өсімдік шаруашылығы

2022 ЖЫЛЫ РЕСПУБЛИКА БОЙЫНША НАҚТЫЛАНҒАН ЕГІС АЛАҢЫ ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР (КҮРІШТІ ҚОСА АЛҒАНДА) МЕН БҰРШАҚ ДАҚЫЛДАРЫ БОЙЫНША 16 114,4 МЫҢ ГЕКТАР (ӨТКЕН ЖЫЛ ДЕҢГЕЙІНДЕ), КӨКӨНІСТЕР МЕН БАҚША ДАҚЫЛДАРЫ, ТАМЫР ЖЕМІС ЖӘНЕ ТҮЙНЕК ЖЕМІС БОЙЫНША – 480,2 МЫҢ ГЕКТАР (2021 ЖЫЛҒА ҚА-

РАЙ 98,2%) ҚҰРАДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ АШЫҚ ЖЕРДЕГІ КӨКӨНІСТЕР БОЙЫНША – ТИІСІНШЕ 170,2 МЫҢ ГЕКТАР (100,9%), КАРТОП – 199,5 МЫҢ ГЕКТАР (101,9%), МАҚТА – 126,3 МЫҢ ГЕКТАР (114,8%).

Дәнді дақылдар (күрішті қоса алғанда) мен бұршақ дақылда-

рының (пысықталғаннан кейінгі салмақта) жалпы жиналымы 2021 жылмен салыстырғанда 34,5%-ға ұлғайды және 22 030,5 мың тонна құрады, майлы дақылдар бойынша – тиісінше 25,6%-ға ұлғайды және 3 051,3 мың тонна құрады.

Көкөністер мен бақша дақылдарының, тамыр жемістер мен түйнек жемістердің жалпы жиналымы 1,4%-ға азайып, 11 739,0 мың тонна құрады, бұл ретте ашық жердегі көкөністер (2021 жылға қарай 2,2%-ға немесе 4 610,2 мың тонна), картоп (1,2%-ға және 4 080,5 мың тонна) бойынша өсу, қорғалған топырақ көкөністері

(28,9%-ға немесе 182,4 мың тоннаға) мен бақша дақылдары (7,9%-ға немесе 2 560,3 мың тоннаға) бойынша төмендеу тіркелді.

2021 жылғы деңгеймен салыстырғанда дәнді дақылдар (күрішті қоса алғанда) мен бұршақ дақылдарының өнімділігі (пысықталғаннан кейінгі салмақта) 32,7%-ға

артып, 13,8 ц/га құрады, көкөністер мен бақша дақылдарының, тамыр жеміс пен түйнек жемістердің өнімділігі 0,5%-ға артып, 242,3 ц/га құрады. Сонымен қатар, ашық жердегі көкөністер (өсім 1,2%), бақша дақылдары (өсім 1,1%) және қант қызылшасы (өсім 23,9%) үшін жыл жемісті болды.

— Мал шаруашылығы

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ КӨЛЕМІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР МАЛ МЕН ҚҰСТЫ СОЮ НЕМЕСЕ САТУ, СУТ САУУ, ЖҰМЫРТҚА ӨНДІРУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

2022 жылы:

- ірі қара малдың 50,2%-ы халықтың шаруашылықтарында; 40,2%-ы шаруа немесе фермер қожалықтарында және жеке кәсіпкерлерде; 9,6%-ы – ауыл

шаруашылығы кәсіпорында-рында тіркелді; қойлар бойынша – тиісінше 46,8%, 47,1% және 6,1%; ешкілер бойынша – 66%, 33% және 1%; шошқалар бойынша – 57,8%, 9,7% және 32,5%; құс бойынша – 23,9%, 1,1% және 75%.

- шаруашылықтарда тірі салмақтағы мал мен құстың барлық түрлерін союдың немесе

союға өткізудің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 0,4%-ға, сиыр сүтін өндіру тиісінше – 2%-ға, тауық жұмыртқаларын өндіру 4,4%-ға ұлғайды.

- бір сауын сиырға шаққандағы сүттің орташа өнімділігі өткен жылмен салыстырғанда 2,1%-ға өсті, бір жұмыртқа салатын тауыққа шаққандағы жұмыртқаның орташа өнімділігі 23,7%-ға өсті.

— Азық-түлік өндірісі

ҚАЗАҚСТАНДА 2022 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАР-ЖЕЛТОҚСАНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНДІРІСІ 3,9%-ҒА ӨСІП, 2,9 ТРЛН ТЕҢГЕ ҚҰРАДЫ.

Өсімдік майы өндірісінің 49,5%-ға (431,0 мың тоннадан 644,3 мың тоннаға дейін), қант өндірісінің 34,4%-ға (255,9 мың тоннадан 343,9 мың тоннаға дейін), жаңа ауланған, тоңазытылған немесе мұздатылған балық өндірісінің

15,5%-ға (41,1 мың тоннадан 47,5 мың тоннаға дейін), жарма өндірісінің 11,5%-ға (83,8 мың тоннадан 93,4 мың тоннаға дейін), ұн 10,2%-ға (3011,5 мың тоннадан 3318,2 мың тоннаға дейін), шұжық өнімдері 5%-ға (62,6 мың тоннадан 65,8 мың тоннаға дейін), макарон 3,8%-ға (160,0 мың тоннадан 166,1 мың тоннаға дейін), өңделген күріш 3,1% (217,2 мың

тоннадан 223,9 мың тоннаға дейін) өсуі көрсетіледі.

Бұл өсім негізінен өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің 15%-ға (5,6 трлн теңге) ұлғаюы есебінен қамтамасыз етілді.

Көрсетілген кезеңде мал шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі 0,9%-ға ұлғайып, 3,6 трлн теңге құрады.

¹ «JerKarta» интерактивті картасы – <https://jerkarta.gharysh.kz/ru/>

2022 жылы өнеркәсіптік өнімдерді заттай өндіру құбылмалы:

Азық-түлік өндіру, тонна	2021	2022	Өзгеріс (+, -)
Ет	339 423	349 727	10 304
Сүт	614 996	573 323	- 41 673
Ұн	3 011 548	3 318 172	306 624
Нан	523 083	518 626	- 4 457
Жарма	83 794	93 422	9 628

— Субъектілер статистикасы

Статистика бюросының мәліметтері бойынша жұмыс істеп тұрған ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің саны 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мынаны құрады:

Заңды тұлғалар		Жеке кәсіпкерлер		Шаруа немесе фермер қожалықтары	
барлығы	олардың ішінде әйелдер	барлығы	олардың ішінде әйелдер	барлығы	олардың ішінде әйелдер
17 595	3 001	21 535	6 916	239 908	64 758

— Баға индекстері

АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БАҒАСЫ БІР ЖЫЛДА 25,3%-ҒА (ҚАРАШАДА – 24,1%), АЗЫҚ-ТҮЛІК ЕМЕС ТАУАРЛАРДЫҢ БАҒАСЫ – 19,4%-ҒА (ҚАРАШАДА – 18,6%), АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ БАҒАСЫ – 14,1%-ҒА (ҚАРАШАДА – 14,1%) ӨСТІ.

Өткен жылдың желтоқсанымен салыстырғанда, қанттың бағасы

64,9%, қиярдың бағасы 47,9%, бананның бағасы 46,2%, консервіленген сүттің бағасы 43,3%, ұнның бағасы 43,2%, арпа жармасының бағасы 42,3%, қаймақтың бағасы 38%, макаронның бағасы 36,2%, нанның және ұн өнімдерінің бағасы 35,8%-ға өсуі көрсетілді. Ал бағаның төмендеуі

бойынша: қырыққабаттың бағасы 15,2%-ға, сәбіздің бағасы 0,8%-ға төмендеуі көрсетілді.

Дизель отыны 14,2%-ға қымбаттады, ал баллондардағы сұйытылған газ 23%-ға арзандады.

Ауыл шаруашылығындағы өндірушілер бағасының индекстері, %-бен:

	2022 ж. желтоқсан 2021 ж. желтоқсанға	2022 ж. желтоқсан 2022 ж. қарашаға	2022 ж. қаңтар-желтоқсан 2021 ж. қаңтар-желтоқсанға
Ауыл шаруашылығы өнімдері	109	99,5	117,2
Өсімдік шаруашылығы өнімдері	107,7	99,1	119,8
Мал шаруашылығы өнімдері	112,6	100,4	110,1



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ӘРҚАШАНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ АЙҚЫНДАУШЫ ФАКТОРЫ БОЛЫП КЕЛДІ ЖӘНЕ БҰЛ ЖАЛҒАСУДА.

Ауыл экономикасын көтеру мақсатында Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамыту және қолдау бойынша мемлекеттік және салалық құжаттар қолданыста:

- «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық

даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығы «Жаңа жағдайларға бейімдеу үшін агроөнеркәсіптік секторды реформалау» 5-міндетін іске асыруға қатысты;

- «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобаны бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021

жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысы (бұдан әрі – Ұлттық жоба);

- «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 Қаулысы (бұдан әрі – Тұжырымдама);
- «ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2020-2024 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарын бекіту туралы» ҚР АШМ 31.12.2019 жылғы № 476 бұйрығы.

– Ауыл шаруашылығы техникасы паркін талдау



АӨК СУБЪЕКТІЛЕРІН ЗАМАНАУИ ТЕХНИКАМЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАРАҚТАНДЫРУ МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ БАСЫМ МІНДЕТ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ, ӨЙТКЕНІ ЕСКІ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ЕСКІРГЕН ПАРКІ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІНІҢ ӨСУІНЕ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІ ҰЛҒАЙТУҒА КЕДЕРГІ КЕЛТІРЕДІ.

Бұдан басқа, тозған техниканы пайдалану жанар-жағармай мен қосалқы бөлшектерді тұтынудың жоғарылауымен, өнім шығынымен және сапаның төмендеуімен, ақаулықтар салдарынан техниканың

тоқтап қалуымен және басқа да жағымсыз салдармен байланысты үлкен шығындарға әкеледі.

Сонымен бірге, техникалық жарақтандыруды жақсарту және озық технологияларды енгізу айтарлықтай қаржылық инвестицияларды талап етеді.

Мәселен, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде (ҚР Үкіметінің 2021

жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысымен бекітілген) ауыл еңбеккерлерінің ауыл шаруашылығы техникасын (оның ішінде отандық өндіріс шығарған) сатып алуын сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасы құнының бір бөлігін инвестициялық субсидиялау бағдарламаларын іске асыру, лизингтік бағдарламаларды іске асыру үшін «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ даму институттарын қорландыру жолымен ынталандыру арқылы ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңартуды қарқындату міндеті қойылды.

ҚР АШМ ДЕРЕКТЕРІНЕ СӘЙКЕС 2023 ЖЫЛҒЫ 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА



688,7

МЫҢНАН АСА БІРЛІК АШТ

▲ БАР, ОНЫҢ ІШІНДЕ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША:

АӨК субъектілерінде негізгі ауыл шаруашылығы техникасы түрлерінің бар болуы, кезеңдер бойынша, бірл.

Техника түрлері	2018	2019	2020	2021	2022
Тракторлар	147 344	145 224	141 750	147 731	149 895
Комбайндар	41 219	40 105	39 602	41 098	41 226
Сепкіштер	79 467	78 444	73 226	76 876	76 381
Дестелегіштер	14 869	14 817	12 894	13 293	13 566
Себу кешендері	3 900	4 060	4 302	4 743	4 987

Дереккөз: ҚР АШМ деректері

Елдің ауыл шаруашылығында тракторлар, комбайндар және басқа да ауылшаруашылық техникаларының айтарлықтай, бірақ жеткіліксіз паркі бар. ҚР АШМ деректері бойынша, машина-трактор паркінің орташа тозуы шамамен 80% құрайды. Ауыл шаруашылығы


техникасының өте тозған (15 жылдан асатын) негізгі түрлерінің үлесі: тракторлар – 79%, комбайндар – 54%, сепкіштер – 86%, орақтар – 63% құрайды². Бұл ретте, ауыл шаруашылығы техникасын пайдаланудың нормативтік мерзімі (10-12 жыл) құрайды, ол

пайдаланудың амортизациялық мерзімдерімен айқындалады.

2021 жылы ескірген ауыл шаруашылығы техникасының орташа көрсеткіші олардың негізгі түрлері бойынша 70,5% құрады, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш 71,5% құрады.



– 01.01.2023 ж. жағдай бойынша ескірген АШТ үлесі



- 2013-2022 жылдар кезеңінде сатып алынған АШТ, бірл.
- ҚР-дағы АШТ-ның ескірген болуы, бірл.
- ҚР АШТ паркіндегі ескірген АШТ-ның үлес салмағы, %

Дереккөз: ҚР АШМ деректері

² <https://qazindustry.gov.kz/ru/article/2136-traktornoe-i-selskokhozyaystvennoe-mashinostroenie-v-kazakhstanetekushchee-sostoyanie-problemy-i-perspektivy-rosta>

Талап етілетін технологиялық деңгей жылына 12,5% болғанда, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқыны іс жүзінде 3,5%-дан аспайды³.

Ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың аздап өсуі байқалады. 2022 жыл ішінде АШТӨ республикада 17 343 бірлік техника сатып алды, 2021 жылы са-

тып алынған техника саны 17 171 бірлік құраған болатын.

2022 жылдың қорытындысы бойынша а/ш техникасы паркін жаңартуға Компанияның қатысу үлесі

Техниканың атауы	2022 жылы ҚР-да сатылып алынған техника, бірлік.	2022 жылы «ҚАҚ» АҚ сатып алған техника, бірлік.	«ҚАҚ» АҚ-тың а/ш техникасын жаңартуға қатысу үлесі, %
Тракторлар	5 844	2 896	49,6%
Комбайндар	1 236	507	41,0%
Сепкіштер	1 685	283	16,8%
Себу кешендері	275	190	69,1%
Басқалары	8 303	2 930	35,3%
Барлығы	17 343	6 806	39,2%

Дереккөз: ҚР АШМ және Компанияның деректері

АӨК субъектілері 2022 жылы Компанияның лизингтік қызметтері арқылы сатып алған барлық техника түрлерінің республика бойынша

ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың жалпы көлеміндегі үлес салмағы 39,2% құрайды (17 343 бірліктің 6 806 бірлігі). Соның ішінде

ҚазАгроҚаржы арқылы сатылып алынған отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасының көлемі 4 250 бірлік құрады.

Компанияның техника түрлері бойынша жаңартуға қатысу үлесі

Түрлері бойынша техниканың атауы, бірл.	Тракторлар	Комбайндар	Сепкіштер	Себу кешендері	Басқалары	Барлығы
ҚР бойынша сатылып алынған	5 844	1 236	1 685	275	8 303	17 343
соның ішінде ҚАҚ сатып алғаны	2 896	507	283	190	2 930	6 806
оның ішінде отандық өндіріс	2 388	389	82	8	1 383	4 250

Дереккөз: ҚР АШМ және Компанияның деректері

Бүгінгі таңда ауыл шаруашылық техникасын жеткізушілердің құрылымында әлемдік өндірушілер

де, сонымен қатар жергілікті өндірушілер де бар. Әлемдік өндірушілерге: Ростсельмаш (Ре-

сей), Гомсельмаш, Минск трактор зауыты, Бобруйскагропромаш (Беларусь), John Deere, Case IH,

³ <https://agrosektor.kz/agriculture-news/minselhoz-rk-v-tekushhem-godu-uvelichil-gospodderzhku-na-obnovlenie-selhozparka-na-139-mlrd.-tenge.html>


New Holland (АҚШ), CLAAS (Германия), Techsystems Kft. (Канада) және т.б. жатады. Олар ауыл шаруашылық техникасының құрылымында болу форматымен өзгешеленеді. Ресейлік, беларуссиялық, германиялық және қытайлық өндірушілер өнімдер локализация-

ланатын құрастыру кешендерін ұйымдастырды.

ҚР аумағында Компания құрастыру өндірісі бойынша «Семаз» ЖШС, «ҚАИК» ЖШС, «СТ Эсэмбли» ЖШС, «Агроماشолдинг КЗ»АҚ, «Kazrost Engineering Ltd.»

жеке компаниясы, «КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ, «Сарыарқаавтопром» ЖШС, «Қостанай трактор зауыты» ЖШС, «Дон Мар» ЖШС, «ДАФА» фирмасы ЖШС, «AVAGRO» ЖШС, «Қостанай Агромеханикалық зауыты» ЖШС және «Kaz Kioti» ЖШС ынтымақтасады.

Компания табыстаған АШТ-ның отандық және шетелдік техника бойынша құрылымы, бірлік



Дереккөз: Компания деректері

Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің экономикалық тиімділігі шаруашылықтардағы трактор паркінің жаңару қарқынына толығымен байланысты.

Көптеген факторларды, сондай-ақ фермерлерде қолма-қол ақша жоқтығын ескере отырып, техниканың парк құрамынан шығу қарқыны жаңару қарқынынан асып түседі.

Шағын және орта фермерлік шаруашылықтар, әдетте, ескірген техникамен және ДТ-75, Т-150К ауыр тракторлармен жабдықталған, БДТ-4 дискілік ауыр тырмалар,

ауыр КТС-4 қопсытқыштар және т.б. пайдаланылады. дискілі Ауыр тырма арамшөптердің тамырларын дұрыс ұнтақтауға мүмкіндік бермейді. Бұл егістіктерді шөп басып кетуіне және оларды қалпына келтіру үшін үлкен шығындарға әкелуі мүмкін.

Бұдан басқа, жағдай жердің құнарлылығының нашарлауымен ауырлай түседі, техниканың өзі қоршаған орта үшін қауіпті, эко-

логиялық жүйеге зиян келтіреді, сонымен қатар ауаны ластайды, айтарлықтай көп орын алады.

Бұл мәселелердің шешімі алқаптарда тракторлар мен құралдардың жеңіл заманауи модельдерін қолдану болып табылады.

Қазақстан Республикасының 2023-2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамында ҚазАгроҚаржы

арқылы инвестициялық субсидиялауды жалғастыру және ауыл шаруашылығы техникасы лизингі бағдарламасын кеңейту есебінен ауыл шаруашылығы техникасын жаңартудың деңгейі 6%-ға дейін жеткізілетін болады, бұл егін егу мен егін жинауды оңтайлы мерзімде қамтамасыз етуге, сондай-ақ ЖЖМ мен қосалқы бөлшектерге қосымша шығындарды 15-20%-ға төмендетуге мүмкіндік береді деп атап көрсетілген.



Лизинг нарығын талдау

ЛИЗИНГ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫ ЖАҢАРТУДЫҢ ТИІМДІ ҚҰРАЛЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕ БЕЛСЕНДІ ТҮРДЕ ҚОЛДАНЫЛАДЫ. ҚАЗАҚСТАНДА ЛИЗИНГТІК ҚЫЗМЕТ «ҚАРЖЫ ЛИЗИНГІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2000 ЖЫЛҒЫ 5 ШІЛДЕДЕГІ № 78-ІІ ЗАҢЫМЕН, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІМЕН (ЕРЕКШЕ БӨЛІГІ) ЖӘНЕ «САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ (САЛЫҚ КОДЕКСІ)» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОДЕКСІМЕН РЕТТЕЛЕДІ.

ҚР АӘК Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, елде 70

лизингтік компания жұмыс істейді, Компанияның интернет-ресурстарының деректеріне сәйкес олардың ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингін ұсынатындары:

1. «ҚазАгроҚаржы» АҚ;
2. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ;
3. «Халық Лизинг» АҚ;
4. «Нұрбанк» АҚ ЕҰ «Nur LEASING» лизинг компаниясы ЖШС;
5. «ТехноЛизинг» ЖШС;
6. « Аль Сакр Финанс» АҚ;
7. «Лизинг Групп» АҚ;

8. «ForteLeasing» АҚ;
9. «КомТрансЛизинг» ЖШС.

Мемлекеттік қолдау құралдарының кеңінен таралуының арқасында Қазақстандағы лизинг нарығы тұрақты өсуді көрсетіп отыр. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингі бойынша арнайы бағдарламалары бар компаниялар қаржыландырудың мынадай шарттарын ұсынады:

Лизинг компаниялары	Активтерді қаржыландыру	Шарттары		
		Сыйақы мөлшерлемесі	Қоса қаржыландыру	
«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ	Отандық өндірістің өңдеу өнеркәсібіне арналған жабдықтар	3-10 жыл	3%-дан бастап (1 млрд теңгеге дейін лизинг жағдайында) 7%-дан бастап (1 млрд теңгеден басталатын лизинг жағдайында.)	кемінде 15%
«ForteLeasing» АҚ	Жабдықтар, арнайы техника, көлік құралдары.	1-7 жыл	Базалық мөлшерлеме +6%	
	Жүк және жеңіл көлік құралдары және арнайы техника	1-2 жыл	16%-дан бастап	20%-дан бастап (қосымша кепілмен) 40%-дан бастап (қосымша кепілсіз)
	Негізгі құралдар – жабдықтар, көлік құралдары, арнайы техника және т. б.	1 – 5 жыл	14%-дан бастап	20%-дан бастап
«Технолизинг» ЖШС	Ауылшаруашылығы техникасы және жабдықтар	3-5 жыл	9 %-дан бастап	20%-дан бастап
	Жол-құрылыс техникасы, арнайы техника және жабдықтар	3 жыл	14%	30%
	ДАМУ бағдарламасы бойынша: лизингке ауыл шаруашылығы, жол-құрылыс техникасы және арнайы техника	7 жылға дейін	16%-дан аспайды	20%-дан бастап
«Халық-Лизинг» АҚ	Құрылыс техникасы	5 жылға дейін	21,75%-дан басталатын жылдық (ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінен кем емес +5%)	20%-дан бастап
	Ауыл шаруашылығы техникасы	5 жылға дейін	24,25% (ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінен кем емес +7,5%) (клиент үшін: 6% АШМ)	20%-дан бастап
	Арнайы техника	5 жылға дейін	21,75%-дан басталатын жылдық (ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінен кем емес +5%)	20%-дан бастап
	Автокөлік	5 жылға дейін	21,75%-дан басталатын жылдық (ҚР ҰБ базалық мөлшерлемесінен кем емес +5%)	20%-дан бастап
	Жабдықтар	3-5 жыл	19%	20%-дан бастап
«Лизинг Групп» АҚ	Арнайы техника, жүк көлігі және автомобильдер	3 жылдан бастап	16% жылдық	20%-дан бастап
	ДАМУ бағдарламасы бойынша лизинг	7 жылға дейін	16% жылдық	20%-дан бастап
	Ауылшаруашылығы техникасы	3 жылдан бастап	15% жылдық	15%-дан бастап
NUR LEASING	Жүк автокөлігі; арнайы техника; жабдықтар; өндірістік кешендер; әуе кемелері; теңіз және өзен кемелері; жылжымалы құрам лизингі.	3 жылдан бастап	21,75% дан бастап	20%-дан бастап
	ДАМУ бағдарламасы бойынша	7 жылға дейін	16% жылдық	20%-дан бастап
«Аль Сакр Финанс» АҚ	Бортты автомобильдер, самосвалдар, автобустар, арнайы техника және т. б.	3-5 жыл	19% жылдық теңгемен	20-30%-дан бастап
			Валютадағы мөлшерлеме бойынша ақпарат жоқ	20%-дан бастап
«КомТрансЛизинг» ЖШС	«Беларусь» маркалы тракторларға лизинг	5 жылға дейін	23%	25%-дан бастап

Дереккөз: компаниялардың интернет-ресурстары

Геосаяси жағдайдың белгісіздігі, азық-түлік бағасының жоғарылығы сақталуы, сондай-ақ ішкі экономика факторлары, соның ішінде халықтың жоғары инфляциялық күтулері, сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі жағдайында 2022 жылғы 5 желтоқсанда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені +/-1 п.т. пайыздық дәлізімен 16,75%-ға дейін жоғарылатты, осы себепті қаржы институттары коммерциялық сыйақы мөлшерлемелерін көтерді⁴.

Бұдан басқа, экономиканы қолдаудың бірінші кезекте АӨК, өнеркәсіп, шағын және орта бизнес бойынша мемлекеттік бағдарламалары лизинг саласына айтарлықтай әсер етуді жалғастыруда, өйткені мемлекеттік қолдау көбінесе лизингтік қаржыландыру арқылы жүзеге асырылады.

2014 жылдан бастап бюджеттік инвестициялардың жоқтығына қарамастан, қазіргі уақытта АӨК лизингі нарығында Компания сөзсіз көшбасшы болып қалуда. Компанияның бағдарламалары негізгі қарызды өтеудің маусымдық кестесі (егін жинағаннан кейін жылына бір рет төлем жасалады), лизингтің ұзақ мерзімі, комиссиялардың жоқтығы, сондай-ақ аванстық төлемнің төмен мөлшері мен осы салада жеткілікті мол жұмыс тәжірибесі болуының арқасында фермерлер үшін артықшылыққа

ие. Сонымен қатар, Компанияның лизингтік қаржыландырудың фермерлер үшін негізгі артықшылықтары мыналар болып табылады:

- лизингтік қаржыландырудың неғұрлым икемді шарттары мен схемалары. Лизингті ресімдеу кезінде қосымша кепіл талап етілмейді, өйткені лизинг нысанасының өзі кепіл ретінде болады.
- ҚР АШМ тарапынан сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламаларының болуы және техника мен жабдыққа инвестициялық салымдарды субсидиялау;
- аймақтарды кеңінен қамту (15 филиал), Қазақстанда бірде-бір лизингтік компания мұны қамтамасыз ете алмайды.

Бұдан басқа, салықтық артықшылықтардың болуы, сондай-ақ белгілі бір қаржыландыру өнімдерінің болуы маңызды және негізгі фактор болып табылады, соның ішінде «Экспресс-лизинг» бағдарламасы үлкен сұранысқа ие, қаржыландыру мөлшерлемесі жылдық 6% (субсидияларды ескерумен), мерзімі 10 жылға дейін, лизинг нысанасы құнының кемінде 20%-ын қоса қаржыландыру.

Ресми статистика елдегі қаржы лизингі толық көлемде, оның ішінде

аграрлық секторда толық көлемде қолданылмайтынын көрсетеді.

Геосаяси жағдай, энергия, азық-түлік бағасының өсуі, логистикалық жеткізу тізбегіндегі проблемалар елдің азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етеді. Негізгі азық-түлік тауарларының – ет, дәнді дақылдар, көкөніс (картоп, сәбіз) тапшылығы байқалады.

АӨК-ті жеткіліксіз қаржыландыру азық-түлік қауіпсіздігіне әсер етеді, өйткені фермерлер жабдықтар мен техниканы уақтылы жаңартпайды да, бұл өнімділікті төмендетеді және тапшылыққа, тиісінше, бағаның өсуіне әкеледі.

Компания өз қызметінде АӨК-ті дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі қойған міндеттерді басшылыққа алады.

Мәселен, Мемлекет басшысы 2022 жылғы 14 шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында кәдеге жарату алымының қаражаты есебінен ауыл шаруашылығы техникасын лизингке беру бағдарламасын іске қосуды тапсырды.

Тапсырманы орындау үшін «Қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өңдеу саласындағы жобаларды одан әрі қаржыландыру үшін дауыс бе-

ретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымды өн-

дірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының қаржыландыруы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 604 қау-

лысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің 04.08.2022 жылғы № 530 қаулысы қабылданды және 05.08.2022 жылы Компания жеңілдікті лизинг бағдарламасы бойынша өтінімдер қабылдай бастады.

PEST-талдау

Макроорта факторларын бағалау үшін Компанияның қызметіне тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін негізгі саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторлардың PEST-талдауы келтірілді.

Саяси факторлар	Қауіптер
<p>Мүмкіндіктер</p> <p>Мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамыту мақсатты саясаты заңнамамен бекітілген:</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығымен ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алу үшін жеңілдікті жағдайларды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды іске асыру көзделген. • Ұлттық жоба АӨК-те еңбек өнімділігін 2,5 есе арттыруға, отандық өндірістің негізгі тауарларымен қамтамасыз етуге, өңделген өнімнің үлесін 70%-ға дейін жеткізе отырып, АӨК өнімдерінің экспортын екі есе ұлғайтуға, жеті ірі экожүйе қалыптастыру және инвестициялық жобаларды іске асыру есебінен 1 млн ауыл тұрғынының табысын тұрақты түрде арттыруға бағытталған. • ҚР АӨК дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы АӨК саласының әлеуетін арттыруға, оның орнықты дамуын қамтамасыз етуге және одан әрі дамуды ынталандыру тетіктерін (реформалар) енгізуге бағытталған. 	<p>Тұрақсыз геосаяси жағдай:</p> <ul style="list-style-type: none"> • валютаның құбылмалылығы, инфляциялық күтулер, Ресейге қарсы санкциялар және басқа аспектілер жағдайында, Қазақстан экономикасы үшін мұның салдары – кейінгі кезеңдер ішінде тауарлар бағасының өсуі, төлем қабілеттілігінің төмендеуі болады. <p>Мемлекеттік қолдау шараларының күшін жою:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңартудың технологиялық деңгейі айтарлықтай төмендеуіне әкелуі мүмкін. <p>ҚР Салық заңнамасына өзгерістер енгізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • импорттау кезінде ҚҚС есепке жатқызу әдісімен төленетін тауарлар тізбесінің қысқаруы инвестициялық климаттың айтарлықтай нашарлауына әкелуі мүмкін, сондай-ақ лизингті әлеуетті лизинг алушылар үшін де, лизинг берушілер үшін де экономикалық жағынан тартымсыз етуі мүмкін.

⁴ <https://nationalbank.kz/ru/news/grafik-prinyatiya-resheniy-po-bazovoy-stavke/rubrics/1843>

Экономикалық факторлар	
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>Салық жеңілдіктерінің болуы:</p> <ul style="list-style-type: none"> машина-трактор паркін жаңартуға, аграрлық сектордың өнімділігі мен тиімділігін арттыруға және ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы өсуін тежеуге ықпал етеді <p>Мемлекеттік қолдау шаралары:</p> <ul style="list-style-type: none"> агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салым жасау кезінде шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау; агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру кезінде, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техника мен технологиялық жабдықтарды сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау. <p>Қолайлы инвестициялық бизнес-климат:</p> <ul style="list-style-type: none"> соңғы 3 жылда ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға инвестиция өсу тенденциясына ие. 2020 жылы ауыл шаруашылығына, орман және балық шаруашылығына 573 млрд теңге, 2021 жылы – 773 млрд теңге, 2022 жылы – 854 млрд теңге инвестицияланды. <p>Саланың жер ресурстарымен жеткілікті қамтамасыз етілгендігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жеткілікті қорымен, сондай-ақ тұрақты шикізат базасымен қамтамасыз етілгендік; егіс алқаптарының ұлғаюы және суармалы жерлердің кеңеюі. 	<p>Салық преференцияларының күшін жою:</p> <ul style="list-style-type: none"> жеңілдіктердің жойылуы лизинг берушінің бос ақшалай қаражатының салық төлеуге кетуіне және қаржыландыру көлемінің тиісті қысқаруына, сондай-ақ өндіріс құралдарының құнының қымбаттауына әкеледі. <p>Экономикалық факторлардың тұрақсыздығы:</p> <ul style="list-style-type: none"> ұлттық валютаның төмендеуінде, инфляцияның өсуінде, ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің жоғарылауында, санкциялар енгізілуіне байланысты шектеулердің өсуінде және т.б. көрініс тапқан тұрақсыз геосаяси жағдайдағы экономикалық салдар; ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемені көтеруі, бұл инфляцияның өсуіне және қаржылық қызметтердің қымбаттауына ықпал етеді өнім бағасының өсу тәуекелдері (шикізаттың, құрамдастардың тапшылығы, логистика) техниканың қолжетімділігіне және клиенттердің қажеттіліктеріне сыни түрде әсер етуі мүмкін ауыл шаруашылығы техникасын дайындаушы зауыттардың, құрастыру өндірістерінің және жеткізушілердің жоғары бағалары (әр түрлі себептермен 35%-дан 50%-ға дейін өсу, ал кейбір тауар позициялары бойынша қымбаттау 90%-дан асты), логистика мәселелері, техниканы жеткізу маршруттарының өзгеруі, ауыл шаруашылығы техникасын жеткізуде кедергі туындауы, және т.б. <p>Ауыл шаруашылығы саласы тәуекелдерінің жоғары деңгейі:</p> <ul style="list-style-type: none"> өсімдік шаруашылығы саласының ауа райы мен климаттық жағдайларға, ал мал шаруашылығы салалық эпизоотия қаупіне тәуелділігінің жоғары дәрежесі, өңдеуге жіберілетін ауыл шаруашылығы өнімдерінің логистикасы нашар жолға қойылған, ел ішіндегі логистикалық маршруттар өте ұзын, сондай ақ экспорттық маршруттардың логистикасы күрделі, өткізу нарықтарының шектелгендігі, дайын өнімге ішкі бағалардың әкелу және сауда баждарын енгізуге тәуелділігі.

Әлеуметтік факторлар	
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>Ауыл шаруашылығы өнімдеріне қажеттіліктің тұрақты сипаты:</p> <ul style="list-style-type: none"> халық санының артуы жағдайында аграрлық секторда ұзақмерзімді өсуді сақтау үшін алғы шарттар жасайды <p>Кадрларды кәсіби даярлау:</p> <ul style="list-style-type: none"> Қазақстанда мемлекеттік аграрлық университеттер жұмыс істейді, олар АӨК әртүрлі салаларының кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін жыл сайын мамандар шығарады. 	<p>Климаттың өзгеруі:</p> <ul style="list-style-type: none"> отын жағылуының салдарынан атмосферада CO₂ концентрациясының жоғарылауы, жерді пайдалану, озон қабатының жұқаруы, мал шаруашылығы және ормандардың жойылуы климат пен қоршаған орта жағдайына теріс әсер етеді <p>Табыстың төмен деңгейі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ауыл шаруашылығы жұмыскерлерінің орташа айлық номиналды жалақысының деңгейі қашанда төмен, экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша жұмыскерлердің орташа айлық номиналды жалақысының деңгейінің шамамен 70%-ын құрайды және жылдан жылға әлсіз өсу динамикасын көрсетуде. <p>Ауыл халқының кетуі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ҚР АӘКД Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша, соңғы жылдары ел ішіндегі ауылдық көші-қон бойынша теріс сальдо байқалады. Мәселен, 2022 жылы ауыл халқының көші-қон сальдосы минус 67 мың адам құрады. Ауыл тұрғындары Қазақстан ішінде ірі елді мекендерге де, шетелге де көшті. Бұдан басқа, 8 жыл ішінде ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандар санының төмендеуі байқалады (1 605,1 мың адамнан 1 176,4 мың адамға дейін); <p>Маусымдылық:</p> <ul style="list-style-type: none"> әр түрлі маусымдарда ауылшаруашылық жұмыстарының циклін орындау үшін әр түрлі еңбек ресурстары қажет. Нәтижесінде жұмыс күшіне біркелкі емес қажеттілік туындайды. Маусым кезеңінде 1,4 миллион адам, ал қалған уақытта 1,2 миллионға жуық адам жұмыспен қамтылады.

Технологиялық факторлар	
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<p>Мемлекеттің жаңа технологиялар мен инновацияларды енгізуін ынталандыруы:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мемлекет АӨК кәсіпорындарында агротехнологияларды цифрландыру мен инновациялық технологияларды енгізуге, технологиялық процестерді автоматтандыруға, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуге ықпал етеді. <p>Отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің технологиялық деңгейін арттыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сұранысының артуына әкелуі мүмкін. <p>Қаржыландыру жөніндегі өтінімдерді автоматтандыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> • аудиторияны ең аз мерзімде қызмет көрсету бойынша барынша қамтуға мүмкіндік береді. 	<p>Отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың технологиялық жарақтандырылуы және шетелдік технологияларға тәуелділігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ауыл шаруашылығы машина жасау саласындағы кәсіпорындардың әлсіз техникалық жарақтандырылғандығы; • ауыл шаруашылығы техникасының перспективалық үлгілері бойынша отандық жаңа әзірлемелердің болмауы; • төмен локализация, машиналар жиынтығының жеткізілуіне тәуелділік салдарынан отандық өндірістің тракторлары мен ауыл шаруашылығы машиналарының бәсекеге қабілеттілігі төмендеуі. <p>Материалдық-техникалық базаның жай-күйі:</p> <ul style="list-style-type: none"> • ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтарының жартысынан көбі амортизация мерзімінің шегінен асырыла қолданылады. ҚР АШМ ақпараты бойынша, бүгінгі таңда АШТӨ-лердегі тракторлар мен комбайндардың көбінің пайдалану мерзімі 10-12 жылдан асады.

Талдау көрсеткендей, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі, шикізат базасымен қамтамасыз етілгендік, жаңа технологияларды енгізілуі және технологиялық деңгейін арттыру жиынтығында Компания қызметінің және жалпы саланың дамуына оң әсер ететін жүйе құраушы факторлар болып табылады.

SWOT-талдау

Бұл SWOT-талдау күшті және әлсіз жақтарды, сондай-ақ компания қызметі үшін қазірде бар мүмкіндіктер мен қауіптерді көрсетеді.

Күшті жақтарға АӨК-те лизинг және кредит беру саласындағы үл-

кен жұмыс тәжірибесі бар екендігін, жоғары құзыреттілік пен білікті кадрлар құрамын, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін, корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін жатқызуға болады. Әлсіз жақтар бюджеттік қорландыру-

дың жоқтығы, мемлекеттік қолдау шаралары бойынша қаражаттың тапшылығы, кәдеге жарату алымының енгізілуі, техникаға лизинг нысанасы құнының ұлғаюы болып табылады.

Күшті жақтар	Әлсіз жақтар
<ol style="list-style-type: none"> 1. АӨК-дегі лизинг бойынша үлкен тәжірибе, жеке бизнеспен өзара ықпалдасу тәжірибесі. 2. Лизингтік қызмет көрсетуде жоғары құзыреттілік және білікті кадрлық құрам. 3. Кең филиалдық желісі және АӨК субъектілерінің клиенттік базасы. 4. Ауыл шаруашылығы техникасын отандық және әлемдік өндірушілермен жолға қойылған серіктестік қатынастар. 5. Корпоративтік басқарудың жоғары деңгейі. 6. Тәуекелдерді басқарудың тиімді кешенді жүйесінің болуы. 7. АӨК субъектілері үшін танымал бренд және Компанияның ауыл шаруашылығы техникасы нарығында сұранысқа иелігі. 8. Клиенттер санының оң динамикасы және Компания қызметіне сенімнің жоғары деңгейі. 9. Қорландыру көздерінің әртараптандырылған портфелі және ішкі және халықаралық нарықтарда қарыз қаражатын тарту бойынша елеулі тәжірибе. 10. Отандық өндірушіні қолдау. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Несие портфелінің экономиканың бір саласында шоғырлануы. 2. Бюджеттік қорландырудың болмауы және ҚР Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемені көтеруі салдарынан лизингтік өнімдер бойынша жоғары сыйақы мөлшерлемесі. 3. Саяси шешімдер қабылдауға және фискалдық органдарға тәуелділіктің жоғары деңгейі. 4. Теңге мен валюта бағамының құбылмалылығы.
Мүмкіндіктер	Қатерлер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Салаға тиімді мемлекеттік қолдау көрсетілуін қалыптастыру. 2. АӨК-ті мемлекеттік қолдаудың, оның ішінде машина-трактор паркін жаңарту мәселелері бойынша қолдаудың деңгейін арттыру. 3. Тартылған және мемлекеттік қаржыландыру көздері есебінен инвестицияларды ұлғайту мүмкіндігі. 4. Компанияның қызметтерімен қамтылмаған АӨК субъектілерінің едәуір санының болуы. 5. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуда АӨК субъектілері үшін үздік серіктес ретінде позицияланатын Компания брендин күшейту. 6. Өтінімдерді қарау бойынша бизнес-процестерді жақсарту, оның ішінде клиенттерге онлайн-қызмет көрсетуге көшу. 7. Жер мәселелерін цифрландыру, пайдаланылмайтын жер алқаптарын (егістіктерді), оның ішінде ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану жолымен азайту. 8. Компаниядағы процестерді автоматтандыру. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. АӨК саласындағы инвестициялық салымдарды және/немесе кредиттік өнімдер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін мемлекеттік субсидиялауға бөлінетін ақша қаражатының жеткіліксіздігі. 2. Ішкі және сыртқы ортаның нашарлауымен байланысты макроэкономикалық тәуекелдер, импортқа тәуелділік, сондай-ақ техника құнының өсуіне әсер ететін әлемдік бағалардың конъюнктурасы. 3. Геосаяси жағдай мен Ресейге қарсы санкциялардың әсері, сондай-ақ пандемия немесе ел экономикасы мен компанияларға әсер ететін басқа да сыртқы факторлардың туындауы ықтималдығы. 4. Форс-мажорлық мән-жайлардың, шектеу шараларының, климаттың өзгеруінің және АӨК өндірісінің қысқаруына, техникаға сұраныстың төмендеуіне және клиенттердің шарттық міндеттемелерді орындауына әкеп соғатын өзге де жағдайлардың туындау қаупі. 5. Теңге бағамының төмендеуі, салықтардың ұлғаюы және т. б. салдарынан импорттық техникаға лизинг нысанасының құны ұлғаюы

Жүргізілген SWOT-талдаудың қорытындылары Компанияның белсенді қызмет атқаруға және лизингтік қызметтегі көшбасшылық позицияларды сақтауға мүмкіндік беретін басым күшті жақтар бар екенін көрсетеді.

Алайда, соңғы оқиғалар тәуекелдерді үнемі бақылап отыру және қаржыландыру шарттарын ұсынуға қатысты икемділік таныту қажеттілігін көрсетті.

– Даму стратегиясын іске асыру



2022 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ ҚАЗАГРО-ҚАРЖЫНЫҢ 2020-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНА (БҰДАН ӘРІ – ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ) СӘЙКЕС КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІН ІСКЕ АСЫРУДЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРДЫ.

2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚСНК келесі көлемде орындалды:

Компанияның Даму стратегиясының негізгі көрсеткіштері (сандық немесе сапалық)	Өлшем бірлігі	Көрсеткіштердің мәні 2022 жыл			2023 жылға арналған жоспар
		жоспар	іс жүзінде	орындалу %	
№ 1 стратегиялық бағыт: Техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК-тің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу					
ҚНК 1. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі	млрд теңге	102	172,8	169,4	105
ҚНК 2. ҚазАгроҚаржы қолдауын алған кәсіпорындардың түсімінің көлемі (бір жыл ішіндегі)	млрд теңге	75,6	94,7	125,3	62,3
ҚНК 3. ҚазАгроҚаржы қолдауын алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі (бір жыл ішіндегі)	млрд теңге	2,3	2,5	108,7	2,3
№ 2 стратегиялық бағыт: Компания қызметінің тиімділігі					
ҚНК 4. ROA	%	2,77	4,59	165,7	2-2,2
ҚНК 5. Есепті жылдағы қарыздың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз көздерінің үлесі	%	70	70	100	70
ҚНК 6. ҚазАгроҚаржының жалпы активтеріндегі кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі	%	79	84	106,3	77
ҚНК 7. NPL90+	%	13,49	8,17	165,1	13,2
ҚНК 8. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша негізгі борышты өтеу	%	46	49	106,5	65
ҚНК 9. Корпоративтік басқару рейтингі	%	-	-	-	85-100

Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттері мемлекеттік саясатты іске асыру және АӨК-ті дамыту саласында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасын орнықты дамытуға бағытталған.

Компанияның орнықты даму саласындағы міндетін іске асырудың тиімділігі «Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі» және «Корпоративтік басқару рейтингі» ҚНК-ға қол жеткізу арқылы бақыланады.

№ 1 стратегиялық бағыт:

Техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК-тің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу

«Ауыл шаруашылығында техникалық жарақтандыруды және экспорттық әлеуетті ұлғайту» мақсатын іске асыру шеңберінде Компанияның Даму стратегиясында қызметтің мынадай стратегиялық негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚСНК) көзделген:

- «Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі» ҚСНК. 2022 жылы

ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша инвестициялар көлемі ұлғайды. 2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, 172,8 млрд теңге жалпы сомасына 6 806 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығын сатып алу қаржыландырылды, жоспар бойынша – 102 млрд теңге, орындалуы 169,4%;

- «ҚазАгроҚаржы қолдауын алған кәсіпорындардың түсімінің көлемі» ҚСНК. 2022 жылғы қаржылық есептілікке сәйкес, кәсіпорындардың инвестициялық жобалар

бойынша өнім сатудан түскен түсімінің көлемі 94,7 млрд теңге құрады, жоспар бойынша – 75,6 млрд теңге немесе орындалуы 125,3%;

- «ҚазАгроҚаржы қолдауын алған кәсіпорындардың экспорттық түсімінің көлемі» ҚСНК. Кәсіпорындардың қаржылық есептілігіне сәйкес, инвестициялық жобалар бойынша өнім сатудан түскен экспорттық түсімнің көлемі 2,5 млрд теңге сомасына 4070,3 тонна құрады немесе жоспар бойынша – 2,3 млрд теңге болғанда, орындаудың 108,7%.

№ 2 стратегиялық бағыт:

Компания қызметінің тиімділігі

«Компания қызметінің рентабельділігін арттыру» мақсатын іске асыру шеңберінде келесі ҚСНК белгіленді:

- «ROA» ҚСНК. 2022 жылы Даму стратегиясындағы жоспарлы жылдық мән 2,77% болғанда, «ROA» ҚСНК 4,59% құрады, орындалуы 165,7% құрайды. ROA көрсеткіші Компания қызметіне тартылған капиталды пайдалану тиімділігін көрсетеді;
- «Есепті жылдағы қарыздың жалпы құрылымындағы

мемлекеттік емес қарыз көздерінің үлесі» ҚСНК. 2022 жылдың қорытындысы бойынша ҚСНК 70% құрады, жоспарлы мән – 70%, бұл 100% орындалу болып табылады;

- «ҚазАгроҚаржының жалпы активтеріндегі кредиттік және инвестициялық портфельдің үлесі» ҚСНК. Жылдық жоспарлы мән 79% болғанда, бір жыл ішіндегі орындалуы 84% құрады, бұл 106,3% орындалу;
- NPL 90+, % ҚСНК. NPL90+ деңгейі 8,17 % құрады, орындалуы – 165,1%. Есептеу негізгі борыш сомасы бойынша жүр-

гізілді. NPL Компанияның несие портфельінің сапасын көрсетеді. Несие портфельінің сапасын арттыру мақсатында Компания ай сайынғы негізде клиенттердің төлем тәртібінің орындалуын бақылауды қамтамасыз етті, мерзімі өткен берешекті өндіріп алу бойынша жұмыстар, сондай-ақ проблемалық жобаларды оңалту рәсімдері жүргізілді;

- «Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған жобалар бойынша негізгі борышты өтеу» ҚСНК. ҚР ҰҚ несие портфелі 27,393 млрд теңге құрады. ҚСНК

орындалуы 49% құрады, жылдық жоспарлы мән 46% болған, бұл 106,5% орындалуды құрайды.

«ҚазАгроҚаржыны үздік тәжірибеге сәйкес корпоративтік дамыту» мақсатын іске асыру шеңберінде

- «Корпоративтік басқару рейтингі» ҚСНК. 2022 жылға арналған СҚНК-ның жоспарлы мәні белгіленбеген. Бұл ретте, Компания есепті жылы корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру-

ге, Компания қызметінің негізгі процестеріне орнықты даму қағидаттарын енгізуге және корпоративтік мәдениетті дамытуға бағытталған іс-шаралар өткізді (Толық ақпарат Жылдық есептің тиісті бөлімдерінде ашылған).

— Компанияның Даму стратегиясын іске асырудың қорытындылары туралы тұжырымдар

БЕЛГІЛЕНГЕН МАҚСАТТАР ШЕҢБЕРІНДЕ КОМПАНИЯ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША БАРЛЫҚ ҚАЖЕТТІ ШАРАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ.

Бағаның өсуіне және инфляцияға байланысты ел мен әлем үшін күрделі жағдайларда тұрақты қызмет атқарудың арқасында Компания 2021 жылмен салыстырғанда шағын алшақтықпен 2022 жылы 6 806 АШТ бірлігін лизингке беріп, 5 513 мәміле жасады. Бұл ретте жаңа клиенттерді қамту 3 334 қарыз алушы құрады.

АӨК саласында еңбек өнімділігі мен экспорттың өсу факторларының бірі жоғары технологиялық ауыл шаруашылығы техникасын пайдалану, сондай-ақ аграрлық секторға инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Осыған байланысты, Компания техника лизингі бойынша инвестицияларды ұлғайту жолымен АӨК-тің техникалық жарақтандырылуын арттыру және жаңғырту жұмысын жалғастыруда. Компания 2022 жылы өткізген бизнес-процестерді оңтайландыру және автоматтандыру

бойынша іс-шаралар тұтынушылық сұранысқа бағдарлана отырып, лизингтік қызметтерді жетілдіруге және дамытуға бағытталған, бұл өз кезегінде қазіргі клиенттердің бейілділігін арттыруға және жаңа клиенттер тартуға ықпал етті және Компанияның клиенттердің жалпы санын көбейтіп қана қоймай, сонымен қатар ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыру жоспарын орындауына да мүмкіндік берді.

Даму стратегиясындағы жылдық жоспарлы мән тұрғысынан ROA көрсеткіші толық көлемде орындалды, бұл Компания қызметінің тиімділігін көрсетеді.

Компания несие портфельінің сапасын жақсартуға ұмтылады. Осы мақсатта клиенттердің төлем тәртібін орындауы, NPL оңтайлы деңгейін қамтамасыз ету, мерзімі өткен берешекті өндіріп алу бойынша іс-шаралар жүргізіледі.



3 334


ҚАРЫЗ АЛУШЫ

▲ ЖАҢА КЛИЕНТТЕРДІ ҚАМТУ

Операциялық қызметтің нәтижелері




2022 жылы қаржыландырылған жаңа клиенттер



65% Жаңа клиенттер
35% Ағымдағы клиенттер

1 227,5 млрд теңге 2000 жылдан 2022 жылға дейін АӨК-ке инвестицияланды



80% Бюджет тыс қаражаты
20% Мемлекеттік қаражат



Операциялық қызметтің нәтижелері (өндірістік көрсеткіштер)


	2021 ж.	2022 ж.	Динамика
ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЛЕМІ МЛРД ТЕҢГЕ	141,6	172,8	22,0% ↑
ТЕХНИКА САНЫ БІРЛІК	7 276	6 806	6,5% ↓
ОНЫҢ ІШІНДЕ КЗ ТЕХНИКАСЫ БІРЛІК	3 755	4 250	13,2% ↑
НЕСИЕ ПОРТФЕЛІ МЛРД ТЕҢГЕ	349	423	21,2% ↑
NPL 90+	10,3%	8,17%	20,7% ↓
ПРОВИЗИЯЛАР	11,6%	10,36%	10,7% ↓
КЛИЕНТТЕР САНЫ АШТӨ	9 583	10 983	14,6% ↑

2009 жылдан 2016 жылға дейін ҚазАгроҚаржы инвестициялық жобаларды, оның ішінде ҚР ҰҚ қаражаты есебінен іске асырылатын жобаларды қаржыландыру жөніндегі оператор болды. 2017 жылдан бастап Компания өз қызметін тек ауыл шаруашылығы техникасының лизингіне шоғырландырады.

Соңғы 7 жылда АӨК-ке инвестициялар Компанияның меншікті қаражаты және тартылған қаражат есебінен жүзеге асырылуда.

2000 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде бұрын қаржыландырылған инвестициялық жобалар бойынша техника лизингі мен қарыздарды ескергенде Компания АӨК-ке шамамен 1 227,5 млрд теңге инвестициялады.

Қызмет көрсетілген клиенттердің, жасалған қаржыландыру шарттарының және лизингке берілген техниканың саны, бірлік



Дереккөз: Компания деректері


2022 жылғы динамика 2021 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда техниканың және жасалған қаржыландыру шарттарының саны сәл азайғанын көрсетеді, бұл ретте Компания қызмет көрсететін клиенттер санының жыл сайын өсуі

сақталып отыр. Бұл факт техникаға деген сұраныстың артып келе жатқанын көрсетеді.

ҚазАгроҚаржы 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап 2022 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы

қызметі кезеңінде жалпы сомасы 1 027 млрд теңге құрайтын 69 мыңға жуық ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алуды қаржыландырды. Лизингке берілген техника 15 млн гектар егістік жерлерді өңдеуде.

2020-2022 жж. инвестиция динамикасы, млрд теңге




Компания лизингке берген ауыл шаруашылығы техникасы, млн теңгемен

Техника атауы	2020 ж.		2021 ж.		2022 ж.		Жиыны 2000-2022 жж.	
	бірлік	сомасы	бірлік	сомасы	бірлік	сомасы	бірлік	сомасы
Себу кешендері	130	4 933	258	10 515	190	8 547	1 977	76 859
Тракторлар	1 996	35 550	2 431	45 521	2 896	65 308	21 751	268 477
Комбайндар	539	36 237	633	44 408	507	57 375	12 518	388 176
Сепкіштер	346	7 544	258	7 513	283	9 251	3 482	40 058
Басқа техника	3 045	25 774	3 696	33 669	2 930	32 355	28 698	194 229
Жабдықтар							604	58 897
Жиыны	6 056	110 038	7 276	141 625	6 806	172 836	69 030	1 026 697

Дереккөз: Компания деректері

2022 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның портфеліндегі белсенді клиенттер 10 983 бірлік құрады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 14,6%-ға (9 583 АШТӨ) көп. Басым үлеске 10 934 клиенттің шағын және орта бизнесінде, бұл шамамен 99,5%.

Бизнес көлемі бойынша клиенттер саны, бірлік



Дереккөз: Компания деректері

2022 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША КОМПАНИЯНЫҢ ПОРТФЕЛІНДЕГІ БЕЛСЕНДІ КЛИЕНТТЕР

10 983

БІРЛІК ҚҰРАДЫ

ҚазАгроҚаржы өнім желісін дамыту және жетілдіру бойынша тұрақты жұмыс жүргізеді.

Қаржыландыру бағдарламалары бойынша лизинг құрылымы

Бағдарлама	Шарттар саны	Техника саны, бірлік	Техниканың құны, млн теңге
Мастер-лизинг	476	777	43 378,6
Экспресс-лизинг	2 100	2 448	35 769,0
Қазақстанда жасалған	320	352	5 566,4
Сенімді фермер	1	1	3,7
Жеңілдікті лизинг	954	1 072	39 588,2
Техника мен көлік құралдарының лизингі	1 662	2 156	48 530,0
Жиыны:	5 513	6 806	172 835,9

Дереккөз: Компания деректері

2022 жылы «Экспресс-лизинг», Жеңілдікті лизинг және стандартты қаржыландыру шарттарымен Техника мен көлік құралдарының лизингі бағдарламалар ең көп сұранысқа ие болды.

«Экспресс-лизинг» бағдарламасының артықшылықтарына құжаттардың ең аз топтамасы негізінде (бизнес-жоспар мен қаржылық есептілікті ұсынусыз) кірісті растамай, құны 300 млн теңгеге дейінгі

техника лизингі бойынша өтімді барынша қысқа мерзімде (5 күн) қарау мүмкіндігі жатады.

«Жеңілдікті лизинг» бағдарламасы-2022 жылы басталды және жоғары сұранысқа ие болды. Бағдарламаның негізгі артықшылықтары сыйақының жеңілдікті мөлшерлемесі – жылдық 6% және лизинг бойынша бастапқы жарнаның (аванстың) жоқтығы болып табылады.



Портфельдегі клиенттердің өңірлер бойынша 2022 жылғы құрылымы



★ Компания клиенттерінің өңірлік картасында Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарынан мыңнан аса клиент бар.

Дереккөз: Компания деректері

Қаржылық нәтижелер

Негізгі қаржылық көрсеткіштер

млн теңге	2022 жыл	2021 жыл
Активтер		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	64 764	30 011
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	62	35 098
Клиенттерге кредит	13 287	21 720
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	393 664	314 712
Қорлар	2 870	3 001
Негізгі құралдар	973	903
Басқа активтер	9 639	7 901
Активтердің жиыны	485 259	413 346
Міндеттемелер		
Акционер алдындағы берешек	22 062	12 087
«Бәйтерек» ҰБХ « АҚ алдындағы берешек	11 584	
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	30 638	66 311
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	206 717	157 204
Мемлекеттік субсидиялар	27 026	
Басқа міндеттемелер	30 282	30 274
Міндеттемелердің жиынтығы	328 309	265 876
Меншікті капитал	156 950	147 470
ROA	4,59	4,52
ROE	13,56	13,36
Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)	1889,28	1774,3

млрд теңге	2022 жыл	2021 жыл	2022 жыл, 2021 ж. қатысты %-бен
Кіріс, барлығы	59,0	49,0	120,3%
Соның ішінде:			
• Сыйақы түріндегі кіріс	58,1	47,0	123,7%
Шығыс, барлығы	37,9	32,1	118,0%
Соның ішінде:			
• Сыйақы бойынша шығыс	28,8	22,9	125,6%
• Резерв құру бойынша шығыс	3,3	2,9	112,8%
КТС	0,4	-0,4	-97,7%
Таза кіріс	20,6	17,3	119,2%

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СЕКТОРЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ, ҚАРЖЫЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ЖҮЙЕЛІ ДАМУЫНЫҢ КӨРІНІСІ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН ОҢ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР БЕРУІН ЖАЛҒАСТЫРУДА.

— Қаржылық тұрақтылықтың негізгі факторлары

- 1. Капиталдандырудың жоғары деңгейі.** Баланс құрылымындағы меншікті капиталдың үлесі Компания активтерінің 32,3%-ын құрайды, бұл Жалғыз акционер тарапынан қолдау көрсетілетінін, Компания қызметінің пайдалылығын және әртүрлі қаржылық тәуекелдерді абсорбциялау қабілетінің жоғары екендігін айғақтайды. 2022 жылы Компания 20,6 млрд теңге көлемінде таза пайда тапты.
- 2. Өтімділіктің қолайлы деңгейі.** Компания несие портфелінің тұрақты өсуін, кредиторлар алдындағы міндеттемелердің тиісінше орындалуын қамтамасыз ету үшін өтімді қаражаттың жеткілікті деңгейін қолдайды. Активтердегі өтімді активтердің үлесі 13,4% құрады.
- 3. Жоғары кредиттік рейтинг.** 2022 жылғы 10 қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі ҚазАгроҚаржының

шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақмерзімді рейтингтерін «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне дейін көтерді, рейтингтер бойынша болжам «Тұрақты». Агенттіктің ҚазАгроҚаржы рейтингтерін көтеруі елдегі ауыл шаруашылығы компанияларына лизингтік қызметтерді негізгі жеткізуші ретіндегі ҚазАгроҚаржының даму институттарының ұлттық құрылымындағы позициясы нығайғанын көрсетеді. Fitch пікірінше, іс жүзіндегі субституттар жоқ жағдайда елдің ауыл шаруашылығы секторын дамытудағы ҚазАгроҚаржының рөлі жоғары маңызға ие.

- 4. Қаржылық тәуекелдерді тиімді басқару.** Компанияда кредиттік, валюталық, баға тәуекелдері мен өтімділік тәуекелдерін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.

- 5. Пруденциалдық нормативтерді сақтау.** Компания Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016. № 308 қаулысымен бекітілген пруденциалдық нормативтер мен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің ипотекалық ұйымдары мен еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді сақтайды. Барлық коэффициенттер бойынша айтарлықтай қорлар бар. Компания белгіленген нормативтердің бұзылуына жол бермеу үшін тұрақты түрде жұмыс жүргізеді.

- 6. Рентабельділік.** Компания 2022 жыл ішінде 20,6 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 19,2%-ға артық. Тиісінше, 2022 жылы капиталдың рентабельділігі 13,56% құрады, 2021 жылы – 13,36%.

— Кірістер болжамы

- ҚазАгроҚаржы кірісінің негізгі көзі негізгі қызметтің нәтижелері бойынша сыйақы ретінде алынатын кіріс болып табылады. 2023 жылы кіріс 60,2 млрд теңге мөлшерінде болжанады, оның ішінде:**
- ағымдағы шоттар бойынша – 0,1 млрд теңге;
 - орналастырылған салымдар

- бойынша – 1,0 млрд теңге;
- берілген кредиттер және көрсетілген уақытша қаржылық көмек бойынша – 0,9 млрд теңге;
- берілген қаржылық жалдау бойынша – 56,8 млрд теңге;
- бағалы қағаздар бойынша – 0,7 млрд теңге;

- кері репо операциялары бойынша – 0,7 млрд теңге.

Кірістердің 2022 жылғы фактімен салыстырғанда (58,1 млрд теңге) 2,1 млрд теңгеге өсуі несие портфелі көлемінің ұлғаюымен түсіндіріледі.



– Даму перспективалары

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АӨК ЛИЗИНГ НАРЫҒЫН-ДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ҚАРЖЫ ҰЙЫМЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. 2022 ЖЫЛЫ КОМПАНИЯ 2020-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚАЗАГРО-ҚАРЖЫ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ ЖОСПАРЛАНҒАН БАР-ЛЫҚ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ. ЕЛ БОЙЫНША САТЫП АЛЫНҒАН ТЕХНИКА САНЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ҮЛЕСІ 39,2% ҚҰРАЙДЫ, БҰЛ КОМПАНИЯ КЛИЕНТТЕРІ ТАРАПЫНАН КӨРСЕТІЛЕТІН ЖОҒАРЫ СЕНІМНІҢ БЕЛГІСІ.

Компания қызметінің басымдығы Компания клиенттері болып табылатын отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің мүдделері болып табылады. Ол үшін компания қызметтерді үнемі жетілдіру және оларды ұсынудың сапасын арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізетін болады

Ауыл шаруашылығы техникасының лизингін қаржыландыру көлемі Компания қызметінің ұзақмерзімді кезеңдегі негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Қаржылық тұрақтылық пен қаражатты тиімді тартудың арқасында Компания техникаға әлі де жоғары болып отырған сұранысты қамтамасыз ету мақсатында ауыл ша-

руашылығы тауарын өндірушілер үшін өнімділігі жоғары заманауи техника сатып алу бойынша инвестициялар көлемін жыл сайын ұлғайтуды жалғастырады.

Бұған Ұлттық жобада және Даму тұжырымдамасында көзделген мемлекеттік қолдау шаралары да ықпал ететін болады.

Қосымша Бюджеттік инвестицияларды бөлу жем-шөп дайындау және ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етілгендік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Техника лизингі бойынша инвестициялар көлемін жыл сайын ұлғайтуды қамтамасыз ету мақсатында түрлі қаржыландыру көздерінен қосымша қаражат тарту бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілетін болады.

ҚазАгроҚаржы инвестицияларды тарту бойынша белсенді жұмысты жалғастырады, бұл жұмыс инвесторлармен ынтымақтастықты дамыту, қарыз алудың жаңа құралдарын пайдалану, қаржыландыру көздерін әртараптандыру, сондай-ақ Компанияның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті көлемде қорландыру арқылы жүзеге асырылады.

ҚазАгроҚаржы қолжетімді және сапалы қызметтер ұсыну, соның ішінде ақпараттық процестерді автоматтандыру негізінде ұсыну жолымен қызметтің тиімділігін арттыруға және рейтингті жоғарылатуға ұдайы ұмтылып келеді.

Клиенттерді барынша қанағаттандыру мақсатында Компания өнім желісін клиенттік топтар мен олардың қажеттіліктерінің сегментелуіне байланысты дамытуды жалғастырады.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын үнемі арттыру Компанияның орнықты дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылады. Компания үшін сапалы қызметтің негізгі сипаттамалары: менеджерлердің консультациялық жұмысының жоғары деңгейі, клиенттерге және оның талап-тілектеріне құрметпен және ықыласпен қарау, қызметті барынша жылдам мерзімде алу, қызмет көрсетудің кез келген кезеңдерінде олқылықтар мен кемшіліктердің жоқ болуы.

ҚазАгроҚаржы клиентке бағдарланған саясатты іске асыру жұмысын жалғастыратын болады, оның шеңберінде клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту

үшін фронт-кеңсе жұмыскерлері тұрақты түрде оқытылатын болады, консультациялар мен қызметтер көрсету сапасына бақылау жүргізілетін болады. Клиентке бағытталған стандарттарды енгізудің басты мақсаты – өз клиенттерінің күткенінен асып түсуге және олардың агробизнесіне табысқа жетулеріне көмектесуге ұмтылу.

Клиентке бағдарланған стандарттарды жетілдіру процесінде Компания қаржылық қызметтер көрсетуде халықаралық тәжірибені, сондай-ақ клиенттерден сапаны бағалауға қатысты кері байланыс алудың заманауи тәсілдерін қолданатын болады.

Компания лизингтік өнімдерді алу клиенттер үшін өте жылдам және оңай процедураға айналуына, ал «лизинг» қаржы құралының өзі жаңа деңгейге өткізіліп, Қазақстан нарығындағы ең бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие қаржы өніміне айналуына ұмтылатын болады.

Капитал мен активтерді тиімді басқарудың негізгі көрсеткіші Компанияның оң қаржылық нәтижесі болып табылады, оған қаржы қаражатын сапалы тарту, резервтердің/провизиялардың оңтайлы деңгейін ұстау, еркін өтімділік пен қаржылық міндеттемелерді тиімді басқару, сондай-ақ әкімшілік шығыстардың оңтайлы мөлшерін ұстау нәтижесінде қол жеткізіледі.

Провизиялардың оңтайлы деңгейіне проблемалық портфельмен тұрақты түрде жұмыс істеу және қазіргі клиенттердің міндеттемелерді өтеуін мониторингтеуді күшейту арқылы қол жеткізілетін болады.

Компания өтімділігі жоғары активтердің кірістілігін барынша арттыру және қаржылық тәуекелдерді барынша азайту, сондай-ақ қазынашылық операцияларды жүзеге асыру кезінде операциялық тәуекелдерді азайту жолымен өтімділікті басқарудың тиімділігін арттыру жұмысын жалғастыратын болады.

Компания қаржылық тиімділікті арттыру және ақша қаражатын нәтижелі тартуды қамтамасыз ету мақсатында Компанияның несие портфелінің сапасын арттыру бойынша үздіксіз және ұзақмерзімді жұмыс жүргізуді жалғастырады.

Несие портфелінің сапасын арттыру, меншікті капитал мен активтерді пайдалану тиімділігін арттыру арқылы Компания қызметін жетілдіру бойынша шараларды іске асыру Компания қызметінің кірістілігі мен инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етеді.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру және ұйымдастыру тәуекелдерге тез ден қоюға, Компанияның

негізгі және қосалқы бизнес-процестерін, күнделікті операцияларын бақылауды жүзеге асыруға қабілетті жүйе құру арқылы Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарға тиімді қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Компанияның маңызды мақсаты корпоративтік даму болып қала береді, ол корпоративтік басқару жүйесін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамытуда, сондай-ақ адам ресурстарын дамытуда болып табылады.

Директорлар кеңестерінің, оның комитеттерінің қызметін жыл сайын бағалау және кейіннен қажетті түзету шараларын қабылдау жүйесін дамыту жалғасады. Корпоративтік басқару деңгейінің заңнама, ішкі құжаттар және корпоративтік басқару бойынша халықаралық іс-тәжірибе талаптарына сәйкестігін бағалап, тиісті рейтингтер беру тұрақты негізде жүргізілетін болады. Алынған нәтижелердің негізінде корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру және қажетті шаралар қабылдау бойынша негізгі салалар айқындалатын болады.

Компанияның бизнесті басқаруының тиімділігін қолдау, корпоративтік тәуекел-мәдениетті дамыту үшін Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесін жетілдіру жұмысы бұдан әрі қарай да жүзеге асырылатын болады.

Компанияда тәуекел-менеджмент бөлімшесінің ұйымдастырушылық және талдамалық функцияларын күшейту, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің тәуекелдерді басқарудағы рөлі мен жауапкершілігін олардың процестері, функционалы мен құзыреттері шеңберінде арттыру арқылы қызметтің барлық бағыттарында тәуекел-менеджменттің рөлін күшейту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Компания қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштердің тұтастығына кепілдік алуға, Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге, сондай-ақ қызметтің барлық аспектілерінде саясаттар мен процедураларды іске асыруға ықпал ететін ішкі бақылау жүйесін құру жұмысын жалғастыратын болады.

Компанияның орнықты даму қағидаттарын енгізу бойынша міндеттері даму перспективасындағы негізгі міндеттердің бірі болып қала береді, әлеуметтік облигациялар шығару арқылы қаржыландыру мүмкіндігі қаралатын болады.

Адами ресурстардың әлеуетін арттыру, нәтижеге бағдарланған корпоративтік мәдениетті дамыту да Компанияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Тиімді кадр саясатын жүзеге асыру Компанияның тиімділікті дамыту

мен арттыруға елеулі үлес қосуға қабілетті кадрлардың жоғары білікті құрамын ұстап қалуына және тартуына, сондай-ақ адами ресурстарға салынған инвестициялардан барынша ықтимал пайда алуға мүмкіндік береді.

Стратегиялық міндеттерді ескере отырып, Компания ортамерзімді перспективада өтінімдерді қабылдау мен қадағалаудың электрондық жүйесіне толығымен ауысады. Бұл жүйе қаржыландыру жөніндегі өтінімді клиенттердің онлайн берулерін мүмкін етеді, бұл Компания қызметтерінің клиенттер үшін қолжетімділігін арттырады және өтінімнің тіркелуден бастап ол бойынша шешім қабылдауға дейінгі жағдайын бақылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы үрдістер мен автоматтандыру жүйелерінің қарқынды дамуын назарға ала отырып, Компания 2023 жылы ҚазАгро-Қаржының 2024-2033 жылдарға арналған Даму стратегиясын бірқатар модульдерді техникалық автоматтандыруға бейімділікпен әзірлеуді жоспарлап отыр:

- АӨК субъектілері үшін мобильді қолданба және жеке кабинет құру;
- лизингтік қызметтердің толық спектрін автоматтандырылған режимде ұсыну;
- қаржыландыру шарттарын қарау, шешімдер қабылдау және

қол қою процестерін автоматтандыру;

- мемлекеттік деректер базаларымен интеграциялану;
- клиенттердің қажеттіліктерін болжау үшін аналитикалық платформа құру.

Бұл іс-шаралар Мемлекет басшысының автоматтандыру мен цифрлық трансформацияны дамытуға қатысты тапсырмаларына тікелей сәйкес келеді.

Жоғарыда аталған міндеттерді іске асыру еңбек шығындарын қысқартып қана қоймайды, сонымен қатар Компанияның қазіргі клиенттерінің қанағаттанушылығын арттыру және жаңа клиенттер тарту үшін тұтынушылық сұранысқа бағдарлана отырып, қызметтерді жетілдіру мен дамытуға жәрдемдесуге мүмкіндік береді

Концептуалды жаңа қағидаттарды, тәсілдер мен процедураларды, сондай-ақ қызмет көрсетудің ашық және түсінікті тетіктерін енгізу сыртқы және ішкі мақсатты аудитория тарапынан сенім деңгейіне оң әсер етеді және Компанияның рентабельділігіне, акцияларының құндылығына және имиджіне әсер етеді.

Жиынтықта бұл іс-шаралар Компанияның АӨК лизингі нарығындағы позициясын сақтауына мүмкіндік береді.





04

Корпоративтік басқару

Менеджменттің ұйымдастырушылық құрылымы	079	Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту	104
Корпоративтік басқару рейтингі	080	Мүдделер қақтығысын басқару және корпоративтік қақтығыстарды реттеу	104
Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп	082	Мәселелер туралы ақпараттандыру	106
Бағалы қағаздар туралы және қатысушылар құрамы туралы мәліметтер	083	Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйақысы	106
Жалғыз акционердің 2022 жылғы негізгі шешімдері	084	Атқарушы орган	107
Директорлар кеңесі	085	Басқарма құрамы	108
Директорлар кеңесінің құрамындағы 2022 жылғы өзгерістер	086	Басқарма жұмысы	113
Директорлар кеңесінің құрамы	087	Ұйымдық құрылым	116
Директорлар кеңесінің қызметі	093	Жасауға мүдделілік бар мәмілелер туралы 2022 жыл бойынша есеп	118
Директорлар кеңесінің комитеттері	095	Басқарма мүшелерінің сыйақысы	119
Іріктеу және тағайындау	100	Акционерлік капиталдың құрылымы	119
Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби салалардағы құзыреттері	101	Дивидендтер	120
Тәуелсіздік	102	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл .	121
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	103	Корпоративтік этика	128
		Ішкі бақылау жүйесі	130
		Ішкі аудит қызметі	133
		Сыртқы аудит	134



Корпоративтік басқару жүйесінің компоненттері:

КОМПАНИЯ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ҚЫЗМЕТТІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ, ТРАНСПАРЕНТТІЛІК ПЕН ЕСЕПТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ОНЫҢ БЕДЕЛІН НЫҒАЙТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КАПИТАЛ ТАРТУ ШЫҒЫНДАРЫН АЗАЙТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРАДЫ.

Компанияның корпоративтік басқаруы әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, айқындылық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

- 1. адалдық** – Компания Жалғыз акционердің құқықтарын қорғайды және оның құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда пәрменді шаралар қабылдайды;
- 2. есептілік** – Компания Компанияның атқарушы органының Директорлар кеңесіне есептілігін және Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерге есептілігін қамтамасыз етеді;
- 3. жауапкершілік** – Компания Жалғыз акционердің заңды құқықтары мойындалуын қамтамасыз етеді, Компанияның қаржылық саулығы мен орнықтылығы мәселелері бойынша Компания мен Жалғыз акционер арасындағы ынтымақтастықты ынталандырады;
- 4. айқындылық** – Компания мүдделі тұлғалардың шешімдеріне әсер етуі мүмкін барлық маңызды мәселелер бойынша ақпараттың уақтылы және дұрыс ашылуын қамтамасыз етеді.

Компанияда корпоративтік басқарудың жолға қойылған жүйесі қалыптастырылған және жұмыс істейді, Компания мен оның органдарының қызметін реттейтін қажетті ішкі нормативтік құжаттар әзірленіп, бекітілді, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару бойынша бағалауды жүзеге асыратын ішкі аудит қызметі тиімді жұмыс істейді. Компаниядағы басқару процестері мен процедуралары заңнаманың, ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету және көрегенді және жауапты шешімдер

қабылдау үшін оңтайлы жағдайлар жасалатындай құрылымдалған.

ҚазАгроҚаржының жоғары органы – Жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі, атқарушы органы – Басқарма.

Компанияның Директорлар кеңесі жанынан комитеттер құрылған, олардың құзыретіне аудит, тәуекелдер, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік даму, кадр, сыйақы мәселелерін және әлеуметтік мәселелерді қарау кіреді. Компания қызметінің жекелеген бағыттары

бойынша Басқарма үшін ұсынымдық сипаттағы шешімдер дайындау үшін, соның ішінде Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындауды және алдын ала қарауды жүзеге асыру үшін Басқарма жанынан комитеттер құрылды.

Жалғыз акционермен өзара ықпалдасу Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жалғыз акционердің айрықша құзыреті бекітілген ҚазАгроҚаржы Жарғысына және Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Менеджменттің ұйымдастырушылық құрылымы



Корпоративтік басқару рейтингі

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ АЙҚЫНДЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДАҒЫ ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ СӘЙКЕС КОРПОРАТИВТІК ДАМУ МАҚСАТЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.


Корпоративтік басқару жүйесін сапалы мониторингтеу мақсатында Корпоративтік басу рейтингі Компанияның Даму стратегиясы қызметінің негізгі көрсет-

кіштерінің бірі ретінде енгізілген. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалауды Компанияның ішкі аудит қызметі Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес екі жылда бір реттен кем емес жүргізеді. Корпоративтік басқару деңгейін сыртқы бағалауды тәуелсіз ұйым үш жылда бір рет кезеңділігімен жүргізетін болады (корпоративтік басқару деңгейін бағалаудың нәтижелері бойынша тиісті рейтинг беріледі).


Корпоративтік басқару деңгейін диагностикалауды ішкі аудит қызметі 2021 жылы жүргізді, аудит 2018 жылғы 01 қаңтардан бастап 2021 жылғы 01 шілде аралығы кезеңін қамтыды. Аудит қорытындысы бойынша Компанияның корпоративтік басқару деңгейі 87,6% құрады.



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП 2022



Процестер



Ашықтық



Озық тәжірибе
Іс жүзіндегі жағдай

Корпоративтік басқару мен шешім қабылдау жүйесін ұдайы жетілдіріп отыру Компанияны дамытудың маңызды стратегиялық бағыты болып табылады және оның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді. ҚазАгроҚаржының корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 15 шешімімен ҚазАгроҚаржының корпоративтік

басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – КБЖ іс-шаралар жоспары) бекітілді. КБЖ іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есепті Компанияның директорлар Кеңесі жыл сайын қарайды.

КБЖ іс-шаралар жоспарын іске асырудың қорытындылары 2023 жылғы 30 қаңтарда Директорлар кеңесінде

қаралды және бекітілді (№ 1 хаттама). КБЖ-ның 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарында барлығы 12 іс-шара көзделген, жоспарланған іс-шаралардың барлығы орындалды.

Компания менеджмент жүйесін корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесінің стандарттарына келтіру арқылы корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша жұмысты жалғастыруда.

– Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІН ТАБЫСТЫ ЕТУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ ОНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҮШІН, ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТАБЫСТЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАУ ҮШІН КОМПАНИЯ ӨЗ ҚЫЗМЕТІНДЕ БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МҮДДЕЛЕРІН ҚҰРМЕТТЕУ КӨЗДЕЛГЕН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН БАСШЫЛЫҚҚА АЛАДЫ.

Корпоративтік басқару кодексінің негіз қалаушы қағидаттары:

1. өкiлеттiктердiң аражiгiн ажырату қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;

3. Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқаруы қағидаты;
4. орнықты даму қағидаты;
5. тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;
6. корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
7. Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындылығы мен объективтілігі қағидаттары.

Компания жыл сайын Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің орындалуы

бойынша есеп дайындайды, ол Директорлар кеңесінің отырысында қаралады. 2022 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақтамалмауы туралы есеп Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 3 шешімімен бекітілген.

Компанияның 2022 жылы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауын талдаудың қорытындысы ҚазАгроҚаржы ішінара сақталатын 2 ережеден басқа, корпоративтік басқару кодексінің барлық қағи-

даттары мен ережелерін сақтайтынын көрсетті.

2022 жылы «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің

сақталуы/сақтамалмауы туралы есептің қысқаша нұсқасы Жылдық есепке қосымшада келтірілген (толық нұсқасы Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған www.kaf.kz).

Бағалы қағаздар туралы және қатысушылар құрамы туралы мәліметтер

«БӘЙТЕРЕК «ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГИ» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ-ТЫҢ «БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГИ» АҚ-ҚА ТИЕСІЛІ 100% ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫН «АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ-ТЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛАТЫН ЖАЙ АКЦИЯЛАРЫНА ТӨЛЕМ РЕТІНДЕ «АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ-ТЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІ РЕТІНДЕГІ «БӘЙТЕРЕК» ҰЛТТЫҚ БАСҚАРУШЫ ХОЛДИНГИ» АҚ-ТЫҢ ӨЗІНІҢ «АГРАРЛЫҚ НЕСИЕ КОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ-ТЫҢ АКЦИЯЛАРЫН БАСЫМДЫҚПЕН САТЫП АЛУ ҚҰҚЫҒЫН ӨТКІЗУІ ЖОЛЫМЕН ИЕЛІКТЕН ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 15 ШІЛДЕДЕГІ № 05/22 ШЕШІМДІ ҚАБЫЛДАДЫ.

Орналастырылған акцияларды төлеу 2022 жылғы 25 шілдеде «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың «Бәйтерек» «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-қа тиесілі 100% жай акцияларын беру жолымен жүргізілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны 82 837 204 дана жай акция құрайды.

Компанияның дивидендтік Саясаты туралы ереже Жалғыз акционердің ҚазАгроҚаржыны басқаруға қатысумен байланысты құқықтарын, соның ішінде дивидендтер алу және таза табысты бөлуге қатысу құқықтарын регламенттейді. «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 23/22 шешімін орындау үшін, 2022 жылғы 27 маусымда Жалғыз акционерге 2021 жыл үшін 12,1 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төлеу жүзеге асырылды, бұл Компанияның таза табысының 70%-ын құрайды.



Жалғыз акционердің 2022 жылғы негізгі шешімдері

- Компанияның Жарғысына өзгерістер енгізу.
- Жылдық қаржылық есептілікті бекіту.
- ҚазАгроҚаржының жылдық есебін бекіту.
- Директорлар кеңесінің мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және оларды сайлау.
- Компанияның Дивидендтік саясаты туралы ережені бекіту.
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей тиесілі

заңды тұлғалардың 2022-2024 жылдарға арналған Бірыңғай кадрлық саясатын бекіту.

- Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
- ҚазАгроҚаржы Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, Басқарма мүшелерін сайлау.



Директорлар кеңесі

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ – ЗАҢНАМАМЕН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) КОМПАНИЯ ЖАРҒЫСЫМЕН ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ЖӘНЕ БАСҚАРМАНЫҢ АЙРЫҚША ҚҰЗЫРЕТТЕРІНЕ ЖАТҚЫЗЫЛҒАН МӘСЕЛЕРДІ ШЕШУДІ ҚОСПАҒАНДА, КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ЖАЛПЫ БАСШЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН БАСҚАРУ ОРГАНЫ.

Директорлар кеңесі өз функцияларын Компанияның Жарғысына сәйкес жүзеге асырады және келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- Компанияның даму стратегиясын анықтау (бағыттары мен нәтижелері);
- даму жоспарын құру және мониторингтеу
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді

жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;

- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде негізгі стратегиялық жобалардың тиімді іске асырылуын бекіту және мониторингтеу;
- сайлау, сыйақы беру, сабақтастықты жоспарлау және Басқарма қызметін қадағалау;
- Компанияда Корпоративтік басқару кодексінің және іскерлік этика туралы ішкі құжаттардың сақталуы.

Директорлар кеңесінің құрамы теңдестірілген болып табылады, соның ішінде оның мүшелерінің біліктілігі, олардың тәжірибесі, білімі және іскерлік қасиеттері бойынша теңдестірілген және Жалғыз акционердің сеніміне ие.

Директорлар кеңесінің мүшелері ауыл шаруашылығы саласында, экономикада және бизнесті басқаруда, сондай-ақ құқықтануда мінсіз іскерлік беделге, білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Директорлар кеңесінің құрамына 6 адам кірді, оның ішінде Директорлар кеңесінің 2 мүшесі – тәуелсіз директорлар.



ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің төрағасы – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ өкілі Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы.

Ұсынылған Директорлар кеңесінің құрамының өкілеттігі 2024 жылғы 16 маусымда аяқталады.



2022 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы		Директорлар кеңесінің құрамына сайлау туралы шешімінің күні мен нөмірі
Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы	Директорлар кеңесінің төрағасы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары	Жалғыз акционердің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 06/22 шешімі
Көшкімбаев Нияз Жеңісұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры	Жалғыз акционердің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 28/22 шешімі
Мырзағалиева Әлия Ерболатқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры	Жалғыз акционердің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі
Оразбаев Руслан Сағадатұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі	Жалғыз акционердің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі
Мәдиев Сержан Нұраханұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі	Жалғыз акционердің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі
Прашев Айдар Гилимович	Директорлар кеңесінің мүшесі – Басқарма Төрағасы – Директорлар кеңесінің мүшесі	Жалғыз акционердің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі



Директорлар кеңесінің санат бойынша құрылымы, %




Директорлар кеңесінің гендерлік құрылымы, %



Компанияның директорлар кеңесінде жұмыс істеу мерзімі, %



Директорлар кеңесінің жас шамасы бойынша құрылымы, %



— Директорлар кеңесінің құрамындағы 2022 жылғы өзгерістер

1. Избастин Қаныш Теміртайұлының Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі өз қалауы бойынша 2022 жылғы 26 қаңтардан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды.
2. Жалғыз акционердің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 06/22

шешімімен Жалғыз акционердің өкілі болып Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы сайланды.

3. Айгүл Кеңесбекқызы Жуанышбаеваның Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын

тоқтатылуына байланысты Жалғыз акционердің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 28/22 шешімімен Жалғыз акционердің өкілі – Директорлар кеңесінің мүшесі болып Нияз Жеңісұлы Көшкімбаев сайланды.

— Директорлар кеңесінің құрамы



— Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ – ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ӨКІЛІ

1979 жылы 22 шілдеде туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік басқару Академиясы, «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша.
- Қазақ гуманитарлық-заң университеті, Құқықтану мамандығы бойынша «Заңгер» біліктілігі берілді (ҚР).

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2022 жылдан бастап – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.
- 2020 жылдан бастап 2022 жылға дейін – Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының басшысы
- 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің төрағасы.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары.
- «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.



— **Көшкімбаев
Нияз
Жеңісұлы**

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ – ЖАЛҒЫЗ АКЦИО-
НЕРІНІҢ ӨКІЛІ**

1979 жылы 5 қыркүйекте дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, «Электрмен жабдықтау және электрлендіру» мамандығы бойынша.
- Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті, «Экономика» мамандығы бойынша (әлеуметтік салада және салаларда)».

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2005 жылғы ақпан – 2006 жылғы наурыз Астана қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау департаментінің маманы, бөлім бастығы.
- 2006 жылғы наурыз – 2007 жылғы ақпан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын талдау және әдіснамасы департаментінің, Жиынтық-талдау департаментінің бас маманы.
- 2007 жылғы ақпан – 2007 жылғы сәуір Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Бюджет департаментінің, Қаржылық қамтамасыз ету департаментінің бас маманы.
- 2007 жылғы мамыр – 2009 жылғы наурыз «ҚазАгро» Ұлттық холдингі» АҚ Экономика және қаржы департаментінің, Қаржы департаментінің менеджері, бас менеджері.
- 2009 жылғы қазан – 2010 жылғы қараша Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасының кеңесшісінің м.а., Кеңесшісі,
- 2010 жылғы қараша – 2014 жылғы қазан Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Қаржы және құ-

жаттамалық қамтамасыз ету департаментінің директорының орынбасары, директоры.

- 2017 жылғы қараша – 2020 жылғы қазан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетінің төрағасының орынбасары.
- 2020 жылғы қазан – 2022 жылғы маусым Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының басшысының орынбасары.
- 2022 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарушы директоры.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры. «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.



— **Мырзағалиева
Әлия
Ерболатқызы**

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ – ЖАЛҒЫЗ АКЦИО-
НЕРІНІҢ ӨКІЛІ**

1980 жылы 9 ақпанда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Басқару және құқық институты «Жоғары білікті заңгер» мамандығы бойынша.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2012-2017 жылдары – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Экономика салаларын дамыту департаментінің директорының орынбасары.
- 2017-2018 жылдары – «БРК-Лизинг» АҚ Стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры.
- 2018-2019 жылдары – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Жобалық басқару департаментінің директоры.
- Қазіргі уақытта – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры.
- «Қазақстандық тұрғын үй компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.



— **Прашев
Айдар
Гулимович**

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ – БАСҚАРМАСЫ-
НЫҢ ТӨРАҒАСЫ**

1983 жылы 29 қыркүйекте дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Алматы қ. Экономика және статистика академиясы, «Персоналды басқару, экономист» мамандығы бойынша.

- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, «Менеджмент, Экономика және бизнес магистрі» мамандығы бойынша.

**Еңбек қызметі туралы
мәліметтер:**

- 2006 жылғы қаңтардан 2007 жылғы ақпанға дейін – «ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті» ММ Кедендік бақылау инспекторы.
- 2007 жылдың ақпанынан 2008 жылдың желтоқсанына дейін «Казкоммерцбанк» АҚ банк жүйесінде жұмыс істеді.
- 2009 жылдан 2019 жылға дейін ҚазАгроҚаржы филиалдарында Атырау облысы, Ақтөбе облысы және Қостанай облысы бойынша филиал директоры лауазымдарын атқарды.
- 2020 жылғы желтоқсаннан 2021 жылғы маусымға дейін – ҚазАгроҚаржы Басқарушы директоры – Басқармасының мүшесі.
- 2021 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – ҚазАгроҚаржы Басқармасының Төрағасы.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- ҚазАгроҚаржы Басқармасының Төрағасы.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.



— **Оразбаев
Руслан
Сағадатұлы**

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ – ТӘУЕЛСІЗ ДИ-
РЕКТОРЫ**

1983 жылы 7 сәуірде дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- С.Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті, «Қаржы және несие» мамандығы бойынша.
- Еуразия гуманитарлық институты, «Құқықтану» мамандығы бойынша.

**Еңбек қызметі туралы
мәліметтер:**

- 2015 жылғы сәуір – 2017 жылғы қаңтар – «Астана Банк» АҚ өңірлік басқарушы директоры, Астана қ. филиалының директоры.
- 2016 жылғы қараша – 2017 жылғы қаңтар – «Астана Банк» АҚ Директорлар Кеңесі Төрағасының кеңесшісі.
- 2017 жылғы қаңтар – наурыз – «NEXUM» ЖШС заң компаниясының бас директорының орынбасары.
- 2017 жылғы қаңтар – 2018 жылғы қаңтар – «Стандарт» сақтандыру компаниясы» АҚ атқарушы директоры.
- 2017 жылғы сәуір – қазан – «Астана Банк» АҚ вице-президенті, Астана қ.
- 2017 жылғы қазан – 2018 жылғы қазан – «Астана Банк» АҚ Басқарушы директоры, Астана қ..
- 2018 жылғы 6 желтоқсаннан 2019 жылғы қазанға дейін – «АВТОКЭШ» ломбарды» ЖШС ломбард директоры.
- 2015 жылғы ақпан – 2019 жылғы маусым – «Қаржы орталығы» АҚ (Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің жанындағы) тәуелсіз дирек-

торы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

- 2021 жылғы шілде – 2022 жылғы мамыр – «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ қаржы және экономика жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- жоқ

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.



— **Мәдиев
Сержан
Нұраханұлы**

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЛАР
КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ – ТӘУЕЛСІЗ ДИ-
РЕКТОРЫ**

1983 жылы 23 қантарда дүниеге келген, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- University of Wisconsin «банк ісі» мамандығы бойынша.
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық униерситеті, «Халықаралық экономика» мамандығы бойынша.
- Warwick Business School «қаржы» мамандығы бойынша.

- CFA Institute «Қаржы» мамандығы бойынша.

**Еңбек қызметі туралы
мәліметтер:**

- ҚазАгроҚаржы қазынашылығының жетекші маманы, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ құрылымдық қаржыландыру басқармасының менеджері, «РФЦА» АҚ қаржы-экономикалық департаментінің директоры, «РФЦА» АҚ қаржылық консалтинг және инвестициялық талдау департаментінің директоры, «ЕТС» тауар биржасы» АҚ Басқарушы директоры, «ЕТС» тауар биржасы» АҚ Басқармасының төрағасының орынбасары, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің директоры, управляющий директор АО «НУХ «Байтерек».
- 2016 жылдың шілдесінен 2017 жылға дейін – «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқармасының Төрағасы.
- 2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Documentolog» ЖК Бас директорының қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары, «Smart Capital Management ltd» жеке компаниясының құрылтайшысы және директоры.

Атқаратын басқа лауазымдары:

- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директоры, «Интергаз Орталық Азия» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.

— **Директорлар кеңесінің қызметі**

Директорлар кеңесінің қызметі кәсіби біліктілік, парасаттылық пен сақтық, адалдық пен объективтілік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді.


2022 жылы Директорлар кеңесінің 15 отырысы өткізілді, оның ішінде 11 отырыс – күндізгі, 4 отырыс – сырттай. 102 мәселе қаралып, шешімдер қабылданды.

Директорлар кеңесі 2022 жылы қараған мәселелердің құрылымы



- 30 Ішкі құжаттарды, оның ішінде жоспарларды қарау
- 19 Есептілік
- 15 Ішкі аудит мәселелері
- 16 Кадрлық мәселелер және сыйақы мәселелері
- 8 Тәуекелдер
- 14 Қызмет бойынша өзге де мәселелер

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы жұмысы



Қабылданған негізгі шешімдер келесі мәселелерге қатысты болды:

- ҚазАгроҚаржы Басқармасы туралы ережені бекіту;
- Тәуекелдер туралы есептерді бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есептерді бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмыскерлерінің негізгі қызметтік көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті бекіту;
- Комплаенс қызметінің негізгі қызметтік көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті бекіту;
- ҚазАгроҚаржының негізгі бизнес-процестерін автоматтандыру және оңтайландыру жөніндегі 2021 жылғы есепті, 2022 жылға арналған Автоматтандыру бойынша жұмыс жоспарын бекіту;
- ҚазАгроҚаржының 2021-2023

жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту;

- Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесінің комитеттерінің және корпоративтік хатшының жұмысы туралы есепті бекіту;
- Ішкі кредиттік саясатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- ҚазАгроҚаржының Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті қарау;
- ҚазАгроҚаржы Басқарма мүшелерінің 2021 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті бекіту;
- ҚазАгроҚаржының 2021 жылғы Жылдық қаржылық есептілігін бекіту;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Сыни тәуекелдерді басқарудың 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту;

- Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің 2021 жылғы қызметін бағалау нәтижелерін қарау;
- ҚазАгроҚаржының 2021-2023 жылдарға, 2021 жылға арналған Даму стратегиясының іске асырылуы жөніндегі есепті бекіту;
- 2023 жылға арналған Негізгі тәуекел индикаторларын бекіту;
- ҚазАгроҚаржының 2023 жылға арналған тәуекел-тәбетін бекіту;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма мүшелеріне қызметтің негізгі көрсеткіштерінің карталарын және олардың 2023 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы туралы ақпарат

Т.А.Ә.	Директорлар кеңесінің отырыстары	Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің отырыстары	Аудит және тәуекелдер комитетінің отырыстары	Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің отырыстары
Айдапкелов Н.С.	15/15	-	-	-
Жуанышбаева А.К.	5/5	-	-	-
Көшкімбаев Н.Ж.	7/7	-	-	-
Мырзағалиева Ә.Е.*	14/15	-	-	-
Оразбаев Р.С.	15/15	12/12	14/14	11/11
Мәдиев С.Н.	15/15	12/12	14/14	11/11
Прашев А.Г.	15/15	-	-	-

* 04.08.2022 ж. отырысқа қатысқан жоқ (еңбек демалысы)

— Директорлар кеңесінің комитеттері**КОМИТЕТТЕР ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК-КЕҢЕСШІ ОРГАНДАРЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін анағұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.


Компанияның Директорлар Кеңесі жанынан **Директорлар кеңесінің мынадай комитеттері** құрылған және жұмыс істейді:

- Аудит және тәуекелдер жөніндегі Комитет;
- Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті;
- Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.

Корпоративтік басқарудың жалпы қабылданған қағидаттарына

сәйкес Директорлар кеңесінің комитеттерін тәуелсіз директорлар болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелері басқарады.

Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелер бар ішкі құжаттармен реттеледі.

Директорлар кеңесінің комитеттерінің 2022 жылғы жұмысы

Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі функцияларына ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау мәселелері және Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелер жатады.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы:

- Комитет төрағасы – Мәдиев Сержан Нұраханұлы;
- Комитет мүшесі – Оразбаев Руслан Сағадатұлы.

2022 жылы Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет барлығы 14 отырыс өткізіп, 62 мәселе қаралды.

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- «Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша түзету және/немесе алдын алу іс-қимылдарының есебі мен жоспарын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің «Компанияның комплаенс-функциясының ау-

диті, оның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау» аудиторлық есебін қарау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің «Мониторинг және кепілмен қамтамасыз етуді есепке алу процесін аудиттеу» аудиторлық есебін қарау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «Ішкі аудит қызметінің 2021 жылғы қызметі туралы есепті және Ішкі аудит қызметінің 2021 жылғы жұмысының сапасын ішкі бағалау нәтижелері бойынша есепті қарау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Комплаенс қызметінің және оның жұмыскерлерінің қызметі туралы және қызметтің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы есептерді бекіту» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ақпараттық қауіпсіздік саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «Компанияның әкімшілік шығыстарының жекелеген түрлерінің лимиттерін мониторингтеу» аудиторлық есебін

қарау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.

- «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау процесінің аудиті» аудиторлық есебін қарау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың 2021 жылғы жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы, Жалғыз акционерге 2021 жылдың қорытындысы бойынша алынған таза кірісті бөлу туралы ұсыныстар енгізу, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және 2021 жылдың қорытындысы бойынша бір жай акцияға есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту, Жалғыз акционердің «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты өтініштері туралы ақпаратты қарау, ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы мөлшері мен құрамы туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының Дивидендтік саясатын бекіту туралы» мәселені ҚазАгроҚаржының Жалғыз акционерінің қарауына шығару туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы Даму стратегиясының іске асырылуын аудиттеу және мониторингтеу» аудиторлық есебін қарау туралы

- «Жасауға мүдделілік бар мәмілені ҚазАгроҚаржының жасасуы туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының 2023 жылға арналған Тәуекелдердің негізгі индикаторларын және Тәуекел-тәбетін бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының Бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын жаңа редакцияда бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың Ішкі аудит қызметінің жұмысын тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша есепті және Ішкі аудит қызметінің жұмысын жетілдіру бойынша жоспарды қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Аудит облыстарының картасын және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудит қызметінің 2023 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-та Ақпараттық жүйелерге аудит жүргізу әдістемесін қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың 2022 жылғы аудитін жүзеге асыратын «КПМГ Аудит» ЖШС аудиторлық ұйымын тыңдау.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2023 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеті

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің негізгі функциялары ҚазАгроҚаржы қызметінің басым бағыттарын және оның даму стратегиясын әзірлеу мәселелері, соның ішінде Компания қызметінің тиімділігін арттыруға, оның қызметінің рентабельді болуына және орнықты дамуына ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және Компанияның Директорлар кеңесіне ұсыну болып табылады.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің құрамы:

- Комитет төрағасы – Оразбаев Руслан Сағадатұлы;
- Комитет мүшесі – Мәдиев Сержан Нұраханұлы.

2022 жылы Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті барлығы 12 отырыс өткізіп, 30 мәселе қарады.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Іскерлік әдеп кодексін бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ омбудсмені туралы ережені бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының Корпоративтік хатшысы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Қаржыландырудың жалпы шарттарына өзгерістер енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың мемлекеттік емес облигацияларын шығару және шығару шарттарын айқындау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы 2021 жылғы есепті бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың 2021 жылғы жылдық есебін бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың 2019-2023 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспарының орындалуы жөніндегі 2021 жылға арналған есепті бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «2021 жыл қорытындылары бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының 2020-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының ішкі қызметін реттейтін, Директорлар Кеңесінің бекітуіне жататын құжаттар тізбесіне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің 2022 жылға күтулері жөніндегі хаттың орындалуы туралы 2022 жылдың бірінші жарты жылдығы бойынша есепті қарау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Жетісу облысы бойынша, Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша филиалдары туралы ережелерді бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Абай облысы бойынша филиалы туралы ережені бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» АҚ мемлекеттік емес облигацияларын шығару туралы және шығару шарттарын айқындау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» АҚ Жалғыз акционерінің қарауына «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгеріс енгізу туралы» мәселесін шығару туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының 2020-2023 жылдарға арналған Даму стратегиясына өзгерістер енгізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
 - «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.
- Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті**
- Комитеттің негізгі функцияларына тағайындау (сайлау), уәждемелік ҚНҚ белгілеу, қызметті бағалау, сыйақы беру және Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің сабақта-

стығын жоспарлау мәселелері, Корпоративтік хатшыны тағайындау және оған сыйақы беру мәселелері, сондай-ақ Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға Жалғыз акционер мұндай өкілеттіктер берген жағдайларда қатысу жатады.

Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

- Комитет төрағасы – Оразбаев Руслан Сағадатұлы;
- Комитет мүшесі – Мәдиев Сержан Нұраханұлы.

2022 жылы Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет барлығы 11 отырыс өткізіп, 28 мәселе қарады.

Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің отырыстарында мынандай негізгі мәселелер қаралды:

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Искерлік әдеп кодексін бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ омбудсмені туралы ережені бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ басшы жұмыскерлеріне сыйақы беру саясатының тиімділігін бағалау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің 2021 жылғы қызметін бағалау нәтижелерін бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының мүшесін сайлау және лауазымдық жалақының мөлшерін анықтау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ омбудсменінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, «ҚазАгроҚаржы» АҚ омбудсменінің өкілеттік мерзімін тағайындау және айқындау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма мүшелерін сайлау, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық жалақыларының мөлшерін айқындау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма мүшелерінің 2021 жылғы негізгі қызмет көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті бекіту туралы және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне 2021 жылға сыйақы төлеу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ жұмыскерлерінің жалпы санын бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Кадр резервінің мүшелерімен кездесу.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасы мүшелерінің негізгі қызмет көрсеткіштерінің карталарын және олардың 2023 жылға арналған нысаналы мөндерін бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «Басшы жұмыскерлер мен «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлердің лауазымдық айлық ақыларының (грейдтер негізінде) схемаларын бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының Төрағасы мен мүшелерінің, сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін жұмыскерлердің лауазымдық жалақыларының мөлшерін айқындау туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылға

арналған жұмыс жоспарын бекіту және «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметіне 2022 жылдың қорытындысы бойынша бағалау жүргізу туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.

- «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің 2023 жылға арналған негізгі қызмет көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы» мәселесін алдын ала қарау туралы.

— Іріктеу және тағайындау

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫН ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР АЙҚЫНДАЙДЫ.

Жалғыз акционер ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен, кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, сайлайды.

Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері назарға алынады.

Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде мыналар назарға алынады:

1. басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
2. Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
3. жұмыс өтілі;
4. білімі, мамандығы, сонымен қатар халықаралық сертификаттардың болуы;
5. бағыттар мен салалар бойынша кемінде 2 (екі) жыл құзыретінің/басшылық тәжіри-

бесінің болуы (активтер портфеліне байланысты салалар өзгеруі мүмкін);

6. іскерлік беделі;
7. тікелей немесе ықтималды мүдделер қақтығысының болуы;
8. «Сертификатталған директор» директордың кәсіби сертификаты болуы (тәуелсіз директорлар үшін).

Директорлар кеңесіне мына тұлғалар сайлана алмайды:

- Компаниямен бәсекелес заңды тұлғаның қатысушысы, атқарушы органының басшысы, басқару органының мүшесі немесе жұмыскері болып табылатын;
- бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығы бар;
- белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе оны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлға-

ның Директорлар кеңесінің төрағасы, атқарушы органының бірінші басшысы, бірінші басшысының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны мәжбүрлеп тарату немесе оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе оны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес) жыл бойы қолданылады;

- Жалғыз акционердің өкілі болып табылатын директорлар кеңесінің мүшесін қоспағанда, 4 (төрт) және одан да көп компаниялардың Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді.

Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен, қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда, тағы үш жылға дейін мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан астам мерзімге кез келген сайлану мерзімі

(мысалы, үш жылдық екі мерзім) Директорлар кеңесінің мүшесінің жұмысының нәтижелері мен оның қызметін бағалаудың нәтижелерін, сондай-ақ Компанияның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қаралуы тиіс.

Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорлардың арасынан бір адам қатарынан 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге (мысалы, үш жылдық үш мерзімге) сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай адамды Директорлар кеңесіне сайлау

жыл сайын немесе өзге мерзімде, Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттігі және осы фактінің шешімдер қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, өтеді.

— Директорлар кеңесі мүшелерінің кәсіби салалардағы құзыреттері

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің мүшелері өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін жоғары құзыреттілік деңгейіне және үлкен жұмыс тәжірибесіне ие.

Негізгі құзыреттер, дағдылар және тәжірибе	Айдапкелов Н.С.	Көшкімбаев Н.Ж.	Мырзағалиева Ә.Е.	Оразбаев Р.С.	Мәдиев С.Н.	Прашев А.Г.
Тәуекелдерді басқару және аудит	✓				✓	
Стратегиялық жоспарлау	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Қаржы және экономика	✓	✓	✓	✓	✓	✓
Бизнес басқару		✓		✓	✓	✓
Адам ресурстарын басқару	✓	✓	✓			✓
Құқықтану	✓		✓	✓		

— Тәуелсіздік

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫНДА ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ БОЛУЫ ЖӘНЕ ҚАТЫСУЫ МІНДЕТТІ.

Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор болып сайлануға кандидат:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20-тармағына сәйкес тәуелсіз директордың анықтамасына сай болуы тиіс:

тәуелсіз директор – осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғам ұйымдарының – үлестес тұлғаларының лауазымды адамдарымен бағыныстылығы жоқ және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағынысты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайтын; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционер өкілі болып табылмайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай болмаған; осы

акционерлік қоғамның аудитіне аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайтын және өзі директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған директорлар кеңесінің мүшесі;

- Компания қызметінің көлемі мен сипаты бойынша ұқсас ұйымға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратқа ие болуы, ұсынылғанға дейін кемінде 2 (екі) жыл кәсіби тәжірибесі болуы, сондай-ақ:
- 1. Компанияға қатысты заңнама талаптарын;
- 2. ұлттық және халықаралық нарықтардағы бәсекелестік ортаны түсінетінін танытуы тиіс;
- ұсынылған ақпаратты талдай және объективті бағалай білу және заңдылық, әділеттілік және барлық акционерлерге тең көзқарас қағидаттары негізінде мәселе бойынша тәуелсіз позиция қалыптастыра білуі тиіс. Өз пікірін білдіру және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау қабілетіне ие болуы тиіс.
- корпоративтік басқару және орнықты даму қағидаттарын білуі тиіс;
- іскерлік және (немесе) салалық ортада мінсіз беделі, оң жетістіктері болуы тиіс. Кандидаттың өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс жасау, сондай-ақ

кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері болмауы тиіс;

- Директорлар кеңесінің жұмысына директорлар кеңесінің отырыстары кезінде қатысу үшін ғана емес, сонымен қатар директорлар кеңесінің отырыстарына дайындалған материалдарды тиісінше зерделеу үшін де жеткілікті уақыты болуы керек;
- басқа компаниялардың 3-тен (үштен) аса директорлар кеңесінің мүшесі болмауы тиіс;
- тәуелсіз директор статусын жоғалтқан жағдайда Компанияны хабардар етуі тиіс.

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің құрамында екі тәуелсіз директор бар.

2022 жылы Директорлар кеңесінің құрамында келесі тәуелсіз директорлар өз функцияларын атқарды:

- Оразбаев Руслан Сағадатұлы;
- Мәдиев Сержан Нұраханұлы.

Барлық тәуелсіз директорлар Компанияның Директорлар кеңесі шешім қабылдаған кезде болуы тиіс аталған тәуелсіздік белгілеріне сәйкес келеді.

— Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ САЛАЛАРЫНА КЕШЕНДІ ТАЛДАУ АЛУ МАҚСАТЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕДІ. БАҒАЛАУ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ КҮШТІ ЖӘНЕ ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫН ТАЛДАУҒА ЖӘНЕ АНЫҚТАУҒА, ЖҰМЫСҚА ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУГЕ ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЫСАНАЛЫ БАҒЫТТАРЫН ТҮЗЕТУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ.

Сонымен қатар, бағалау Компанияның Директорлар кеңесінің құрылымы мен құрамы Қоғамның стратегиялық міндеттерін шешуге қаншалықты ықпал ететінін, Директорлар кеңесінің төрағасының және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмысының тиімділігін анықтауға, сондай-ақ сыйақы жүйесінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін бағалау жыл сайынғы негізде жүргізіледі. Бағалау өз күшімен, сондай-ақ корпоративтік басқару рейтингтерін беретін консультанттарды, кәсіби қауымдастықтар мен ұйымдарды тарта отырып жүргізілуі мүмкін.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес және Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер шеңберіне сүйене отырып, Директорлар кеңесі бағалаудың мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- өз жұмысын бағалау;
- Компанияның Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің комитеттерінің қызметін бағалау.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 15 шешімімен ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін 2022 жылдың қорытындылары бойынша бағалау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өз күштерімен жүргізу белгіленді. Бағалау сауалнама арқылы жүргізілді.

- шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесі алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және Компания мен Жалғыз акционердің мүдделерін қорғауға бағдарланады;
- Директорлар кеңесі Компания қызметінің басым бағыттарын тиісті түрде айқындай отырып, Қоғамның даму стратегиясын әзірлеуге белсенді қатысады. Даму стратегиясының іске асырылуын бақылау жоғары деңгейде, уақтылы және адекватты түрде жүзеге асырылады; даму жоспары мен бюджетті бекіту, ынталандыру жүйесін орнықтыру және менеджмент қызметін бағалау бойынша негізгі шешімдер қабылдау кезінде, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйелерінің, ішкі бақы-

лаудың, ішкі аудиттің және корпоративтік басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бақылауда Директорлар кеңесінің елеулі рөлі көрінеді;

- Компания қызметі туралы есептілік белгіленген талаптарға жауап береді;
- Директорлар кеңесінің жұмысы корпоративтік басқару нормаларына сәйкес ұйымдастырылған;
- Директорлар кеңесінің мүшелері жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындайды, Компанияның қызметі мұқият зерделенеді, бұл өзінің бақылау функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік береді;
- Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерінің кәсіби тәжірибесі, саланың ерекшелігін білуі атап өтіледі;
- Директорлар кеңесінің төрағасының Директорлар кеңесі деңгейіндегі тиімді басшылығы;
- Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары өздері басқаратын комитеттердің тиімділігін барлық аспектілер бойынша қамтамасыз етеді және комитеттердің Директорлар кеңесімен және Қоғамның атқарушы органымен тиімді өзара ықпалдасуын қамтамасыз етеді;
- Директорлар кеңесінің мүшелерінің Директорлар кеңесі мен комитеттердің отырыстарына қатысуының жоғары деңгейі;

- Директорлар кеңесі мен Комитеттердің хаттамаларына уақтылы қол қою;
- отырыстардың форматы ашық пікір алмасуды, Директорлар кеңесі мүшелерінің белсенді қатысуын және мәселелерді уақтылы шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы оң бағаланады және тиімді деп танылады.

Жүргізілген бағалаудың нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында қаралды және Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 2 мамырдағы № 4 шешімімен бекітілді.

— Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМУ ҚАЖЕТТІЛІГІН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ АЙҚЫНДАЙДЫ.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесі өзінің тиімділігін арттыру, соның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытудың тиімді жүйесін

құру бойынша нақты шаралар туралы Жалғыз акционерге өтініш жасайды. 2022 жылы Директорлар кеңесінің мүшелерінің біліктілігін арттыру жүргізілген жоқ.

— Мүдделер қақтығысын басқару және корпоративтік қақтығыстарды реттеу

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БОЛДЫРМАУ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ, КОМПАНИЯНЫҢ, ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАР МЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КОМПАНИЯНЫҢ БАРЛЫҚ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ МЕН ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ АШЫҚ, УАҚТЫЛЫ ЖӘНЕ АДЕКВАТТЫ, МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНАН АДА ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУ ҮШІН ЖАУАПТЫ.

Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері, Компания жұмыскерлері өздерінің кәсіби функцияларын қақтығыстарды болдырмай, адал және орынды түрде акционерлер мен ҚазАгро-Қаржы мүдделері үшін орындайды.

Корпоративтік қақтығыстар

Корпоративтік қақтығыстар бар болған (туындаған) жағдайда қатысушылар оларды Компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жолымен шешу жолдарын іздестіреді. Бұл ретте Компанияның лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшыға және/немесе омбудсменге қақтығыстың бар екендігі (туындағаны) туралы уақтылы хабарлайды.

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу жұмысының тиімділігі мұндай қақтығы-

старды толық және тез анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылдарын үйлестіруді көздейді.

Корпоративтік қақтығыстарды Корпоративтік хатшының және/немесе Омбудсменнің көмек етуімен Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік қақтығысқа тартылған жағдайда, мұндай жағдайларды Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет қарайды.

Корпоративтік қақтығысты бағалаудың объективтілігін қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдай жасау мақсатында қақтығыс мүдделерін қозғайтын немесе қозғауы мүмкін адамдар оны реттеуге қатыспайды.

Корпоративтік қақтығыстарды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Директорлар кеңесі өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады. Бұл жағдайда Корпоративтік хатшыға және/немесе Омбудсменге корпоративтік қақтығыстың мәні туралы Директорлар кеңесінің бар мүмкіндігінше хабардар болуын қамтамасыз ету міндеті және корпоративтік қақтығысты шешудегі делдал рөлі жүктеледі.

Басқарма төрағасы ҚазАгроҚаржы атынан Компанияның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады, сондай-ақ корпоративтік қақтығыстарды реттеу жұмысын жүргізу тәртібін өз бетінше айқындайды.

Директорлар кеңесі Басқарманың құзыретіне жататын жекелеген корпоративтік қақтығыстарды қарайды (мысалы, егер осы ор-

ганның әрекеттері (әрекетсіздігі) жанжалдың мәні болып табылса).

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысы Компания жұмыскерінің жеке қызығушылығы оның өз лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде анықталады.

Компания жұмыскерлері өзіне (немесе өзімен байланысты адамдарға) қатысты да, басқаларға қатысты да мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға жол бермейді. Компаниямен байланысты мәмілелерге, шарттарға, жобаларға кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілік туралы жұмыскер өзінің тікелей басшысына дереу хабарлауға міндетті.

Компанияда корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында Компания Компанияның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 04 қарашадағы №17 шешімімен бекітілген Компаниядағы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаларын басшылыққа алады.

Бұдан басқа, Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы

23 ақпандағы №2 шешімімен мынадай құжаттар бекітілді:

1. Компанияның Іскерлік этика кодексі – корпоративтік (іскерлік) әдептің негіз қалаушы құндылықтары мен қағидаларын белгілейді;
2. Компанияның Омбудсмені туралы ереже – еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешудегі, сондай-ақ Компания жұмыскерлерінің іскерлік әдеп қағидаларын сақтаудағы Омбудсмен институтының функцияларын айқындайды.

2022 жылы Компанияда шешім қабылдау кезінде корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының туындауы жағдайлары тіркелмеген.

— Мәселелер туралы ақпараттандыру

Директорлар кеңесін аса маңызды мәселелер туралы ақпараттандыру Директорлар кеңесі туралы ережеге, Компания Жарғысына

сәйкес тиісті есептілік пен ақпарат беру жолымен жүзеге асырылады. Есепті жылы назар салуды талап ететін барлық мәселелер

ағымдағы отырыстар шеңберінде қаралды. «Сыни» санатына жататын мәселелер болған жоқ.

— Директорлар кеңесінің мүшелерінің сыйақысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫНДА, КОМПАНИЯНЫҢ ЖАРҒЫСЫНДА, ІШКІ ҚҰЖАТТАРЫНДА БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІППЕН КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ ОЛАРДЫҢ ӨЗ МІНДЕТТЕРІН АТҚАРУЫ КЕЗЕҢІНДЕ СЫЙАҚЫ ТӨЛЕНУІ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫН ОРЫНДАУЫМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАРЫ ӨТЕЛУІ МҮМКІН.

Тәуелсіз директорлардың сыйақысы тиянақталған болып табылады және Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесінің комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін тоқсан сайын төленеді.

Сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттары Жалғыз акционердің шешімімен айқындалады. Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, нормативтік құқықтық актілерге және өзге де құжаттарға сәйкес салықтар шегеріліп төленеді.

Есепті кезең үшін сыйақы тәуелсіз директордың есепті кезеңде Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесі комитеттерінің барлық өткізілген күндізгі және сырттай отырыстарына қатысуына пропорционал түрде төленеді.

Тәуелсіз директор есепті кезеңде (тоқсанда) Директорлар кеңесінің барлық өткізілген күндізгі және сырттай отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, сыйақы төленбейді. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – Жалғыз акционердің өкілдеріне, Компанияның атқарушы органының басшысына Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы төлеу көзделмеген.

2022 жылы ҚазАгроҚаржының 2 адамнан тұратын Директорлар кеңесінің мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) сыйақы мынадай позициялардан тұрады:

мың теңге	2022
Есептелген сыйақы	7 959
Салықтар мен әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар	815
Сыйақы жиыны	8 774

— Атқарушы орган

КОМПАНИЯНЫҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ БАСҚАРМА БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ОЛ КОМПАНИЯНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ БАСШЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ. КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРМАСЫ 5 МҮШЕДЕН –

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ МЕН БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЛАРЫНАН ТҰРАДЫ. ҰСЫНЫЛҒАН БАСҚАРМА ҚҰРАМЫНЫҢ ӨКІЛЕТТІГІ 2025 ЖЫЛҒЫ 31 ШІЛДЕДЕ АЯҚТАЛАДЫ.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Басқарма құрамы

		Басқарма құрамына сайлау туралы шешімнің күні мен нөмірі
Прашев Айдар Гилимович	Басқарма Төрағасы	Жалғыз акционердің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 30/22 шешімі
Сейітжанов Айдос Бауыржанұлы	Басқарма Төрағасының Орынбасары	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімі.
Оразбаев Жанұзақ Жеңісұлы	Басқарма Төрағасының Орынбасары	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімі.
Жұмжаев Еркебұлан Ерланұлы	Басқарма Төрағасының Орынбасары	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімі.
Алиш Марс Каралтаевич	Басқарма Төрағасының Орынбасары	Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімі.



Басқарма құрамы

(2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша)



**Прашев
Айдар
Гулимович**

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

1983 жылы 29 қыркүйекте туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Алматы қаласының Экономика және статистика академиясы, «Персоналды басқару, экономист» мамандығы бойынша.

- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті «Менеджмент, экономика және бизнес магистрі» мамандығы бойынша.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2006 жылғы қаңтардан 2007 жылғы ақпан аралығында – «ҚР Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Кедендік бақылау департаменті» ММ Кедендік бақылау инспекторы.
- 2007 жылғы ақпаннан 2008 жылғы желтоқсан аралығында – «Казкоммерцбанк» АҚ банк жүйесінде жұмыс істеді.
- 2009 жылдан 2019 жылға аралығында – ҚазАгроҚаржы филиалдарында Атырау облысы, Ақтөбе облысы және Қостанай облысы бойынша филиалдардың директоры лауазымдарында жұмыс істеді.
- 2020 жылғы желтоқсаннан 2021 жылғы маусым аралығында – Басқарушы директор – ҚазАгроҚаржы Басқармасының мүшесі.

- 2021 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытта – ҚазАгроҚаржы Басқармасының Төрағасы.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚОСА АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ МҮШЕЛІК – ЖОҚ.



**Сейітжанов
Айдос
Бауыржанұлы**

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Атқаратын функциялары: Компанияның активтер сараптамасы, өкімшілік-шаруашылық қызмет және адам ресурстарын басқару мәселелері бойынша қызметін үйлестіруді жүзеге асырады, сондай-ақ жетекшілік ететін қызмет салалары бойынша филиалдармен жұмыс жүргізеді.

1990 жылы 10 мамырда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. «Қаржы, қаржы бакалавры» мамандығы бойынша.
- А. Мырзахметов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті. «Құқықтану, құқықтану бакалавры» мамандығы бойынша.

2021 жылғы 30 маусымда ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің шешімімен ҚазАгроҚаржы Басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланды.

Еңбек қызметі туралы мәліметтер:

- 2010 жылғы желтоқсаннан бастап 2019 жыл аралығында – «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, шағын және орта бизнесті, сондай-ақ корпоративтік бизнесті кредиттеу бағыты бойынша.
- 2019 жылғы қазаннан 2021 жылғы маусым аралығында – ҚазАгроҚаржының Астана қаласы бойынша филиалының директоры.
- 2021 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытта – Қаз-

АгроҚаржы Басқармасы төрағасының орынбасары.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚОСА АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ МҮШЕЛІК – ЖОҚ.



— **Оразбаев
Жанұзақ
Жеңісұлы**

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

Атқаратын функциялары: қаржы-экономикалық мәселелер, қарыз, бухгалтерлік есеп және ҚазАгроҚаржының есептері мәселелері бойынша қызметті үйлестіру.

1972 жылы 9 шілдеде туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік сәулет-құрылыс академиясы «Жылумен және газбен жабдықтау және желдету» ма-

мандығы бойынша, біліктілігі инженер-құрылысшы.

- Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті «Есеп және аудит, есеп және аудит бакалавры» мамандығы бойынша.
- SBS (Swiss Business School) Швейцария бизнес мектебі «МВА – Іскерлік әкімшілендіру шебері» мамандығы бойынша.

2022 жылғы 22 ақпанда ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің шешімімен ҚазАгроҚаржы Басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланды.

**Еңбек қызметі туралы
мәліметтер:**

- 2001 жылғы қыркүйек айынан бастап «Көктем» ЖШС сату бөлімінің бастығы.
- 2004 жылғы қаңтардан 2007 жылғы ақпан аралығында – «Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ қаржы департаментінің бас маманы (сатып алулар бойынша).
- 2007 жылғы наурыздан 2009 жылғы наурыз аралығында – «ҚазАгро» Ұлттық холдингі» АҚ Әкімшілік департаментінің директоры.

- 2009 жылғы сәуір-тамыз айлары аралығында – «АстанаЭнергоСбыт» ЖШС абоненттік учаскесінің бастығы.
- 2009 жылғы қыркүйек – қараша аралығында – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ филиалы «Өзен-Елес» ЖШС директорының орынбасары.
- 2009 жылғы желтоқсаннан бастап 2019 жылғы қараша аралығында – «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» РМК директорының орынбасары.
- 2019 жылғы желтоқсаннан бастап 2021 жылғы желтоқсан аралығында – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарушы директоры.
- 2022 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытта – ҚазАгроҚаржы Басқармасы төрағасының орынбасары.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚОСА АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ МҮШЕЛІК – ЖОҚ.



— **Жұмбаев
Еркебұлан
Ерланұлы**

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

Атқаратын функциялары: Компанияның кредиттік-лизингтік қызметке қатысты жұмысын үйлестіру.

1988 жылы 8 мамырда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Л. Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қаржы, қаржы бакалавры» мамандығы бойынша.
- Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда универси-

теті «Қаржы, экономика және бизнес магистрі» мамандығы бойынша.

- Өңірлік әлеуметтік-инновациялық университет «Құқықтану, құқық бакалавры» мамандығы бойынша.

2022 жылғы 30 маусымда ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің шешімімен ҚазАгроҚаржы Басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланды.

**Еңбек қызметі туралы
мәліметтер:**

- 2011 жылғы сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Қ.Сәтбаев атындағы Канал» РМК ӨТБ инженері.
- 2013 жылғы сәуірден бастап 2018 жылғы тамыз аралығында «Халық банкі» АҚ филиалдарында аға менеджер, аға талдаушы және кредиттік талдау бөлімінің бастығы лауазымдарын атқарды.
- 2018 жылғы тамыздан бастап «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ еншілес ұйымдарында түрлі лауазымдарды атқарды.
- 2022 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақыт – ҚазАгроҚаржы Басқармасы төрағасының орынбасары.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚОСА АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ МҮШЕЛІК – ЖОҚ.



— **Алиш
Марс
Каралтаевич**

**ҚАЗАГРОҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

Атқаратын функциялары: Компанияның проблемалық жобалармен жұмыс, жобаларды әкімшілендіру, ақпараттық технологияларды дамыту мәселелері бойынша қызметін үйлестіру.

1984 жылы 14 тамызда туған, Қазақстан Республикасының азаматы.

Білімі:

- Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті «Бухгалтерлік есеп және аудит» мамандығы бойынша.

- М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті «Іскерлік әкімшілендіру шебері» мамандығы бойынша.

2022 жылғы 3 мамырда ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің шешімімен ҚазАгроҚаржы Басқармасы төрағасының орынбасары болып сайланды.

**Еңбек қызметі туралы
мәліметтер:**

- 2006 жылғы сәуірден бастап 2015 жылғы қыркүйек аралығында «Казкоммерцбанк» АҚ жетекші менеджері, аға менеджері, шағын бизнес бөлімінің бастығы.
- 2015 жылғы қазаннан бастап 2016 жылғы қазан аралығында «АТФ Банк» АҚ директорының ШОБ жөніндегі орынбасары.
- 2016 жылғы қарашадан бастап 2017 жылғы тамыз аралығында «Астана Бэст Консалтинг Групп» ЖШС жоба жетекшісі.
- 2017 жылғы тамыздан бастап 2018 жылғы маусым аралығында «Казкоммерцбанк» АҚ директорының шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары.
- 2018 жылғы маусымнан бастап 2019 жылғы ақпан аралығында «Каспий» ӘКК»

ҰК АҚ қаржы және жоспарлау департаментінің директоры, атқарушы директоры.

- 2019 жылғы наурыздан бастап 2021 жылғы ақпан аралығында «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС сарапшысы.
- 2021 жылғы ақпаннан бастап 2022 жылғы мамыр аралығында ҚазАгроҚаржы лизинг және кредиттеу бөлімінің бастығы, Астана қаласы бойынша филиалының директоры.
- 2022 жылғы мамырдан бастап қазіргі уақытта ҚазАгроҚаржы Басқармасы төрағасының орынбасары.

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ АКЦИЯЛАРЫ (ҚАТЫСУ ҮЛЕСТЕРІ), ҮЛЕСТЕС КОМПАНИЯЛАРЫ ЖОҚ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨНІМ БЕРУШІЛЕРІ МЕН БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ АКЦИЯЛАРЫНА ИЕЛІК ЕТПЕЙДІ.

ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ҚОСА АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСЫ ЖӘНЕ БАСҚА ҰЙЫМДАРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ МҮШЕЛІК – ЖОҚ.

— **Басқарма жұмысы**

БАСҚАРМА КОМПАНИЯНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНЕ БАСШЫЛЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ ЖӘНЕ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН, ДАМУ ЖОСПАРЫН ЖӘНЕ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МЕН ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР ҚАБЫЛДАҒАН ШЕШІМДЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН ЖАУАПТЫ БОЛАДЫ.

Басқарманың қызметі Компанияның Басқармасы туралы ережемен реттеледі.

2022 жыл ішінде Басқарманың 41 отырысы өткізілді, барлығы

күндізгі тәртіпте, отырыстар тұрақты негізде өткізіліп тұрды. Дәлелді себептермен қатыспаған жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысу деңгейі жоғары.

Басқарма мүшелерінің оның отырыстарына қатысуы

Т.А.Ә.	Саны
Прашев А.Г.	34/41
Карнакова Н.Ш.*	6/7
Әшірбеков А.Б.*	3/7
Сейітжанов А.Б.	36/41
Қайыржұбан Д.С.**	15/19
Оразбаев Ж.Ж.	32/34
Алиш М.К.	27/28
Жұмжаев Е.Е.	17/18

* Директорлар кеңесінің 22.02.2022 ж. шешіміне сәйкес Басқарма құрамынан шықты.

** Директорлар кеңесінің 30.06.2022 ж. шешіміне сәйкес Басқарма құрамынан шықты.

Басқарманың негізгі мақсаты – ҚазАгроҚаржының Даму стратегиясы мен Даму жоспарын тиімді іске асыру.

Басқарма жұмысының негізгі қағидаттары:

- айқындылық және ашықтық;
- жауапкершілік және есептілік;

- міндеттерді объективті бөлу;
- операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту;
- кешенділік және жүйелілік;
- ұдайы даму және жетілдіру;
- икемділік;
- бақылаудың кез келген елеулі кемшіліктері мен әлсіз тұстарын уақтылы анықтап, ден қою;

- Басқарма қызметінің салаларының басымдығы;
- технологиялық;
- жұмыскерлердің құзыреттілігі;
- процедуралардың құжатталғандығы;
- ақпараттың сенімділігі мен толықтығы.

Басқарма жанындағы комитеттер

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Тәуекелдер жөніндегі Комитет қызметінің негізгі мақсаттары тәуекелдерді басқару саясатын іске асыру, Компанияның барлық деңгейлерінде тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, бақылау және мониторингтеу процесін ұйымдастыру болып табылады.

Операциялық тәуекелді іске асыруға әкелген факторларға, оның ішінде іске асырылған тәуекелдер туралы ақпаратты дерекқорға уақтылы енгізу фактілері анықталған жағдайларда талдау жүргізу.

Кредиттік комитет

Компанияның кредиттік қызметімен және проблемалық борышпен жұмыс істеумен байланысты мәселелер бойынша, сондай-ақ лизинг нысандарын сатып алу мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті алқалы орган.

Кредиттік комитеттің міндеттері Компанияның кредиттік саясатын іске асыру, кредиттік операцияларды жүргізу кезінде кредиттік тәуекел деңгейін барынша азайту, заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және


терроризмді қаржыландырумен байланысты мәмілелердің алдын алуды қамтамасыз ету болып табылады.

Активтер мен пассивтерді басқару комитеті

ҚазАгроҚаржының тұрақты жұмыс істейтін алқалы органы (бұдан әрі – АПБК). АПБК Компанияның активтер мен пассивтерді басқару саясатын жүргізеді, активтер мен пассивтерді, сондай-ақ уақытша бос ақшаны басқару бойынша тиімді және уақтылы шешімдер қабылдау мақсатында Басқармаға ұсыныстар әзірлейді.



Басқармамен өзара ықпалдасу




— Ұйымдық құрылым

ЖҮКТЕЛГЕН ФУНКЦИЯЛАР МЕН МІНДЕТТЕРДІ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 18 МАМЫРДАҒЫ № 16 ШЕШІМІМЕН ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ БЕКІТІЛДІ.

Компанияның құрылымына орталық аппараттың 18 бөлімшесі мен қызметтері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өңірлерінде орналасқан 15 филиал кіреді.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығын орындау мақсатында Семей қаласында Компанияның Абай облысы бойынша жаңа филиалы құрылды, сондай-ақ, Ұлытау облысының Жезқазған қаласында жұмыскерлерді орналастыру үшін Қарағанды облысы бойынша филиалдың штаттық саны 4 бірлікке ұлғайтылды.

Сонымен, Компанияның ұйымдық құрылымында 15 филиал жұмыс істейді. Жалпы штат саны 341 бірлікті құрайды, оның ішінде орталық аппаратта – 142 бірлік және филиалдарда – 199 бірлік.



Жасауға мүдделілік бар мәмілелер туралы 2022 жыл бойынша есеп

Рет №	Контрагенттің атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің мазмұны
1	«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес» Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың үлестес тұлғасы болып табылады.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қосымша келісім 2022 жылғы 12 сәуірде жасалды. 2. Заңды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге кредиттік құралдарды беру тәртібі мен шарттары туралы 2016 жылғы 16 маусымдағы келісімді бұзу туралы келісім (тіркеу № 705) 2022 жылғы 12 сәуірде жасалды
2	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ	«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Шарлапаев Қанат Бейсембайұлы «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның үлестес тұлғасы болып табылады, ал «ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Айдапкелов Нұрболат Серғалиұлы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-тың үлестес тұлғасы болып табылады.	<ul style="list-style-type: none"> • 2022 жылғы 13 тамыздағы №5-Д3 Қарыз шарты
3	«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның үлестес тұлғасы болып табылады.	<ul style="list-style-type: none"> • 29.09.2022 ж. №1669-ЦА-АБ Кредиттік желі ашу туралы негіздемелік келісім • 29.09.2022 ж. №1669-ЦА-АБ Кредиттік желі ашу туралы негіздемелік келісімге 30.09.2022 жылғы №1669-ЦА-АБ/1 Жеке қарыз шарты • 30.09.2022 жылғы №1669-ЦА-АБ/1 Жеке қарыз шартына 03.10.2022 жылғы №1 қосымша келісім

Басқарма мүшелерінің сыйақысы

БАСШЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ СЫЙАҚЫ-СЫНА ҚАТЫСТЫ САЯСАТ ПЕН ОНЫҢ МӨЛШЕРІ ҚАЗАГРОҚАРЖЫ БАСШЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІНЕ АҚЫ ТӨЛЕУ, ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫМЕН РЕГЛАМЕНТТЕЛЕДІ.

ҚазАгроҚаржының Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы № 14 шешімімен Компанияның басшы жұмыскерлерінің 2022 жылға арналған ҚНҚ карталары бекітілді.

2022 жылы орнықты даму бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Басқарма мүшелерінің ҚНҚ-сына келесі кор-

поративтік және функционалдық ҚНҚ енгізілді:

- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі;
- Бизнес-процестерді автоматтандыру жөніндегі іс-шаралардың 2022 жылға арналған жоспарын орындау;
- Компания жұмыскерлерінің өз еркімен жұмыстан кетуі.

Есепті жылы Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану жағдайлары болған жоқ.

Басқарма мүшелеріне 2022 жылы есептелген сыйақы сомасы

137 302 мың теңге құрайды, оның ішінде салықтар мен еңбекақыдан аударымдар – 11 945 мың теңге.

Есепті жыл ішіндегі жұмыстың қорытындылары бойынша сыйақы төлеу Директорлар кеңесінің шешімі бойынша, есепті жылы таза шоғырландырылған пайда бар болған жағдайда, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері Компанияның есепті жылғы аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін, стратегиялық және жеке ҚНҚ-ға қол жеткізу нәтижелері мен қызметті бағалау нәтижелеріне байланысты жүзеге асырылады.

Акционерлік капиталдың құрылымы

31.12.2022 жылғы жағдай бойынша ҚазАгроҚаржының жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны 82 837 204 дана құрады, акциялардың номиналды құны 82 837 204 000 теңгені құрайды. Есепті кезеңде акцияларды орналастыру, сатып алу және жою бойынша мәмілелер жүзеге асырылған жоқ.

Жарияланған жай акциялар саны	82 837 204 акция
Орналастырылған жай акциялар саны	82 837 204 акция
Бір жай акцияның номиналды құны	1 000 теңге
Бір акцияны орналастыру бағасы	1 000 теңге
Эмитенттің акцияларын төлеу тәсілі	Эмитенттің акциялары ақшамен төленді
Эмитенттің акцияларын орналастырудан тартылған ақша қаражатының сомасы	82 837 204 000 теңге

Дивидендтер

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ ПРИНЦИПТЕРІ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕМЕН АНЫҚТАЛАДЫ.

Дивидендтік саясат мына қағидаттарға негізделген:

1. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасында, ҚазАгроҚаржы Жарғысында, оның ішкі құжаттарында және корпоративтік басқарудың озық тәжірибесімен көзделген құқықтарын қатаң сақтау;
2. дивидендтік төлемдердің мөлшерін айқындау кезіндегі

ҚазАгроҚаржы және Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі;

3. Жалғыз акционердің мүдделерін есепке алу және оның активтерін барынша молайту;
4. дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және ҚазАгроҚаржы Жарғысында белгіленген шектеулерді сақтау;
5. ортамерзімді және ұзақмерзімді дивидендтік саясатты ҚазАгроҚаржының дивидендтік саясатын қалыптастырудың

негізгі қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес әзірлеу;

6. жоспарланған таза кіріс пен дивидендтерге қол жеткізуге ҚазАгроҚаржы Басқармасын уәждеуді қамтамасыз ету.

2021 жылға дивидендтер төлеу 2022 жылғы маусымда 12 111 222 мың теңге мөлшерінде жүргізілді. Бір жай акцияға дивиденд мөлшері 208,86 теңге құрайды.

Төленген дивидендтер

Атауы	Өлшем бірлігі	2020 (2019 жыл үшін)	2021 (2020 жыл үшін)	2022 (2021 жыл үшін)
Таза кіріс (шығын) *	мың теңге	9 210 964	9 598 199	17 301 745
Бір жыл ішінде жарияланған дивидендтер	мың теңге	9 210 964	6 718 739	12 111 222
Бір жыл ішінде төленген дивидендтер	мың теңге	9 210 964	6 718 739	12 111 222
Бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері **	теңге	111,19	81,11	146,21
Акцияның баланстық құны ***	теңге	1 268,96	1 339,89	1 774,30

* Дивидендтер төленген жылдың таза кірісі.

** Дивидендтер төленген жылдың пайдасы.

*** Дивидендтер төленген жылдың баланстық құны.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

КОМПАНИЯ БАСШЫЛЫҒЫ МЕН ОНЫҢ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ ӨЗ ЖҰМЫСЫНДА АЙҚЫНДЫЛЫҚ ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНАДЫ. КОМПАНИЯ БАРЫНША ЖАРИЯЛЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҰМТЫЛАДЫ. БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ БҰЛ ЖҰМЫС СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДЫ, СОНДАЙ-АҚ КОМПАНИЯ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІ ТАРАПЫНАН ҚҰҚЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛДАРДЫ БОЛДЫРМАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН.

Компанияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша есепті жылғы қызметі.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, Компанияның Комплаенс қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет болып қайта құрылды, оның функцияларына Компанияның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету көзделген. Қажет болған жағдайда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жүргізу үшін жұмыс топтары құрылады, өзге бөлімшелердің жұмыскерлері тартылады. Жал-

пы алғанда, Компанияның барлық жұмыскерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысына тартылған.

Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай шараларды іске асыруда:

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг;
2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
4. Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсылық тұрғысынан сараптама жүргізу;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;
6. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдауы;
7. мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;
8. сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтар, теріс қылықтар туралы хабарлау;
9. бастамашылық ақпараттандыру арналарының жұмыс істеуі;

10. контрагенттердің сенімділігін тексеру, контрагенттермен жасалған шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе енгізу.

Аталған мақсаттар үшін Компанияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілген.

Компания қызметінде экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау мақсатында 2022 жылы бірқатар іс-шаралар өткізілді.

1. ҚазАгроҚаржының Ақпараттық қауіпсіздік саясатына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (*ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 3 шешімімен бекітілген*), ҚазАгроҚаржының Ақпараттық қауіпсіздік саясатына қоса берілген Техникалық нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізілді (*ҚазАгроҚаржы Басқармасының 2022 жылғы 26 қаңтардағы № 4 шешімімен бекітілген*).
2. Тәуекел мәдениетін арттыру бойынша іс-шаралардың 2022 жылға арналған жоспарын орындау үшін:

- Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен филиалдарына лизинг алушылар мен олардың үлестес компанияларының қауіпсіздігіне қатысты талдау жүргізу процесінде бар кемшіліктер шолуы жіберілді;
 - Компанияның Орталық аппараттың кеңсе ғимараттарындағы ақпараттық қауіпсіздік және өткізу режимі жөніндегі жұмыскерлеріне нұсқаулық өткізілді.
3. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шеңберінде:
- Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне ақпараттық қауіпсіздік инциденттері бойынша тоқсандық және жыл сайынғы есептер жіберілді. Ақпарат беру шифрланған түрде жүргізіледі. Ескертулер жоқ;
 - Компанияның корпоративтік сайтында бөгде JavaScript объектілерін пайдалану тәуекелдеріне қатысты іс-шаралар іске асырылды. Іс-шара барысында бөгде JavaScript объектілерінің барлығы талданды;
 - Компанияда ақпараттық қауіпсіздік талаптарының бұзылуына жол бермеу, сондай-ақ жұмысқа қабылданған жұмыскерлердің қажетті кәсіби құзыреттілік деңгейін қамтамасыз ету мақсатында Компанияның Орталық аппаратының барлық құрылымдық бөлімшелеріне және фили-

- алдарға осы қызмет саласы бойынша нұсқаулықтар мен ескертулер жіберілді;
- жергілікті ресурстар мен байланыс арналарын, берілетін мәліметтердің талдануын, клиенттердің жеке деректерінің жылыстауын бақылау, зиянкес файлдардың кеңейтім түрлерін анықтау, жіберілетін ақпаратты мұрағаттау, Компания жұмыскерлерінің дербес деректерін қорғауды баптау, ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін мониторингтеу, пайдаланушылардың интернет-ресурстардағы белсенділігі туралы есептер жасау бойынша шаралар қабылданды.
 - ақпараттық қауіпсіздік жүйелеріндегі деректердің жылыстауы оқиғаларына күнделікті мониторинг жүргізіледі.
4. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы №22 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына» сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүзеге асырылды.

Мониторингтің міндеті сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін проблемалық мәселелерді зерделеу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелерінің практикалық маңыздылығы оның қорытындылары тиісті ұйымдастырушылық-басқарушылық және құқықтық шаралар қабылдау арқылы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға ықпал ететіндігінде болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг келесі ақпаратты жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау жолымен жүргізілді:

- БАҚ және әлеуметтік желілердегі жарияланымдар;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.

Талдау жүргізілген кезеңде Компанияға жеке және заңды тұлғалардың 544 өтініші, оның ішінде «Бәйтерек «ҰБХ» АҚ және басқа да мемлекеттік органдардың сұраулары келіп түсті.


5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ҚазАгро-Қаржының Siemens Integrity Initiative қолдауымен іске асырылып жатқан «ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес Қазақстанда іскерлік парасаттылықты арттыру мен корпоративтік басқаруды дамытудың жүйелі, құрылымдық және тиімді саясатын іске асыру» жобасына қатысуы туралы келісімге қол жеткізді.

Басылымдардың жалпы саны

(18.07.2021 – 24.07.2022 ж. аралығындағы кезең үшін)



Хабарламалардың тоналдылығы



Дереккөз санаттары бойынша бөлу



Дереккөздердің ҚР-дағы белсенділігі

36,92%	Алматы	1,14%	Шымкент
28,33%	Астана	1,00%	Атырау облысы
4,79%	СҚО	0,72%	Түркістан облысы
4,72%	Қызылорда облысы	0,57%	Алматы облысы
3,43%	Қостанай облысы	0,50%	Қарағанды облысы
3,15%	Павлодар облысы	0,36%	Маңғыстау облысы
2,93%	Ақмола облысы		
2,79%	Жамбыл облысы		
2,43%	Ақтөбе облысы		
2,07%	ШҚО		
1,36%	БҚО		



Осы жоба шеңберінде Компанияда қабылданатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды диагностикалау жүзеге асырылатын болады.

Әдістемені «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасы «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚҚ (LPRC) бірлесіп әзірледі.

Сарапшылар Компаниядағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың жай-күйі туралы алдын ала есеп дайындап, оған қатысты ұсыныстар, ескерту-

Дереккөздердің елдер бойынша белсенділігі

97,58%	Қазақстан
2,00%	Ресей
0,14%	Қырғызстан
0,14%	Әзербайжан
0,07%	Украина
0,07%	Анықталмаған

лер сұрады. Бұдан басқа, диагностика шеңберінде өзге де іс-шараларды (сауалдау, сұрау және т.б.) өткізу жоспарлануда.

6. Көрсетілетін қызметтерді алушыларға қоңырау шалу арқылы Компания жұмыскерлерінің тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністерінің, өзге де бұзушылықтардың орын алуы фактілерін анықтау науқаны жүргізілді.

Шығыс Қазақстан, Павлодар, Батыс Қазақстан облыстары мен Жетісу облысының филиалдарының клиенттеріне қоңырау шалынды. Барлығы 216 клиент.

Сұрау барысында қазақ және орыс тілдерінде алдын ала әзірленген қоңырау скрипті қолданылды. Респонденттерге филиал жұмыскерлерінің іс-әрекеттеріндегі олар кезіккен бұзушылықтарды өз бетінше айту, сондай-ақ нақты сұрақтар қою ұсынылды. Сыбайлас жемқорлық көріністерінің анықталмауына байланысты, бұл науқанның нәтижелерін оң деп санауға болады.

7. Қазақстан Республикасының заңнамасын, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын

тиісінше орындау мақсатында Базель комитетінің, Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдары шеңберінде ҚазАгро-Қаржының «Өз клиентіңді біл» саясаты» әзірленіп, бекітілді.

Саясат Компанияның басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен қатар ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды клиенттің қылмыстық мақсаттар үшін Компания арқылы жасауының алдын алуға және Компанияны клиенттің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты операцияларына тарту тәуекелін болдырмауға бағытталған.

Саясаттың Компания қауіпсіздігін, беделін және тұрақтылығын қорғауға қатысты кең перспективасы бар және ол ҚЖ/ТҚҚІ процедураларын қамтиды.

8. Материалдар Компания жұмыскерлеріне зерделеу және күнделікті жұмыста қолдану үшін жіберілді (қамту шамамен 100% құрайды). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатын-

да бұл материалдар Компания жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша алған білімдерін неғұрлым маңызды сәттерге баса назар аудара отырып жүйелеуге мүмкіндік береді.

Материалдар Компания жұмыскерлеріне зерделеу және күнделікті жұмыста қолдану үшін жіберілді (қамту шамамен 100% құрайды). Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында бұл материалдар Компания жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша алған білімдерін неғұрлым маңызды сәттерге баса назар аудара отырып жүйелеуге мүмкіндік береді.

2022 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ.

— Ішкі аудиттің тексеруі

«Өз клиентіңді біл» саясаты

- Клиентті тиісінше тексеру
- Клиентті сәйкестендіру
- Қаржыландырудан бас тарту негіздері
- Уәкілетті органға хабарлау
- Клиенттің қызметін мониторингтеу

«Өз клиентіңді біл» саясаты ҚР заңнамасын, Қоғамның ІНҚ тиісінше орындау мақсатында Базель комитетінің, Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдары шеңберінде әзірленген.

Саясат ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды клиенттің қылмыстық мақсаттар үшін Компания арқылы жасауының алдын алуға және Қоғамды клиенттің АЖ/ТҚ-мен байланысты операцияларына тарту тәуекелін болдырмауға бағытталған.

Саясаттың Қоғам қауіпсіздігін, беделін және тұрақтылығын қорғауға қатысты перспективасы кең және ол ҚЖ/ТҚҚІ процедураларын қамтиды.

Компанияның Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (ҚЖ/ТҚҚІ) бойынша қызметі

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Компания тиісті ішкі бақылау жүйесін әзірлеп, енгізді.

ҚЖ/ТҚҚІ жүйесі ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операцияларды клиенттің қылмыстық мақсаттар үшін Компания арқылы жасауының алдын алуға және Компанияны клиенттің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты операцияларына тарту тәуекелін болдырмауға бағытталған.

Компанияның ҚЖ/ТҚҚІ жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және халықаралық ұйымдар – Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (Financial Action Task Force – FATF), Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топ (ЕАТ), Базель банктік қадағалау комитеті (Basel on Banking

Supervision Committee) және т. б. әзірлеген ұсынымдарды ескереді.

Компания құрылымында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бөлімшесі бар, сондай-ақ әрбір жеке құрылымдық бөлімшеде (филиалда) ішкі бақылау тетігі енгізілді.

Компанияның ҚЖ/ТҚҚІ бойынша қызметін регламенттейтін және ҚЖ/ТҚҚІ мақсатында қабылданатын шаралар мен қабылданатын процедуралар жиынтығының сипаттамасын қамтитын құжат ҚЖ/ТҚҚІ мақсатындағы ішкі бақылау қағидалары болып табылады. Компанияда ҚЖ/ТҚҚІ бойынша жұмысты ұйымдастыруды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қамтамасыз етеді.

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топтың (ЕАТ) халықаралық сарапшылары жүзеге асырған Өзара бағалаудың екінші раундына қаржылық мониторинг субъектісі ретінде қатысты.

ФАТФ типтес өңірлік топтар (ФИӨТ) өзара бағалау жүргізеді, оның шеңберінде қатысушы мемлекеттердің ұлттық ҚЖ/ТҚҚІ жүйелерінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі тексеріледі.

— АЖ/ТҚ-ға қарсы іс-қимыл бойынша жұмыс

Еуразиялық топтың өзара бағалауларының екінші раунды

ФАТФ типтес өңірлік топтар (ФТӨТ) өзара бағалау жүргізеді, оның шеңберінде қатысушы мемлекеттердің ұлттық ҚЖ/ТҚҚІ жүйелерінің халықаралық стандарттарға сәйкестігі тексеріледі.

Мәні:

- Инвестициялық тартымдылықты арттыру;
- Халықаралық қолдау деңгейін арттыру;
- Халықаралық сауданы жүргізу үшін мүмкіндіктер (шетелдік банктерде мен төлем жүйе-

лерінде шоттар ашу, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық және т. б.);

- Еліміздің резиденттеріне және қаржы жүйесіне сенім деңгейін арттыру.

Бұл оқиға ел үшін өте маңызды, ҚЖ/ТҚҚІ стандарттарына сәйкессіздік ұлттық экономикаға үлкен зиян келтіруі мүмкін: халықаралық қолдаудың деңгейі және соның салдарынан инвестициялық тартымдылық төмендейді, ФАТФ ұсынымдарына сәйкес емес деп танылған елдердің резиденттері халықаралық сауданы толыққанды жүргізе алмайды, шетелдік банктер

мен төлем жүйелерінде шот ашуда айтарлықтай қиындықтарға кезігеді (көбісі мұндай клиенттермен ынтымақтастықтан бас тартады), бұл елдерге жасалған төлемдер автоматты түрде күдікке ілігеді және бұғатталуы мүмкін.

Сарапшылардың бағалауы бойынша, Компания өкілдері ҚЖ/ТҚҚІ бойынша халықаралық стандарттарды-ФАТФ ұсынымдарын және ҚЖ/ТҚҚІ мәселелері бойынша заңнаманың тиісті талаптарын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын практикалық орындау мен қолдануды жоғары деңгейде білетіндіктерін көрсетті.



– Корпоративтік этика

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 23 АҚПАНДАҒЫ № 2 ШЕШІМІМЕН ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ (БҰДАН ӘРІ – КОДЕКС) БЕКІТІЛДІ⁵.

Жаңа Кодекс бекітілгенге дейін Компания Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 14 шешімімен бекітілген Корпоративтік этика кодексін басшылыққа алды.

Кодекс Қазақстан Республикасы заңнамасының, Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарының, оның ішінде Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес, іскерлік мінез-құлық пен корпоративтік басқарудың мойындалған әлемдік стандарттары ескеріле отырып әзірленді және ҚазАгроҚаржы лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері басшылыққа алатын корпоративтік (іскерлік) этиканың негіз қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын белгілейтін қағидалар жинағын білдіреді.

Кодекстің негізгі мақсаттары:

1. жоғары этикалық стандарттарға негізделген бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту;
2. Компанияда сенім, өзара құрмет және әдептілік атмосферасы жағдайын ұстау;

3. Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері өз жұмыстарында басшылыққа алатын корпоративтік (іскерлік) әдеп пен мінез-құлық нормаларының негіз қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын бекіту;
4. корпоративтік (іскерлік) мінез-құлықтың үздік практикасын қолдану арқылы мүдделі тараптармен өзара тиімді ықпалдасу.

Компанияның корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға қатысты мақсаты мынадай шарттарға қол жеткізуде болып табылады:

1. басшылар жұмыскерлерді нәтижеге жету үшін барынша күш салуға ынталандыратын ахуал қалыптастырады;
2. төменнен бастамашылық ету мен инновация көтермеленеді;
3. өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту саналы қажеттілік болып табылады;
4. басшылар мен жұмыскерлер ортақ істің түпкілікті нәтижесіне және табыстылығына назарларын шоғырландырады;
5. әрбір басшы мен жұмыскерлер стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі өз рөлі мен маңызын түсінеді;
6. әрбір шешім бизнестің әлеуметтік бағытталуы және негізгі мүд-

делі тараптарға бағдарлануы ескеріле отырып қабылданады.

Кодекс Компанияның өзге де ішкі құжаттарымен бірге қолданылады және Компанияның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің корпоративтік (іскерлік) этика мен мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын қолдануға қатысты жұмысын көрсетеді.

Компанияның негізгі құндылықтары:

- **Кәсіби шеберлік:** кәсіби қызмет міндеттерін орындауға жоғары дайындық;
- **Команда:** бірлескен қызмет арқасында жоғары нәтижелерге жету үшін ынтымақтасу;
- **Шыншылдық:** Компания ішіндегі, серіктестер мен клиенттерге қатысты шыншылдық;
- **Әлеуметтік жауапкершілік:** Компания қызметінің қоғамның мүдделі тараптарына ықпалы үшін жауапкершілік.

Компанияның барлық жұмыскерлері өздеріне Кодекске қатысты келесі міндеттемелерді қабылдайды:

1. Кодексте белгіленген іскерлік этика талаптарын және тәртіп ережелерін мұқият зерделеу, түсіну және адал ұстану;

2. өзінің лауазымдық функциялары мен міндеттерін адал, кәсіби, тиімді және риясыз атқару;
3. өзіне қабылдаған міндеттемелері үшін мәртебесі мен лауазымына байланыссыз жауапкершілікте болу;
4. іскерлік әдеп қағидаттары мен мінез-құлық қағидаларын бұзу мәселелері бойынша тексеру жүргізу кезінде жәрдем көрсету;
5. ақпараттық қауіпсіздік талаптары мен процедураларын сақтау.

Жоғарыда аталған міндеттемелерді Компанияның барлық жұмыскерлерінің қабылдағанын жұмысқа қабылдау кезінде олар қолдарын қойған келісулері куәландырады.

Компанияның басшылығы Кодекс талаптарына сәйкес келетін басқарушылық шешімдерді айқындылық пен бейтараптық қағидаттарын ұстана отырып қабылдайды, өздері Кодекс талаптарына бейілділіктің үлгісі болады, қол астындағы жұмыскерлер арасында командалық рух қалыптастыруға, Компанияның ортақ миссиясымен, құндылықтарымен және қағидаттары негізінде ұжымды командаға біріктіруге уақыт бөледі.

Компаниядағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және бекіту қағидатына негізделген.

Корпоративтік басқару ережелері мен қағидаттарын сақтауды Ком-

панияның Директорлар кеңесі жыл сайынғы негізде қарайды («Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есеп» бөліміндегі қосымша ақпарат).

Компания іскери серіктестермен жасалған келісімшарттардың талаптарын сақтайды және оларға қатысты өз міндеттемелерін орындайды, сондай-ақ клиенттермен ұзақмерзімді серіктестік қатынастар орнатуға мүдделі және олардың дамуына жан-жақты ықпал етеді. Осыған ұқсас ережелер Компанияның Корпоративтік басқару кодексінде қарастырылған. Компания іскери серіктестермен өзара пайда, құрмет, сенім, шыншылдық және әділеттілік негізінде өзара ықпалдасады. Компания тек сенімді іскери серіктестермен жұмыс істейді.

Компания іскери серіктестер алдындағы шарттық міндеттемелерін адал орындайды және олардан да осыны талап етеді, бұл келісімшарттық келісімдермен бекітіледі.

Компанияның барлық жұмыскерлері, сондай-ақ іскер серіктестер мен мүдделі тараптар Кодекс талаптарына қатысты мәселелер және/немесе жұмыс барысында туындаған этикалық мәселелер, сондай-ақ еңбек қақтығыстары бойынша Омбудсменге және Кодекс талаптарының бұзылуы, сыбайлас жемқорлық және басқа да

құқыққа қайшы әрекеттер фактілері бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгінуге құқылы (лауазымды тұлғалардың іскерлік этика қағидаттарын және мінез-құлық қағидаларын бұзуы фактілерін Компанияның Директорлар Кеңесі қарайды).

Мәселен, Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 маусымдағы № 8 шешіміне сәйкес, Компанияның Омбудсмені болып Акрачкова Дина Викторовна тағайындалды.

Омбудсменнің негізгі функциялары:

1. Кодекс ережелерінің сақталмауы туралы мәліметтер жинау;
2. барлық жұмыскерлерге Кодекстің ережелері бойынша консультация беру;
3. Кодекс ережелерінің бұзылуы жөніндегі дауларды қарауға бастамашылық ету және оларды реттеуге қатысу. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысына қатысты Омбудсмен өзінің іс-әрекеттерін корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын шешуге жауапты тұлғалармен үйлестіреді.

Кодекс ережелерін бұзу жағдайлары туындаған жағдайда Компания жұмыскерлері Омбудсменге жазбаша түрде де, ауызша нысанда да жүгінуге құқылы

⁵ https://www.kaf.kz/upload/iblock/a37/4vq8gd033lxddit5fjkd1teisk7ple1t/Kodeks-korporativnoy-etiki_1.pdf

Ішкі бақылау жүйесі

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (ІБЖ) – БҰЛ БАСҚАРМА, ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМПАНИЯНЫҢ ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ТИІМДІ ІШКІ БАҚЫЛАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН АЙҚЫНДАЙТЫН ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ ӨЗ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУІНЕ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ КЕЗІНДЕ ТӘУЕЛДЕРДІ БАРЫНША АЗАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ САЯСАТТАРДЫҢ, ПРОЦЕДУРАЛАРДЫҢ, МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ПЕН ІС-ҚИМЫЛ НОРМАЛАРЫНЫҢ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТЕТІКТЕРІНІҢ ЖИЫНТЫҒЫ.

Компанияда Компанияның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 9 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржының Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат қолданылады. Саясат ІБЖ ұғымдарын, мақсаттары мен міндеттерін, жұмыс істеу қағидастарын, ішкі бақылау процедурасының негізгі бағыттары мен негізгі компоненттерін, сондай-ақ ішкі бақылау субъектілерінің Компанияның ішкі бақылау жүйесінің процедураларын орындауға және оларды бағалауға қатысты құзыреті мен жауапкершілігін айқындайды.

Сонымен қатар, ІБЖ-ның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін айқындау мақсатын-

да Компанияда Басқарманың 2019 жылғы 5 тамыздағы № 24 шешімімен Компанияның Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидалары бекітілді.

Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың құзыреті олардың ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және тиімділігін бағалау процестеріндегі рөлдеріне байланысты шектелген.

Ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бизнес-процестердің барлық иелеріне жүктелген, алайда еңалдымен Компанияның ішкі бақылау жүйесіне жауапты құрылымдық бөлімшесінің басшылары мен жұмыскерлері жауап береді, оларға тиімді ішкі бақылауды қолдау бойынша тиісті міндеттер күнделікті негізде белгіленіп беріледі.

Директорлар кеңесі мен Басқарма ішкі бақылау жүйесінің қатысушыларының (субъектілерінің) бірі бола отырып, өз өкілеттіктері шеңберінде Компания ішінде және үшінші тұлғалармен тік және көлденең коммуникативтік байланыстарды қамтамасыз ететін тиімді коммуникация арналары

мен құралдарын ұйымдастыруды қамтитын ақпараттық қамтамасыз ету және ақпарат алмасу жүйесін қалыптастыруға және қолдау үшін жауапкершілікте болады.

Ақпарат және оны беру қажетті және тиісті ақпаратты сәйкестендіру, құжаттау және лауазымды тұлғалардың назарына уақытылы жеткізу процесі болып табылады, сонымен қатар Компанияда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінің бар болуын көздейді.

Ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсаттарында Компанияда үш шепті қорғау құрылған:

- **бірінші қорғау шебі**, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде Басқарма Төрағасының бұйрығымен Қоғам жұмыскерлерінің арасынан ішкі бақылаушылар тағайындалады;
- **екінші қорғау шебі**, Компанияның бақылау функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелері;
- **үшінші қорғау шебі**, Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау арқылы Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылау жүйесі



Сонымен, Компанияның ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, Компанияны басқарудың барлық деңгейлерін, барлық ішкі процестер мен операцияларды қамтиды.

Ішкі бақылау жүйесіне ІАҚ жүргізген талдаудың негізінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның ішкі бақылау жүйесінің «орташадан жоғары» тиімділігі рейтингі берілді. Осыған байланысты Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділік деңгейін арттыру мақсатында Қаз-АгроҚаржының Ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспарға бес компонент бойынша іс-шаралар кіреді: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау процедуралары, ақпарат және байланыс арналары, мониторинг.

Жоспарды іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар іске асырылды:

- Компанияның ішкі құжаттарын өзектендіру жоспары әзірленді және бекітілді;
- ІБЖ бойынша 2023 жылға арналған жыл сайынғы жұмыс жоспары бекітілді;
- Холдингтің инвестициялық саясатына сәйкес Компания ішкі нормативтік құжаттарды, оның ішінде Экологиялық және әлеуметтік саясатты, «Өз клиентіңді біл» саясатын әзірлеп, бекітті.

Сонымен қатар, келесі іс-шаралар тұрақты негізде жүзеге асырылады:

- корпоративтік мәдениетте және жұмыскерлердің санасында ішкі бақылау жүйесінің рөлін күшейту мақсатында, сондай-ақ жұмыскерлердің ішкі бақылау жүйесі туралы білім деңгейін арттыру мақ-

сатында тоқсан сайын Компания жұмыскерлері үшін ішкі бақылау жүйесінің мәселелері бойынша оқыту тренингтері өткізіледі;

- ішкі бақылаушылар құрылымдық бөлімшелер қызметінің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін тексеруді тұрақты негізде жүзеге асырады;
- ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін мониторингтеуді қамтамасыз ету шеңберінде Компанияда бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы қалыптастырылады;
- Компанияның автоматтандырылған ішкі нормативтік құжаттар базасы тұрақты негізде өзектендіріледі.

Компания ішкі бақылау жүйесін дамытуды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуді бұдан әрі қарай жалғастырады.

Ішкі аудит қызметі

ІАҚ ЖҰМЫСЫ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕГЕ ЖӘНЕ ЭТИКА КОДЕКСІНЕ, САПА СТАНДАРТТАРЫ МЕН ІШКІ АУДИТОРЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ БЕЛГІЛЕГЕН ІШКІ АУДИТОРЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ СТАНДАРТТАРЫНА НЕГІЗДЕЛЕТІН ІШКІ АУДИТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕС ЖҮЗЕГЕ АСЫРАЛАДЫ.

ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесі мен Басқармаға олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша міндеттерін орындауға көмектесу болып табылады.

ІАҚ мақсаты Директорлар кеңесіне Компанияда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру болып табылады.

Компанияның тәуекелдері мен стратегиялық міндеттерін ескере отырып, ІАҚ 2022 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспар (ЖАЖ) әзірленді. ЖАЖ Компания үшін стратегиялық маңызы бар негізгі бизнес-процестерді түгел қамтиды.

2022 жылға арналған ЖАЖ-да көзделген аудиторлық тапсы-

рмалар толық көлемде және белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалды. Орындалған аудиторлық тапсырмалар шеңберінде ұсынылған ІАҚ ұсынымдары Қаз-АгроҚаржы басшылығына тәуекелдерді басқару міндеттерін шешуде және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін құруда көмек көрсетуге бағытталған.

2022 жыл ішінде ІАҚ Директорлар кеңесінің қарауына есептерді (тоқсандық және жылдық) жүйелі түрде ұсынып отырды. ІАҚ тоқсан сайынғы негізде ІАҚ/сыртқы аудитор ұсынымдарына мониторинг жүргізді және оның нәтижелерін Директорлар кеңесіне мерзімді есептер шеңберінде берді. Басшылық ІАҚ ұсынымдарының орындалуына тиісті бақылау белгіледі. Мәселен, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ІАҚ/сыртқы аудиторлар/консультанттар ұсынымдарының орындалуын мониторингтеу нәтижелері бойынша мерзімі өткен ұсынымдардың жоқ екендігі анықталды. ІАҚ өз қызметі реті шегінде Холдингпен, сыртқы аудиторлармен өзара ықпалдасады.

Компанияда Сапаны қамтамасыз ету және жақсарту бағдарлама-

сы бар. Директорлар кеңесі ІАҚ жұмыскерлерінің жұмыс сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірлеп, бекітті, бағалаудың нәтижелері ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау шеңберінде Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

Есепті кезеңде «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – Холдинг) сыртқы бағалаушыны – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-ын тарта отырып, Холдингтің еншілес ұйымдарындағы ІАҚ-тың 2018-2022 жылдар кезеңіндегі жұмысының Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына және Әдеп кодексіне сәйкестігін халықаралық Ішкі аудиторлар институты әдіснамасының талаптарына сәйкес бағалауды жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша Қаз-АгроҚаржының ІАҚ қызметі ішкі аудиттің анықтамасына және Ішкі аудиторлар институтының Этика кодексіне, сондай-ақ Стандарттардың 93% талаптарына, оның ішінде мына 4-сегментке (Quality Assessment Manual әдіснамасы) қатысты сәйкес келетіні расталды:

- Ішкі аудитті ұйымдастыру – 92%;
- Ішкі аудит персоналы – 96%;
- Ішкі аудит басқармасы – 92%;
- Ішкі аудит процестері – 93%.

«КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС жүргізген бағалаудың нәтижелері Компанияның ІАҚ қызметін тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша есеп түрінде ұсынылды және оны Компанияның Директорлар

кеңесі қарады. ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 қарашадағы шешімімен (№14 хаттама) ІАҚ қызметін жетілдіру жоспары бекітілді.

ІАҚ-тың жұмысы Компанияның өнімділігі мен тиімділігінің артуына әкелетін оң өзгерістерді ұсына отырып, ҚазАгроҚаржының құндылығын ұдайы жетілдіруге және арттыруға бағытталған.

– Сыртқы аудит

ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІНЕ АУДИТ ЖҮРГІЗЕТІН АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ РЕТІНДЕ КРМГ INTERNATIONAL LIMITED КОМПАНИЯЛАР ТОВАРИСТВА КІРЕТІН «КПМГ АУДИТ» ЖШС БЕЛГІЛЕНДІ.

Аудиттің қорытындылары бойынша, тәуелсіз аудитордың пікірі «Сөзсіз оң». Қаржылық есептілік Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқандағы жағдай бойынша қаржылық ахуалын барлық елеулі аспектілерінде,

сонымен қатар оның жыл ішіндегі қаржылық көрсеткіштері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес (ХҚЕС) шынайы көрсетеді.

Аудитор сыйақысы, мың теңге

Қызметтер	2020	2021	2022
Жылдық аудит	29 008	39 200	53 312
Жарты жылдық шолу	–	16 800	22 848
Жұмыскерлерді оқыту қызметтері	–	–	–
Консультациялық қызметтер	–	7 840	–
Сыйақының жалпы көлеміндегі аудиторлық емес қызметтердің үлесі (%)	–	12	–
Жиыны	29 008	63 840	76 160

Сыртқы аудитор мен аудиторлық ұйымның негізгі персоналын тағайындау мен ротациялауға қатысты, аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудитімен

байланысты емес қызметтерін мақұлдау бойынша Компания Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен бекітілген және Компанияның

www.kaf.kz корпоративтік сайтында жарияланған Компанияның сыртқы аудит саясатын басшылыққа алады.





05

– Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару жүйесі	138
Тәуекелдерді талдау	144



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ

Тәуекелдерді басқару жүйесі


ҚАЗАГРОҚАРЖЫДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АЙҚЫН СӘЙКЕСТЕНДІРУДІ, ТИІМДІ БАСҚАРУДЫ ЖӘНЕ ҮНЕМІ МОНИТОРИНГТЕУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН ЖӘНЕ ТЕРІС ФАКТОРЛАРДЫҢ КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ӘСЕР ЕТУІН ШЕКТЕУ ЖОЛЫМЕН ҚЫЗМЕТТІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ НЫСАНДАНДЫРЫЛҒАН, НАҚТЫЛАНЫП ӘЗІР-ЛЕНГЕН ЖҮЙЕСІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ.

Тәуекелдерді басқару «ҚазАгроҚаржы» АҚ-та үнемі жүргізілетін, үздіксіз процесс болып табылады және Компанияның алқалы органдарын, уәкілетті органдарын, құрылымдық бөлімшелерін және жұмыскерлерін тартумен барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары:

- акционерлік капиталдың құнын құру және қорғау;
- жүйелілік, құрылымдылық және уақтылық;
- ақпараттандырылғандық;
- белгісіздікпен жұмыс;
- бейімделгендік;
- айқындылық және кешенділік;
- ден қою және қайталанушылық;
- үнемі жетілу.

Тәуекелдерді басқарудың ұйымдастырушылық құрылымының негізгі элементтері



— Тәуекелдерді басқару процесінің қатысушылары:

КОМПАНИЯНЫҢ ТБЖ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ БІРНЕШЕ ДЕҢГЕЙДЕН ТҰРАДЫ ЖӘНЕ ОҒАН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ПРОЦЕСІНІҢ КЕЛЕСІ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ КІРЕДІ:

Директорлар кеңесі – Компаниядағы тәуекелдерді басқару мәселелері үшін акционер(лер) алдында негізгі жауапкершілікте болатын басқару органы.


Басқарма – Компанияның атқарушы органы болып табылады және Компанияның Тәуекелдерді басқару саясатын жүзеге асыру үшін жауапты.

Тәуекелдерді басқару комитеті – Басқарма жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады, оның негізгі мақсаттары мен міндеттері тәуекелдерді басқа-

ру мәселелері бойынша сапалы ақпаратты және Компанияның құрылымдық бөлімшелері арасында тиісті коммуникация арналарын қамтамасыз ету, сондай-ақ Басқарма деңгейінде келісу/бекіту талап етілетін мәселелерді жұмыстық талқылау болып табылады.

— Ішкі бақылау жүйесі

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІН ДАМУҒА ҮШ ШЕБІ ЕНДІРІЛГІН.



Бірінші деңгей – Компанияның Директорлар Кеңесі. Директорлар кеңесі корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалауды жүзеге асыруда шешуші рөл атқарады. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару функцияларының бір бөлігін Директорлар кеңесінің жанынан тиісті комитеттер құру арқылы жүзеге асырады.

Екінші деңгей – Компания Басқармасы, ол тиімді тәуекелдерді басқару жүйесін ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттың орындалуын және оны ұстануды қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құру үшін жауапты.

Тәуекелдерді басқару процесіндегі үшінші деңгей тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты Компанияның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Қорғаудың әр деңгейінде тәуекелдерді тиімді басқару мүмкіндігі болуы үшін Компанияның әр жұмыскерінің негізгі рөлдік функциялары үш деңгейлік модельге қосуға қатысты анықталды. Келесі рөлдер анықталды:


- **Мақсаттар иесі** – Компанияның бірінші басшысы, ол бақылау ортасын қалыптастыруға, тәуекелдерді басқару жүйесінің Компанияның даму мақсаттарына сәйкес тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай қамтамасыз етуге жауапты;
- **Тәуекел иелері** – өз қызметін жүзеге асыру кезінде өздерінің функционалдық міндеттеріне байланысты материалдық және (немесе) материалдық емес шығындардың ықтималды көзі болып та-

былатын немесе болуы мүмкін, сондай-ақ тәуекелдің әр түріне ұшырағыштық көздері болып табылатын оқиғаларға ұшырағыштықты сәйкестендіру, талдау және бақылау үшін мүмкіндіктері бар Компанияның құрылымдық бөлімшелері немесе жұмыскерлері

- **Бизнес-процестің иелері** – ҚБ басшысы, ол процесті басқаруды жүзеге асырады, процесті орындау үшін барлық қажетті ресурстарға ие болып табылады (персонал, жабдықтар, ақпарат және т.б.) және өзіне сеніп тапсырылған процестің нәтижелілігі мен тиімділігі үшін жауап береді.



Бүгінгі таңда Компанияның тәуекелдерді басқару ұйымының архитектурасы мына түрде:



ҚазАгроҚаржының тәуекелдерді басқару жүйесі – бұл біртұтас процеске біріктірілген өзара байланысты компоненттер жиынтығы, оның шеңберінде Директорлар

кеңесі, Басқарма және Компанияның жұмыскерлері әрқайсысы өз деңгейінде ҚазАгроҚаржы қызметіне әсер етуі мүмкін ықтималды негативті оқиғалар

мен мүмкіндіктерді айқындауға, сондай-ақ негізгі мүдделі тараптар үшін қолайлы тәуекел деңгейі шеңберінде осы оқиғаларды басқаруға қатысады.

— 2022 жылы ТБЖ-ның дамуы

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ КОРПОРАТИВТІК ЖҮЙЕСІН ЖҮЙЕЛІ ДАМУТУДЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА КОМПАНИЯДА ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУТУДЫҢ 2022-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН СТРАТЕГИЯСЫ ӨЗІРЛЕНІП, БЕКІТІЛДІ. СТРАТЕГИЯНЫ ІСКЕ АСЫРУ МАҚСАТЫНДА 2022 ЖЫЛЫ МЫНАДАЙ ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛДІ:

- тәуекел-тәбет лимиттері қайта қаралды және тәуекел тәбетінің өзгеруіне ықпал ететін тәуекел факторларын бақылау тоқсан сайын жүргізіледі және қабылданған тәуекелдер туралы есеп Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады
- тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс, соның ішінде алынған техника мен жабдықтарды талдау, филиалдың рейтингін анықтау мақсатында филиалдардың қарыз портфелін талдау, Компанияның лизинг нысаналары мен кепілдерін сақтандыруды мониторингтеу және бақылау тұрақты түрде жүзеге асырылады
- тәуекелдердің туындауы ықтималдығын ерте анықтау мен

қызмет көрсеткіштерін орындау мақсаттарында негізгі тәуекел индикаторлары мерзімді түрде қадағаланып отырады. Директорлар кеңесі тоқсан сайын тәуекелдер картасы мен тізілімін, сонымен қатар Сыни тәуекелдерді басқару жоспары, Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары шеңберіндегі іс-шаралардың орындалуын қарайды;

- тұрақты негізде заңдарды оларға енгізілген өзгерістерге қатысты мониторингтеу, сондай-ақ ішкі бизнес-процестерді мониторингтеу жүргізіледі және тәуекел-менеджментті регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарға ағымдағы талаптарға релеванттылықты қамтамасыз ету мақсатында тиісті өзгерістер енгізіледі.

2021 жылғы Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесін бағалауды KPMG сыртқы консультанттары жүзеге асырды. Бағалау нәтижелері бойынша Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің

қорытынды рейтингі 82% құрады. 82%-ға бағалау «Кемел» тиімділік деңгейіне сәйкес келеді және тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері «үздік тәжірибеге» сәйкес келеді және тәуекелдерді басқару жүйесі жеткілікті түрде тиімді.

Тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша Түзету және/немесе алдын алу іс-қимылдары жоспарының іс-шараларын орындау шеңберінде Тәуекелдерді басқару қағидаларына жаңа жұмыскерлерді тестілеу процедурасы, Залалдар қорын жүргізу тәртібін айқындау процедурасы, тәуекелдер үшін нақты шекті деңгейді айқындау процесін регламенттеуге қатысты өзгерістер енгізілді.

2022 жылы «Russell bedford A+partners» халықаралық аудиторлық компаниясы» ЖШС тәуелсіз аудиторлық компаниясы күтілетін кредиттік залалдарға резервті бағалау модельдерін валидациялауды жүргізді. Валидация қорытындысы бойынша модель ХҚЕС стандарттарына сәйкес келеді және Әдістеме релевантты болып табылады.

– Тәуекелдерді талдау

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН БИЗНЕСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЖӘНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР, КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛДЕР, ҚАРЖЫЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР, ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР САНАТТАРЫ БОЙЫНША БӨЛІНГЕН ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ КЕҢ СПЕКТРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП ЖҮРГІЗЕДІ.

Компанияда тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару шараларын әзірлеу үнемі жүзеге асырылып отырады, олардың нәтижелері Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тізілімінде көрсетіледі. Тізілімге ұзақ мерзімді стратеги-

ялық мақсаттар мен Даму жоспары қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге ықпал етуге қабілетті тәуекелдер енгізілген.

— ҚазАгроҚаржы 2022 жылы ұшырауы мүмкін болған негізгі тәуекелдер

Қаржылық тәуекел – Өтімділік тәуекелі. Өтімділік тәуекелін іске асырудың негізгі салдары кредиторлар алдындағы міндеттемелерді уақтылы орындамау болып табылады, бұл қаражатты мерзімінен бұрын қайтару талап етілуіне әкелуі мүмкін.

Бұл тәуекелді азайту мақсатында Компания 2022 жылы ақшалай қаражатты қосымша тарту және оларды тиімді басқару бойынша іс-шаралар жүргізді. Қаржылық тәуекелдерді бағалау және мониторингілеу жеке құрал бойынша және жалпы портфель бойынша VaR әдіснамасы арқылы жүргізіледі. Өтімділікті басқару мақсатында Компанияның активтері мен пассивтерін басқару саясаты айқындалды, ол мониторингті, меншікті қаражаттың лимитін есепте-

уді және максималды өтімділікке қол жеткізу үшін GAP-талдауды көздейді.

Кредиттік тәуекел – NPL деңгейін жоғарылату. Контрагенттің төлем қабілеттілігінің төмендеуі нәтижесінде туындайтын Компанияның қаржы активтері бойынша ықтималды қаржылық шығындарды жабу үшін қаржылық шығындарды мойындау және/немесе резервтерді (провизияларды) қосымша есептеу арқылы іске асырылады.

Компанияда кредиттік тәуекелді басқарудың тиімді жүйесі болуы лизингтік компаниялар арасында кредиттік портфель сапасының ең жақсы көрсеткіштерінің бірін сақтауға мүмкіндік береді. Кредиттік портфельдің сапасын

бақылау жүйесіне келесі іс-шаралар кіреді:

- Кредиттік тәуекелді тұрақты түрде бағалау және мониторингтеу, сондай-ақ осы процестерді жетілдіру бойынша іс-шаралар;
- Компанияның қарыз алушыларына және ұсынылатын кепілмен қамтамасыз етуге қойылатын ішкі кредиттік талаптар жүйесін жетілдіру;
- Байланысты тараптар топтарына, сондай-ақ Компанияның кредиттік алқалы органдарының өкілеттік деңгейіне белгіленетін кредиттік тәуекел лимиттерін есептеу және айқындау;
- Компанияның проблемалық активтерін басқару процедураларын, сотқа дейінгі және сотпен өндіріп алу процедураларын жетілдіру.

Барлық қаралып жатырған және қолданыстағы жобалар кредиттік тәуекелді айқындаудың орталықтандырылған сараптамасынан етеді, тәуекел деңгейін төмендету бойынша іс-шаралар ұсынылады.

Компанияның кредиттік тәуекелдерін барынша азайту мақсатында 2022 жылы портфельді әртараптандыру, өтімдерді талдаудың сапасын арттыру, қарыз алушылардың қаржылық жағдайын мониторингтеу бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Операциялық тәуекел – тәуекелдің іске асырылуына әкелуі мүмкін оқиғаларға IT, әкімшілік-шаруашылық қызмет саласындағы факторлар, адами факторлар, сондай-ақ сыртқы оқиғалар жатты.

Операциялық тәуекелді барынша азайту мақсатында ақпараттық жүйелерді қосымша автоматтандыру және баптау, Компанияның үздіксіз жұмыс істеуі үшін құралдармен және шаралармен уақтылы қамтамасыз ету, жұмыскерлерді оқыту және т.б. жұмыс жүргізілді.

Компания өз жұмысында ОТ басқарудың келесі әдістерін қолданады:

- Операциялық шығындар дерекқорын қалыптастыру;
- Персоналдың қажетті біліктілік деңгейін қамтамасыз ету, персоналдың біліктілік деңгейін арттыру;
- Процестер мен технологияларды, әсіресе үлкен жұмыс көлемімен байланысты салалардағы процестер мен технологияларды автоматтандыру.

Комплаенс-тәуекел – комплаенс-тәуекелдің орын алуына әкелуі мүмкін оқиғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, Компанияның ішкі құжаттары мен процедураларының, сондай-ақ шет мемлекеттердің Компанияның қызметіне ықпал ететін және Қазақстан Республикасы мойындаған заңнамасының талаптарын сақтамау салдарынан заңдық санкциялардың қолданылуы жатады.

Комплаенс-тәуекелді барынша азайту мақсатында Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының, шет мемлекеттердің Компанияның қызметіне ықпал ететін және Қазақстан Республикасы мойындаған заңнамасының, Компанияның ішкі ережелері мен процедураларының және жалпы

қабылданған мінез-құлық нормаларының талаптары қатаң және мүлтіксіз сақталуын мониторингтеп отырды және бақылады.

Компания «Компанияның қаржы шаруашылық қызметіне геосаяси жағдайдың әсері» тәуекелін сәйкестендірді және басқарды – бұл тәуекелдің орын алуына әкелетін оқиғаларға лизинг нысандарын жеткізудің орындалмай қалуы кірді.

Бұл тәуекелді азайту мақсатында контрагент-банктерге мониторинг жүргізілді, лимиттер қайта қаралды, өнім берушілермен және клиенттермен тұрақты өзара іс-қимыл жүзеге асырылды.

— ТБЖ даму бағыттары

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ДЕПАРТАМЕНТІ НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР ДИНАМИКАСЫНА ТҰРАҚТЫ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗЕДІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ МИТИГАЦИЯЛАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН БАҚЫЛАЙДЫ. МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ ТОҚСАН САЙЫН КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ТӘУЕКЕЛДЕР БОЙЫНША ЕСЕПТІЛІК ТҮРІНДЕ ЖІБЕРІЛЕДІ.

Сонымен бірге, 2022 жылы тәуекелдерді басқару жүйесі лимиттерді, оның ішінде валюталық және пайыздық тәуекелдерге лимиттерді уақтылы өзектендіруді, стресс-тестілеу жүргізуді, өтімділікті ГЭП-талдауды, жобаларды тәуекелдердің бар-жоқтығына қатысты талдауды, болашақ көрсеткіштерді болжауды және қажет болған жағдайда тәуекелдерді барынша азайту іс-шараларын әзірлеуді қамтамасыз етті

ESG тәуекелін басқару шеңберінде Компанияның қызметіне, сондай-ақ қоршаған ортаға әсер етуі мүмкін факторлар анықталды: Қазақстан Республикасының басым бөлігіндегі құрғақшылық, табиғи-климаттық катаклизмдер, ауыл шаруашылығы техникасының қоршаған ортаға әсері. Бұл тәуекел қолайлы деңгейде бағаланады, бұл оларды барынша азайту үшін шұғыл шаралар қабылдау қажеттігі жоқтығын білдіреді. Алайда, Компания осы тәуекелді басқару

бойынша бірқатар превентивті және реактивті шаралар әзірледі.

ESG тәуекелінің ағымдағы деңгейі туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіру үшін жауапты бөлімше тәуекелдер регистрі мен картасы шеңберінде тоқсан сайынғы негізде жеткізеді.

ESG тәуекелін бағалау Қазақстан Республикасында бұрын болған оқиғалар ескеріле отырып, қолжетімді сыртқы ақпарат көздері негізінде жүргізіледі.

ESG тәуекелдерін басқаруға тікелей әсер ету құралдарының жоқтығын ескере отырып, ESG тәуекелдерін азайту үшін Компания өз тарапынан превентивті және реактивті шаралар әзірледі, мысалы:

Превентивті іс-шаралар

- Компания клиенттеріне егістіктерді/жайылымдарды сақтандыруды ұсыну;
- техниканы сатып алуды Кеден одағының «Доңғалақты көлік құралдарының қауіпсіздігі туралы» және «Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенттеріне сай сәйкестік сертификаттары ұсынылған жағдайда ғана жүзеге асыру;

- лизинг нысандарына ресми сервис орталықтарында қызмет көрсетуін немесе олардың өкілдері қызмет көрсетуін ұсыну.

Реактивті іс-шаралар

- құрғақшылық пен табиғи-климаттық апаттардан зардап шеккен клиенттерге қайта құрылымдау немесе пролонгация ұсыну;
- ықтимал шығындарға арнап резервтер қалыптастыру.





06

— Маркетингтік қызмет

Ақпараттық саясат	150
Заңнама талаптарына сәйкестік	152
Мүшелік қауымдастықтар	152
Өнім үшін жауапкершілік	153
Шағым беру және проблемалар туралы ақпараттандыру механизмі	153
Брендинг және PR саласындағы қызмет ..	154



ҚАЗАГРОҚАРЖЫ



– Ақпараттық саясат

АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ КОМПАНИЯНЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСУЫНЫҢ АСА МАҢЫЗДЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ, ОЛ БАРЛЫҚ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ, АЙҚЫН ЖӘНЕ СЕНІМДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ, СОНЫМЕН ҚАТАР КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН АРТТЫРАДЫ.

ҚазАгроҚаржы әр түрлі мүдделі тараптар үшін ақпараттың жоғары сапалы ашылуын қамтамасыз етуге және айқындылық деңгейін арттыруға ұмтылады.

Мүдделі тараптардың мүдделерін қанағаттандыру үшін Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жағдай, қызметтің нәтижелері, меншіктің және басқарудың құрылымын қоса, қызмет туралы ақпаратты уақытылы және сенімді түрде ашып көрсетеді.

Компанияда ақпаратты ашып көрсетудің қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін, ақпаратты ашып көрсету үшін жауапты тұлғалар тобын (органдарды), мүдделі тараптарға ашып көрсетуге жататын жалпыға қолжетімді ақпараттың тізбесін, сонымен қатар коммерциялық, қызметтік және

заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың тізбесін анықтайтын Компания қызметі туралы ақпаратты ашып көрсету саясаты бекітілген және қолданылады.

Компанияда ақпаратты ашып көрсету қағидаттары:

1. ақпаратты ашып көрсетудің жүйелілігі және уақтылығы қағидаты – заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты ұсыну мерзімдері мен жүйелілігін сақтауға қатысты Компанияның жауапкершілігі. Компания мүдделі тұлғаларға ақпаратты жүйелі түрде беру олардың жалпы Компания қызметін түсінуі үшін қажет алғышарт ретінде маңызды екенін сезінеді. Ақпарат оқиғаның орын алу фактісіне сәйкес, оның маңыздылығының дәрежесі бойынша және оны көпшілікке жария етудің уақтылығы ескеріле отырып беріледі;

2. ақпараттың ашықтығы және қолжетімділігі қағидаты – Компанияның қол жетімділігі еркін, ауыртпалық түсірмейтін және шығын аз ақпарат тарату арналарын таңдауы, сонымен қатар коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын

ақпаратқа қатысты құпиялылық режимінің сақталуын ескере отырып, Компанияның қызметі туралы ақпараттың барынша айқындылығын қамтамасыз ету ниеті;

3. шынайылық және толықтық қағидаты – Компанияның мүдделі тараптарға шынайы және ашылып отырған фактіні немесе оқиғаны толық түсіну үшін жеткілікті ақпарат беру жауапкершілігі. Компания ұсынылған ақпараттың үшінші тұлғалар тарапынан бұрмаланбауын қадағалап отырады және мұндай факт анықталған жағдайда, бұрмалаулар мен қателіктерді жою бойынша шаралар қабылдайды.

Компания өзі туралы жағымсыз ақпаратты, егер мұндай ақпарат құпия болып табылмаса және мүдделі тараптардың инвестициялық және басқа шешімдер қабылдауына ықпал етуге қабілетті болмаса, жариялаудан тартынбайды.

Жариялануы заңнамаға сәйкес міндетті болып табылатын ақпараттан басқа, Компания өзінің ағымдағы және жоспарланған қызметі туралы, сондай-ақ Компания қызметін барлық мүдделі тараптардың

толық түсінуі үшін басқа да ақпаратты береді;

4. теңгерімділік қағидаты – мүдделі тұлғалардың ақпарат алуға құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, бірақ коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қол жеткізуді шектеуге қатысты Компанияның, оның Жалғыз акционерінің мүдделерін қатаң сақтау шартымен, Компанияның бір жағынан – ашықтық пен айқындылықтың, екінші жағынан – құпиялылықтың орынды теңгерімін қамтамасыз етуі.

Қызмет туралы ақпаратты ашудың айқындылығы және объективтілігі

қағидаты сонымен қатар Компанияның Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген. Ақпаратты ашудың негізгі арналары:

- Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы;
- Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсы;
- Компанияның корпоративтік сайты;
- Facebook, Instagram, Twitter әлеуметтік желілері.

ҚазАгроҚаржы заңнамаға және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құпия ақпаратты қорғау шараларын сақтау үшін материалдық-техникалық базаны қамтамасыз етеді (өртүрлі компьютерлік бағдарламалар, орынжайларға қол жеткізу тетіктері, құжаттарды жоюға арналған жабдықтар және т.б. түрінде).

Компания Басқармасы коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын құпия ақпаратты қорғау, іскерлік ақпараттың жария болуынан немесе рұқсатсыз жылыстауынан болуы мүмкін ықтималды залалдың алдын алу, кез келген мүдделі тараптардың ақпаратты заңсыз пайдалануы фактілерін болдырмау мақсатында құпиялылық режимінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты қорғау мәліметтерді оларға қолжетімділігі жоқ адамдардың белгілі немесе белгісіз тобы арасында кез келген қабылдау үшін қолжетімді нысанда жария етуге тыйым салуда болып табылады.



— Заңнама талаптарына сәйкестік

Компания 2022 жылы елеулі мөлшерде айыппұлдар өндіріп алу көзделетін жауапкершілікке

тартылған жоқ. Компания бәсекелестікке қарсы мінез-құлық, монополияға қарсы және моно-

полиялық практика, экологиялық талаптардың бұзылғаны үшін жауапқа тартылған жоқ.

— Мүшелік қауымдастықтар

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ 2004 ЖЫЛҒЫ 7 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН ҚАРЖЫГЕРЛЕРІ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ МҮШЕСІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ҚҚҚ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ БАНКТЕРДІ, САҚТАНДЫРУ ҰЙЫМДАРЫН, ИПОТЕКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИЗИНГТІК КОМПАНИЯЛАРДЫ, МИКРОКРЕДИТТІК ҰЙЫМДАРДЫ, БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ КӘСБИ ҚАТЫСУШЫЛАРЫН ЖӘНЕ Т.Б. БІРІКТІРЕДІ.

2013 жылдан бастап ҚазАгроҚаржы Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – Атамекен ҰКП) мүшесі болып табылады. Атамекен ҰКП – коммерциялық емес ұйым. Оны ҚР Үкіметі және мемлекеттік органдар бизнестің келіссөздік күшін күшейту үшін құрылған.

Кәсіпкерлер палатасы өз қызметімен ішкі және сыртқы сауданы қоса, кәсіпкерліктің барлық салаларын қамти отырып, шағын, орта және ірі бизнестің мүдделерін

білдіреді. Атамекен ҰКП-ның басты міндеті – бизнестің құқықтары мен мүдделерін қорғау және бизнес жұмысының заңнамалық және өзге де нормативтік қағидаларын қалыптастыру процесіне барлық кәсіпкерлердің кеңінен қамтылуы мен тартылуын қамтамасыз ету.

Бұдан басқа, 2016 жылғы қазан айынан бастап ҚазАгроҚаржы Қазақстан Салық төлеушілер қауымдастығының мүшесі болып табылады. Компания нормативтік құқықтық актілердің жобалары туралы салық салуға қатысты ақпаратты үнемі алады және оларға ұсыныстар жібереді.

2022 жылдың 11 қарашасынан бастап Компания Ұлттық ESG клубына кірді. Ұлттық ESG клубы – бұл бизнес, мемлекет және қоғам өкілдері орнықты даму бойынша біліммен, тәжірибемен және озық практикалармен алмасатын платформа. ESG клубының миссиясы –

орнықты дамудың көшбасшысы болу, орнықты бизнес пен қоғамды дамыту үшін қолайлы орта құру және маңызды әлеуметтік және экологиялық мәселелерге қоғамның назарын аудару.

— Өнім үшін жауапкершілік

Компания көрсететін қызметтердің мүдделі тараптардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне

қатысты заңнама талаптарына сәйкессіздігі жағдайлары есепті жылы болған жоқ.

— Шағым беру және проблемалар туралы ақпараттандыру механизмі

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮРГІЗУДІҢ АЙҚЫНДЫЛЫҒЫ ҚАҒИДАТЫН ҰСТАНАДЫ ЖӘНЕ КЕРІ БАЙЛАНЫС АЛУ ҮШІН АШЫҚ, КОМПАНИЯНЫҢ БҰЛ БАҒЫТТАҒЫ ҚЫЗМЕТІ БАСЫМДЫҚТАРДЫҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында халықпен, Компанияның қарыз алушыларымен және лизинг алушыларымен кері байланыс ұйымдастырылған.

Өтініш жасау – бұл Компания қызметінің осал тұстары айқындалатын индикатор; бұл бұзушылықтар мен оларға ықпал ететін себептерді жоятын шұғыл шаралар қабылдау үшін белгі.

Компанияның атына жеке және заңды тұлғалардың 544 өтініші, оның ішінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және басқа да мемлекеттік ор-

гандардың өтініштері келіп түсті. Олардың жалпы санының 12,5%-ы шағым және 5,5%-ы – ұсыныстар.

Компанияда бастамашылық ақпараттандыру желісінің Компания қызметіндегі комплаенс-тәуекелдерді және оның жұмыскерлерінің комплаенс-тәуекелдерін айқындау құралы (*соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг*) ретінде тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін келесі іс-шаралар өткізілді:

1. жедел желі үшін бөлек телефон нөмірі бөлінген: +7 (7172) 580-411. Жедел желіге қоңырау соғу ішкі нөмірді теріп, оператордың жауабын күтусіз жүзеге асырылады, қоңыраудың автоматты түрде жауапты тұлғаларға қайта адрестелуі орнатылған;
2. жедел желінің **hotline@kaf.kz** электрондық поштасына хабарламалар жеткізу орнатылған.

Хабарламалар бір мезгілде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің корпоративтік поштасына түседі;

3. корпоративтік сайтта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің электрондық поштасына хабарламалар жіберуге арналған нысан бапталған.


Аталған іс-шаралар бастамашылық ақпараттандыру арналарының барлығы бойынша өтініштерді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің бақылап отыруы арқылы құқық бұзушылықтарды уақтылы айқындауға және олардың алдын алуға бағытталған.

Келіп түскен әрбір хабарлама, өтініш Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында регламенттелген тәртіппен қаралуға жатады.

Теріс әсерлер айқындалған жағдайда Компания оларды жою үшін қажетті шараларды қабылдауға дайын.

Өтініштермен жұмыс істеу схемасы

Өтініштерді және өтініштермен байланысты сұрауларды өңдеу тәртібі



Брендинг және PR саласындағы қызмет

ОҢ ИМИДЖДІ НЫҒАЙТУ ҮШІН ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ ТУРАЛЫ ХАБАРДАР ЕТУ ҮШІН КОМПАНИЯ 2022 ЖЫЛЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕ КЕҢ АҚПАРАТТЫҚ НАУҚАН ЖҮРГІЗДІ.

Жыл бойы Компанияның коммуникациялық стратегиясы аясында Facebook, Instagram, Twitter

желілеріндегі ресми беттерде ақпараттық хабарламалар орналастырылды. Республикалық интернет-порталдарда және облыстық басылымдарда Компания қызметі туралы материалдар мен мақалалар жарияланды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында ҚазАгроҚаржының ауыл

шаруашылығы техникасын қаржыландыруы туралы ақпарат жарияланды, кейбір облыстық газеттерде егіс науқанына дайындық туралы Компания қызметі тұрғысынан дайындалған материалдар жарияланды.

Әлеуметтік желілерде отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техника-

сын қаржыландыруға бағытталған жаңа «Жеңілдікті лизинг» бағдарламасы туралы кеңінен айғақталды.

Шығыс Қазақстан облысына баспасөз туры өтті. Баспасөз турының шеңберінде журналистер ҚазАгроҚаржының клиенті «Темірлан және К» ЖШС-ның егін алаңына барды. Баспасөз турының барысында БАҚ өкілдері шаруашылықтың және Компанияның филиалының басшылығынан, сол сияқты аталған ауыл шаруашылығы кәсіпорнының механизаторларынан сұхбат алды. Республикалық ақпараттық пор-

талдарда, бірқатар БАҚ-тарда және Компанияның әлеуметтік желілердегі аккаунттарында мақалалар жарияланды.

Семей қаласында Абай облысы бойынша филиалдың ашылуы шеңберінде ҚазАгроҚаржы Басқармасының, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ төрағаларының, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдерінің қатысуымен баспасөз туры ұйымдастырылды. Баспасөз турының қорытындысы бойынша Абай облысына 30 республикалық және өңірлік БАҚ-та материалдар

және «ТВК-6» телеарнасында қайталанған 1 сюжет жарияланды.

Жыл соңында «AIQYN» және «Литер» республикалық қоғамдық-саяси газетінде «Агроөнеркәсіп саласын қаржыландырудың маңызы айрықша», «ҚазАгроҚаржы»: тиімді шартпен берілетін техника», «Бизнесіңің дамыту үшін серпін» және «ҚазАгроҚаржы»: тиімді шартпен берілетін техника» мақалалары жарық көрді. Мақалаларда ҚазАгроҚаржы лизингтік бағдарламалары арқылы ауыл шаруашылығы техникасын сатып алудың артықшылықтары туралы баяндалды.



07

Орнықты даму

Басқарма Төрағасының орнықты даму мәселелері бойынша үндеуі	158
Орнықты даму саласындағы саясат	159
Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу туралы есеп	166
Экономикалық әсер	173
Құрылған экономикалық құн	173
Сатып алу іс-тәжірибесі	174
Әлеуметтік жауапкершілік	176
Кадрлық саясат	176
Персоналдың құрылымы	177
Жұмыскерлерді оқыту және дамыту	181
Мотивация және сыйақы	183
Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау	185
Кадрлық резерв	186
Жылдық жалпы өтемақы коэффициенті	187
Этномәдени әртүрлілік	187
Спорттық-сауықтыру іс-шаралары	187
Әлеуметтік қолдау	188
Еңбекті қорғау және қауіпсіздік	189
Демеушілік және қайырымдылық	190
Экологиялық әсер	191
Қоршаған ортаны қорғау	191



Басқарма Төрағасының орнықты даму мәселелері бойынша үндеуі



**Прашев
Айдар
Гилимович**

Құрметті серіктестер!

ҚазАгроҚаржы Қазақстанның АӨК лизингі нарығында көптеген жылдар бойы көшбасшы болып келеді. Компания қызметінің қаржылық және операциялық нәтижелері тұрақты түрде өсуде.

ҚазАгроҚаржы өз қызметінде мүдделі тараптардың мүдделер теңгерімін сақтау жолымен орнықты даму қағидаттарын тиімді іске асыруға ұмтылады.

Компания өз қызметінде БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары (ОДМ) бойынша Компания қызметінің негізгі стратегиялық мақсаттарына сәйкес келетін 7 мақсатты анықтады.

Біз Компанияның басты сипаттарын сақтаймыз, олар: көрсетілетін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету,

клиенттерге, олардың қажеттіліктері мен қауіпсіздігіне ықыласты болу, біздің көрсететін қызметтеріміз бен сервистеріміздің сапасы туралы қам жеу. Компания персоналдың жоғары деңгейде әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етеді, үнемі оқыту және біліктілікті жоғарылату, қайырымдылық және әлеуметтік көмек көрсету жүйесіне қолдау көрсетеді және оны дамытып отырады.

ҚазАгроҚаржы Компанияның бизнес-процестеріне ESG-бағдарланған практикаларды енгізуін және орнықты дамудың оң тәжірибесін қолдануын жалғастыратын болады.

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Басқармасының
Төрағасы**

Прашев Айдар Гилимович

Орнықты даму саласындағы саясат



«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ КЕЗЕҢДЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК АСПЕКТІЛЕРІН ҮЙЛЕСІМДІ БАСҚАРУҒА ҰМТЫЛАДЫ.

Орнықты даму бойынша міндеттерді орындай отырып, Компания өзінің миссиясына, ҚазАгроҚаржы Даму стратегиясына сүйенеді, сонымен қатар мінез-құлықтың халықаралық нормалары мен орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарда белгіленген қағидаттарды пайдаланады.

Орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды Компания өз қызметінің халықаралық іс-тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етудің және орнықты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.

Компания Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №7 шешімімен бекітілген Орнықты

даму жөніндегі саясатты басылыққа алады. Саясат Орнықты даму саласындағы басқару жүйесін құрудың негіз қалаушы қағидаттары мен тәсілдерін анықтайды.

Орнықты даму Компанияда үш құрамдас санаттан тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік, олардың аспектілерін GRI Standards ескереді.

Орнықты дамудың экономикалық құрамдасы келесі мақсаттардан тұрады:

- қызметтің шығынсыздығы;
- Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
- процестердің тиімділігін арттыру;
- ауыл шаруашылығына инвестициялардың өсуі.

Орнықты дамудың экологиялық құрамдасы келесі мақсаттардан тұрады:

- биологиялық және физикалық табиғат жүйелеріне әсерді барынша азайту;

- органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдану.

Орнықты дамудың әлеуметтік құрамдасы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған және соның ішінде келесі мақсаттарды қамтиды:

- жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық процедура мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын сақтау;
- еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау;
- жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
- ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуы.

Компания өзінің қызметіне осы үш аспект бойынша талдау жүргізеді, сонымен қатар өз қызметінің нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға неме-

се төмендетуге ұмтылады. ҚазАгроҚаржы БҰҰ Орнықты дамуы мақсаттарының барлық 17 мақсатының маңыздылығын қолдайды және мойындайды және ОДМ-ға қол жеткізуге елеулі үлес қосуға ұмтылады.

КОМПАНИЯ ӨЗ ҚЫЗМЕТІ ШЕҢБЕРІНДЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МЫНАДАЙ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ:

ОДМ 1. Кедейшілікті оның барлық нысандарында жаппай жою

- қаржылық қызмет көрсетудің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру
- қайырымдылық және демеушілік көмек

ОДМ 2. Ашаршылықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының орнықты дамуына жәрдемдесу

- Компания ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-ті техникалық жарақтандыруға жәрдемдесуді жүзеге асырады. Осылайша, АӨК-ті жоғары

өнімді техникамен технологиялық жаңарту арқылы Компания азық-түлік қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді.

ОДМ 3. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету

- қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және Компания жұмыскерлерінің денсаулығын сақтау
- жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау

ОДМ 5. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

- тең жұмыс жағдайлары мен тең мансаптық мүмкіндіктер жасау
- қызметті бағалаудың және сыйақының тең жүйесін қамтамасыз ету

ОДМ 8. Ұдайы, бәрін қамтыған және орнықты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барша үшін лайықты жұмыс болуына жәрдемдесу

- ауыл шаруашылығында инвестициялардың өсуі

- лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-те бизнесті дамыту

ОДМ 12. Тұтынудың және өндірістің ұтымды модельдерін қамтамасыз ету

- энергия үнемдеу мәдениетін арттыру
- ресурстарды тұтынуды (энергия тұтынуды, су тұтынуды) азайту
- Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру арқылы қағаз құжат айналымын оңтайландыру

ОДМ 15. Құрлық экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозуы процесін тоқтату және кері қайтару және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату

- ҚазАгроҚаржы лизингке қоршаған ортаға ескірген тозығы жеткен техникамен салыстырғанда теріс әсері аз жаңа заманауи техника ұсынады (пайдалану кезінде мұнай-химия қалдықтарының түсуі нәтижесінде атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының мөлшері мен топырақтың ластануы азаяды).

— **Орнықты даму (ESG)**



БҰҰ орнықты даму мақсаттары:	БҰҰ орнықты даму міндеттері:	Қоғамның қосқан үлесі:
Кедейлікті барлық нысандарда жаппай жою	Кедейлікті жою бойынша іс-шаралардың жедел инвестициялануына жәрдемдесу үшін ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейде кедейлердің мүдделері мен гендерлік аспектілерді ескеретін даму стратегияларына негізделген сенімді стратегиялық механизмдер құру.	<ul style="list-style-type: none"> • қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру • қайырымдылық және демеушілік көмек
Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу	Азық-түлік тауарлары мен және оларды өңдеу өнімдері нарықтарының тиісті жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдау және азық-түлік бағасының шамадан тыс құбылмалылығын шектеуге көмектесу мақсатында нарықтық, оның ішінде азық-түлік резервтері туралы ақпаратқа уақтылы қол жеткізуге жәрдемдесу.	<ul style="list-style-type: none"> • ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін лизингтік қызметтер көрсету жолымен Компания АӨК-ті техникалық жарақтандыруға жәрдемдесуді жүзеге асырады. • Осылайша, жоғары өнімді техникамен АӨК-ті технологиялық жаңарту арқылы Компания азық-түлік қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді
Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және барлық жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету	Денсаулық сақтау қызметтерімен жалпы қамтуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық санитарлық қызметтерге қолжетімділікті және қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрі-дәрмектер мен вакциналарға	<ul style="list-style-type: none"> • қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және Компания қызметкерлерінің денсаулығын сақтау • жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау



Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту

Әйелдердің саяси, экономикалық және қоғамдық өмірге жан-жақты және нақты қатысуын және оларға шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде көшбасшы болу үшін тең мүмкіндіктер берілуін қамтамасыз ету.

- тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау
- қызметті бағалаудың және сыйақы берудің тең жүйесін қамтамасыз ету

Ұдайы, бәрін қамтыған және орнықты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және барша үшін лайықты жұмыс болуына жәрдемдесу

Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде қосылған құны жоғары және еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару жолымен экономикада өнімділікті арттыруға қол жеткізу

- ауыл шаруашылығында инвестициялардың өсуі
- лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-те бизнесті дамыту

дамуға бағытталған, қызметтің өнімділігіне, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін саясатты жүргізуге жәрдемдесу және микро-, шағын және орта кәсіпорындарды ресми мойындауды және дамытуды көтермелеу

Өндіру мен тұтынудың рационалды модельдерін қамтамасыз ету

Әртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде қосылған құны жоғары және еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару жолымен экономикада өнімділікті арттыруға қол жеткізу

- энергия үнемдеу мәдениетін арттыру
- ресурстарды тұтынуды (энергия тұтынуды, су тұтынуды) азайту
- Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру арқылы қағаз құжат айналымын оңтайландыру



Құрлық экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозуы процесін тоқтату және кері қайтару және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату

2030 жылға қарай қалдықтардың көлемін олардың пайда болдырмау, азайту, өңдеу және қайта пайдалану арқылы айтарлықтай азайту

- ҚазАгроҚаржы лизингке қоршаған ортаға ескірген тозығы жеткен техникамен салыстырғанда теріс әсері аз жаңа заманауи техника ұсынады (пайдалану кезінде мұнай-химия қалдықтарының түсуі нәтижесінде атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының мөлшері мен топырақтың ластануы азаяды).

КОМПАНИЯДАҒЫ ОРНЫҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫҢ ЖАЛПЫ ЖҮЙЕСІ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЖЫРАМАС БӨЛІГІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

Директорлар кеңесі орнықты дамуды енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады. Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу механизмі «Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу туралы есеп» бөлімінде ашылып көрсетілген.

Компанияның орнықты дамуы саласындағы міндетті іске асыру жөніндегі ақпаратты Директорлар кеңесі Компанияның даму жоспары мен даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есептерді қарау шеңберінде қарайды және бекітеді.

Басқарма орнықты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ өзгерістерді, толықтыруларды бекітеді және оның іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асырады. Басқарма орнықты даму бойынша іс-шараларды үйлестіру үшін жауапты. Компанияның орнықты даму бойынша қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімшесінің басшысы саясатты басқаруды қамтамасыз ету үшін жауапты.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асырады. Орнықты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру үшін Компанияның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өз құзыреті шегінде дербес жауапты болады.

Компанияның құрылымдық бөлімшелері орнықты даму бойынша іс-шараларды іске асырудың нәтижелері туралы ақпаратты, сондай-ақ Компанияның жылдық есебіне енгізілетін ақпаратты ұсынады, қажет болған жағдайда Компанияның осы саладағы қызметін жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Компанияның орнықты даму бойынша қызмет бағытына жетекшілік ететін құрылымдық бөлімше мыналарды жүзеге асырады:

- орнықты даму бойынша қызметті жоспарлау – ішкі және сыртқы ахуалды талдау, орнықты даму саласындағы мақсаттарды, сондай-ақ нысаналы көрсеткіштерді, орнықты

дамудың үш құрамдас бөлігі бойынша қызметті жақсарту және жетілдіру іс-шараларын, жауапты тұлғаларды, қажетті ресурстар мен орындау мерзімдерін айқындау;

- Компанияның осы Саясаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған құрылымдық бөлімшелерінің қызметін үйлестіреді;
- орнықты даму бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуы жөнінде есеп дайындайды;
- орнықты даму туралы бөлім қосып, Компанияның жылдық есебін дайындайды.

Компанияның жылдық есебі жыл сайын жылдық есептер конкурсына қатысады.

Жылдық есептер конкурсында ҚазАгроҚаржыға ESG-ақпаратты ашудың «В+» рейтингі берілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша жылдық есеп «ESG-ақпаратты ашып көрсету деңгейі бойынша үздік қаржы компаниялары» рейтингінде 1 орынды, сондай-ақ ESG-ақпаратты ашудың жалпы рейтингінде 5 орынды иеленді. Бағалауды PricewaterhouseCoopers (PwC) Kazakhstan жүргізді. Рейтингте 2021 жылғы нәтижелер бойынша 98 компанияның Жылдық есептері бағаланды. Негізгі критерийлер ESG-ақпараттың толықтығы, қолжетімділігі және сапасы болды.

PwC әсіресе ҚазАгроҚаржыны атап өтіп, Компания ESG есептілігін ашу бойынша қаржы индустриясының көшбасшыларының бірі болып табылатынын атап өтті.

«Қазақстан қор биржасы» АҚ өткізген жылдық есептер конкурсында «ҚазАгроҚаржы» АҚ «Қаржы секторындағы 2021 жылғы үздік жылдық есеп» номинациясының лауреаты және «2021 жылғы жылдық есептің үздік дизайны» номинациясының жүлдегері болып танылды.

Барлық жұмыскерлер мен шенеуніктер бүкіл деңгейде Компанияның орнықты дамуына үлес қосады.

2022 жылдың маңызды оқиғаларының бірі «Жеңілдікті лизинг» жаңа қаржыландыру бағдарламасын енгізу болды. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаев 2022 жылғы 14 шілдеде ҚР Үкіметінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзінде ҚР Үкіметіне «Жасыл-Даму» АҚ қаражаты есебінен отандық а/ш техникасын сатып алу мақсатында жеңілдікпен кредит беру механизмін енгізуді тапсырды.

«Жеңілдікті лизинг» бағдарламасы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне (15-тармақша) 388-баптың 1-тармағы) және Үкіметтің 2021 жылғы 2 қыркүй-

ектегі № 604 қаулысымен бекітілген **Қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға бағытталған өңдеу саласындағы жобаларды одан әрі қаржыландыру үшін** дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке және (немесе) ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымды өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері операторының қаржыландыруы қағидаларына сәйкес іске асырылды.

ҚазАгроҚаржы осы бағдарлама бойынша лизингтік компания болып анықталды. Жеңілдікті лизинг бағдарламасын іске асыру үшін отандық өндірістің мыңға жуық өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 40 млрд теңге бөлінді. Лизингке техникалық регламенттерде айқындалған экологиялық талаптарға сәйкес келетін және сәйкестік сертификаттары бар техника беріледі.

Компанияның негізгі бизнес-үдерістеріне орнықты даму қағидаларын енгізу мақсатында есепті жылы ҚазАгроҚаржының орнықты даму жөніндегі 2022 жылға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылды. Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті Басқарма қарады.

Жоспарды іске асыру шеңберінде мынадай іс-шаралар өткізілді:

- Компанияда ESG қағидаттарына сәйкес қаржыландыру құралдарын енгізу мүмкіндігі талданды. АХҚО жасыл қаржы қор биржасының өкілдерімен жасыл облигациялар шығаруға, жасыл облигацияларды орналастыру процедурасына, сыртқы верификацияға қатысты және IFC REGIO TAF командасымен Greenbond framework (Жасыл облигациялар құрылымы) дайындау мәселесі бойынша кездесулер өткізілді.
- ESG бойынша ұсыныстар мен бастамаларды ілгерілету мақсатында 2022 жылғы 11 қарашада ҚазАгроҚаржы Ұлттық ESG клубына қосылды;
- ESG тәуекелдері ескерілген тәуекелдер картасы және тәуекелдер регистрі бекітілді;
- Компания кеңсесінің қажеттіліктері үшін жасыл сатып алулардың тізімі анықталды. 2022 жылы Жасыл сатып алу көлемі 15,06 млн теңге (ҚҚС ескерусіз) құрады және ол тауарлардың мынадай түрлерін қамтиды: қағаз, тездікпе, қаламдар, қарындаштар, конверттер, жарық диодты шамдар және экологиялық материалдардан өндірілген және қоршаған ортаға теріс

әсер етпейтін басқа да кеңсе және шаруашылық тауарлары;

- ҚазАгроҚаржының экологиялық және әлеуметтік саясаты бекітілді;
- құрылымдық бөлімшелерге энергия ресурстары мен суды жауапты тұтыну мәдениетін арттыруға қатысты ақпарат жіберілді;
- ЭҚЖ бағдарламасына құжаттардың жекелеген түрлері бойынша (сыртқы шығыс хаттар, төлем тапсырмалары, сатып алуға тапсырыстар, өкімдер) жұмыскерлердің ЭЦҚ пайдалануы енгізілді;
- Компанияның орталық аппаратының ғимаратында мамандандырылған кәсіпорындарға беру үшін макулатура жинау пункті ұйымдастырылды. 2022 жылы мамандандырылған кәсіпорынға 2 382,4 килограмм макулатура берілді;
- жұмысқа қабылдау кезінде кандидаттарды конкурстық іріктеудің айқындылығы және тең мүмкіндіктер қамтамасыз етілді. Компанияның бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеу оларды бағалау кезінде тең өлшемшарттарды қолдана отырып, ішкі және сыртқы конкурс өткізу жолымен конкурстық іріктеу процедурасын қолданумен жүзеге асырылады;
- Компания жұмыскерлерін оқыту жүргізілді. 2022 жылдың

қорытындысы бойынша 312 жұмыскер, оның ішінде 52 филиал жұмыскері біліктілікті арттыру тренингтері мен курстарынан өтті;

- корпоративтік рухты дамыту мақсатында 2022 жылғы 6 мамырда Компанияның Орталық аппаратының жұмыскерлерінің қатысуымен команда құру бойынша көшпелі тренинг өткізілді, сондай-ақ 2022 жылғы 9 желтоқсанда «Компанияның Орталық аппараты мен филиалдарының жұмыскерлерінің қатысуымен 2022 жылдың қорытындысын шығару» стратегиялық сессиясы өткізілді;
- Компания жұмыскерлері медициналық сақтандырумен қамтамасыз етілген
- 2 100 000 теңге жалпы сомасына қайырымдылық көмек көрсетілді, сондай-ақ Компания жұмыскерлерінің қаражат жинауы есебінен Компания жұмыскеріне 522 845 теңге сомасында материалдық көмек көрсетілді.

Компанияда орнықты дамуды басқару қызметті басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырама бөлігі болып табылады.

– Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу туралы есеп

КОМПАНИЯ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БАРЫСЫНДА МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ ЖӘНЕ ӨЗІ ДЕ ОЛАРДЫҒЫ ЫҚПАЛЫНА ҰШЫРАЙДЫ.

Стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін көтеруге, Компанияны капиталдандыруға, мүдделі тұлғалардың барлығымен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады.

Мүдделі тараптар Компания қызметіне, атап айтқанда даму стратегиясын тиімді іске асыруға, орнықты дамуға, беделі мен имиджіне оң әсер етуі де, сол сияқты және теріс әсер етуі де мүмкін, тәуекелдерді тудыруы немесе азайтуы мүмкін. Компания мүдделі тараптармен тиісінше өзара ықпалдасуға үлкен мән береді.

ҚазАгроҚаржы мүдделі тараптарды анықтау және өзара әрекеттесу кезінде мүдделі тараптарды анықтау және олармен өзара әрекеттесу бойынша халықаралық стандарттарды қолданады.

Мүдделі тараптар тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесі мен Компанияның мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында 2021 жылы Компания стейкхолдерлерінің картасы бекітілді, 2022 жылы Стейкхолдерлер картасы Жалғыз акционердің ауысуына байланысты өзектендірілді.

Әсер ету аясына байланысты Компания мүдделі тараптардың 3 (үш) тобын анықтайды:

1. өкілеттік және жауапкершілік аясы (Жалғыз акционер, басқару органы, менеджмент және персонал);
2. тікелей әсер ету аясы (мемлекеттік органдар мен реттеушілер, инвесторлар, қаржы институттары, өнім берушілер, серіктестер, клиенттер, тұтынушылар, аудиторлар, кредиторлар және консалтингтік ұйымдар);
3. жанама әсер ету аясы (халық, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, бәсекелестер және кредиттік рейтингтік агенттіктер).

Компания мүдделі тараптармен тиімді диалог пен ұзақмерзімді

ынтымақтастық құру үшін шаралар қабылдайды.

Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу нормативтік құқықтық актілермен де, сол сияқты ішкі корпоративтік құжаттармен де реттеледі.

Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу процесі қатыстыру қағидатына негізделген, ол қызметті басқару процесінің барлық кезеңдерінде мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шектерін талқылауға мүдделі тараптарды қатыстыруды білдіреді.

Қатыстыруға төмендегі үш қағидат сақталған жағдайда қол жеткізілді:

- **елеулілік:** Компания үшін де, сол сияқты стейкхолдерлер үшін де маңызды мүдделерді анықтау;
- **толықтық:** өз қызметінің, стейкхолдерлердің Компания қызметіне байланысты пікірі мен қажеттіліктерінің, сонымен қатар олардың күту-

лерінің елеулі салдарын сезіну және түсіну;

- **ден қою:** объективті түрде ден қою және мүдделі тараптар үшін елеулі болып табылатын мәселелер бойынша барабар шаралар қабылдау.

Барлық мүдделі тараптардың ортақ мүдделерді сақтауға қатысуы Компанияның табысты қызметінің негіз қалаушы шарты болып табылады.

Стейкхолдерлермен тиімді өзара ықпалдастық мынадай мүмкіндіктер береді:

- мәселелерді шешу және мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстарды (білім, кадрлар, ақша және технологиялар) біріктіру;

- сыртқы ортаны, нарықтың дамуын қоса, бағалау, сонымен қатар жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді анықтау;
- бизнес-процестерді жетілдіру;
- қызметтің ашықтығы мен айқындылығы саясатын жүргізу.

Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасудың негізгі механизмдері:

- келісімшарттар, шарттар, ынтымақтастық туралы келісімдер;
- іскерлік кездесулер мен презентациялар;
- корпоративтік коммуникациялар жүйесі;
- бірлескен жұмыс топтары;
- жұмыскерлер мен клиенттер үшін жедел желі;
- жұмыскерлердің, тұтынушылардың, жергілікті қоғамдас-

- тықтардың пікірлерін сұрау және зерттеу;
- қауымдастықтарға мүше болу;
- конференциялар, дөңгелек үстелдер;
- есептілік.

Компанияның атқарушы органы, оның құрылымдық бөлімшелері өз өкілеттіктері мен құзыреттері шегінде мүдделі тараптармен тікелей өзара әрекеттеседі. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу процесін бақылау-қадағалау функцияларын Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

Компания ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды анықтады және олардың талаптары мен үміттерін талдады.



Мүдделі тараптар

- Тұтынушылар (қарыз алушылар), клиенттер** – Компанияның басты стейкхолдері. Қаз-АгроҚаржы клиенттік базаны кеңейтуге және көрсетілетін қызметтердің сапасын жоғарылатуға мүдделі.

Талаптар мен күтулер

- Ұсынылатын техника тізбесін көбейту.
- Компания қызметтерін алу бойынша процедураларды жеңілдету.
- Пайыздық мөлшерлемені төмендету
- Қарау мерзімдерін қысқарту.
- Компания тарапынан қызмет көрсету сапасын жоғарылату.
- Қаржыландыру алу.
- Құжаттар топтамасын дайындауда консультациялық көмек.
- Компанияның ресми сайтына уақтылы жүргізіп отыру және тұтынушылар үшін қажет ақпаратпен толықтырып отыру.
- Қызметтер, ұсыныстар, акциялар туралы ақпараттың қолжетімділігін жоғарылату.
- Басқа қалалардағы филиалдардың санын көбейту.

Біз өзара қалай ықпалдасамыз?

- Клиенттермен жұмыс бойынша құрылымдық бөлімшенің бар болуы.

- Бизнес-процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру.
- Корпоративтік сайтта кері байланыстың бар болуы.

Біз не істеудеміз?

Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен клиенттердің қанағаттанушылығын жақсарту Компанияны дамытудың маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Барынша тиімді құралдарды жасау үшін біз өнімдер линейкасын жақсарту бойынша жұмысты жалғастырамыз.

2022 жылы «Жеңілдікті лизинг» жаңа қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды.

Бұдан басқа, бизнес -процестерді дамыту бойынша жұмыс үнемі жүргізілуде, әлеуетті қарыз алушылар үшін ІНҚ жетілдіру және кредиттік-лизингтік процестің кезеңдерін оңайлату бойынша жұмыс жүргізіледі.

Есепті кезеңде негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру және оңтайландыру шеңберінде Компанияда АӨК субъектілерінің ең танымал екі бағдарлама – «Экспресс-лизинг» және «Жеңілдікті лизинг» бойынша қаржыландыруға online.kaf/kz порталында online-өтінім беру функционалы іске асырылды.

Корпоративтік сайтта кері қоңырау функциясы жұмс істейді.

«Жедел желі» байланыс арнасы бар.

Мүдделі тараптар

- Өнім берушілер.** Серіктестік қатынастар құру – өзара тиімді ықпалдастықтың негізгі міндеттерінің бірі.

Талаптар мен күтулер

- Ұзақ мерзімді әріптестік қарым-қатынастар жасасу және оларды сақтау.
- Сатылып алынатын техника мен жабдықтардың көлемдерін көбейту.
- Тауарлар мен қызметтердің төлемін келісілген шарттарға сай толық және уақтылы алу.
- Сұратылып отырған лизинг нысанасы маркасының, моделінің дәл сипаттамасы және оның ерекшелігі.

Біз өзара қалай ықпалдасамыз?

- Шарттар жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау жолымен өзара пайдалы әріптестікті қалыптастыру.
- Сатып алулар өткізу жүйесінің бар болуы.
- Форумдарға, көрмелерге қатысу.

- Бірлескен жобаларды жүзеге асыру.

Біз не істеудеміз?

Компанияның лизинг нысаналары бойынша өнім берушілерге қоятын талаптары барша үшін бірыңғай болып табылады және Компанияның сайтында орналастырылған, бұл өнім берушілер үшін Компаниямен өзара ықпалдасу процесін жеңілдетеді.

Компанияның лизинг нысаналарын сатып алу процедурасы бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

Клиенттердің керекті өнім берушілерді іздеуі ыңғайлы болу үшін Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтында Компанияның олармен бірге жұмыс істеу тәжірибесі бар ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтар мен ІҚМ жеткізушілердің базасы жарияланған.

Компания өнім берушілермен жұмыс жүйесінің айқындылығын қамтамасыз етеді және кері байланыс үшін ашық, өнім берушілердің наразылықтары мен талап арыздарын уақтылы қарау мен реттеуді қамтамасыз етеді.

Компания жыл сайын халықаралық және ішкі көрмелерге қатысады және форумдарға қатысады.

2022 жылы Компания келесі көрмелерге қатысты:

- «AGRITEK/FARMTEK ASTANA 2022» халықаралық көрмесі;
- «AgriTek Shymkent – 2022» халықаралық көрмесі;
- «KazAgro&KazFarm 2022» халықаралық көрмесі;
- «Қазақстандық Дала күні» – «Jana Dala» / «Green Day» – 2022», Ақмола облысы Ақкөл ауданы, «Еңбек» ЖШС-ның демонстрациялық алаңдарында;
- «АгроҚостанай – 2022» өңірлік көрмесі.

Мүдделі тараптар

- Кредиторлар/инвесторлар.** Компания инвесторларға қатысты транспарентті саясатты ұстанады, өз кредиторларымен / инвесторларымен ұзақ мерзімді сенімді қарым-қатынасты сақтауға және жаңа қатынастар орнатуға мүдделі.

Талаптар мен күтулер

- Капитал жұмсалымының қауіпсіздігі, кейін пайда алумен Компанияның төлемге қабілеттілігі және кірістілігі.
- Өзіне қабылданған міндеттемелерді сақтау және уақтылы орындау.

Біз өзара қалай ықпалдасамыз?

- Инвесторлар/кредиторлар тарту жұмысын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің бар болуы, қабылданған міндеттемелердің орындалуын мониторингтеу.
- Екі жақты, үш жақты іскерлік келіссөздерге қатысу.
- Шарттарға, меморандумдарға қол қою.

Біз не істеудеміз?

Компанияның қарыз алу департаменті инвесторлармен/кредиторлармен әр түрлі қаржы құралдары арқылы қорландыруды тарту жолымен компания қызметін үздіксіз қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша өзара ықпалдасуды жүзеге асырады.

Сондай-ақ, қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Компания Қорландыру көздері мен инвесторлар базасын әртараптан-дыру саясатын ұстанады, оның көптеген жылдардан бері ынтымақтастықта жұмыс істеп келе жатқан инвесторлардың кең базасы бар.

Капиталды және активтерді тиімді басқару Компанияның қаржылық орнықтылықтың жоғары деңгейін ұстап тұруына, бұл рейтинг агенттіктерінің бағаларымен расталады.

Fitch Ratings халықаралық рейтинг агенттігі ҚазАгроҚаржының шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингтерін «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне көтерді, рейтингтер бойынша болжам «Тұрақты».

Мүдделі тараптар

4. **Мемлекеттік органдар мен реттеушілер** – еліміздің стратегиялық маңызды институттары. Компания заңнама талаптарын жауапты түрде орындайды.

Талаптар мен күтулер

- Компанияның өз қызметін заңнамамен сәйкестікте жүзеге асыруы, нормативтердің талаптарын орындау.
- Бюджетке төлемдерді уақтылы жасау.
- Жүргізілген тексерістердің қорытындылары бойынша ұйғарымдарды орындау.

Біз өзара қалай ықпалдасамыз?

- Заңнама талаптарын сақтау.
- Бақылау органдарымен өзара ықпалдастықты жүзеге асыратын бөлек құрылымдық бөлімшенің бар болуы.
- Өтініштерді уақтылы қарау және ұйғарымдарды орындау.

Біз не істеудеміз?

Ішкі бақылау жүйесі қаржылық-шаруашылық қызметті тиімді қадағалап отыруды қамтамасыз етеді және Компанияның өз мақсаттарына қол жеткізуіне және қызметін жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді барынша азайтуына бағытталған.

Менеджмент жүйесі Компанияда заңнаманы мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз етеді.

Бюджетке төленген салықтар мен төлемдер – 1,026 млрд теңге.

Мүдделі тараптар

5. **Бәсекелестер (лизинг компаниялары).** Компания өз бәсекелестерін құрметтейді және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтайды.

Талаптар мен күтулер

- Корпоративтік басқару кодексіне, Іскерлік этика кодексіне сәйкес адал бәсекелестік қағидаттарын ұстану. Нарықты мониторингтеу және талдау.

Біз өзара қалай ықпалдасамыз?

- Бәсекелестік ортаны талдауды жүргізу.

- Адал бәсеке қағидатын ұстану.

Біз не істеудеміз?

Компания басқа лизингтік ұйымдармен белсенді түрде өзара ықпалдасады және қаржыландырудың бұл түрі нарық қатысушыларының барлығының мүдделерінде барған сайын сұранысқа ие бола түсуі үшін Қазақстанда саланы дамытуға өз тарапынан барлығын жасауда.

Компания агроөнеркәсіптік кешен салаларын зерделеу бойынша, соның ішінде аймақтық ерекшелікке сәйкес және Компания қызметінің бағыттары бойынша, сонымен қатар Қазақстанның лизингтік және басқа қаржылық қызметтер нарығында маркетингтік зерттеулер мен талдамалық шолулар жүргізеді.

Мүдделі тараптар

6. **Сыртқы аудитті жүзеге асыратын ұйымдар (Есеп комитеті, тәуелсіз аудитор және т.б.).** Сыртқы бағалау институттары мүдделі тараптар тізіміндегі басты элементтердің бірі болып табылады.

Талаптар мен күтулер

- Компанияның ақшалай қаражатын және өзге де активтерін тиімді пайдалану.

- Заңнаманы, халықаралық, ұлттық стандарттарды ұстану.

Біз өзара қалай ықпалдасамыз?

- Тараппен өзара ықпалдастықты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің бар болуы.
- Консалтингтік және аудиторлық қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу.

Біз не істеудеміз?

Компанияда қаржылық менеджмент пен тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйелері құрылған, олар кредиттік, валюталық, баға тәуекелдерін және өтімділік тәуекелін уақтылы айқындауға, сенімді бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Жыл сайын қаржылық есептілікті тәуелсіз аудиттеу жүргізіледі. 2022 жылғы қаржылық есептілікті аудиттеудің қорытындылары бойынша, тәуелсіз аудитордың пікірі «Сөзсіз оң». Қаржылық есептілік Компанияның 2022 жылғы 31 желтоқандағы жағдай бойынша қаржылық ахуалын барлық елеулі аспектілерінде, сонымен қатар оның аталған күні аяқталған жыл ішіндегі қаржылық көрсеткіштері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес (ХҚЕС) шынайы көрсетеді.

Ішкі бақылау және ішкі аудит қызметтері жұмыс істейді.

Мүдделі тараптар

7. **Жалғыз акционер, басқару органдары (Директорлар кеңесі, Басқарма).** Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз ету – Компания басымдықтарының бірі.

Талаптар мен күтулер

- Компания кірістілігінің және құнының өсуі.
- Инвестициялардың қауіпсіздігі.
- Экономикаға үлес қосу.
- Компанияның келешекте дамуы үшін әлеует құру.
- Компанияның тұрақты өсуі және дамуы, мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу.

Біз өзара қалай ықпалдасамыз?

- Компания Жарғысының, Корпоративтік басқару кодексінің шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету.
- Жалғыз акционердің шешімдерін орындау.
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, ішкі құжаттарға сәйкес қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы шынайы ақпарат беру.

Біз не істеудеміз?

Қызмет ауқымын аграрийлерді қолдау шеңберінде кеңейту және қаржыны сапалы басқару Компанияның қаржылық көреткіштерінде оң көрініс тауып отыр. Корпоративтік басқаруды және шешімдер қабылдау жүйесін үнемі жетілдіру Компанияны дамытудың маңызды стратегиялық аспектісі болып табылады, оның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Бұл ретте корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненттері Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау және есептілік болып табылады.

2022 жыл қорытындылары бойынша, Компанияның стратегиялық ҚНҚ жоспарлық мәндеріне қол жеткізілді және орындау 100 және одан жоғары пайыз құрайды. 2022 жылы 12 111 222 мың теңге мөлшерінде 2021 жылға дивидендтер төленді.

Мүдделі тараптар

8. **Жұмыскерлер** – Компанияның аса маңызды активі және оның тиімді қызметінің негізі.

Талаптар мен күтулер

- Қанағаттанарлық әлеуметтік топтама, жайлы және қауіпсіз жұмыс жағдайлары (жұмыс

күнінің, демалыстардың кестесі), жұмыскерердің заңды құқықтарын сақтау.

- Мансаптық өсу мүмкіндігі және біліктілікті жоғарылату мүмкіндігі.

Біз не істеудеміз?

Компания ашық және айқын, білікті және уәждеделген персонал қалыптастыруды көздейтін кадрлық саясат жүргізуді қамтамасыз етеді.

Жұмыскерлер еңбек процесінде олардың әлеуеттері іске асырылуы, олардың еңбек нәтижелері риясыз және әділ бағалануы үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етіледі.

Жұмыскерлерді іріктеу мен мансаптық өсіру тек кәсіби дағдылар, тәжірибе мен білім негізінде жүзеге асырылады. Жұмыскерлерді

тивтік поштамен хабарламалар жолдау арқылы да жүзеге асырылады.

оқыту, олардың біліктілігін жоғарылату жүргізіледі.

Бірыңғай корпоративтік мәдениетті дамыту, негіз қалаушы құндылықтар мен қағидаттарды, корпоративтік этика мен мінез-құлық нормаларын бекіту мақсатында, Компанияның іскерлік этика Кодексі бекітілді.

Компанияда 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 312 жұмыскер, оның ішінде фронткеңсенің 52 жұмыскері түрлі тренингтер мен біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Оқыту үшін кәсіби жаттықтырушылар тартылды, оқыту офлайн және онлайн форматта қарастырылды.

Біз өзара қалай ықпалдасамыз?

- Жұмыскерлермен еңбек шарттарын жасасу.
- Компанияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған лауазымдық міндеттерді орындау.
- Келісу комиссиясының еңбек қатынастары іс-тәжірибесіне шағымдарды қарауы және келіссөздер жүргізу.
- Жұмыскерлермен коммуникациялар сол сияқты корпора-

Экономикалық әсер

Құрылған экономикалық құн

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАРЛАРЫН ӨНДІРУШІЛЕРДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚҰРАЛДАРҒА, СОНЫМЕН ҚАТАР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРЫНА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН ЛИЗИНГТІК НЕГІЗДЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖОЛЫМЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОРЫН ДАМУҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

Компания Қазақстан Республикасының экономикасына мына құралдар арқылы тікелей оң әсер етеді:

1. ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке беру;
2. салықтар және бюджетке басқа төлемдерді төлеу;
3. Компания қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар, жұмыстар және қызметтер сатып алуды жүзеге асыру;

4. Компания жұмыскерлеріне жалақы төлеу.

Бұдан басқа, Компания қызметі Компанияда қаржыландыру алған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қызмет нәтижелері: салықтар мен төлемдер төлеу, жалақы алу, қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру, өнімдер шығару есебінен жанама оң әсер етеді.

Құрылған және бөлінген тікелей экономикалық құн, млн теңге

Бап	2022 ж.	2021 ж.	Өзгерістер (2021 жылмен салыстырғанда 2022), %
Құрылған тікелей экономикалық құн:			
Кірістер	58 969	47 888	23,14%
Бөлінген экономикалық құн:			
Операциялық шығыстар	1 492	1 211	23,20%
Жалақы	3 192	3 067	4,08%
Пайыздар бойынша шығыстар	28 835	22 950	25,64%
Табыс салығынан басқа салықтар	297	302	-1,66%
Корпоративтік табыс салығы	413	-422	197,87%
Өзге шығыстар	4 121	3 478	18,49%
Бөлінбеген экономикалық құн	20 619	17 302	19,17%

Салық саясаты

Компанияда Қазақстан Республикасы Салық кодексінің 191-бабының талаптарына сәйкес әзірленген Салықтық есепке алу саясаты қолданылады. Компанияның Жарғысына сәйкес, салықтық есеп саясатын бекіту Басқарманың құзыретіне жатады. Компанияның Жарғысына сәйкес, Салықтық есеп саясатын бекіту Басқарманың құзыретіне жатады. Салық заңнамасында өзгерістер болған сайын Компанияның Салықтық есепке алу саясатына өзгерістер енгізіледі. Компания салық заңнамасының нормаларын қатаң сақтау позициясын ұстанады. Компанияның Салықтық есеп саясатының нормаларын сақтау үшін жауапкершілік Басқарма Төрағасы мен бас бухгалтерге жүктелген.

Компания жаңа, стандартты емес мәмілелер жасасу кезінде тәуе-

келдерді салық салуға қатысты бағалауды тұрақты негізде жүргізеді, заңнамаға енгізілген өзгерістердің Компанияның ағымдағы мәмілелеріне әсерін талдайды. Тәуекелдерді бағалау Компанияда қабылданған операциялық және қаржылық тәуекелдер жүйесіне сәйкес жүргізіледі. Компанияда салық тәуекелдерінің әсер ету дәрежесі көрсетілген Тәуекелдер картасы жыл сайын бекітіледі. 2009 жылдан бастап ҚазАгроҚаржы мониторингтелуге жататын ірі салық төлеушілер қатарындағы салық төлеуші болып табылады.

Ірі салық төлеушілерді салықтық мониторингтеу олардың қаржы-шаруашылық қызметін талдау жолымен салық төлеушілердің нақты салық салынатын базасын айқындау, Қазақстан Республикасының салық заңнамасының және қолданылатын нарықтық

бағалардың сақталуын бақылауды трансферттік баға белгілеу кезінде бақылау үшін жүзеге асыру мақсатында жүргізіледі.

Кейінге қалдырылған салықтардың қозғалысы туралы, корпоративтік табыс салығының мөлшері туралы ақпарат Компанияның қаржылық есептілігінде ашылады.

Компания Қазақстан салық төлеушілер қауымдастығының мүшесі екенін және нормативтік актілердің жобалары туралы салық салуға қатысты ақпаратты үнемі алып отыратынын, олар бойынша ұсыныстар жіберетінін атап өтеміз.

Сондай-ақ, қажет болған жағдайда Компания «Атамекен» ҰКП-мен салық заңнамасына жоспарланған өзгерістерге қатысты өзара ықпалдасады.

құқықтарын және (немесе) заңды мүдделерін сақтай отырып, сатып алу процесінің айқын және ашық болуы (тендер қорытындысы шығарылғанға дейін);

3. әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік, сатып

— Сатып алу іс-тәжірибесі

КОМПАНИЯ ОРТАЛЫҚ АППАРАТТЫ, ФИЛИАЛДАРДЫ ЖӘНЕ КЛИЕНТТЕРДІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ЖҮРГІЗУ ҮШІН ҚАЖЕТ САПАЛЫ ТАУАРЛАРМЕН, ЖҰМЫСТАРМЕН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҰМТЫЛАДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР БҰЛ РЕТТЕ «ҚАЗАГРОҚАРЖЫ» АҚ ТИІМДІ ЖӘНЕ АЙҚЫН САТЫП АЛУ ЖҮЙЕСІНЕ ҮЛКЕН МӘН БЕРЕДІ.

Сатып алу процедураларын өткізу Компанияда мынадай қағида-даттарға негізделеді:

1. сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
2. өнім берушілердің коммерциялық құпияға қатысты

алуға қатысушылардың өзара сөз байласуына жол бермеу;

4. сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі;
5. сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
6. отандық тауар өндірушілерге, сондай-ақ жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық жеткізушілерге Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға қайшы келмейтін шамада қолдау көрсету;
7. инновациялық және жоғары технологиялық тауарларды,

жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

8. осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуы өткізу процедурасына қатысу үшін әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;
9. сатып алынатын тауарлардағы зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды сақтау.

Компанияда сатып алулар нақты уақыт режимінде өткізіледі және қатысушыларға заңды іс-қимылдарды электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландыра отырып, тауарларды, жұмыстар мен

қызметтерді сатып алу бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелерді электрондық форматта жасауға қолжетімділік береді. Портал Компанияның бәсекелестік сатып алуларына қатысу үшін әлеуетті өнім берушілердің барлығына тең мүмкіндік береді. Сатып алу Еуразиялық электрондық порталда жүзеге асырылады: eep.mitwork.kz.

2022 жылы тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуының нақты көлемі (лизинг заттарын ескермегенде) 1 146,19 млн теңге құрады (ҚҚС ескерумен), 527 шарт жасалды, бұл ретте сатып алынатын ТЖҚ-дағы жергілікті қамту үлесі 76,55%, яғни 819,99 млн теңге құрады.

2022 жылы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу көлемі, %



- 24% Тауарлар
- 3% Жұмыстар
- 73% Көрсетілетін қызметтер

2022 жылғы сатып алу көлемі

Сатып алуды жүзеге асыру тәсілі	Сумма, мың теңге
Тендер	627 843,5
Баға ұсыныстарын сұрау	238 987,8
Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден	278 000,8
Электрондық дүкен	1 363,21

Әлеуметтік жауапкершілік

Кадрлық саясат

КАДР САЯСАТЫ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУДЫҢ БІРТҰТАС ҰЗАҚМЕРЗІМДІ СТРАТЕГИЯСЫ БОЛЫП ТАБИЛАДЫ, ОНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – ҰЙЫМНЫҢ ПОЗИЦИЯСЫН НЫҒАЙТУ, БҰЛ АЛҒА ҚОЙЫЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУ ҮШІН ЖЕТКІЛІКТІ БОЛЫП ТАБИЛАТЫН КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ МОБИЛЬДІ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ОРНЫҚТЫ ДАМУ ТУДЫ ТАЛАП ЕТЕДІ.

Кадр саясатының алға қойылған мақсатқа жетуге бағытталған міндеттері:

1. алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті кадрлармен әртүрлілік пен инклюзивтілік қағидаттарын сақтай отырып қамтамасыз ету;
2. адами капиталды дамытуды қамтамасыз ету үшін жұмыскерлердің құзыреттілік деңгейін, әсіресе цифрлық дағдыларға қатысты арттыру;
3. персоналдың қатыстырылу мен қайтарым деңгейін арттыру және қолдау;
4. HR процестерін, соның ішінде іріктеу және жалдау, тиімділікті бағалау, сондай-ақ даму және оқыту процесін цифрландыру;
5. тиімділікті басқару процесін теңшеу және калибрлеу;
6. корпоративтік мәдениетті дамыту.

Кадр саясатының негізгі бағыттары:

1. Стратегиялық HR жоспарлау;
2. Лауазымдарды ұйымдастырушылық дамыту және жобалау;
3. Жұмыскерлерді іріктеу және бейімдеу;
4. Кадрлық маркетинг және жұмыс берушінің бренді;
5. Тиімділікті басқару;
6. Жұмыскерлерді марапаттау;
7. Жұмыскерлерді оқыту және дамыту;
8. Кадрлық резерв және дарындыларды басқару;
9. Корпоративтік мәдениетті дамыту және қолдау;
10. HR процестерін әкімшілендіру.

ҚазАгроҚаржының әлеуметтік саясаты қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды дамытуға және Компания жұмыскерлерінің еңбегінің тиімділігі мен әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға ықпал ететін жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

Компанияның қызметіне қатысты елеулі түрде өзгерген жағдайда (өндірісті ұйымдастырудағы экономикалық, технологиялық жағдайларды, еңбекті ұйымдастыру жағдайларын

қайта ұйымдастырумен немесе өзгертумен және (немесе) жұмыс көлемін қысқартумен байланысты өзгерістер) ҚР Еңбек кодексіне сәйкес еңбек жағдайларының өзгергені туралы күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жұмыскерге жазбаша хабарлама жіберіледі.

Еңбек шартының талаптарына сәйкес, екінші тарап бұл хабарламаны (шарт талаптарын өзгерту туралы ұсынысты) ол берілген күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қарайды. Еңбек жағдайлары өзгерген жағдайда, Компания жұмыскерлерінің еңбек шартына тиісті толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

Жұмыскерлер еңбек процесінде олардың әлеуеттері іске асырылуы, олардың еңбек нәтижелері риясыз және әділ бағалануы үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етіледі.

Компания өз жұмыскерлерін еңбек процесінде олардың әлеуеттері іске асырылуы, олардың еңбек нәтижелері риясыз және әділ бағалануы үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. Жұмыскерлерді іріктеу мен мансаптық өсіру тек кәсіби дағдылар, тәжірибе мен білім негізінде ғана жүзеге асырылады. Кемсітушіліктің және жұмыскер-



лердің құқықтарын бұзудың ешқандай түрлеріне жол берілмейді.

Жеке еңбек дауларын шешу мақсатында Компанияда Келісу комиссиясы құрылды. Комиссия жұмыс берушінің өкілдерінің және еңбек ұжымының жалпы жиналысында сайланған Компания жұмыскерлерінің тең санынан тұрады. Комиссия жеке еңбек дауларын қарау бойынша тұрақты жұмыс істейтін

орган болып табылады. Егер жұмыс берушімен немесе оның уәкілетті өкілімен өткізілген тікелей келіссөз кезінде жұмыскер өз бетінше немесе өз өкілінің қатысуымен келіспеушіліктерді реттемесе, еңбек дауы Комиссияда қаралуы тиіс.

Келісу комиссиясының мүшелері жыл сайын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу дағдыларын

дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша оқытудан өтеді.

2022 жылы Компанияның Келісу комиссиясына тәртіптік жазаларды қолдану мәселелері бойынша 2 өтініш келіп түсті, оларды қараудың қорытындысы бойынша жұмыс берушінің жұмыскерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы шешімдері заңды деп танылды.

Персоналдың құрылымы

2022 жылдың аяғында жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 340 адам құрады, оның ішінде ер адамдар – 51,5% (175 адам), әйелдер – 48,5% (165 адам).

Барлық жұмысшылардың жоғары білімі бар. Компанияда уақытша жұмыскерлер немесе жұмыспен толық қамтылмаған жұмыскерлер жоқ.

Кадр саясатын іске асырудың негізі – тиімді ұйымдық құрылым мен оңтайлы кадр құрамының болуы.

Персоналдың саны мен құрылымы

	2019	2020	2021	2022
Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны, бірлік	405	395	363	340
Персоналдың құрылымы санаттар бойынша:				
• басқарушы лауазымдар	76	74	58	73
• жұмыскерлер	329	321	305	267
Персоналдың құрылымы жас санаттары бойынша:				
• 30 жасқа дейін	34	30	22	23
• 30 жастан 50 жасқа дейін	322	317	297	277
• 50 жастан асқан	49	48	44	40
Персоналдың гендерлік құрылымы:				
• ер адамдар	221	204	183	175
• әйел адамдар	184	191	180	165
Кадрлардың тұрақтамауы, %	18,5	15,7	3,6	0,9
Жұмысқа қабылданғандар саны, адам	63	35	59	64
Оқытудан өткен жұмыскерлер саны, адам	340	88	279	312

Персоналдың гендер мен жас шамасы бойынша топтарға қатысты құрылымы

Көрсеткіш	Орташа тізімдік саны	Жынысы		Жас шамасы бойынша топтар		
		ерлер	әйелдер	30 жасқа дейін	30 жастан 50 жасқа дейін	50 жастан асқан
Орталық аппарат	152	61	91	6	65	8
Филиалдар	188	114	74	17	212	32
Барлығы	340	175	165	23	277	40
олардың ішінде:						
• Басшы жұмыскерлер		5	1	–	3	1
• Басқарушы жұмыскерлер		1	–	–	1	–
• Орта буын жұмыскерлері		78	27	–	58	8
• Әкімшілік жұмыскерлері		91	137	23	215	31

Өңірлер бойынша орташа тізімдік саны, адам

Астана қ.	160
Алматы қ.	12
Түркістан облысы және Шымкент қ.	13
Ақмола облысы	19
Ақтөбе облысы	13
Алматы облысы	10
Шығыс Қазақстан облысы	16
Батыс Қазақстан облысы	17
Жамбыл облысы	8
Қарағанды облысы	13
Қостанай облысы	18
Қызылорда облысы	8
Павлодар облысы	14
Солтүстік Қазақстан облысы	19

Персоналдың тұрақтамауының өңірлер бойынша 2022 жылғы деңгейі

ОА/филиалдың атауы	Орташа тізімдік саны, адам	Персоналдың тұрақтамауының өңірлер бойынша деңгейі				Жұмыстан шығарылғандардың жалпы саны, адам	Тұрақтамау деңгейі, %
		ерлер	%	әйелдер	%		
Орталық аппарат	152	1	0,6	1	0,6	2	1,3
Ақмола облысы	19	0	0	0	0	0	0
Ақтөбе облысы	13	0	0	0	0	0	0
Алматы облысы	10	0	0	0	0	0	0
Шығыс Қазақстан облысы	16	0	0	0	0	0	0
Жамбыл облысы	8	0	0	0	0	0	0
Батыс Қазақстан облысы	17	0	0	0	0	0	0
Қарағанды облысы	13	0	0	0	0	0	0
Қостанай облысы	18	0	0	0	0	0	0
Қызылорда облысы	8	0	0	0	0	0	0
Павлодар облысы	14	1	7,1	0	0	1	7,1
Солтүстік Қазақстан облысы	19	0	0	0	0	0	0
Астана қ. (филиал)	8	0	0	0	0	0	0
Алматы қ.	12	0	0	0	0	0	0
Түркістан облысы және Шымкент қ.	13	0	0	0	0	0	0
Жиыны	340	2	0,6	1	0,3	3	0,9

Персоналдың тұрақтамауының жас шамасы бойынша топтарға қатысты деңгейі

Жас санаты	Орташа тізімдік саны, адам	Жұмыстан шығарылғандар саны, адам	Тұрақтамау деңгейі, %
30 жасқа дейін	23	0	0
30 жастан 50 жасқа дейін	277	3	1,1
50 жастан асқан	40	0	0
Барлығы	340	3	0,9

Жұмысқа қабылданғандар саны

ОА/филиалдың атауы	Орташа тізімдік саны, адам	2022 жылы жұмысқа қабылданғаны		
		ерлер	әйелдер	%
Орталық аппарат	152	16	10	17,1
Ақмола облысы	19	2	1	15,8
Ақтөбе облысы	13	6	1	53,8
Алматы облысы	10	4	2	60,0
Шығыс Қазақстан облысы	16	1	–	6,3
Жамбыл облысы	8	1	–	12,5
Батыс Қазақстан облысы	17	–	1	5,9
Қарағанды облысы	13	2		15,4
Қостанай облысы	18	1	1	11,1
Қызылорда облысы	8	1	1	25,0
Павлодар облысы	14	5	1	42,9
Солтүстік Қазақстан облысы	19	1	–	5,3
Астана қ. (филиал)	8	1	3	50,0
Алматы қ.	12	1	–	8,3
Түркістан облысы және Шымкент қ.	13	1	–	7,7
Жиыны	340	43	21	18,8

Жұмысқа қабылданғандардың жас санаты бойынша саны

Жас шамасы бойынша топ	Орташа тізімдік саны, адам	Қабылданғандар саны, адам	Қабылданғандар үлесі, %
30 жасқа дейін	22	3	13,6
30 жастан 50 жасқа дейін	277	58	20,9
50 жастан асқан	40	3	7,5
Барлығы	340	64	18,8

— Жұмыскерлерді оқыту және дамыту

ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ КОМПАНИЯ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ БІЛІМІ МЕН DAҒДЫЛАРЫН ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛЫМЕН ОЛАРДЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІНІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ ЖӘНЕ ДАМЫТЫЛАДЫ.

Компания жұмыскерлерін оқыту және дамыту жұмыскерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындауы және Компанияның Даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешуі үшін олардың кәсіби және басқарушылық қызмет саласындағы теориялық және практикалық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын жаңарту мақсатында жүзеге асырылады.

Компанияның жоғары деңгейлі кадрлық әлеуетін қамтамасыз ету мақсатында жұмыскерлер оқы-

тудан және түрлі семинарларға, конференцияларға, арнайы оқыту курстарына қатысу арқылы оқыту түріндегі біліктілікті арттырудан өтеді.

Жұмыскерлердің өз біліктілігін арттыруға ұмтылысы Компания басшылығы тарапынан моральдық тұрғыдан да, материалдық тұрғыдан та қолдау табады және ынталандырылады.

Жұмыскерлердің кәсіби дамуын ұйымдастыру келесі негізгі кезеңдерден тұрады:

1. оқыту іс-шараларына қажеттіліктерді айқындау, дайындау, күнтізбелік жоспар мен шығыстар сметасын қалыптастыру;
2. осы процесті ұйымдастыру және мониторингтеу.
3. өткізілген оқыту іс-шараларының тиімділігін талдау.

2022 жылға арналған біліктілікті арттыру және кәсіптік даярлаудың күнтізбелік жоспарын Компанияның Басқармасының төрағасының орынбасары 2021 жылғы 15 желтоқсанда бекіткен (№21//65 442).

Есепті жылы 147 жұмыскер оқыту және біліктілігін арттыру жүйесімен қамтылды, оның ішінде:

1. орталық аппарат бойынша – 112, филиалдар бойынша – 35;
2. гендер бойынша: ер адам – 85, әйел адам – 62.

Оқыту үшін кәсіби оқыту жаттықтырушылары тартылды, офлайн, сонымен қатар онлайн оқыту форматтары қарастырылды.

1 жұмыскерге шаққандағы сағаттардың орташа саны 2,7 құрады, оның ішінде ер адамдар бойынша – 1,7, әйел адамдар бойынша – 3,9.

Жұмыскерлерді оқыту бойынша 2022 жылғы деректер*

2022 жылы жұмыскерлерді оқыту	Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны	Оқытылған жұмыскерлердің жалпы саны, адам	Жұмыскерлерді оқыту сағаттарының жалпы саны	1 жұмыскерге шаққандағы сағаттардың орташа саны
Жалпы саны	340	147	849	2,7
Гендерлік топтар				
• ерлер	175	85	305	1,7
• әйелдер	165	62	544	3,9
Жұмыскерлердің санаттары				
• Басшы жұмыскерлер	6	5	8	1,6
• Басқарушы жұмыскерлер	1	1	8	8
• Орта буын басшылары	105	35	264	4,4
• Әкімшілік жұмыскерлері	228	106	569	2,3

* Басшы жұмыскерлер – Басқарма мүшелері, басқарушы жұмыскерлер – Басқарма мүшелері емес басқарушы немесе атқарушы директорлар, орта буын басшылары – бөлімдердің, қызметтердің, департаменттердің, басқармалардың бастықтары, филиалдардың директорлары және олардың орынбасарлары.

2022 жылы жұмыскерлерді оқытудың негізгі бағдарламалары:

1. Заң қызметінің басшысы. Корпоративтік заңгер. Компаниядағы заң қызметінің тиімді жұмыс істеуі;
2. Корпоративтік және Шарттық құқық;
3. GRI standards: орнықты даму бойынша есептілік;
4. DipIFR;
5. Акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарымен мәмілелер;
6. Agile және Аудит. Икемді басқару әдіснамалары ішкі аудитті қалай өзгерте алады;
7. HR executives үшін басқарушылық трансформация;
8. ҚР еңбек заңнамасының негіздері;

9. MS Power Point-та сәтті презентациялар жасаудың құпиясы;
10. Команда құру бойынша тренинг;
11. Заңгерлердің біліктілігін арттыру. Ағымдағы өзгерістерге шолу;
12. Жеке еңбек даулары: сотқа дейін қарау тәртібі. Еңбек заңнамасының негіздері. Қақтығыстарды басқару;
13. Қаржылық менеджмент және қаржылық талдау;
14. Қаржылық тәуекелдер;
15. ACCA Қаржылық менеджмент (F9). Емтиханға тіркелу;
16. Компанияның бизнес-процестерін оңтайландыру;
17. Инвестициялық жобалардың тәуекелдері: бағалау және компьютерлік модельдеу;

18. Экономика және жоспарлау: бюджеттеу, жобалық қаржыландыру, баға белгілеу;
19. CIA 1-бөлім – Ішкі аудит негіздері;
20. Сыни ойлау дәлелді менеджмент негізі ретінде. Шешімдерді қалай дұрыс қабылдау және негіздеу керек;
21. Жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алулары;
22. Сертификатталған қаржы менеджері, 2-деңгей. Басқарушылық есепке алу және шешім қабылдау модулі. Инвестицияларды басқару;
23. 1-деңгей. Кәсіби қаржы менеджері. ХҚЕС және қаржы есебі алу модулі. Қаржылық

- менеджмент және қаржылық талдау;
24. Жобалық тәуекелдерді талдау және бағалау;
25. Басшылар үшін қаржы;
26. Мәмілелер. Мәміленің жағрамысыздығы: құқықтық рет-

теудің өзгеруі; Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларын қолданудың теориялық және практикалық мәселелері;

27. Сертификатталған ішкі аудитор;

28. ESG: тұжырымдама, тәуекелдер, стратегия;
29. ХҚЕС-тің практикалық аспектілері.

— Мотивация және сыйақы

ПЕРСОНАЛДЫ МОТИВАЦИЯЛАУ МЕН ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖҮЙЕСІН ДАМУ АРНАУЫ ЖҮМЫСКЕРДІҢ ӨЗ ЖЕКЕ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІН НӘТИЖЕЛІ ЕТУГЕ ТІКЕЛІ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ БОЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ.

Компания жұмыскерлерін мотивациялау және ынталандыру жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі еңбекке ақшалай сыйақы беру механизмі болып табылады. Еңбек ақы төлеу және персоналды ынталандыру тәртібі мен тетіктері Компанияның ішкі актілерімен реттеледі.

Жұмыскерлерді мотивациялау факторларына мыналар жатады:


- кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі (іске асыру нысаны: кадрларды ротациялау, жұмыс уақытында және өндірістен қол үзіп оқыту, се-

- минарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысу);
- мансаптық өсудің ашық перспективалары;
- жұмыскерлерге сыйлықақы беру;
- жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуы;
- қауіпсіз және ыңғайлы еңбек жағдайларын жасау;
- ұжымда жұмыс істеудің қолайлы шарттары. Жаңадан қабылданған жұмыскерлерді бейімдеу жүйесі;
- корпоративтік мәдениет құндылықтарын тарату: жүйелі түрде Компания басшылығымен кездесу өткізу, сұрау жүргізу;
- алғыс хаттармен, грамоталармен марапаттау.

Есепті жылы Компанияның 84 жұмыскері мынадай наградалармен марапатталды:

- Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ауыл шаруашылық саласының үздігі» төсбелгісімен – 1;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Қаржы қызметінің үздігі» төсбелгісімен – 1;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ алғыс хаттарымен – 5;
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ алғыс хаттарымен – 15;
- Компания Басқармасының Төрағасының алғыс хаттарымен – 62.

Компания жұмыскерлерін материалдық емес ынталандыру, бірлік



Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу Компанияның ағымдағы қаржылық жылға арналған бюджетінде еңбекақы төлеуге көзделген қаражат есебінен жүргізіледі, оны Директорлар кеңесі кезекті қаржы жылына арнап бекітеді.

Еңбекке ақы төлеу әділеттілік (жалақы мөлшерінің жеке жұмыскердің еңбегінің саны мен сапасына сәйкестігі), айқындылық (жеке жалақы мөлшерін анықтаудың айқын қағидаттары болуы) және құпиялылық (жеке жалақы

туралы ақпарат коммерциялық құпия болып табылады) қағидаттарына негізделген.

Жұмыскердің лауазымдық жалақысын қайта қарау Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жұмыс жылында бір реттен жиі емес жүзеге асырылады.

2022 жылы «КОРН ФЕРРИ» ЖШҚ-ның Қазақстандағы филиалының әдіскерлері (бұдан әрі – сыртқы сарапшылар) Компания барлық лауазымдардағы, соның ішінде

басшылық және Компанияның Директорлар кеңесіне есеп беретін лауазымдардағы жұмыскерлерін бағалауды жүргізді, оның қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ саясатымен және әдіснамасымен келісілген әдіснама бойынша Компанияның грейдтер жүйесі айқындалды.

Бағалау шеңберінде сыртқы сарапшылар қазақстандық еңбек нарығының қаржы секторындағы ұқсас позициялардың сыйақысын салыстырмалы талдауды жүргізді.

— Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау

ТЕҢ МАНСАПТЫҚ МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАУ, ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕР АДАМДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ӘДІЛ БАҒАЛАНУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ ТӨЛЕУДЕ КЕМСІТУШІЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕУ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ҮШІН АЙТАРЛЫҚТАЙ МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ЛАЙЫҚТЫ ЕҢБЕКТІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІНІҢ БІРІ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. КОМПАНИЯ ЕҢБЕККЕ ТЕҢ СЫЙАҚЫ БЕРУ ҚАҒИДАТЫН ҰСТАНАДЫ. КОМПАНИЯ ЖҰМЫСКЕРЛЕРІНІҢ ӘРБІР САНАТЫ ҮШІН ӘЙЕЛДЕРДІҢ БАЗАЛЫҚ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНІҢ ЕР АДАМДАРДЫҢ БАЗАЛЫҚ СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІНЕ ҚАТЫНАСЫ 1:1 ҚҰРАДЫ.

Компанияға жұмысқа қабылдау кезінде жұмыс беруші мен жұмыскер арасында еңбек шарттары жасалады, оған сәйкес жұмыс беруші жұмыскерге тең еңбек үшін тең ақы төлеуді, сондай-ақ қандай да бір кемсітуді тең өндірістік-тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз етуге міндетті. Есепті жылы осы міндеттеме бұзылған жоқ.

Компанияда әйелдер мен ер адамдар келесілерге қатысты тең құқықтары мен мүмкіндіктерін салыстырмалы түрде қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасалған:

- жұмысқа орналастыруға қатысты – брондалған жұмыс орындары жас мамандарды – ер адамдарды да, әйел адамдарды да – жұмысқа орналастыру үшін барынша пайдаланылады;
- өндірістік және басқарушылық шешімдер қабылдауға әйелдер мен ер адамдардың паритеттік қатысуына қатысты;
- әйелдердің өз мансаптық өсу мүмкіндіктерін іске асыруына қатысты;
- көшбасшылық дағдыларды дамытуға бағытталған іс-шараларға әйелдердің қатысуына қатысты;
- баланың үш жасқа толғанға дейін күтімі бойынша демалыс алу құқығын әйелдердің де, ер адамдардың да іске асыруына қатысты.

Компанияда персоналмен жұмыс еңбек саласындағы кемсітушіліктің алдын алуға, отбасылық міндеттері бар жұмыскерлер үшін икемді еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және жұмыс орнында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Компания жұмыскерлерінің гендерлік құрамын 2022 жылғы талдау соңғы екі жыл ішінде ерлердің де, әйелдердің де санының арақатынасы іс жүзінде тұрақты болып қалып отырғанын көрсетті: әйелдер – 48,5% және ер адамдар – 51,5%.

Ерлер мен әйелдердің нақты саны тиісінше 175 ер адам және 165 әйел адам.

Компания басшыларының гендерлік құрамы: әйел басшылар (департаменттердің, қызметтердің, Компания филиалдарының директорлары, басқарушы басшылар) – 10 адам.



— Кадрлық резерв

Компания Басқармасының 2020 жылғы 15 қыркүйектегі № 26 шешімімен бекітілген Қазагроқаржының Персоналды басқару қағидаларына сәйкес, мына мақсатта кадрлық резерв қалыптастырылады:

- перспективті жұмыскерлерді анықтау және дамыту;
- компаниядағы бос лауазымдарға жұмысқа тұрғызу;
- білікті кадрларды мақсатты және жүйелі түрде дайындауға ықпал ету;
- кәсіби және мансаптық өсуді дамыту мүмкіндігін ұсына отырып, жұмыскерлерді мотивациялауды қамтамасыз ету;
- Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу.

Жұмыскерлерді кадр резервіне қабылдау келесі критерийлер бойынша үміткерлер арасынан конкурстық іріктеу негізінде жүргізіледі:

- оперативті (жедел) резерв – оперативті резерв басшылар уақытша жоқ болған кезеңде олардың орнында жұмыскер-

лер болуына және бос лауазымдарға жедел тағайындауға арналған (дәл қазір дайын)

- стратегиялық резерв – ұзақмерзімді перспективада басшылық лауазымдарды атқара алатын көшбасшылық қасиеттері бар жұмыскерлер (біреу уақыттан кейін дайын болады).

Конкурстық іріктеуден өткізілетін кандидаттарды іріктеу 2021 жылғы Таланттар картасы бойынша жұмыскерлердің рейтингі негізінде жүргізілді. Тізімге 54 жұмыскер енгізілді.

Конкурстық іріктеу екі кезеңде өткізілді:

- 1-кезеңде вербалды және сандық ақпаратты талдау және интерпретациялау қабілеттілігі тесті қолданыла отырып, үміткерлерді тестілеу жүргізілді. Тестілеудің нәтижелері бойынша жоғары грейдтерге ие болған 15 үміткер одан әрі іріктеу процедураларынан өтуге жіберілді:

- «А» деңгейі (орташа деңгейден едәуір жоғары немесе үздік нәтижелілік),
- «В» деңгейі (орташадан жоғары немесе жақсы нәтижелілік),
- «С» деңгейі (орташа нәтижелілік).
- Конкурстық іріктеудің 2-кезеңі: OPQ & MQ сауалнамаларын пайдаланып, кандидаттардың құзыреттері мен әлеуетін бағалау. 15 кандидат сауалнамадан SHL әлеуеті моделінің екі элементі бойынша өтті: жетістіктерге ұмтылу және көшбасшылық құзырет.

Бағалаудың және кандидаттар алған рейтингтердің қорытындысы бойынша Компанияның Кадрлар жөніндегі комитетінің мүшелері Басқарма Төрағасына конкурстық іріктеуден өткен 15 жұмыскерді олардың Компанияда одан әрі дамитынын (көлденең де, тік те) және мансаптық өсу бойынша дербес жоспар құрылатынын ескерумен ҚазАгроҚаржының Кадрлық резервіне қабылдау туралы ұсыныс берді.

— Жылдық жалпы өтемақы коэффициенті

Компанияның ең жоғары жалақы алатын жұмыскері үшін жылдық жалпы өтемақының барлық жұмыскерлер үшін орташа жылдық жалпы өтемақыға қатынасы (ең жоғары жалақы алатын жұмысшыны қоспағанда) **3,6 құрады.**

Ең жоғары жалақы алатын жұмыскердің жылдық жалпы өтемақысы базалық жалақыны, сыйлықақыларды, еңбек демалысына берілетін төлемді, сауықтыру жәрдемақысын, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақыны қоса, бір

жыл ішінде есептелген кіріс сомасы ретінде анықталады. Бұл ретте, барлық жұмыскерлер үшін (ең жоғары жалақы алатын жұмыскерді қоспағанда) орташа жылдық жалпы өтемақы есептелген кіріс (жалақы, сыйлықақы, әлеуметтік төлемдер) сомасының жұмыскерлердің орташа іс жүзіндегі санына қатынасы ретінде айқындалған;

Компанияның ең жоғары жалақы алатын жұмыскері үшін жылдық жалпы өтемақының пайыздық ұлғаюының барлық жұмыскерлер

үшін (ең жоғары жалақы алатын жұмыскерді қоспағанда) жылдық жалпы өтемақының орташа пайыздық ұлғаюына қатынасы **3,2 құрады.**

Пайыздық ұлғаю 2022 жылғы көрсеткіш пен 2021 жылғы көрсеткіш арасындағы айырмашылықтың 2021 жылғы көрсеткішке қатынасы ретінде анықталады.

Есептеуден ақылы қызмет көрсету шарттары бойынша есептелген кірістер алынып тасталды.

— Этномәдени әртүрлілік

Компания барлық жұмыскерлердің барлығы құнды болатын, сондай-ақ Қазақстанның барлық халықтарының өкілдеріне жұмысқа орналасу үшін тең мүмкіндіктер берілетін ізгі ниеттілік пен қолдау атмосферасын қамтамасыз етуге ұмтылады. Компания жұ-

мыскерлердің этномәдени алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Мысалы, Компанияда келесі ұлттардың өкілдері жұмыс істейді: қазақ, орыс, дүнген, башқұрт, грузин, поляк, татар, кәріс, украин, түрікмен, ұйғыр, неміс.

Сонымен қатар, Компания басқару құрамындағы этномәдени алуан түрлілікті арттыра отырып, өз мәдениетін жетілдіреді, сонымен бірге жұмысқа алу ережелерін қатаң сақтайды.

— Спорттық-сауықтыру іс-шаралары

Командалық рухты ынталандыру және дамыту, корпоративтік коммуникациялар деңгейін арттыру және салауатты өмір салтын және спортпен шұғылдануды насихаттау мақсатында Компания корпоративтік демалыстың арнайы іс-шараларын – тимбилдинг өт-

кізеді, ол ұжымды біріктіруге, командалық жұмыс әдістерін құруға бағытталған және корпоративтік менеджменттің Компанияның толыққанды дамуын қамтамасыз ететін перспективалық модельдерінің бірі болып табылады.

Жұмыскерлер арасындағы сенім, коммуникация және құрылымаралық өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық деңгейін арттыру мақсатында 2022 жылғы 6 мамырда командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталған командалық білім беру бойынша көшпелі тренинг өткізілді.

— Әлеуметтік қолдау

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ӨМІР СҮРУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН ДӘЙЕКТИ ТҮРДЕ ЖОҒАРЫЛАТУ, НЕГІЗГІ ӘЛЕУМЕТТІК ИГІЛІКТЕРГЕ ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІКТІ, СОНЫМЕН ҚАТАР ҰЖЫМДА ҚОЛАЙЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ӘЛЕУМЕТТІК БАҒЫТТАЛУДЫ ДАМУДА.

ҚазАгроҚаржы Басқармасының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 34 шешімімен Компания жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесі бекітілді.

Компания жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау тиімді жұмыс істеу, жоғары білікті жұмыскерлерді ұстап қалу және жұмысқа тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында көрсетіледі.

Компания басшылығы жұмыскерлер үшін мынадай әлеуметтік және өзге де кепілдіктерді қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыру;

- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес келетін жұмыс орны;
- еңбек міндеттерін орындауы кезінде жұмыскердің өміріне және денсаулығына зиян келтірілгендігі үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- ақы төленетін еңбек демалысы;
- жұмыскерлерге бала туу (асырап алу) кезінде, жұмыскердің некеге отыруы кезінде және жұмыскердің жұбайы немесе жақын туыстары қайтыс болғанда материалдық көмек төлеу;
- еңбекке ақы төлеудің мерзімдік-сыйлықақы жүйесі;
- жұмыскерлер қызметтік іссапарда болған кезде төлем жасау;
- кәсіптік оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі.

Жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ұзақтығы 30 күнтізбелік күнді құрайды.

Есепті жылы тиісті жылға бекітілген демалыс кестесіне сәйкес және берілген өтініштердің негізінде Компания жұмыскерлеріне еңбек демалыстары берілді.

Бұдан басқа, есепті жылы жүкті әйелдерге, бала (балалар) туған әйелдерге, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған әйелдерге (ер адамдарға) мынадай әлеуметтік демалыстар берілді:

- жүктілік және босану бойынша демалыс – 8 әйел;
- жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жұмыскерлерге демалыс – 0;
- бала үш жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалыс – 11 әйел мен 1 ер адам.



2022 жылғы әлеуметтік демалыс көрсеткіштері

Көрсеткіш	Жынысы	Жұмыскерлер саны, адам
Ана/әке болумен байланысты демалысқа шығу	әйелдер	7
	ерлер	2
Ана/әке болумен байланысты демалыстан қайтып келу		10
Демалыстан шыққаннан кейін 12 ай Компанияда жұмыста қалған жұмыскерлер саны		8

Әлеуметтік саясатты табысты іске асыру персоналды мотивациялауға және ҚазАгроҚаржының бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, сондай-ақ жауапты жұмыс беруші мен әлеуметтік бағытталған ұйым имиджін нығайтуға ықпал етеді.

— Еңбекті қорғау және қауіпсіздік

Компанияның басты басымдықтың бірі жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасау болып табылады.

Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға қойылатын жалпы талаптар, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар ҚазАгроҚаржы Басқармасының 2010 жылғы 25 ақпандағы № 17 шешімімен бекітілген Компания

жұмыскерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі – Нұсқаулық) бекітілген. Нұсқаулықта еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жалпы талаптары, жұмыс басталар алдында, жұмыс кезінде және аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік пен күзет талаптары қарастырылған, сондай-ақ жұмыскерлердің авариялық жағдайлар туындаған кездегі іс-әрекеттері егжей-тегжейлі сипатталған. Жаңа жұмыскерлердің

барлығы нұсқаулықпен таныстырылуы тиіс. Орталық аппараттың кеңсе ғимараттарында Компания жұмыскерлеріне арналып ақпараттық қауіпсіздік және өткізу режимі бойынша нұсқаулық өткізілді.

2022 жылы Өндірістік жарақат алу фактілері болған жоқ. Жұмыскерлердің денсаулығын нашарлататын, жұмыспен және еңбек міндеттерін орындаумен байланысты аурулар тіркелген жоқ.

– Демеушілік және қайырымдылық



ЗАҢДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРҒА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ МЕН ПРОЦЕДУРАСЫ КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 13 МАМЫРДАҒЫ №12 ШЕШІМІМЕН БЕКІТІЛГЕН ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК КӨМЕК БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫНДА АЙҚЫНДАЛҒАН.

Қайырымдылық және демеушілік көмек Компанияның тиісті қаржылық жылына арналған жылдық бюджетінде көзделген қаражат есебінен және соның шегінде көрсетіледі.

Қайырымдылық немесе демеушілік көмек көрсету туралы мәселені Компания заңды немесе жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қарайды.

Компания халықтың аз қорғалған топтарына тұрақты негізде қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді, сондай-ақ бейінді коммерциялық емес ұйымдарға (интернат-үйлер, мектепке дейінгі, орта, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу ұйымдары және т.б.) қолдау көрсетеді.

Соңғы бес жылда Компания қайырымдылық және демеушілік көмекке шамамен 34,5 млн теңге, оның ішінде 2017 жылы – 18 млн теңге, 2018 жылы – 5 млн теңге, 2019 жылы – 5 млн теңге, 2020 жылы – 2,5 млн теңге, 2021 жылы – 1,98 млн теңге бағыттады. 2022 жылы 2,1 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсетілді.



– Экологиялық әсер

— Қоршаған ортаны қорғау

КОМПАНИЯ ӨЗ МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕҢБЕРІНДЕ ЕЛДІҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖӘНЕ АДАМДАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН ҚОРҒАЙТЫН, ТАБИҒИ РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУГЕ ҰҚПАЛ ЕТЕТІН, ӨНДІРІСТІҢ ТИІМДІЛІГІН, ДЕМЕК, ШЫҒАРЫЛАТЫН ӨНІМНІҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРАТЫН «ЖАСЫЛ» ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІ ҚОЛДАУҒА ҰМТЫЛАДЫ. ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ СИПАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ АРҚЫЛЫ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ЖАНАМА ӘСЕР ЕТЕДІ. АЙТА КЕТЕТІН ЖАЙ, КОМПАНИЯ ЛИЗИНГКЕ ЗАМАНАУИ ТАЛАПТАР МЕН СТАНДАРТТАРҒА (АТМОСФЕРАҒА ЗИЯНДЫ ЗАТТАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНЫҢ НОРМАЛАРЫ) ЖАУАП БЕРЕТІН ЖӘНЕ МІНДЕТТІ СЕРТИФИКАТТАУҒА ЖАТАТЫН ЖАҢА ТЕХНИКА ҰСЫНАДЫ. ОСЫ АРҚЫЛЫ ТЕХНИКАНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА БАРЫҒША АЗ ӘСЕР ЕТУІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ.

Компания қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің алдын алу мақсатында ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттары мен әдістерін қолданады.

ҚазАгроҚаржы өз қызметінде энергия үнемдейтін технологияларды енгізу, су тұтынуды және кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығынын азайту арқылы ресурстардың артық тұтынылуын қысқартуға және келтіріліп отырған теріс экологиялық әсерді барынша кемітуге ұмтылады.

Компания ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану бойынша жұмыс жүргізу шеңберінде мынадай іс-шаралар жүргізді:

- 1. электр энергиясын тұтынуды азайту**
 - технологиялық немесе қауіпсіздік себептері бойынша қыздыру шамдарын қолдануды жоққа шығаруға болмайтын жағдайларды қоспағанда, кеңседе қыздыру шамдарын пайдалануға жол берілмейді;
 - тиімді жарық көздері – іске қосуды реттейтін электрондық аппараттармен жабдықталған жарықдиодты және/немесе люминесцентті шамдар орнатылған (осы сыныптың ең



тиімді шамдары қолданылады);

- А, А+, А++ сыныбының техникасы мен жабдықтары орнатылды;
- ноутбук мониторларының, компьютерлік жабдықтардың энергия үнемдеу режимі функциясы қолданылады.

2. жылу энергиясын үнемдеу және жеткілікті желдетілуді қамтамасыз ету

- жылу беруді қолмен немесе автоматты реттеу жүйесі, сондай-ақ бөлмедегі температураны онда жұмыскерлердің бар-жоқтығына байланысты реттеу жүйесі қолданылады;
- кабинеттерде ауаны тазартуға арналған жабдықтар бар;
- ЖШАЖ және ЖЕЖ жылу энергиясының шығынын есепке алу аспаптары орнатылды.

Жоғарыда аталған іс-шараларды жүзеге асыру нәтижесінде 2022 жылы жылу энергиясын тұтыну көлемін 2021 жылмен салыстырғанда 2,9%-ға төмендетуге қол жетті.

3. ластауды барынша азайту және қалдықтармен жұмыс істеу.

- қатты тұрмыстық қалдықтарды іріктеп жинау жолға қойылған;
- мамандандырылған кәсіпорындарға өңдеуге беру үшін макулатура жинау пункті ұйымдастырылды және осы іс-шараға жауапты тұлға тағайындалды. 2022 жылы мамандандырылған кәсіпорынға 2 382,4 килограмм макулатура берілді

4. ресурстарды үнемдеу және тұтынуды азайту.

- қағаз құжат айналымын оңтайландыру мақсатында ЭҚЖ бағдарламасына құжаттардың жекелеген түрлері бойынша (сыртқы шығыс хаттар, төлем тапсырмалары, сатып алуға тапсырыстар, өкімдер) жұмыскерлердің ЭЦҚ пайдалануы енгізілді
- клиенттерден онлайн өтінімдерді қабылдау үшін BPM

платформасы енгізілді:
online.kaf.kz

Ресурстарды үнемді пайдалану саясатын енгізу мақсатында Компания 2020 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде электр энергиясын пайдалану, су тұтыну және қатты тұрмыстық қалдықтарды өндіру бойынша талдау жүргізді.

Энергия ресурстарын тұтыну

Энергия түрі	Өлш. бірл.	2020	2021	2022
Электр энергиясы (сатып алу)	КВт-сағ	238 646	241 512*	274 120
Бензин (сатып алу)	литрмен	31 970	24 170	21 340
Жылу энергиясы	Гкал	272,32	300,21	255,35

* 2021 жылғы мән түзетілді.

Электр энергиясын тұтыну көлемінің ұлғаюы келесі себептерге байланысты туындады:

- жұмыскерлердің қашықтан жұмыс режимінен кеңсеге 100% ауысуы;
- негізгі құралдар жаңартылды, 10 дана жаңа кондицио-

нер (анағұрлым қуатты), тоңазытқыш, электр диспенсерлері, май радиаторлары сатып алынды және орнатылды;

- ауа-райына байланысты кондиционерлерді сәуір айынан бастап пайдалану (бұрын кон-

диционерлерді пайдалану мамыр айынан басталатын);

- температураның төмендеуіне байланысты кеңсе бөлмелерін жылыту үшін май радиаторларын пайдалану.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды өндіру

Қалдық түрлері	Өлш. бірл.	2020	2021	2022
Қатты тұрмыстық қалдықтар	м³	114,36	89,25*	112,45

* 2021 жылғы мән түзетілді.

ҚТҚ Компания ғимаратының кеңсе жайларындағы жұмыс барысында қалыптасады.

Қауіпті IT қалдықтары Компанияның ІНҚ сәйкес жойылады.

Су тұтыну

Тұтыну түрі	Өлш. бірл.	2020	2021	2022
сумен жабдықтау, су бұру	м³	1 051	1 284*	1 380

* 2021 жылғы мән түзетілді.

Су тұтыну тек шаруашылық-ауыз су қажеттіліктеріне пайдаланылады.

Глоссарий

АӨК	агроөнеркәсіптік кешен
ЖІӨ	ішкі жалпы өнім
ЖЖМ	жанар-жағармай материалдары
Компания	«ҚазАгроҚаржы» АҚ
ҚНҚ	қызметтің негізгі көрсеткіші
ІҚМ	ірі қара мал
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
БАҚ	бұқаралық ақпарат құралы
АШТӨ	ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші
ROA	активтердің рентабельділігі (ағылш. return on assets)
ROE	капиталдың рентабельділігі (ағылш. return on equity)
NPL	бастапқы кредиттік келісім шарттары орындалмайтын кредит

Байланыстық ақпарат

Орталық аппарат

Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қ., Кенесары к-сі, 51, ВП-4
Қабылдау бөлмесі: +7 (7172) 58-04-37, 58-04-38
Сенім телефоны: +7 (7172) 58-04-50

Call-center: +7 (7172) 55-77-55; 1429
Факс: +7 (7172) 58-04-46
E-mail: mailbox@kaf.kz

Жалғыз акционермен жұмыс бойынша: +7 (7172) 58-04-51
Тікелей инвестиция мәселелері бойынша: +7 (7172) 55-73-40
Орнықты даму және Жылдық есеп мәселелері бойынша: +7 (7172) 55-73-40
Баспасөз қызметі: +7 (7172) 58-04-11
Хат-хабарларды қабылдау: +7 (7172) 55-65-33

ҚазАгроҚаржы филиалдары

Астана қ. бойынша филиал
Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 6/1,
193-кеңсе, 19шы қабат
Тел.: +7 (7172) 59-28-69
nur_kaf@kaf.kz

Ақмола облысы бойынша филиал
Көкшетау қ., Абай к-сі 96, «GreenWhich» БО,
каб. 702–704, 706, 712, 713
Тел.: +7 (7162) 91-00-30, 91-00-31, 91-00-32,
91-00-33, 91-00-34, 91-00-35
akm2@kaf.kz

Аудитордың деректемелері

«КПМГ Аудит» ЖШС
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Медеу ауданы, Достық д-лы, 180, «Көктем» БО
Тел.: +7 (7272) 98-08-98

Ақтөбе облысы бойынша филиал
Ақтөбе қ., Әбілқайыр хан к-сі, 77,
2-қабат, каб. 207-211
Тел.: +7 (7132) 92-11-81, 92-11-82, 92-11-83
akt3@kaf.kz

Алматы қ. және Алматы облысы бойынша филиал
Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі 142,
«Қайсар» БО, 4-қабат
Тел.: +7 (727) 295-93-50, 295-93-51,
295-93-52
alm@kaf.kz

Жетісу облысы бойынша филиал
Талдықорған қаласы, 7-ші ш/а, 10-ғимарат,
«Көктем грант» БО, 7-қабат
Тел.: +7 (7282) 55-86-80
tld@kaf.kz

Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиал
Өскемен қаласы,
Сәтпаев д-лы, 62, 7-қабат
Тел.: +7 (7232) 49-24-77, 49-24-76
vko2@kaf.kz

Жамбыл облысы бойынша филиал
Тараз қаласы, Сүлейменов к-сі, 17
Тел.: +7 (7262) 99-92-20, 99-92-21,
99-92-22, 99-92-23
tar@kaf.kz

Батыс Қазақстан облысы бойынша филиал
Орал қ., Сырым Датов к-сі, 28
Тел.: +7 (7112) 96-00-30, 96-00-31,
96-30-32, 96-30-33
zko@kaf.kz

Атырау қ., Владимирская к-сі,
20д, 2-қабат
Тел.: +7 (7122) 76-36-21,
76-36-22, 76-36-23
atr@kaf.kz

Ақтау қ., 29 ш/а, 225-ғимарат,
«Сұлтан Энергия» БО, 3-қабат, каб.302
Тел.: +7 702 587 24 23
a.kondybayeva@kaf.kz

Қарағанды облысы бойынша филиал
Қарағанды қ., Бұқар жырау к-сі 53/1,
«Дәулет» СУ, 4-қабат
Тел.: +7 (7212) 92-24-10, 92-24-09,
92-24-08, 92-24-07
kg@kaf.kz

Қостанай облысы бойынша филиал
Қостанай қаласы, Әл-Фараби д-лы,
65, 11-қабат, каб. 1111
Тел.: +7 (7142) 99-97-73, 99-97-72, 99-97-74
kst3@kaf.kz

Қызылорда облысы бойынша филиал
Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі 33, 2-қабат
Тел.: +7 (7242) 55-13-00, 55-13-02,
55-13-03, 55-13-04
kzl@kaf.kz

Павлодар облысы бойынша филиал
Павлодар қ., Луговая к-сі, 16
Тел.: +7 (7182) 77-00-66, 77-00-67,
77-00-68, 77-00-69
pvl@kaf.kz

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиал
Петропавл қ., Бөкетов к-сі 31А, 2-қабат
Тел.: +7 (7152) 63-10-30, 63-10-31,
63-10-32, 63-10-33, 63-10-34
sko@kaf.kz

Шымкент қ. және Түркістан облысы
бойынша филиал
Шымкент қ., Қонаев д-лы, 3/3, 3-қабат
Тел.: +7 (7252) 98-40-10, 98-40-11,
98-40-12, 98-40-13
uko@kaf.kz

Абай облысы бойынша филиал
Семей қаласы, Кәрім Мұхамедханов к-сі, 23А үй
Тел.: +7 (7232) 49247
a.akhmetkaliyeva@kaf.kz

1-қосымша. Есеп туралы

ҚАЗАГРОҚАРЖЫ ЖИЫРМА ЖЫЛДАН АСА АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ ЛИЗИНГ НАРЫҒЫНДА ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫП КЕЛЕДІ. ОСЫ УАҚЫТ ІШІНДЕ КОМПАНИЯ КӨПТЕГЕН ОТАНДЫҚ ФЕРМЕРЛЕР, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫН ЖЕТКІЗУШІЛЕР, МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ ҮШІН ТАНЫЛҒАН ЖӘНЕ СЕΝІМДІ СЕРІКТЕСКЕ АЙНАЛДЫ. КОМПАНИЯНЫҢ МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРЫНЫҢ АУҚЫМЫ КЕҢ ЖӘНЕ БІЗ ОЛАР ҮШІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР МЕН ҮЗДІК ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕГЕ СӘЙКЕС АҚПАРАТТЫ ТИІМДІ АШЫП КӨРСЕТУДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ТЫРЫСАМЫЗ.

Компанияның 2022 жыл ішіндегі қызметінің қорытындылары бойынша жылдық есеп GRI стандарттарына сәйкес дайындалған (негізгі сәйкестік деңгейі), бұл Компанияның ақпараттық айқындылығын қамтамасыз етеді. Қаржылық деректер Есепте ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікке сәйкес берілген.

Құжатты дайындау кезінде біз сонымен қатар Қазақстан қор биржасының талаптарын да орындадық. Осы жылдық есеп қаржылық емес ақпаратты сыртқы кепілдендіруден өтпеген.

Компанияның жылдық есептері жыл сайынғы негізде дайындалады. Осы жылдық есепте Компанияның 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса аралықтағы қызметінің нәтижелері көрсетілген және Компанияның орнықты даму жөніндегі 2022 жыл қорытындылары бойынша әзірленген есебі қамтылған.

Есепте Компания қызметінің нәтижелері, жетістіктері мен табыстары, стратегиялық міндеттер бойынша жұмысы айғақталған, корпоративтік басқару мәселелері мен орнықты даму бойынша қызмет, сонымен қатар Компанияның одан әрі қарайғы даму жоспарлары көрсетілген.

Есептің мазмұнын анықтау

Осы жылдық есептің мазмұны мен оның сапасын анықтаған кезде Компания GRI стандарттарының қағидаттарын басшылыққа алды. Оның ішінде, осы жылдық есептің мазмұны елеулілік қағидатын сақтау негізінде, сонымен қатар мүдделі тараптармен өзара ықпалдастық қорытындыларын ескерумен анықталды. Ақпаратты ашып көрсеткенде орнықты дамуның мәнмәтіні және толықтылық қағидаттары сақталды. Есептің сапасы сенімділік, теңгерімділік, айқындық, салыстырылымдық, жиынтықтылық, орнықты даму мәнмәтіні, уақытылық, тексерімділік қағидаттарының сақталуымен қамтамасыз етілді.

Осы жылдық есепте ақпарат Компания қызметінің анағұрлым елеулі аспектілері бойынша ашылып көрсетілді. Елеулі деп біз, біріншіден, Компанияның қоршаған ортаға әсері бұл терминнің кең мағынасында зор болып табылатын мәселелерді, екіншіден, мүдделі тараптарға және олардың мүдделеріне айтарлықтай әсері бар мәселелерді санаймыз.

1. **Бірінші кезең** – елеулі тақырыптардың елеулілігін талдау және алдын-алғы тізімін анықтау, Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салалардағы әсерін ішкі бағалау.

2. **Екінші кезең** – елеулі тақырыптардың елеулілігін бағалау, талқылау және басымдықтарды белгілеу, елеулі тақырыптардың қорытынды тізімін анықтау.

3. **Үшінші кезең** – Басқарма Төрағасының елеулі тақырыптардың қорытынды тізбесін бекітуі.

Жүргізілген талдауға сәйкес, Компанияның 2022 жылғы Жылдық есебінде ашылған елеулі тақырыптардың тізілімі анықталды.

Елеулі тақырыптар тізімі

Тақырып	№ GRI
Экономика:	
• Экономикалық нәтижелілік	201
• Тікелей емес экономикалық әсерлер	203
• Сатып алу практикасы	204
• Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	205
• Бәсекелестікке кедергі болу	206
• Салықтар	207
Экология:	
• Энергия	302
• Су және ағызындылар	303
• Шығарындылар	305
• Қалдықтар	306
Қоғам:	
• Жұмыспен қамтылғандық	401
• Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары	402
• Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	403
• Оқыту және білім беру	404
• Алуан түрлілік және тең мүмкіндіктер	405
• Кемсітушілікті болдырмау	406
• Клиенттердің құпиялылығы	418

2-қосымша. GRI индексі

Пайдалану туралы мәлімдеме		«ҚазАгроҚаржы» АҚ GRI стандарттарына сәйкес 2022 жыл бойынша есеп дайындады				
GRI 1 пайдалану		GRI 1: Негіздер 2021				
Қолдануға болатын салалық стандарт		бекітілмеген				
GRI стандарты	Ашып көрсету	Орны	Ерекшелік			Салалық стандарттағы №
			көрсеткіш	себеп	түсіндіру	
Жалпы ашып көрсету						
GRI 2 Жалпы ашып көрсету 2021	2-1 Ұйым профилі	Компания туралы, Байланыс ақпараты				
	2-2 Есепке енгізілген ұйымдар	2022 жылғы қаржылық есептілік				
	2-3 Есепті жыл	Есеп туралы				
	2-4 Ақпаратты қайта қарау	Қоршаған ортаны қорғау (су тұтыну)				
	2-5 Сыртқы растау	Есеп туралы				
	2-6 Әрекеттер, құндылық жасау тізбегі және басқа да іскерлік қатынастар	Қызмет түрлері, Бизнес-модель, Лизинг беру процесі, Қызмет бағыттары, АӨК саласын талдау, Ауыл шаруашылығы техникасы паркін талдау, Лизинг нарығын талдау				
	2-7 Жұмыскерлер	Персоналдың құрылымы				
	2-8 Қызметкерлер болып табылмайтын жұмыскерлер			Ақпарат қолжетімсіз	Уақытша жұмыс істейтін жұмыскерлер санаты жоқ	
	2-9 Басшылықтың құрылымы мен құрамы	Менеджменттің ұйымдастырушылық құрылымы, Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері				
	2-10 Жоғары басқарушы органды тағайындау және таңдау	Іріктеу және тағайындау				
	2-11 Жоғары басшы органның төрағасы	Директорлар кеңесі				
	2-12 Жоғары басқару органның әсерлерді басқаруды қадағалаудағы рөлі	Орнықты даму саласындағы саясат				
	2-13 Әсерлерді басқару жауапкершілігін басқаға беру	Орнықты даму саласындағы саясат				

	2-14 Жоғары басқарушы органның орнықты даму саласындағы есептіліктегі рөлі	Орнықты даму саласындағы саясат				
	2-15 Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын басқару және корпоративтік қақтығыстарды реттеу				
	2-16 Сыни мәселелер туралы есеп беру	Мәселелер туралы хабарлау				
	2-17 Жоғары басшы органның ұжымдық білімі	Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту				
	2-18 Жоғары басшы органның қызметін бағалау	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау				
	2-19 Сыйақы саясаты	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру, Басқарма мүшелеріне сыйақы беру				
	2-20 Сыйақыны анықтау процесі	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру, Басқарма мүшелеріне сыйақы беру				
	2-21 Жылдық жалпы сыйақы коэффициенті	Жылдық жалпы өтемақы коэффициенті				
	2-22 Орнықты даму стратегиясы туралы мәлімдеме	Даму стратегиясы, Даму стратегиясын іске асыру				
	2-23 Саяси міндеттемелер	Корпоративтік этика, Ақпараттық саясат		Ақпарат ішінара қолжетімсіз	Адам құқықтарын қорғау саясаты өзiрленбеген	
	2-24 Саяси міндеттемелерді енгізу	Кадрлық саясат, Корпоративтік этика				
	2-25 Теріс әсерлерді жою процестері	Шағым беру және проблемалар туралы ақпараттандыру механизмі				
	2-26 Кеңес алуға өтініш білдіру және алаңдаушылық білдіру тетіктері	Шағым беру және проблемалар туралы ақпараттандыру механизмі				
	2-27 Заңдар мен нормативтік актілерді орындау	Заңнама талаптарына сәйкестік				
	2-28 Мүшелік қауымдастықтар	Мүшелік қауымдастықтар				
	2-29 Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу	Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу туралы есеп				
	2-30 Ұжымдық шарттар		2-30 Ұжымдық шарттар	Қолданылмайды	Компанияда ұжымдық шарттар практикасы қолданылмайды	
Елеулі тақырыптар						
GRI 3 Елеулі тақырыптар 2021	3-1 Елеулі тақырыптарды анықтау процесі	Есеп мазмұнын анықтау				
	3-2 Елеулі тақырыптар тізімі	Елеулі тақырыптар тізімі				

Экономика					
201 Экономикалық тиімділік	3-3 Тақырыпты басқару	Құрылған экономикалық құн, PEST-талдау, SWOT-талдау, Тәуекелдерді талдау, Қаржылық есептілік, Субсидиялау процестері			
	201-1 Жасалатын және бөлінетін тікелей экономикалық құндылық	Құрылған экономикалық құндылық			
	201-2 Климаттың өзгеруімен байланысты қаржылық салдар және басқа да тәуекелдер мен мүмкіндіктер	PEST-талдау, SWOT-талдау, Тәуекелдерді талдау, Қаржылық есептілік			
	201-4 Мемлекеттен алынған қаржылық көмек	Субсидиялау процестері			
203 Тікелей емес экономикалық әсерлер	3-3 Тақырыпты басқару	Операциялық қызметтің нәтижелері, Құрылған экономикалық құн			
	203-1 Инфрақұрылым мен қызметтерге қолдау көрсетілетін инвестициялар	Операциялық қызметтің нәтижелері			
	203-2 Елеулі жанама экономикалық зардаптар	Құрылған экономикалық құн			
204 Сатып алу іс-тәжірибесі	3-3 Тақырыпты басқару	Сатып алу іс-тәжірибесі			
	204-1 Жергілікті өнім берушілерге шығыстардың үлесі	Сатып алу іс-тәжірибесі			
205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	3-3 Тақырыпты басқару	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
	205-1 Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бағаланған операциялар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
	205-2 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат және процедуралар мәселелері бойынша коммуникация және оқыту	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
	205-3 Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
206 Бәсекелестікке кедергі келтіру	3-3 Тақырыпты басқару	Заңнама талаптарына сәйкестік			
	206-1 Бәсекелестікке қарсы мінез-құлық, монополияға қарсы және монополистік іс-тәжірибе үшін сот талаптары	Заңнама талаптарына сәйкестік			
207 Салықтар	3-3 Тақырыпты басқару	Құрылған экономикалық құн			
	207-1 Салық салу тәсілі	Құрылған экономикалық құн			
	207-2 Салықты басқару, тәуекелдерді бақылау және басқару	Құрылған экономикалық құн			

	207-3 Мүдделі тараптарды тарту және салық салуға байланысты мәселелерді шешу	Құрылған экономикалық құн				
Экология						
302 Энергия	3-3 Тақырыпты басқару	Қоршаған ортаны қорғау				
	302-1 Ұйым ішіндегі энергия тұтыну	Қоршаған ортаны қорғау				
	302-4 Энергия тұтынуды азайту	Қоршаған ортаны қорғау				
303 Су және ағызындылар	3-3 Тақырыпты басқару	Қоршаған ортаны қорғау				
	303-1 Ортақ ресурс ретінде сумен өзара әрекеттесу	Қоршаған ортаны қорғау				
	303-2 Суды ағызумен байланысты әсерлерді басқару	Қоршаған ортаны қорғау				
	303-3 Су алу	Қоршаған ортаны қорғау				
305 Шығарындылар	3-3 Тақырыпты басқару		3-3 Тақырыпты басқару	Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылды деп күтілуде	
		305-1 Тікелей (қолдану аясы 1) парниктік газдар шығарындылары		Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылды деп күтілуде	
		305-2 Энергетикалық жанама (қолдану аясы 2) парниктік газдар шығарындылары		Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылды деп күтілуде	
		305-3 Басқа жанама (қолдану аясы 3) парниктік газдар шығарындылары		Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылды деп күтілуде	
		305-4 Парниктік газдар шығарындыларының қарқындылығы		Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылды деп күтілуде	
	305-5 Парниктік газдар шығарындыларын азайту		305-5 Парниктік газдар шығарындыларын азайту	Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылды деп күтілуде	

306 Қалдықтар	3-3 Тақырыпты басқару	Қоршаған ортаны қорғау				
	306-1 Қалдықтардың пайда болуы және қалдықтармен байланысты елеулі әсер	Қоршаған ортаны қорғау				
	306-2 Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару		306-2 Қалдықтармен байланысты елеулі әсерлерді басқару	Қолданылмайды	Компания қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететін қалдықтарды шығармайды	
	306-3 Түзілетін қалдықтар	Қоршаған ортаны қорғау				
	306-4 Кәдеге жаратуға қабылданбаған қалдықтар		306-4 Кәдеге жаратуға қабылданбаған қалдықтар	Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылады деп күтілуде	
	306-5 Кәдеге жаратуға жіберілген қалдықтар		306-5 Кәдеге жаратуға жіберілген қалдықтар	Ақпарат қолжетімсіз	Компания көрсеткішті есепке алу жүйесі бойынша жұмыс істеуде және ол кейінгі есептерде ашылады деп күтілуде	
Қоғам						
401 Жұмыспен қамтылғандық	3-3 Тақырыпты басқару	Персоналдың құрылымы, Әлеуметтік қолдау				
	401-1 Жаңа жұмыскерлер және кадрлардың тұрақтамауы	Персоналдың құрылымы				
	401-3 Бала күтімі бойынша демалыс	Әлеуметтік қолдау				
402 Жұмыскерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	3-3 Тақырыпты басқару	Кадрлық саясат				
	402-1 Жедел өзгерістер туралы хабарлаудың ең аз мерзімдері	Кадрлық саясат				
403 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	3-3 Тақырыпты басқару	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік, Спорттық-сауықтыру іс-шаралары				
	403-1 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесі	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-2 Қауіпті анықтау, тәуекелді бағалау және инцидентті тексеру	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-3 Еңбекті қорғау бойынша қызметтер	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				
	403-4 Жұмыскерлердің қатысуы, еңбекті қорғау және қауіпсіздік мәселелері бойынша кеңес беру және коммуникация	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік				

	403-5 Жұмыскерлерді еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелері бойынша оқыту	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік					
	403-6 Жұмыскерлердің денсаулығын нығайту	Спорттық-сауықтыру іс-шаралары, Әлеуметтік қолдау					
	403-7 Денсаулық пен өндірістегі қауіпсіздік үшін іскерлік қатынастармен тікелей байланысты салдардың алдын алу және жұмсарту	Әлеуметтік қолдау					
	403-8 Еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздікті басқару жүйесімен қамтылған жұмыскерлер	Әлеуметтік қолдау					
	403-9 Жұмыспен байланысты жарақаттар	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік					
	403-10 Жұмыспен байланысты өзін нашар сезіну	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік					
	404 Оқыту және білім беру	3-3 Тақырыпты басқару	Жұмыскерлерді оқыту және дамыту, Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау				
		404-1 Жыл ішіндегі оқу сағаттарының бір жұмыскерге шаққандағы орташа саны	Жұмыскерлерді оқыту және дамыту				
		404-2 Жұмыскерлердің біліктілігін арттыру бағдарламалары және өтпелі кезеңдегі көмек бағдарламалары	Жұмыскерлерді оқыту және дамыту				
		404-3 Тиімділік пен мансаптық өсу бойынша үнемі шолу алатын жұмыскерлердің пайызы	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау				
405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	3-3 Тақырыпты басқару	Персоналдың құрылымы, Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау					
	405-1 Басқару органдары мен жұмыскерлердің әртүрлілігі	Персоналдың құрылымы					
	405-2 Әйелдер мен ер адамдардың негізгі жаалақысы мен сыйақысының арақатынасы	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау					
406 Кесітушілікке жол бермеу	3-3 Тақырыпты басқару	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау					
	406-1 Кемсітушілік жағдайлары және жағдайды түзету бойынша қабылданған шаралар	Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау					
418 Клиенттердің құпиялылығы	3-3 Тақырыпты басқару	Ақпараттық саясат					
	418-1 Клиенттердің құпиялылығы бұзылғандығы және клиенттердің деректерінің жоғалуы туралы негізделген шағымдар	Ақпараттық саясат					

3-қосымша. Қаржылық есептілік

2022 жылғы, тәуелсіз аудиторлардың
аудиторлық есебімен

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	205	12. Акционер алдындағы берешек	255
Қаржылық есептілік	212	13. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	256
Қаржылық жағдай туралы есеп	212	14. Кредиттік ұйымдардың қаражаттары	257
Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп	213	15. Шығарылған борышқорлық қағаздар	259
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	214	16. Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	260
Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп	215	17. Мемлекеттік субсидиялар	261
Қаржылық есептілікке ескертпелер	217	18. Салық салу	261
1. Қызмет сипаттамасы	217	19. Алынған аванстар	263
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі	218	20. Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер	263
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	219	21. Басқа да міндеттемелер	263
4. Елеулі есептік пайымдаулар мен бағалаулар	238	22. Капитал	264
5. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	240	23. Шарттық және шартты міндеттемелер	265
6. Кредиттік ұйымдардағы қаражат	241	24. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	266
7. Клиенттерге берілген кредиттер	242	25. Басқа да кірістер	267
8. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	249	26. Персоналға арналған шығыстар және басқа да операциялық шығыстар	267
9. Босалқы қорлар	254	27. Тәуекелдерді басқару	268
10. Қосылған құнға салық және өтелуге жататын басқа да салықтар	254	28. Әділ құнды бағалау	282
11. Берілген аванстар	255	29. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің талдауы	286
		30. Байланысты тараптармен операциялар	288
		31. Қаржы қызметіне жататын міндеттемелердегі өзгерістер	292
		32. Капиталдың жеткіліктілігі	292
		33. Сегменттік есептілік	294
		34. Есепті күннен кейінгі оқиғалар	294



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6T5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной
ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, А25D6T5, Алматы,
пр. Достык, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«ҚазАгроҚаржы» АҚ акционері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның (әрі қарай, «Компания») қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС стандарттарына (ҚЕХС стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық нәтижелерін және ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің көсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

© 2023 «КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының шешімдерінен шектелген KPMG International Limited және/немесе ағылшын компаниясымен құрмына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жағдайы ұйымның мүшесі. Барлық құқықтар қорғалған.

© 2023 ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников. Все права защищены.



«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
2-бет

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымызша, ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер жалпы қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

Клиенттердің кредиттері және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдар (ОҚ)

Қаржылық есептіліктің 7, 8 және 27-ші ескертпелерін қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
<p>Клиенттерге арналған кредиттер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек активтердің 84%-ын құрайды және тұрақты түрде есептелетін және қолданылатын жорамалдарға сезімтал күтілетін кредиттік залалдар резервін (ККЗ) шегере отырып ұсынылады.</p> <p>Компания ККЗ-ны бағалау моделін қолданады, ол басшылықтан келесі негізгі аспектілерге қатысты кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды қолдануды талап етеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - клиенттердің кредиттеріне және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке қатысты кредиттік төуекел мен дефолт оқиғаларының елеулі есуін уақтылы анықтау (9 ҚЕХС сәйкес 1, 2 және 3-кезеңдер арасында бөлу); - дефолт ықтималдығын (PD) және дефолт болған жағдайда шығын мөлшерін (LGD) бағалау; - әр түрлі сценарийлер мен болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетуді бағалау ; - клиенттерге кредит беру және несиелік құнсызданған қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек үшін күтілетін ақша ағындарының болжамы. 	<p>Біз ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкестігі тұрғысынан, оның ішінде талдауға қаржылық төуекелдерді басқару саласындағы біздің мамандарды тарту арқылы ККЗ-ны бағалауға қатысты Компанияның әдіснамасы мен саясатының негізгі аспектілеріне талдау жүргіздік.</p> <p>ККЗ резервін бағалауға қатысты басшылықтың кәсіби пікірі мен жорамалдарының барабарлығын талдау үшін біздің аудиторлық процедураларымыз мыналарды қамтыды :</p> <ul style="list-style-type: none"> - Клиенттерге берілген кредиттерді және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті іріктеу бойынша біз PD, LGD және EAD есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректердің дұрыстығын, растайтын құжаттармен салыстыру арқылы кешіктіру мен өтеудің уақтылы көрсетілуін тексердік. - Клиенттерге берілетін кредиттерді және ККЗ бойынша резервтер жеке негізде бағаланатын 3-кезеңге жатқызылған қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті іріктеу бойынша Компания қамтамасыз етуді іске асырудан түсетін болжамды түсімдерді және оларды іске асырудың күтілетін мерзімдерін қоса алғанда, болашақ ақша ағындарын болжау үшін пайдаланатын жорамалдарды тарихи тәжірибені және жалпыға қолжетімді нарықтық тәжірибені түсінуімізге сүйене отырып, сыни тұрғыдан бағаладық.



«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
3-бет

<p>Клиенттерге берілетін кредиттер көлемінің және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің маңыздылығына және осыған байланысты олар бойынша күтілетін кредиттік залалдарды бағалаудың белгісіздігіне байланысты бұл сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қарастырылады.</p>	<ul style="list-style-type: none"> - Клиенттерге берілетін кредиттерге және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке, ұжымдық негізде бағаланатын ККЗ бойынша резервтерге қатысты біз ұйымды бағаладық және кредиттерді кредиттік төуекел сатысында уақтылы жатқызу бойынша ішкі бақылаулардың операциялық тиімділігін тексердік. - Сондай-ақ, біз қарыз алушылар мен дебиторлардың тиісті санаттарының ағымдағы және болашақ экономикалық жағдайын және қызмет жағдайларын ескеретін өз бағалауымызбен салыстыру арқылы әртүрлі сценарийлер мен болжамды ақпаратты есепке алу үшін түзетудің жалпы сәйкестігін талдадық. <p>Біз сондай-ақ қаржылық есептіліктері ашулар Компанияның кредиттік төуекелге ұшырауын дұрыс көрсететінін/көрсетпейтінін бағаладық.</p>
---	--

Мемлекеттік субсидиялар

Қаржылық есептіліктің 17-ескертпесін қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
<p>Компания 2022 жылы «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-дан 30,000,000 мың теңге мөлшерінде қарыз алды, ол бойынша сыйақы жылдық 0.35% мөлшерлемесі бойынша есептеледі.</p> <p>Бастапқыда бұл қарыз болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін тиісті нарықтық сыйақы мөлшерлемелерін қолдану арқылы бағаланатын өділ құн бойынша танылды, оны анықтау айтарлықтай пайымдауды қажет етеді.</p> <p>Өділ құн мен 27,097,318 мың теңге мөлшерінде алынған номиналды құн арасындағы айырмашылық мемлекеттік субсидия ретінде көрсетілді.</p>	<p>Біздің аудиторлық процедураларымыз өділ құн мен алынған қарыздардың номиналды құны арасындағы айырмашылық мемлекеттік субсидия болып табылатындығын бағалау кезінде басшылықтың пікірін талдауды қамтыды.</p> <p>Біз мемлекеттік субсидияларды амортизациялаудың қолданылған әдістерінің негізділігін, сондай-ақ мемлекеттік субсидияларды кейіннен амортизациялаудың дәлдігін бағаладық.</p> <p>Біз нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша алынған қарыздардың өділ құнын есептеу үшін нарықтық мөлшерлемелерді айқындау кезінде басшылық пайдаланған жорамалдарды қолжетімді нарықтық ақпаратпен, оның ішінде біздің бағалау саласындағы мамандарды тарта отырып салыстырдық.</p> <p>Біз сондай-ақ қаржылық есептілікте мемлекеттік субсидиялар туралы ақпараттың тиісті түрде ашылғанына баға бердік.</p>



«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
4-бет

Басшылық алынған қарыздардың әділ құны мен номиналды құны арасындағы айырмашылық мемлекеттік субсидияны не акционердің салымын білдіретін бағалау кезінде, сондай-ақ алынған табысты мемлекеттік субсидияның тиісті шарттарымен салыстыру үшін мемлекеттік субсидияны амортизациялау әдістерін айқындау кезінде пайымдауды қолданады.

Осы операциялардың маңыздылығына байланысты, сондай-ақ жоғарыда сипатталған пайымдауларды қолдану қажеттілігін ескере отырып, бұл сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қарастырылады.

Өзге ақпарат

Басшылық өзге де ақпарат үшін жауап береді. Өзге ақпарат жылдық есепте қамтылған ақпаратты қамтиды, бірақ қаржылық есептілікті және ол туралы біздің аудиторлық есепті қамтымайды. Жылдық есеп бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін беріледі.

Біздің қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті қамтамасыз ете отырып, тұжырым жасамаймыз.

Қаржылық есептілікке аудит жүргізуге байланысты біздің міндетіміз өзге ақпаратпен қол жетімді болған кезде танысу және бұл ретте өзге ақпарат пен қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктер бар ма және басқа ақпаратта өзге де елеулі бұрмаланулар жоқ па деген мәселені қарау болып табылады.

Компания басшылығының және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілікке жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС стандарттарына сәйкес қаржылық есептіліктің дайындалуы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және басшылық Коспанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметті тарату немесе тоқтатудан басқа қандайда бір өзге де нақты балама таңдауы жоқ жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде есептілікті жасауға жауапты болады.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.



«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
5-бет

Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді өзгертейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтауға тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтауға тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді өзгерту мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз ететіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың назарына аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.



«ҚазАгроҚаржы» АҚ
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі
6-бет

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз туралы мәлімдеме береміз және бұл тұлғаларды аудиторлардың тәуелсіздігіне негізді әсер ететін деп санауға болатын барлық қарым-қатынастар және басқа да мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда қатерлерді жоюға бағытталған қабылданған әрекеттер немесе сақтық шаралары туралы хабардар етеміз.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі жеке қаржылық есептіліктің аудиті үшін ең маңызды мәселелерді анықтаймыз, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылады. Біз бұл сұрақтарды аудиторлық есепте сипаттаймыз, егер бұл мәселелер туралы көпшілікке жария етуге заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайларды қоспағанда немесе өте сирек жағдайларда кез-келген мәселе туралы ақпарат біздің есепте хабарланбауы керек деген қорытындыға келсек, теріс деп болжауға болады мұндай ақпаратты хабарлаудың салдары оның хабарламасының әлеуметтік маңызды пайдасынан асып түседі.

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың басшысы:

Магомедова М. М.
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудитору
2018 жылдың 24 мамырында берілген
№ МФ-0000594 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021

Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

2023 жылдың 17 наурызы

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Сақтық капитал	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға	82.837.204	31.607.374	1.436.184	(4.352.634)	111.528.128
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	17.301.745	17.301.745
6.302.881 мың теңге мөлшеріндегі салықты шегергенде, нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлеме бойынша Акционерден алынған қарыздарды бастапқы танудан түскен табыс	-	25.211.524	-	-	25.211.524
Жарияланған дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	(6.718.739)	(6.718.739)
Акционердің еншілес ұйымына берілген кепілдікке қатысты резервті қалпына келтіру	-	-	-	147.356	147.356
2021 жылғы 31 желтоқсанға	82.837.204	56.818.898	1.436.184	6.377.728	147.470.014
Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	20.619.374	20.619.374
189.110 мың теңге мөлшеріндегі салықты шегергенде, нарықтық мөлшерлеmeden төмен мөлшерлеме бойынша шығарылған облигациялар бойынша бастапқы тану кезіндегі дисконт (15-ескертпе)	-	756.439	-	-	756.439
53.951 мың теңге мөлшеріндегі салықты шегергенде, нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлеме бойынша Акционерден алынған қарыздарды бастапқы танудан түскен кіріс	-	215.807	-	-	215.807
Жарияланған дивидендтер (22-ескертпе)	-	-	-	(12.111.222)	(12.111.222)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	82.837.204	57.791.144	1.436.184	14.885.880	156.950.412

Компанияның Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Оразбаев Жанузак Женисович

Басқарма Төрағасының Орынбасары

Спивак Ольга Аркадьевна

Бас бухгалтер

2023 жылғы 17 наурыз

217-294 бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

мың теңгемен	Ескерт.	2022 жыл	2021 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары			
Алынған пайыздар		56.211.181	43.546.441
Төленген пайыздар		(23.936.576)	(18.824.307)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша (шығыстарды)/кірістерді шегергенде-гі іске асырылған кірістер/(шығыстар)		123.697	(24.281)
Төленген персонал шығыстары		(3.354.447)	(3.177.691)
Төленген басқа операциялық шығыстар		(1.167.203)	(833.387)
Алынған басқа да кірістер		329.873	353.334
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша ағындары		28.206.525	21.040.109
Операциялық активтердің таза өзгеруі			
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		35.213.548	4.617.633
Клиенттерге берілген кредиттер		4.117.738	6.394.306
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		(76.416.128)	(56.452.915)
Қосылған құн салығы және өтеуге жататын өзге де салықтар		(2.957.175)	(322.200)
Берілген алғытөлемдер		(342.997)	(266.724)
Басқа да активтер		62.705	(103.868)
Операциялық міндеттемелердің таза өзгеруі			
Алынған алғытөлемдер		1.429.149	49.238
Басқа да міндеттемелер		(514.858)	978.362
Корпоративтік табыс салығына дейін операциялық қызметте ақша қаражатын таза жұмсау		(11.201.493)	(24.066.059)
Төленген корпоративтік табыс салығы		(430.379)	(358.546)
Операциялық қызметте ақша қаражатын таза жұмсау		(11.631.872)	(24.424.605)
Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары			
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(295.806)	(209.735)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		12.761	4.915
Инвестициялық қызметтегі ақшалай қаражаттың таза жұмсалуды		(283.045)	(204.820)

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (жалғасы)

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы

Қаржы қызметінен болған ақша ағындары			
Акционерден қарыздар түсімі	31	5.500.000	5.835.875
Акционерден алынған қарыздарды өтеу	31	(3.941.071)	(15.782.396)
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан алынған қарыздарды өтеу	31	(176.191)	-
Кредиттік ұйымдардан қарыздар алу	31	30.000.000	18.917.333
Кредиттік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу	31	(20.068.509)	(16.883.249)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	31	65.230.366	65.000.000
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша өтеулер	31	(17.990.000)	(8.000.000)
Акционерге төленген дивидендтер	31	(12.111.222)	(6.718.739)
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза түсімі		46.443.373	42.368.824
Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының таза өсуі			
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері		226.506	36.593
Күтілетін кредиттік шығындар өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері	24	(2.121)	(386)
Ақшалай қаражаттар мен олардың баламаларының таза өсуі		34.752.841	17.775.606
Ақша қаражаты мен оның баламалары, жыл басына			
Ақша қаражаты мен оның баламалары, жыл басына	5	30.011.182	12.235.576
Ақша қаражаты мен олардың баламалары, жыл соңына	5	64.764.023	30.011.182

Компанияның Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Оразбаев Жанузак Женисович

Басқарма Төрағасының Орынбасары

Спивак Ольга Аркадьевна

Бас бухгалтер

2023 жылғы 17 наурыз

217-294 бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2022 жылғы қаржылық есептілікке ескертпелер

(мың теңгемен)

1. Қызмет сипаттамасы

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 Қаулысымен құрылған болатын. Компания қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге берген 2006 жылғы 31 наурыздағы № 16 лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Сонымен бірге, ҚРҰБ 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 195 қаулысына сәйкес, Компания қаржы агенттігі мәртебесіне ие.

Компанияның негізгі қызмет түрлері:

- агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызмет;
- агроөнеркәсіптік кешенді кредиттеу;
- агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және басқа да бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

Компанияның тіркелген офісі мына мекен-жайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Кенесары көшесі, 51 үй.

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында Компанияның 16 тіркелген филиалы бар (2021 жылғы 31 желтоқсанда: Қазақстан Республикасының аумағында 15 тіркелген филиалы).

2021 жылғы 18 наурызға дейін «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Компанияның 100% акциясын иеленді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағына сәйкес «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) және «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ біріктіру жолымен бірыңғай даму институты құрылды. 2021 жылғы 18 наурызда Компанияның 100% акциясы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на берілді.

2022 жылғы 15 шілдеде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің отырысында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на тиесілі «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның 100% жай акцияларын 147.470.014 мың теңге мөлшерінде құны бойынша «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның орналастырылатын жай акцияларына ақы төлеу ретінде беру туралы шешім қабылданды. 2022 жылғы 25 шілдеде Компанияның 100% акциясы «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на берілді.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компанияның жалғыз акционері «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Акционер») болып табылады. Акционер «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымы болып табылады. Компанияның түпкілікті меншік иесі Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компанияның жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болып табылады.

Қазақстанда шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компанияның қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, компанияның бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, олар да жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстандық теңгенің құнсыздануы, әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы және коронавирустық инфекция пандемиясы да шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының белгісіздігі деңгейін арттырады.

Соңғы уақытта байқалып отырған Ресей мен Украина төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси жағдай Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін қосымша арттырды.

2022 жылдың ақпанында Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы әскери қақтығысқа байланысты бірқатар елдер Ресей Федерациясына қарсы санкциялар енгізді. Қақтығыстың әсері екі елдің экономикалық белсенділігіне ғана емес, сондай-ақ жаһандық экономикаға да әсер етеді. Санкциялардың енгізілуі нәтижесінде әлемнің көптеген елдерінде шикізат пен азық-түлік тауарларының бағасы өсті, ресурстарды жеткізу арасындағы белгіленген байланыстар бұзылды, бағаларға инфляциялық әсер байқалады, сарапшылар да әлемдік өнеркәсіп үшін экономикалық салдарларды болжайды.

Ұсынылып отырған қаржылық есептілік Қазақстандағы бизнесті жүргізу жағдайының Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Болашақ шаруашылықты жүргізу жағдайларының нақты әсері оларды басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Жалпы бөлім

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі кеңес шығарған Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚЕХС») сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік нақты шығындар бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік бір жай акцияның баланстық құнын есептеудегі деректерді қоспағанда, немесе, егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың теңге») ұсынылған.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Төменде сипатталған есеп саясатының ережелері осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде рет-ретімен қолданылды.

Әділ құнды бағалау

Әділ құн бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде активті сатқаны үшін алынатын немесе міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнның бағалануы активті сату бойынша немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта жасалып отырғанын болжайды.

Компанияның негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қолжетімділігі болуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жорамалдар пайдаланыла отырып бағаланады, бұл ретте, нарыққа қатысушылар өздерінің ең жақсы мүдделерінде әрекет етеді деп жорамалдануда. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланудан немесе оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатудан экономикалық пайданы түрлендіру мүмкіндігін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте орынды бақыланатын бастапқы деректерді барынша көп пайдаланады және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды тұтастай бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

- 1-деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдері (қандай да бір түзетулерсіз).
- 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды, иерархияның неғұрлым төменгі деңгейіне жатқызылған бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде бақыланатын деректер болып табылатын бағалау модельдері.

- 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды, иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын деректер болып табылатын бағалау модельдері.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында, Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктелімді қайтадан талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде), иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы ауысу фактісін айқындайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелері

Бастапқы тану

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің стандартты талаптарда сатып алынуы немесе сатылуы мәміле жасалатын күніне, яғни Компания өзіне актив немесе міндеттеме сатып алу бойынша міндеттемені алатын күні көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алуға немесе сатуға, талаптары бойынша активтер мен міндеттемелердің нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде жеткізілуі талап етілетін шарттың шеңберінде қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату жатады.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі шарттық талаптарға және құралдарды басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құн бойынша бағаланады.

Бастапқы бағалау

Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаттары

Компания өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельдің және:

- амортизацияланған құн;
- басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн (бұдан әрі мәтін бойынша – «БЖКӨҚ»);
- пайда немесе залал арқылы әділ құн (бұдан әрі мәтін бойынша – «ПЗӨҚ»).

Компания туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӨҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Компания қаржы құралдарын өз қалауы бойынша ПЗӨҚ бойынша бағаланатын құралдар ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаларын қолданудың сәйкессіздігін жоюға немесе оны айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретін болса.

Қарыз мен қаржы кепілдіктерін беру бойынша міндеттемелерден басқа қаржы міндеттемелері, егер олар саудаға арналған және туынды құралдар болып табылса, амортизацияланған құн бойынша немесе ПЗӨҚ бойынша бағаланады, не ұйымның қалауынша әділ құн бойынша бағаланатын міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, клиенттерге берілген кредиттер амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Компания кредиттік ұйымдардағы қаражатты, клиенттерге берілетін кредиттер және басқа да қаржы инвестицияларын амортизацияланған құн бойынша бағалайды, тек егер мына шарттардың екеуі де орындалған жағдайда ғана:

- қаржы активі, мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптары тек қана борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз (SPPI) есебіне төлемдер болып табылатын ақша ағындарының белгіленген күні алынуын қамтамасыз етеді.

Бұл шарттар төменде толығырақ қарастырылған.

Бизнес-модельді бағалау

Компания бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсатына жету үшін топтарға біріктірілген қаржы активтерін басқарудың қалай жүзеге асырылатындығын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды.

Компанияның бизнес-модельді жекелеген құралдар деңгейінде емес, портфельдерді біріктірудің жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

- осы портфель үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттардың практикада қолданылуы. Ол шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын сақтауға, қаржы активтерін өтеу мерзімдерінің аталмыш активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржы міндеттемелерін өтеу мерзімдеріне немесе ақша қаражатының күтілетін ағындарына сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға басшылықтың стратегиясын қамтиды;
- бизнес-модельдің нәтижелілігі және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалай бағаланатындығына және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы персоналына қалай хабарланатындығына
- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;
- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай сыйақы берілетіндігіне (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);
- күтілетін сату жиілігі, көлемі мен мерзімі де Компанияның бизнес-модельін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельді бағалау «ең нашар» немесе «күйзелісті» сценарийлерді есепке алмағанда, пайда болуы дәлелді түрде күтілетін сценарийлерге негізделген.

Егер ақша ағындары бастапқы танудан кейін Компанияның болжалынан өзгеше тәсілмен іске асырылған болса, Компания аталмыш бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелімін өзгертпейді, алайда, кейіннен мұндай ақпаратты жақында құрылған немесе жақында сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

«Борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздардың есебінен ғана төлемдер» тестісі (SPPI тестісі)

Жіктеу процесінің екінші кезеңі шеңберінде Компания шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздар болып табылатынын айқындау үшін қаржы активінің шарттық талаптарын бағалайды (SPPI тестісі).

Осы тестің мақсаттары үшін «борыштың негізгі сомасы» бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебіне төлеу немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы орын алса).

Кредит шарты шеңберіндегі пайыздардың ең маңызды элементтері, әдетте, ақшаның уақытша құнын өтеу және несие тәуекелін өтеу болып табылады. SPPI тестін өткізу үшін Компания пайымдаманы қолданады және жергілікті факторларды, мысалы, қаржы активі қай валютада көрсетілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді талдайды.

Сонымен бірге, шартта көзделген, базалық кредиттік келісімге байланысты емес ақша ағындарының тәуекелдерге ұшырағыштығына немесе құбылмалылығына барынша аз әсер ететін шарттық талаптар шартта көзделген, тек борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздардың есебіне ғана төлемдер болып табылатын ақша ағындарының туындауына себепші болмайды. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПЗЭҚ бойынша бағалау қажет.

Мерзімінен бұрын өтеу туралы шарт, егер мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке есептелген пайыздарды білдірсе және шарттық қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамти алатын жағдайда ғана SPPI критерийіне сәйкес келеді. Бұдан басқа, мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер қаржы активі шартта көрсетілген номиналды сомаға қатысты сыйлықақымен немесе дисконтпен бірге сатып алынатын немесе құрылатын жағдайда, осы критерийге сәйкес келетін ретінде қаралады, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленуге жататын сома шын мәнінде шартта көрсетілген номиналды соманы плюс шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайыздарды білдіреді (сондай-ақ шарттық қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны да қамтуы мүмкін); және қаржы активін бастапқы тану кезінде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы шартының әділ құны болмашы болып табылады.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар

Компания мына талаптардың екеуі де орындалған жағдайда, борышқорлық құралдарды БЖКӘҚ бойынша бағалайды:

- құрал, шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да мақсатқа қол жеткізілетін бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптары SPPI тестінің критерийлерін сақтайды.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, әділ құнның өзгеруі нәтижесінде пайда болатын пайдалар немесе залалдар өзге жиынтық кірістің (бұдан әрі мәтін бойынша – «ӨЖК») құрамында танылады. Валюталық бағамдардың өзгеруінен түскен пайыздық түсім және пайдалар немесе шығындар пайданың немесе залалдың құрамында амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындағыдай танылады. Тану тоқтатылған кезде бұрын ӨЖК құрамында танылған жинақталған пайда немесе шығын ӨЖК құрамынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар бойынша болжалды кредиттік залалдар (бұдан әрі мәтін бойынша – «БКЗ») әділ құн бойынша бағалануын жалғастыра беретін осы қаржы активтерінің теңгерімдік құнын қаржылық жағдай туралы есепте кемітпейді. Оның орнына активті амортизацияланған құн бойынша бағалау кезінде құрылатын болжалды залалдарға арналған бағалау сақтық қорына тең сома ӨЖК құрамында пайда немесе залал құрамындағы тиісті сомаларды танумен құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде танылады. ӨЖК құрамында танылған залалдардың жинақталған сомасы активті тану тоқтатылған кезде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктеледі.

Кейде Компания кейбір инвестицияларды борышқорлық құралдарға бастапқы тану кезінде, егер олар 32 «Қаржы құралдары: ұсыну» ХҚЕС (IAS) сәйкес борышқорлық құралдың анықтамасына сай келсе және саудаға арналмаған болса, оларды кейіннен БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар ретінде жіктеу туралы күшін жою құқығынсыз шешім қабылдайды. Мұндай жіктелім туралы шешім әрбір құрал бойынша жекелеп қабылданады.

Мұндай борышқорлық құралдар бойынша пайдалар мен залалдар пайда мен залал құрамына ешқашан қайта жіктелмейді. Дивидендтер алу құқығы белгіленген кезде, компания мұндай түсімдерден осындай құралдың бастапқы құнының бір бөлігін өтеу ретінде пайда алатын жағдайлардан басқада, дивидендтер пайданың немесе шығынның құрамында өзге де кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда ӨЖК құрамында танылады. БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар құнсыздану мәніне бағалауға жатпайды. Мұндай құралдар істен шыққан кезде, қайта бағалау бойынша жинақталған сақтық қор бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

Кредит беру бойынша қаржы кепілдіктері мен міндеттемелері

Компания кредит беру бойынша қаржы кепілдіктері мен міндеттемелерін шығарады.

Қаржы кепілдіктері бастапқыда алынған сыйлықақы сомасында әділ құн бойынша қаржылық есептілікте танылады.

Бастапқы танылғаннан кейін, Компания әрбір кепілдік бойынша өзінің міндеттемесін пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есеп танылған жинақталған амортизацияны және БКЗ арналған бағалау резервін шегере отырып, бастапқы танылған сомадан мейлінше жоғары шама бойынша бағалайды.

Кредит беру бойынша міндеттемелер шарттық міндеттемелер болып табылады, оның талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде Компания клиентке алдын ала келісілген талаптарда кредит беруге міндетті.

Компания кейде нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша кредит беру міндеттемелерін шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады, сонан соң БКЗ арналған бағалау сақтық қоры сомасынан және бастапқы танылған сомадан мейлінше жоғары шама бойынша, орынды болған кезде, табыстың танылған жинақталған сомасы шегеріле отырып бағаланады.

Орындау кепілдіктері

Орындау кепілдіктері – егер екінші тарап шартта көзделген міндетті орындамаса, бұл өтемақы беретін шарттар. Орындау кепілдіктері кредит тәуекелін бермейді. Орындау кепілдігімен шарт бойынша тәуекел екінші тараптың шартта көзделген міндетті орындамау мүмкіндігі болып табылады. Тиісінше, орындау кепілдіктері қаржы құралдары болып табылмайды, сондықтан, ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану саласына жатпайды.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу

Компания қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгерткендегі ерекше жағдайларды қоспағанда, Компания қаржы активтерін бастапқы танылғаннан кейін қайта жіктемейді. Қаржы міндеттемелері ешқашан қайта жіктелмейді. 2022 жылы және 2021 жылы Компания қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеген емес.

Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламалары қолма-қол ақшалай қаражатты және кредиттік ұйымдардағы өтеу мерзімі туындаған күнінен бастап 90 (тоқсан) күннен аспайтын, қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған қаражатты қамтиды.

Қарыз қаражаттары

Егер Компанияның шарттық келісім нәтижесінде ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін салу немесе міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті борышқорлық құралдардың тіркелген санына айырбастау жолынан өзгеше түрде орындау міндеттемесі болса, шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері міндеттемелер ретінде жіктеледі. Мұндай құралдарға акционер алдындағы берешек және кредиттік ұйымдардағы қаражаттар кіреді. Бастапқы танылғаннан кейін қарыз қаражаттары тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тану тоқтатылғаннан кейін, сондай-ақ амортизация процесінде пайданың және залалдың құрамында көрсетіледі.

Компания өзінің берешегін сатып алатын жағдайда, соңғысы қаржы жағдайы туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің теңгерімдік құны мен төленген қаражат сомасының арасындағы айырмасы пайда мен залалдың құрамында көрсетіледі.

Өзара есепке алу

Қаржы жағдайы туралы есепте тек қана таза сальдоны көрсете отырып, қаржы активтері мен міндеттемелердің өзара есепке алынуы өзара есепке алуды жүргізуге заңды түрде бекітілген құқығы болғанда және міндеттемені реттеумен бірге бір мезгілде активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Өзара есепке алуды жүргізу құқығы болашақтағы оқиғаға негізделмеуге тиіс және мынадай барлық жағдайларда заңды күшке ие болуға тиіс:

- әдеттегі қызмет барысында;
- міндеттеме орындалмаған жағдайда; және
- ұйым немесе контрагенттердің бірі дәрменсіз болған немесе банкротқа ұшыраған жағдайда.

Бұл талаптар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

Кредиттерді қайта құрылымдау

Компания, мүмкіндігінше, кепілден өндіріп алудың орнына, кредит талаптарын қайта қарауға, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуға және кредит берудің жаңа талаптарын келісуге тырысады.

Егер шарттық талаптары бұл шын мәнінде жаңа кредитке айналады деп, ал айырмасы, құнсызданудан болған танылған залал ескеріле отырып, тануды тоқтатудан болған пайда немесе залал ретінде танылады деп қайта қаралса, Компания қаржы активін, мысалы, клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады. Бастапқы тану кезінде, құрылған кредит Сатып алынған немесе құрылған кредиттік- құнсызданған актив (бұдан әрі мәтін бойынша – «СҚКҚ») болып саналатын жағдайларды қоспағанда, кредиттер БКЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады.бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады.

Клиенттің кредитті тануын тоқтату керек пе екендігін бағалау кезінде, Компания бұлардан басқа, мынадай факторларды қарастырады:

- кредит валютасының өзгеруі;
- контрагенттің өзгеруі;
- түрлендіру енді құралдың SPPI тестінің критерийлеріне сәйкес келмеуіне әкеле ме.

Егер түрлендіру ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Компания құнсызданданудан болған залал танылғанға дейін пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте өзге кірістердің немесе шығыстардың құрамында ұсынылатын, түрлендіруден болған пайданы немесе залалды таниды.

Тануды тоқтатуға әкелмейтін түрлендіру жағдайында, Компания кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюының немесе активтерді кредиттік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігінің болуын да қайта бағалайды. Түрлендіру нәтижесінде кредиттік-құнсызданған ретінде активті жіктегеннен кейін, ол кемінде 6-айлық сынақ кезеңі бойына 3-саты құрамында қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-сатыдан ауыстыру үшін өзгертілген төлемдер кестесіне сәйкес сынақ кезеңінің кемінде жартысы ішінде негізгі борыштың немесе пайыздардың болмашы сомасынан көбірек тұрақты төлемдер қажет.

Қаржы міндеттемелерінің талаптарын түрлендіру

Түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасы айтарлықтай өзгеретіндей болып қаржы міндеттемесінің талаптары өзгерген кезде, Компания қаржы міндеттемесін тануды тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген талаптарымен жаңа қаржы міндеттемесі әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржы міндеттемесінің теңгерімдік құны мен түрлендірілген талаптарымен жаңа қаржы міндеттемесінің құны арасындағы айырма пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Егер талаптардың түрлендірілуі (немесе қаржы міндеттемесінің ауыстырылуы) қаржы міндеттемесін тануды тоқтатуға әкелмейтін болса, онда Компания талаптарды түрлендіру қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмейтін жағдайлардағы қаржы активінің жалпы теңгерімдік құнын түзетуге қатысты тәсілмен келісетін есеп саясатын қолданады, – яғни Компания талаптарды түрлендіру (немесе қаржы міндеттемесін ауыстыру) күніне пайданың немесе залалдың құрамында мұндай түрлендіру (немесе қаржы активін ауыстыру) нәтижесінде туындайтын қаржы міндеттемесінің амортизацияланған құнындағы кез келген түзетуді таниды.

Қолданымдағы қаржы міндеттемелері бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасындағы өзгерістер, егер олар ағымдағы шарт талаптарының салдары болып табылса, талаптарды түрлендіру болып саналмайды.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, талаптарды түрлендірудің маңыздылығы мәніне сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Компания келесі сапалық факторлардың негізінде талаптарды түрлендіру маңызды деген қорытындығы келіп отыр:

- қаржы міндеттемесі валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрінің немесе міндеттеме сапасын арттырудың басқа да құралдарының өзгеруі;
- айырбастау талабының қосылуы;
- қаржы міндеттемесі субординациясының өзгеруі.

Егер жаңа талаптарға сәйкес, ақша қаражаты ағындарының келтірілген құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде, комиссиялық сыйақы төлеуді қоса алғанда, бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша қаражаты ағындарының дисконтталған келтірілген құнының ең аз дегенде 10%-на айырмашылығы болса, сапалық бағалауды жүргізу мақсаттары үшін талаптар айтарлықтай өзгеше болып саналады. Егер бір борышқорлық құралдың басқасымен ауыстырылуы немесе оның талаптарының түрлендірілуі есепте өтеу ретінде көрсетілсе, онда келтірілген шығындар немесе комиссиялар тиісті борышқорлық міндеттемені өтеуден болған пайданың немесе залалдың бір бөлігі болып танылады. Егер бір борышқорлық құралдың басқасымен ауыстырылуы немесе оның талаптарының ауыстырылуы есепте өтеу ретінде көрсетілмесе, онда келтірілген шығындардың немесе комиссиялардың сомасына тиісті міндеттеменің теңгерімдік құны түзетіледі және бұл түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөліні немесе ұқсас қаржы активтері тобының бөлігі) қаржы жағдайы туралы есепте танылуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алынған ақша ағындарын «транзиттік» келісім талаптарында үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз толық аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Компания а) не болмаса барлық тәуекелдерді және активтен түскен пайданы іс жүзінде берді, не болмаса б) барлық тәуекелдерді және активтен түскен пайданы бермеді, бірақ өзінде сақтамайды, алайда аталмыш активті бақылауды берді.

Егер Компания активтен түскен ақша ағындарын алуға өзінің құқығын берсе, бұл ретте онымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды беріп те, сақтап та қоймай, сондай-ақ активті бақылауды бермей берсе, мұндай актив Компанияның осы активке тұрақты қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке қатысуды жалғастыра беру активтің бастапқы теңгерімдік құны мәндерінің мейлінше азы және Компанияға төлеуге ұсынылуы мүмкін өтеудің барынша жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

Есептен шығару

Қаржы активтері Компания бұдан былай олардың құнын өтеуді күтпеген кезде ғана ішінара немесе толығымен есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсыздануға жинақталған сақтық қордың шамасынан жоғары болса, онда айырмасы алдымен сақтық қордың ұлғаюы ретінде есепке алынады, содан кейін ол жалпы теңгерімдік құнға қолданылады. Одан кейінгі кез келген қалпына келтіру кредиттік шығындар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару тануды тоқтатуға жатады.

Қаржы міндеттемелер

Қаржы міндеттемесін есептен алу тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда жүргізіледі.

Қолданымдағы бір қаржы міндеттемесі сол кредитор алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай өзгеше талаптарда алмастырылған кезде немесе қолданымдағы міндеттеменің талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайданың немесе залалдың құрамында міндеттемелердің теңгерімдік құнындағы айырма таныла отырып, есепте көрсетіледі.

Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер теңгерімдік міндеттемелер әдісі қолданыла отырып, барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салықтары қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың теңгерімдік құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер болашақта салық базасын төмендететін осы уақытша айырмашылықтар есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар шамада ғана көрсетіледі. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер активті іске асыру кезеңі ішінде Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер есепті күнге күшіне енген немесе нақты күшіне енген заңнама негізге алына отырып, активті іске асыру немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Компания кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алуды жүргізеді және, егер:

- Компанияның ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық талаптарын есепке алуды жүргізуге заңды түрде бекітілген құқығы болса; және

- Кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері сол бір салық органы сол бір салық субъектісінен өндіріп алатын корпоративтік табыс салығына жататын болса, нетто негізде қаржы жағдайы туралы есепте көрсетеді.

Компания өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасында Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі салықтарды есептеу және төлеу бойынша талаптар бар. Бұл салықтар пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте басқа операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған өтемпұл және құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріле отырып, күнделікті қызмет көрсетуге арналған шығындар есепке алынбай, нақты құн бойынша көрсетіледі. Мұндай құн, егер олар капиталдандыру критерийлеріне сай келсе, келтірілген фактісі бойынша танылатын, жабдықты ауыстыруға байланысты шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдардың теңгерімдік құны, осы активтің теңгерімдік құнын өтеу мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар немесе жағдайларда өзгерістер туындаған кезде құнсыздану мәніне бағаланады.

Объект өтемпұлы оны пайдалануға қолжетімді болған кезде басталады. Өтемпұл активтерді пайдалы қолданудың келесі бағалау мерзімі ішінде желілік әдісімен есептеледі:

	Өтемпұл нормасы
Жер	0%
Ғимараттар мен құрылыстар	2%
Көлік құралдары	10-14%
Компьютерлер мен ұйымдастыру техникасы	14-20%
Басқалары	6-20%

Қалдық құны, пайдалы қолдану мерзімі және активтердің өтемпұлын есептеу әдістері әрбір есепті жылдың соңында талданады және қажеттілігіне қарай түзетіледі.

Жөндеуге және қайта құруға арналған шығыстар олардың жүзеге асырылуына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталдандыруға жататын жағдайларды қоспағанда, өзге де операциялық шығыстардың құрамына енгізіледі.

Қаржы жалгерлігіне арналған мүлік

Қаржы жалгерлігіне арналған мүлік екі шаманың: өзіндік құнның және сатудың ықтимал таза бағасының ең аз шамасы бойынша есепке алынады. Қаржы жалгерлігіне арналған мүліктің өзіндік құны мүлікті тағайындалған жеріне жеткізуге және оны жұмыс күйіне келтіруге тікелей арналған шығындарды қамтиды.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бағдарламалық жасақтаманы және лицензияларды қамтиды.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін, материалдық емес активтер жинақталған өтемпұл мен құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріле отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектелген материалдық емес активтер 1 жылдан 10 жылға дейінгі уақытты құрайтын пайдалы қолдану мерзім ішінде амортизацияланады және материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне талданады.

Бағалау міндеттемелері

Бағалау міндеттемелері, егер Компания бұрын белгілі бір оқиғаның салдарынан Бағалау міндеттемелері, егер Компанияның бұрын белгілі бір оқиғаның салдарынан реттеу үшін жоғары ықтималдық дәрежесімен ресурстардың жылыстауы қажет болатын, құрамында болашақ экономикалық пайдалар бар және жеткілікті сенімділік дәрежесімен бағалауға болатын заңды немесе өзіне ерікті түрде қабылданған міндеттемелері болса танылады.

Мемлекеттік субсидиялар

Егер субсидия алынатынына және Компания осындай субсидия берудің барлық шарттарын орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, мемлекет беретін субсидиялар әділ құн бойынша танылады. Мемлекеттік субсидия мемлекеттен Компанияның операциялық қызметіне байланысты өткен немесе болашақта белгілі бір шарттарды сақтау жөніндегі Компанияның міндеттемелерінсіз үшінші тараптарға одан әрі беруге арналған ресурстарды алу болып табылмайды.

Мемлекеттік субсидия, сондай-ақ нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлеме бойынша мемлекеттік қарыздарды алудан түсетін пайда нысанын қабылдауы мүмкін. Мұндай қарыздар «Қаржы құралдары» ХҚЕС 9 сәйкес танылады және бағаланады. Пайда сомасы қарыздың бастапқыда танылған әділ құны мен сол қарыздан түскен ақшалай түсімдер арасындағы айырма ретінде анықталады.

Мемлекет нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз бере отырып, Акционер релін атқаратын жағдайларда, мемлекеттік қарыздарды нарықтық мөлшерлеме бойынша алудан түсетін пайда сомасы Акционердің салымы ретінде есепке алынады.

Мемлекеттік субсидиялар оларды өтеуге арналған тиісті шығыстармен байланыстыру үшін қажет болған кезеңдер ішінде жүйелі түрде кіріс ретінде танылады.

Қаржылық жалгерлік мәмілелерін қаржыландыруға бағытталатын қаражатты алған кезде мемлекеттік субсидия жүйелі негізде табыс ретінде танылады және нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша нарықтық мөлшерлеме бойынша есептелген сыйақының теріс әсерін өтейді. Пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте мұндай мемлекеттік субсидиялар бойынша кірістер тиісті пайыздық шығыстарды азайтады.

Акционерлік капитал

Жарғылық капитал

Акционерлік капиталға арналған жарналар акцияларды шығаруға арналған тікелей шығындар шегеріле отырып, тарихи құн бойынша танылады.

Қосымша төленген капитал

Компания өзінің акционерінен нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша қарыз немесе өзге де қаржылық көмек алғанда, алынған ақша қаражаты мен алынған қарыздың әділ құны арасындағы айырма қосымша төленген капитал ретінде есепке алынады.

Сақтық қор капиталы

Сақтық қор капиталы Компания Акционерінің шешімі негізінде бөлінбеген пайдадан қаражатты аудару арқылы ұлғайтылуы мүмкін.

Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және, егер соңғы күнін қоса алғанда, олар есепті күнге дейін жарияланған жағдайда ғана есеп беру күніне капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есеп беру күніне дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есеп беру күнінен кейін, бірақ қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашылады.

Сегменттік есептілік

Компанияның бизнесі мен географиялық сегменттері бұл қаржылық есептілікте жеке ұсынылмаған, өйткені Компания басшылығы кредиттер мен қаржы лизингін берудің негізгі операциялық сегменті Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы ұйымдары болып табылады, олар бойынша тәуекелдер мен қайтару дәрежесі бүкіл ел бойынша ұқсас деп есептейді.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте, ресурстардың өтелуге байланысты істен шығуы екіталай болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржы жағдайы туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте, олармен байланысты экономикалық пайда алу ықтималдығы болған жағдайларда, олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және түскен ақша сенімді бағалануы мүмкін болса, ақшалай түсім танылады. Түсімді қаржылық есептілікте тану үшін келесі критерийлер де орындалуы керек:

Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Компания амортизацияланған құн бойынша немесе БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық қаржы активтері бойынша пайыздық ақша түсімін кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа, қаржы активтерінің жалпы теңгерімдік құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл дисконттау кезінде болашақ ақшалай есеп айырысу төлемдері немесе ақша түсімдері қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе, қолданылатын жерде, неғұрлым қысқа уақыт кезеңі ішінде қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің таза теңгерімдік құнына дәл келтірілетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік залалдар ескерілмейді. Қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің теңгерімдік құны Компания төлемдердің немесе ақша түсімдерінің бағалауын қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген теңгерімдік құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі, ал теңгерімдік құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік-құнсызданған болатын қаржы активі жағдайында, Компания пайыздық түсімді осы қаржы активінің таза амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылса және енді ол кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, Компания жалпы құн негізінде пайыздық түсімді есептеуге қайтып оралады.

Тиімді мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген, пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылған пайыздық кірістер амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістерді және БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық қаржы активтері бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал туралы есептің «басқа да пайыздық кірістер» бабы қаржы жалгерлігі бойынша дебиторлық берешек бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Комиссиялық кірістер

Компания клиенттерге көрсететін қызмет түрлерінен комиссиялық кірістер алады.

Кредитті ұйымдастырғаны үшін комиссиялар тиісті тікелей шығындармен бірге кейінге қалдырылады және кредиттің тиімді пайыздық мөлшерлемесін түзету ретінде танылады. Егер кредит беру бойынша міндеттеменің болуы салдарынан кредит беру туралы шарттың жасалуы ықтималдығы бар болса, кредит беру бойынша міндеттеме үшін комиссия болашақтағы кезең кірісінің құрамына енгізіледі (тиісті тікелей шығындармен бірге) және кейіннен кредит бойынша нақты табыстарды түзету ретінде көрсетіледі. Егер кредит беру бойынша міндеттемелер кредит беруге әкеп соғуы мүмкін деген ықтималдық төмен деп бағаланған жағдайда, кредит беру бойынша міндеттеме үшін комиссия кредит беру бойынша міндеттемелердің қалған қолданылу кезеңі ішінде пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Кредит берумен аяқталмаған кредит беру бойынша міндеттемелердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, кредит беру бойынша міндеттеме үшін комиссия оның қолданылу мерзімі аяқталған күнге пайда немесе шығын туралы есепте танылады.

Кредитке қызмет көрсеткені үшін комиссия қызмет көрсету шамасына қарай есепке алынады. Синдикатталған кредиттерді ұйымдастырғаны үшін комиссия қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша осындай қызмет көрсетілген кезде пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте танылады. Басқа комиссиялар қызмет көрсету шамасына қарай көрсетіледі.

Жалдау

Пайдалану құқығы нысанындағы актив

Компания активтерді жалдау басталған күнге пайдалану құқығы нысанында таниды (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күні). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетіле отырып, жинақталған өтемпұл мен құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегергенде, жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, келтірілген бастапқы тікелей шығындарды және жалдау басталған күнге немесе осындай күнге дейін жүргізілген жалдау төлемдерін қамтиды. Егер Компания жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті сенімді болмаса, пайдалану құқығы түріндегі танылған актив келесі кезеңдердің мейлінше қысқа мерзімі бойына желілік әдіспен амортизацияланады: активтің болжамды пайдалы қолданылу мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

Жалдау бойынша міндеттеме

Жалдау басталған күнге Компания жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Жалдау төлемдеріне, жалдау бойынша алуға жататын кез келген ынталандыру төлемдерін алып тастағанда, тіркелген төлемдер (соның ішінде шын мәнінде тіркелген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдері және таратылу құнының кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Жалға беру төлемдеріне сатып алуға арналған опционның орындалу бағасы да кіреді, егер Компанияның осы опционды орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, сондай-ақ, егер жалға алу мерзімі Компанияның жалға алуды тоқтатуға арналған опционды ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтатқаны үшін айыппұл төлемақылары кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе жағдай басталған кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін, егер жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Компания жалдау басталған күнге қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен бірге, жалдау мерзімі жетілдірілген, өзгертілген, тиянақталған жалдау төлемдері шын мәнінде өзгерген немесе базалық активті сатып алуға опцион бағаламасы өзгерген жағдайда, жалдау бойынша міндеттеменің теңгерімдік құнына қайта бағалау жүргізіледі.

Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалға алу

Компания қысқа мерзімді жалдауға қатысты қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни, жалдау басталған күнге көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға арналған опционды қамтымайтын шарттарға) қатысты танудан босатуды қолданады. Компания, сондай-ақ құны төмен деп саналатын офистік жабдықты жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалға алуға қатысты танудан босатуды қолданады. Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.

Ұзарту опционымен шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар

Компания жалдау мерзімін, егер оның орындалатынына жеткілікті сенім болса, жалдауды ұзартуға опцион көзделген кезеңдермен бірге немесе егер оның орындалмайтынына жеткілікті сенім болса, жалға беруді тоқтатуға опцион көзделген кезеңдермен бірге мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатпайтын жалдау кезеңі ретінде айқындайды.

Қаржы жағдайы туралы есепте және пайдалар немесе залалдар туралы есепте танылған сомалар

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания жалға алушы болып табылатын қаржы жалгерлігі шарттарын жасасқан емес. 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңде Компания тиісінше 129.137 және 113.605 мың теңге мөлшерінде қысқа мерзімді жалгерлікке жататын шығыстарды мойындады. Компания құны төмен активтерді жалдау шарттарын жасаған емес.

Қаржылық жалдау – Компания жалға беруші ретінде

Компания жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекті жалдау мерзімі басталған күннен бастап, жалдауға салынған таза инвестицияларға тең сомада көрсетеді. Қаржылық кіріс таза инвестициялардың теңгерімдік сомасына кірістіліктің тұрақты мерзімді нормасын көрсететін схема бойынша есептеледі. Бастапқы тікелей шығындар жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасының құрамында есепке алынады.

Жалдау, егер ол активті иеленумен байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданың берілуін білдірсе, қаржылық жалдау (лизинг) ретінде жіктеледі.

Жалдаудың қаржылық жалдау ретінде жіктелуі шарт нысанына емес, мәміленің мазмұнына байланысты. Төменде жекелеп немесе жиынтықталған түрде әдетте жалдауды қаржылық жалдау ретінде жіктеуге әкелетін жағдайлардың мысалдары келтірілген:

1. жалдау шарты жалдау мерзімінің соңында активке меншік құқығының жалға алушыға берілуін көздейді;
2. жалға алушының активті жалгерлік қатынастардың басталу күніне осы опционның орындалуын сенімділікпен күтуге болатындай соншалықты әділ құннан осы опционды орындау күніне төмен болады деп күтілетін баға бойынша сатып алуға опционы бар;
3. жалдау мерзімі, меншік құқығы берілмесе де, активті экономикалық пайдалану мерзімінің едәуір бөлігін құрайды.
4. жалгерлік қатынастарының басталу күніне ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны іс жүзінде базалық активтің әділ құнына тең; және
5. базалық активтің оны тек жалға алушы ғана айтарлықтай түрленусіз пайдалана алатындай мамандандырылған сипаты бар.

ХҚЕС (IFRS) 16 да жекелеп немесе жиынтықтап алғанда жалдауды қаржылық жалдау ретінде жіктеуге әкеле алатын белгілерді айқындайды:

1. егер жалға берушінің шартты бұзылуға байланысты шығындары жалға алушыға тиесілі болатын, жалға алушының жалдау шартын мерзімінен бұрын бұзу құқығы болса;
2. таратылу құнының әділ бағасының ауытқуынан болған пайда немесе залал жалға алушыға есептеледі (мысалы, жалдау мерзімінің соңында сатудан түскен түсімдердің көбірек бөлігіне тең жалдау ақысынан шегерім нысанында); және
3. жалдау ақысы нарықтық деңгейден едәуір төмен болған кезде жалға алушының жалдауды тағы бір мерзімге ұзартуға мүмкіндігі бар.

Бастапқы бағалау

Бастапқы бағалау кезінде Компания қаржылық жалдауға (лизингке) берілген жалдау (лизинг) нысаналарын дебиторлық берешек ретінде, жалгерлікке (лизингке) салынған таза инвестицияларға тең сомада таниды.

Бастапқы тану жалға алушымен жалдау (лизинг) нысанасын қабылдау-тапсыру актісіне қол қою күніне жүзеге асырылады. Бұл ретте, жалгерлікке салынған таза инвестициялар – бұл жалгерлікке салынған, жалдау шартында көзделген пайыз мөлшерлемесі бойынша дисконтталған жалпы инвестициялар.

Жалдау (лизинг) нысанасын сатып алуға байланысты бастапқы тікелей шығындар қаржылық жалдау (лизинг) бойынша дебиторлық берешекті бастапқы бағалауға енгізіледі.

Лизингтік төлемдерді лизинг алушылар қаржы лизингі шарттарына сәйкес кезеңділікпен жүзеге асырады. Жалдау төлемдерінің бөлінуі жасалған қаржы лизингі шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржылық кірістің танылуы қаржылық жалдауға (лизингке) қатысты лизинг берушінің өтелмеген, таза инвестициясына кірістің тұрақты кезеңдік нормасын көрсететін графикке негізделуі тиіс. Сыйақының есептелуі, егер қаржылық жалдау (лизинг) шартында өзгесі көзделмеген болса, жалдау (лизинг) мерзімінің басталуымен бірге басталады.

Жалдау мерзімінің басталуы — лизинг алушы лизинг нысанасын пайдалану өзінің құқығын іске асыруға мүмкіндік алғаннан басталатын күн. Бұл жалдаудың бастапқы танылған күні (яғни тиісті активтерді, міндеттемелерді, жалдауға байланысты кірістерді немесе шығыстарды лизинг алушы таныған күн).

Тануды тоқтату

Қаржылық жалдау (лизинг) бойынша негізгі борышты, сыйақылар мен өзге де дебиторлық берешекті қалыптастырылған сақтық қор (провизиялар) есебінен есептен шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1. борышкер банкрот деп танылған және (немесе) борышкер сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінен шығарылған жағдайда;
2. Компания сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтату және борышкерде өндіріп алу айналысы қолданылуы мүмкін мүліктің болмауына байланысты өндіріп алушыға атқарушылық парағын қайтарып беру туралы актісін алған жағдайда. Бұл ретте, берешектің есептен шығарылуы тек заңнамалық шектеулердің салдарынан банкроттық рәсімін қолдау мүмкін болмаған кезде ғана жүргізіледі.

Қаржылық жалдау (лизинг) шарттары бойынша комиссиялық сыйақылар алынуы мүмкін. Комиссиялық сыйақы қаржылық жалдау (лизинг) бойынша тиімді пайыз мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын жағдайда, мұндай комиссия қаржылық жалдау (лизинг) бойынша негізгі борыш сомасына дисконт ретінде танылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша кірістерге жатады. Комиссиялық сыйақы шартта көзделген мерзімде төленуге жатады.

Төмендегі екі талап сақталған жағдайда, Компания қаржылық жалдау (лизинг) шартының модификациялануын бөлек жалдау шарты ретінде ескереді:

1. егер жалдау шарты бойынша активтердің саны артса; және
2. жалдау үшін өтем қолданылу аясын ұлғайту үшін оқшауланған сату бағасымен, сондай-ақ белгілі бір шарттың мән-жайларын көрсететін осындай оқшауланған сату бағасының түзетулеріне өлшемдес шамаға ұлғайса.

Егер қаржылық жалдау (лизинг) шартының модификациялануы бөлек жалдау шарты ретінде ескерілмесе, онда Компания модификацияны ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес ескереді.

Компания жалға алушы ретінде болатын қаржылық жалдау (лизинг) бойынша мәміле жасалған жағдайда, Компания мәмілелерді тану және бағалау мақсатында, ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» тиісті ережелерін басшылыққа алатын болады.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік функционалдық валюта және Компанияның қаржылық есептілін ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен ұсынылып отыр. Шетел валюталарымен жүргізілген операциялар бастапқыда операция күніне қолданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында тұлғаланған монетарлық активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға есепті күнге қолданыстағы айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валюталарымен жүргізілген операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар «Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза шығыстар» бабы бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі. Шетел валютасында нақты құн бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операция күніне қолданыстағы айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құн бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды анықтау күніне қолданыстағы айырбас бағам бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасында жүргізілген операциялар бойынша шарттық айырбас бағамы мен осындай операция күніне Қазақстан Қор Биржасының (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») ресми бағамы арасындағы айырма бағамдық айырмадан болған шығыстар шегеріле отырып, кірістердің құрамына енгізіледі. Төменде Компанияның қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданған айырбас бағамдары келтірілген:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Теңге / АҚШ доллары	462,65	431,80
Теңге / евро	492,86	489,10
Теңге / Ресей рублы	6,43	5,76

Пайдалануға әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер

Бірқатар жаңа стандарттар мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда, Компания осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырмады.

Стандарттарға енгізілген келесі түзетулер мен түсініктемелер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- Бір мәміленің салдарынан туындайтын, активтер мен міндеттемелерге жататын кейінге қалдырылған салық (ХҚЕС (IAS) 12) түзету;
- Міндеттемелерді қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктеу ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер);
- ХҚЕС (IFRS) 17 «Сақтандыру шарттары»;
- Есеп саясаты н ашу (ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС бойынша 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер);
- Бухгалтерлік бағалауларды анықтау (ХҚЕС (IAS) 8 түзетулер).

Бірқатар жаңа түсіндірмелер 2022 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енді. Бұл түсіндірмелердің қолданылуы Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпеді.

4. Елеулі есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаулардың белгісіздігі

Компанияның есеп саясатын қолдану процесінде басшылық өзінің пайымдамаларын пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған сомаларды анықтау кезінде баға берді. Төменде пайымдамалар мен бағалауларды қолданудың ең маңызды жағдайлары келтірілген:

Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әртүрлі бағалау модельдері пайдаланыла отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін бастапқы деректер, егер мұндай мүмкін болса, бақыланатын нарықтың негізінде анықталады; олар болмаған жағдайда, әділ құнды анықтау үшін пайымдаманы қолдану қажет. Қосымша ақпарат 28-ескертпеде берілген.

Кепілзаттық қамтамасыз етуді бағалау

Компания басшылығы тұрақты негізде кепілзаттық қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асырып отырады. Компания басшылығы нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, тәжірибеге негізделген пайымдау-

ларды немесе кепілзаттық қамтамасыз етудің құнын түзету үшін тәуелсіз бағалауды қолданады. Қосымша ақпарат 7, 8 и 9-ескертпелерде берілген.

Болжалды кредиттік залалдар / қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған шығындар

Шығындарды бағалау ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша пайымдаманы қолдануды талап етеді, атап айтқанда, БКЗ / құнсызданудан болған және кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюын бағалау бойынша шығындарды анықтау кезінде болашақ ақша ағындарының шамасы мен туындау мерзімін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалаулар өзгерістері құнсыздануға арналған бағалау сақтық қорының әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін бірқатар факторларға байланысты болады. Компанияның БКЗ есеп-қисабы ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділігін таңдауға қатысты бірқатар негізгі қателесулерді қамтитын күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады.

Пайымдамалар мен есептік бағалаулар болып саналатын БКЗ есептеу модельдерінің элементтеріне мыналар жатады:

- Компанияның кредит тәуекелінің едәуір ұлғайғанын бағалау үшін қолданатын критерийлер, соның нәтижесінде қаржы активтері бойынша құнсыздануға арналған бағалау сақтық қоры бүкіл мерзім ішінде БКЗ тең сомада бағалануы тиіс, және сапалы бағалау;
- Қаржы активтері бойынша БКЗ топтық негізде бағаланған кезде, оларды топтарға біріктіру;
- әртүрлі формулалар мен бастапқы деректерді таңдауды қоса алғанда, БКЗ есептеу модельдерін әзірлеу;
- микроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды анықтау, мысалы, жұмыссыздық деңгейі мен қамтамасыз ету құны арасындағы, сондай-ақ дефолт ықтималдығының көрсеткіштеріне (PD), дефолт тәуекеліне ұшыраған шамаға (EAD) және дефолт кезіндегі ысырап деңгейіне (LGD) әсері;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және БКЗ бағалау модельдеріне арналған экономикалық бастапқы деректерді алу ықтималдығын ескере отырып, оларды өлшеу.

Қосымша ақпарат 27-ескертпеде берілген.

Салық салу

Қазақстан Республикасының салық, валюта және кеден заңнамасы жеткілікті жиі орын алуы мүмкін әртүрлі түсіндірмелер мен өзгерістердің объектісі болып табылады. Басшылықтың мәмілелер мен Компанияның қызметіне қатысты қолданатын мұндай заңнамаға қатысты түсіндірмемен тиісті жергілікті және мемлекеттік органдар келіспеуі мүмкін. Осылайша, қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептелуі мүмкін. Салық кезеңдері салық есептеуге қатысты тиісті мемлекеттік органдардың тексеруі үшін қаралатын жылдың алдындағы күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда мұндай шолулар тым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Басшылық, 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, оның заңнаманы түсіндіруі тиісті болып табылады және Компанияның салық салу мәселесі мен кеден заңнамасы бойынша ұстанымдары расталатын болады деп санайды.

5. Ақша қаражаттары мен олардың баламалары

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мынадай позицияларды қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты:		
• Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінде	1.800.000	5.821.923
• кредиттік рейтингі BBB бастап – BBB+ дейін	19.476.020	20.620.384
• кредиттік рейтингі BB бастап – BB+ дейін	8.803.664	68.349
• кредиттік рейтингі B бастап – B+ дейін	5	–
Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражатының жиыны	30.079.689	26.510.656
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз бағалы қағаздармен (облигациялармен) «кері «РЕПО» операциялары	5.120.768	–
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз бағалы қағаздармен (облигациялармен) «кері «РЕПО» операциясының жиыны	5.120.768	–
90 күнге дейін орналастырылған ҚРҰБ ноталары	29.566.366	–
90 күнге дейінгі мерзімге орналастырылған ҚРҰБ ноталарының жиыны	29.566.366	–
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем депозиттер		
• - кредиттік рейтингсіз (Ситибанк АҚ)	–	3.501.205
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем депозиттер жиыны	–	3.501.205
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны, болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қор шегерілгенге дейінгі	64.766.823	30.011.861
Болжамды кредиттік шығындарға арналған сақтық қор	(2.800)	(679)
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны, болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қор шегерілгенде	64.764.023	30.011.182

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның бір банкте шоттары бар, ондағы ақша қаражаты мен олардың баламаларының қалдықтарының жалпы сомасы меншікті капиталдың 10%-дан астамын құрайды. Аталған банктегі қалдықтардың жиынтық көлемі 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 19.476.020 мың теңгені немесе ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жалпы сомасының 30,07% құрайды (2021 жылғы 31 желтоқсанда: бір банкте 20.620.384 мың теңге месе 68,71% мөлшерінде). Сондай-ақ, Компанияның бір ұйымда активтері (ҚРҰБ ноталары және «кері «РЕПО» операциялары) бар, ондағы ақша қаражаттарының қалдықтары мен олардың баламаларының жалпы сомасы меншікті капиталдың 10% – нан астамын құрайды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражаты қалдықтары мен олардың баламаларының жиынтық көлемі 33.293.257 мың теңгені немесе ақша қаражаты мен олардың баламаларының жалпы сомасының 51,41% құрайды.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Компания Қазақстан қор биржасында «кері РЕПО» шарттарын жасасты. Кепілге салынған бағалы қағаздардың әділ құны 5.069.726 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: жоқ).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, сатып алу және кері сату («кері РЕПО») шарттарында әділ құны 2.196.256 мың теңге мөлшерінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің шығарылған қазынашылық ноталары, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1.925.339 мың теңге облигациялары және әділ құны 948.131 мың теңге Еуразиялық даму банкінің облигациялары түрінде қамтамасыз ету бар.

Кредиттік рейтингтері «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе өзге де рейтингтік агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған. Ақшалай қаражат және олардың баламалары мерзімі өткен болып табылмайды және кредит тәуекелінің 1 сатысына жатқызылады.

Кредиттік сапаны талдау

Ақша қаражаты, негізінен, кредиттік рейтингі жоғары және тәуекел деңгейі төмен құралдар ретінде ұсынылған. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қорын 12-айлық болжалды кредиттік залалдарға тең сомада таныды.

6. Кредиттік ұйымдардағы қаражат

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардағы қаражат мынадай позицияларды қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		
• кредиттік рейтингі B бастап – B+ дейін	61.836	35.099.362
Күтілетін кредиттік залалдар үшін резерв шегерілгенге дейін кредиттік ұйымдардағы қаражаттың жиыны	61.836	35.099.362
Болжалды кредиттік залалға арналған сақтық қор	(3)	(896)
Күтілетін кредиттік залалдарға арналған резервті шегергендегі кредиттік ұйымдардағы қаражаттың жиыны	61.833	35.098.466

Кредиттік рейтингтері «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе өзге де рейтингтік агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған. Кредиттік ұйымдардағы ақша қаражаттары мерзімі өткен болып табылмайды.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, кредиттік ұйымдардағы қаражатқа банктердегі шетел валютасындағы депозиттер кірмейді (2021 жылғы 31 желтоқсанда 4.157.317 мың теңге кірді). 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компанияда үлесіне меншікті капиталдың 10%-нан астамы келетін банктерде қалдықтар болған жоқ (2021 жылғы 31 желтоқсанда қалдықтар болған жоқ).

Кредиттік ұйымдардағы қаражат бойынша қалдықтар мерзімі өткен болып табылмайды және кредит тәуекелінің 1-сатысына жатқызылады.

Кредиттік сапаны талдау

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, негізінен, негізінен, кредиттік рейтингі жоғары және тәуекел деңгейі төмен құралдар ретінде ұсынылған.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания кредиттік ұйымдардағы қаражат бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қорын 12-айлық болжалды кредиттік шығындарға тең сомада таныды.

7. Клиенттерге берілген кредиттер

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, клиенттерге берілген несие келесі позицияларды қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Заңды тұлғаларға берілген кредиттер	27.447.542	31.691.418
Жеке тұлғаларға берілген кредиттер	3.399.132	3.514.154
БКЗ арналған сақтық қорды шегергенге дейін клиенттерге берілген кредиттердің жиыны	30.846.674	35.205.572
БКЗ арналған сақтық қор	(17.559.366)	(13.485.164)
Клиенттерге берілген кредиттер	13.287.308	21.720.408

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын, клиенттерге берілген кредиттер бойынша БКЗ арналған бағалау сақтық қоры

Төменде кестеде заңды тұлғалар бойынша 2022 жылғы ККШ арналған резервтер өзгерістерінің талдауы ұсынылған:

	2022 жыл			Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжалды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойын- ша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды кредиттік залалдар	3-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	
Заңды тұлғалар				
2022 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор	121.019	14.844	12.295.220	12.431.083
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	-	-	-	-
1-кезеңге аударымдар	281.755	(281.755)	-	-
2-кезеңге аударымдар	-	468.783	(468.783)	-
3-кезеңге аударымдар	(103.152)	(16.195)	119.347	-
Залалдарға арналған бағалау сақтық қорын таза (қалпына келтіру)/құру	(157.998)	(185.677)	3.415.348	3.071.673
Болжалды кредиттік залалдардың келтірілген құнына қатысты дисконтты босату	-	-	256.257	256.257
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(173.677)	(173.677)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	141.624	-	15.443.712	15.585.336

Төменде кестеде жеке тұлғалар бойынша 2022 жылғы ККШ арналған резервтер өзгерістерінің талдауы ұсынылған:

	2022 жыл			Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжал- ды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды кредиттік залалдар	3-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	
Жеке тұлғалар				
2022 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор	-	-	1.054.081	1.054.081
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	-	-	-	-
1-кезеңге аударымдар	-	-	-	-
2-кезеңге аударымдар	-	-	-	-
3-кезеңге аударымдар	-	-	-	-
Бағалау сақтық қорын залалға таза қалпына келтіру	-	-	912.977	912.977
Болжалды кредиттік залалдардың келтірілген құнына қатысты дисконтты босату	-	-	6.972	6.972
Есептен шығарылған сомалар	-	-	-	-
2022 жылғы 31 желтоқсанға	-	-	1.974.030	1.974.030

Төменде кестеде заңды тұлғалар бойынша 2021 жылғы ККШ арналған резервтер өзгерістерінің талдауы ұсынылған:

	2021 жыл			Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжалды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойын- ша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды кредиттік залалдар	3-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	
Заңды тұлғалар				
2021 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор	17.605	139.338	14.048.835	14.205.778
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	190.378	-	-	190.378
1-кезеңге аударымдар	163.596	(163.596)	-	-
2-кезеңге аударымдар	(7.030)	212.080	(205.050)	-
3-кезеңге аударымдар	(18.947)	4.444	14.503	-
Бағалау сақтық қорын залалға таза қалпына келтіру	(224.583)	(177.422)	(2.063.610)	(2.465.615)
Болжалды кредиттік залалдардың келтірілген құнына қатысты дисконтты босату	-	-	500.542	500.542
Есептен шығарылған сомалар	-	-	-	-
2021 жылғы 31 желтоқсанға	121.019	14.844	12.295.220	12.431.083

Төменде кестеде жеке тұлғалар бойынша 2021 жылғы ККШ арналған резервтер өзгерістерінің талдауы ұсынылған:

Жеке тұлғалар	2021 жыл			Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжалды залалдар	2-кезең Кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	3-кезең Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	
2021 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор	-	-	987.973	987.973
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	-	-	-	-
1-кезеңге аударымдар	-	-	-	-
2-кезеңге аударымдар	-	-	-	-
3-кезеңге аударымдар	-	-	-	-
Бағалау сақтық қорын залалға таза қалпына келтіру	-	-	74.851	74.851
Болжалды кредиттік залалдардың келтірілген құнына қатысты дисконтты босату	-	-	5.608	5.608
Есептен шығарылған сомалар	-	-	(14.351)	(14.351)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	-	-	1.054.081	1.054.081

2022 жылғы 31 желтоқсанға клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтің мөлшерін айқындау кезінде басшылық мынадай болжамдар жасады:

- кредиттік сапаны есепке алу бойынша 1-кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша PD деңгейі 4,48%-25,92%, кредиттік сапаның 2-кезеңіне жатқызылған кредиттер бойынша-54.92% құрайды, сегментке және қарыз алушының кредиті өтелгенге дейінгі жылдар санына байланысты;
- 1-кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша LGD деңгейі орта есеппен 7% – құрады; 2-кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша жоқ; 3-кезеңге орта есеппен 55% – құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсанға клиенттерге берілген кредиттер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтің мөлшерін айқындау кезінде басшылық мынадай болжамдар жасады:

- қарыз алушының кредиті өтелгенге дейінгі жыл сегменті мен санына байланысты кредиттік сапаны есепке алу бойынша 1 – кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша PD деңгейі 7,48%-31,01%, кредиттік сапаның 2-кезеңіне жатқызылған кредиттер бойынша-48,52% -67,91% құрады;
- 1-кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша LGD деңгейі орта есеппен 4%; 2-кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша орта есеппен 6%; 3-кезеңге жатқызылған кредиттер бойынша орта есеппен 46%-құрады.

Жоғарыда келтірілген бағалардың өзгеруі берілген несиелер бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резервтің мөлшеріне әсер етуі мүмкін. Мысалы, ағымдағы сәтке келтірілген ақшалай қаражаттың болжамды ағындарының таза құнының шамасы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берілген кредиттер бойынша шығындарға арналған бағалау резервінің мөлшері плюс бір пайыз мөлшерге өзгерген кезде 91.430 мың теңгеге төмен болар еді (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 125.300 мың теңгеге).

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген кредиттердің кредиттік сапасы туралы ақпарат ұсынылған:

Заңды тұлғалар	2022 жылғы 31 желтоқсан			Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжалды залалдар	2-кезең Кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	3-кезең Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	
• мерзімі өтпеген	771.997	36.847	3.275.114	4.083.958
• 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	1.263.060	-	2.388.443	3.651.503
• 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	3.445.523	3.445.523
• 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	86.282	86.282
• 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	589.570	589.570
• 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	-	-	15.590.706	15.590.706
	2.035.057	36.847	25.375.638	27.447.542
Залалға арналған бағалау сақтық қоры	(141.624)	-	(15.443.712)	(15.585.336)
Клиенттерге берілген кредит жиыны	1.893.433	36.847	9.931.926	11.862.206

Жеке тұлғалар	2022 жылғы 31 желтоқсан			Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжалды залалдар	2-кезең Кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	3-кезең Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	
• мерзімі өтпеген	175.667	-	948.645	1.124.312
• 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	-	-
• 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	-	-
• 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	-	-
• 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	-	-
• 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	-	-	2.274.820	2.274.820
	175.667	-	3.223.465	3.399.132
Залалға арналған бағалау сақтық қоры	-	-	(1.974.030)	(1.974.030)
Клиенттерге берілген кредит жиыны	175.667	-	1.249.435	1.425.102

	2021 жылғы 31 желтоқсан			Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжал- ды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды кредиттік залал- дар	3-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	
Заңды тұлғалар				
• мерзімі өтпеген	2.170.795	–	4.755.365	6.926.160
• 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	4.190	–	3.044.645	3.048.835
• 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	710.428	3.337.412	4.047.840
• 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	818.158	818.158
• 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	1.376.042	1.376.042
• 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	–	–	15.474.383	15.474.383
	2.174.985	710.428	28.806.005	31.691.418
Залалға арналған бағалау сақтық қоры	(121.019)	(14.844)	(12.295.220)	(12.431.083)
Клиенттерге берілген кредит жиыны	2.053.966	695.584	16.510.785	19.260.335

	2021 жылғы 31 желтоқсан			Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжал- ды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішін- дегі болжалды кре- диттік залалдар	3-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	
Жеке тұлғалар				
• мерзімі өтпеген	280.226	–	14.157	294.383
• 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	884.869	884.869
• 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	24.900	–	24.900
• 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	–	–
• 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	–	–
• 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	–	–	2.310.002	2.310.002
	280.226	24.900	3.209.028	3.514.154
Залалға арналған бағалау сақтық қоры	–	–	(1.054.081)	(1.054.081)
Клиенттерге берілген кредит жиыны	280.226	24.900	2.154.947	2.460.073

Жалпы теңгерімдік құнның өзгеруін талдау

Одан әрі клиенттерге берілген кредиттердің жалпы теңгерімдік құнының елеулі өзгеруі болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қорларының өзгеруіне қалай ықпал еткені түсіндіріледі.

2022 жыл ішінде 3-кезеңде 2.464.108 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 6.900.152 мың теңге) және 2-кезеңдегі 2.826 мың теңге мөлшеріндегі (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 1.850.999 мың теңге) клиенттерге берілген кредиттерді өтеулер 3-кезеңде клиенттерге берілген кредиттер бойынша 1.195.079 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсан: 1.743.858 мың теңге) және 2-кезеңде клиенттерге берілген кредиттер бойынша 533 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 33.355 мың теңге) мөлшерінде болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың кемуіне алып келді.

Қамтамасыз ету және кредит тәуекелін төмендететін өзге де құралдар

Компания ұсынылуын талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің кредит тәуекелін бағалауға байланысты болады. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау параметрлерінің ұйғарындылығына қатысты қағидаттар белгіленген.

Коммерциялық кредиттеу кезінде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері жылжымайтын мүлік, жер, ауыл шаруашылығы техникасы болып табылады.

Келесі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қамтамасыз ету типтері бойынша клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету және кредиттердің сапасын арттырудың өзге де құралдары туралы ақпарат ұсынылған (залалға арналған бағалау сақтық қорын шегергенде):

	Клиенттерге кредиттер, тең- герімдік құны	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең ішінде бағаланған қамтамасыз ету үшін
Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде клиенттерге берілетін кредиттер:		
Жылжымайтын мүлік	2.069.100	2.069.100
Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны	2.069.100	2.069.100
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттер:		
Жылжымайтын мүлік	36.847	36.847
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны	36.847	36.847
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттер:		
Жылжымайтын мүлік	10.976.795	10.976.795
Көлік құралдары	97.754	97.754
Өзге де қамтамасыз ету	5.977	5.977
Қамтамасыз етусіз және несие сапасын арттырудың басқа да құралдарынсыз	100.835	100.835
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны	11.181.361	11.181.361
Клиенттерге берілген кредиттердің жиыны	13.287.308	13.287.308

Келесі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қамтамасыз ету типтері бойынша клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету және кредиттердің сапасын арттырудың өзге де құралдары туралы ақпарат ұсынылған (залалға арналған бағалау сақтық қорын шегергенде):

	Клиенттерге кредиттер, теңгерімдік құны	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең ішінде бағаланған қамтамасыз ету үшін
Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде клиенттерге берілетін кредиттер:		
Жылжымайтын мүлік	2.334.192	2.334.192
Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны	2.334.192	2.334.192
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттер:		
Жылжымайтын мүлік	720.484	720.484
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны	720.484	720.484
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттер:		
Жылжымайтын мүлік	18.475.988	18.475.988
Көлік құралдары	66.105	66.105
Өзге де қамтамасыз ету	123.639	123.639
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны	18.665.732	18.665.732
Клиенттерге берілген кредиттердің жиыны	21.720.408	21.720.408

Басшылық қамтамасыз етудің нарықтық құнының мониторингін жүзеге асырады, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамтамасыз ету сұратады, сондай-ақ құнсызданудан болатын залалдарға арналған сақтық қордың жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамтамасыз етудің нарықтық құнын қадағалайды.

Клиенттерге берілетін кредиттердің шоғырлануы

2022 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның он ең ірі тәуелсіз тарапқа берген клиенттерге берілетін кредиттерінің шоғырлануы 14.428.921 мың теңгені немесе жиынтық кредиттік портфелінің 46.78% (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 14.899.291 мың теңге немесе жиынтық кредиттік портфелінің 42.32%) құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсанға осы кредиттер бойынша 7.803.939 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 5.668.836 мың теңге) БКЗ арналған сақтық қор құрылған болатын.

Кредиттер қызметін Қазақстан Республикасында экономиканың ауыл шаруашылығы секторында жүзеге асыратын клиенттерге беріледі.

8. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің талдауы төменде берілген:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Бір жылдан кем	108.143.995	101.146.928
1 жылдан 2 жылға дейін	74.622.600	65.802.822
2 жылдан 3 жылға дейін	79.390.866	63.591.332
3 жылдан 4 жылға дейін	81.828.575	62.824.200
4 жылдан 5 жылға дейін	75.901.454	60.948.122
5 жылдан жоғары	229.280.694	166.085.802
Ең төменгі жалдау төлемдері	649.168.184	520.399.206
Еңбексіз табылған қаржы кірісін шегергенде		
Бір жылдан кем	(5.347.655)	(4.783.600)
1 жылдан 5 жылға дейін	(98.467.965)	(78.902.473)
5 жылдан жоғары	(122.226.820)	(91.516.205)
Еңбексіз табылған қаржы кірісін шегергенде, жиыны	(226.042.440)	(175.202.278)
Болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қоры	(29.461.551)	(30.484.433)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	393.664.193	314.712.495

2022 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв мөлшерін айқындау кезінде басшылық мынадай болжамдар жасады:

- қарыз алушының кредиті өтелгенге дейінгі жыл сегменті мен санына байланысты кредиттік сапаны есепке алу бойынша 1 – кезеңге жатқызылған қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша PD деңгейі 4 4,48% -25,92%; кредиттік сапаның 2 – кезеңіне жатқызылған қаржылық жалгерлік бойынша -24,62% – 74,1% құрады;
- 1-кезеңге жатқызылған қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша LGD деңгейі орта есеппен 13%, 2-кезеңге орта есеппен 14%, 3-кезеңге орта есеппен 41% құрады.

2021 жылғы 31 желтоқсанға қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған резерв мөлшерін айқындау кезінде басшылық мынадай болжамдар жасады:

- қарыз алушының кредиті өтелгенге дейінгі жыл сегменті мен санына байланысты кредиттік сапаны есепке алу бойынша 1-кезеңге жатқызылған қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша PD деңгейі 7,48% -31,01%, кредиттік сапаның 2 – кезеңіне жатқызылған бойынша-34,28% -70,92% құрады;
- 1-кезеңге жатқызылған қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша LGD деңгейі орта есеппен 19%, 2-кезеңге жатқызылған бойынша орта есеппен 19%, 3-кезеңге жатқызылған бойынша орта есеппен 45% құрады.

Жоғарыда келтірілген бағалаулардың өзгеруі қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындар бойынша резервтің мөлшеріне әсер етуі мүмкін.

Мысалы, ағымдағы сәтке келтірілген ақшалай қаражаттың болжамды ағындарының таза құнының шамасы 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша шығындарға арналған бағалау резервінің плюс бір пайыз мөлшерге өзгерген кезде 436.462 мың теңгеге төмен болар еді (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 366.540 мың теңгеге). Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы БКЗ арналған сақтық қор өзгерістерінің талдауы ұсынылған:

	2022 жыл				Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжал- ды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды кредиттік залалдар	3-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	СҚКҚ Сатып алынған немесе құрылған кредиттік- құнсызданған	
2022 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор	5.027.974	988.332	24.468.127	-	30.484.433
Новые созданные или при- обретенные Активтер	2.541.505	-	-	10.240	2.551.745
Переводы в Стадию 1	4.252.820	(3.745.373)	(507.447)	-	-
Переводы в Стадию 2	(519.947)	4.076.702	(3.556.755)	-	-
Переводы в Стадию 3	(147.531)	(1.536.033)	1.683.564	-	-
Чистое (восстановление)/со- здание оценочного резерва под убытки	(7.043.240)	813.361	3.056.763	735	(3.172.381)
Списанные суммы	-	-	(402.246)	-	(402.246)
На 2022 жылғы 31 жел- тоқсан	4.111.581	596.989	24.742.006	10.975	29.461.551

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы БКЗ арналған сақтық қор өзгерістерінің талдауы ұсынылған:

	2021 жыл				Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжал- ды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішін- дегі болжалды кре- диттік залалдар	3-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	СҚКҚ Сатып алынған немесе құрылған кредиттік- құнсызданған	
2021 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор	4.047.880	986.731	21.522.266	-	26.556.877
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	2.888.610	-	16.199	-	2.904.809
1-кезеңге аударымдар	2.790.946	(2.790.946)	-	-	-
2-кезеңге аударымдар	(857.129)	3.238.472	(2.381.343)	-	-
3-кезеңге аударымдар	(413.964)	(2.545.537)	2.959.501	-	-
Залалдарға арналған бағалау сақтық қорын таза (қалпына келтіру)/құру	(3.428.369)	2.099.612	2.674.359	-	1.345.602
Сомаларды есептен шығару	-	-	(322.855)	-	(322.855)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	5.027.974	988.332	24.468.127	10.975	30.484.433

Қаржылық жалдау портфелінің кредиттік сапасы

Төмендегі кестеде 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жалдау портфелінің кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген:

	2022 жылғы 31 желтоқсан				Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжал- ды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды кредиттік залалдар	3-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылатын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	СҚКҚ Сатып алынған немесе құрылған кредиттік- құнсызданған	
• мерзімі өтпеген	356.870.252	3.447.816	15.858.489	27.048	376.203.605
• 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	8.411.927	938.948	2.460.563	-	11.811.438
• 31 күннен артық, бірақ 90 күн- нен аз уақытқа мерзімі өткен	-	2.198.204	1.212.797	-	3.411.001
• 91 күннен артық, бірақ 180 күн- нен аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	2.221.562	-	2.221.562
• 181 күннен артық, бірақ 1 жыл- дан аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	3.453.020	-	3.453.020
• 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	-	-	26.025.118	-	26.025.118
	365.282.179	6.584.968	51.231.549	27.048	423.125.744
Залалдарға арналған бағалау сақтық қоры	(4.111.581)	(596.989)	(24.742.006)	(10.975)	(29.461.551)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек жиыны	361.170.598	5.987.979	26.489.543	16.073	393.664.193

	2021 жылғы 31 желтоқсан				Жиыны
	1-кезең 12-айлық болжал- ды залалдар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табылмайтын активтер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды кредиттік залалдар	3-кезең Ожидаемые кре- дитные убытки за весь срок по акти- вам, являющимся кредитно-обесце- ненными	СҚКҚ Сатып алынған немесе құрылған кредиттік- құнсызданған	
• мерзімі өтпеген	275.505.700	3.474.325	15.451.230	-	294.431.255
• 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	5.059.784	1.206.590	6.100.985	-	12.367.359
• 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	-	2.865.243	2.737.890	-	5.603.133
• 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	2.231.010	-	2.231.010
• 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	-	-	3.323.782	-	3.323.782
• 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	-	-	27.240.389	-	27.240.389
	280.565.484	7.546.158	57.085.286	-	345.196.928
Залалдарға арналған бағалау сақтық қоры	(5.027.974)	(988.332)	(24.468.127)	-	(30.484.433)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық бере- шек жиыны	275.537.510	6.557.826	32.617.159	16.073	314.712.495

Жалпы теңгерімдік құнның өзгеруін талдау

2022 жылғы лизингтік мәмілелерді қаржыландырудың өсуі портфельдің жалпы теңгерімдік құнының жалпы сомасы 142.197.592 мың теңгеге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 119.633.899 мың теңге) өсуіне және 2.551.745 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 2.904.809 мың теңге) портфель бойынша залалдарға арналған бағалау сақтық қорының тиісінше ұлғаюына себепші болды.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 3-кезеңде 4.648.523 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 5.165.704 мың теңге) өтелуі 2.224.840 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 1.683.792 мың теңге) болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың кемуіне әкелді.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 3-кезеңге 8.626.791 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда 14.853.222 мың теңге) мөлшерінде аударылуы 1.618.032 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 1.799.473 мың теңге) мөлшерінде болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың ұлғаюына әкелді.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 3-кезеңнен 2-кезеңге 1.491.094 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 6.869.203 мың теңге) мөлшерінде аударылуы 380.619 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 454.788 мың теңге) мөлшерінде болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың кемуіне әкелді.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 1-кезеңнен 2-кезеңге 3.150.900 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 30.648.615 мың теңге) мөлшерінде аударылуы 149.772 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 1.911.360 мың теңге) мөлшерінде болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың ұлғаюына әкелді.

Қамтамасыз етуді талдау

Келесі кестеде 2022 және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қамтамасыз ету типтері бойынша, қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешекке қатысты қамтамасыз ету, жалға алынған активтер мен кредит сапасын арттырудың басқа да құралдары туралы ақпарат ұсынылған (шығындарға арналған бағалау резервін шегергенде):

	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан	
	Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек, теңгерімдік құны	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең ішінде бағаланған қамтамасыз ету үшін	Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек, теңгерімдік құны	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең ішінде бағаланған қамтамасыз ету үшін
Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде болатын жалгерлік:				
Көлік құралдары	349.537.476	349.537.476	261.168.237	261.168.237
Жабдықтар	9.576.350	9.576.350	10.430.973	10.430.973
Жылжымайтын мүлік	1.669.319	1.669.319	1.441.599	1.441.599
Өзге активтер	387.453	387.453	2.496.701	2.496.701
Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде болатын жалгерлік жиыны	361.170.598	361.170.598	275.537.510	275.537.510
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын жалдау:				
Көлік құралдары	5.691.866	5.691.866	5.693.396	5.693.396
Жабдықтар	153.306	153.306	631.226	631.226
Өзге активтер	142.807	142.807	233.204	233.204
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын жалдау жиыны	5.987.979	5.987.979	6.557.826	6.557.826
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын жалдау:				
Көлік құралдары	14.043.342	14.043.342	12.412.339	12.412.339
Жабдықтар	8.767.839	8.767.839	16.361.591	16.361.591
Жылжымайтын мүлік	1.094.105	1.094.105	1.174.360	1.174.360
Өзге активтер	2.584.257	2.584.257	2.668.869	2.668.869
Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын жалдау жиыны	26.489.543	26.489.543	32.617.159	32.617.159
СҚКҚ-активтер				
Көлік құралдары	16.073	16.073	–	–
СҚКҚ-активтер жиыны	16.073	16.073	–	–
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек жиыны	393.664.193	393.664.193	314.712.495	314.712.495

Бұдан бұрын келтірілген кесте артық қамтамасыз ету құнын жояды.

Лизинг нысаналарын алып қою

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания 1.174.387 мың теңге мөлшерінде лизинг нысаналарын алып қойған (2021 жылы: 1.297.061 мың теңге).

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы

2022 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның он ең ірі тәуелсіз тараптарға берген қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы 28.385.157 мың теңге немесе қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің жиынтық сомасының 6,71% құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 25.139.204 мың теңге немесе 7,28%). 2022 жылғы 31 желтоқсанға Компаниямен танылған осы дебиторлық берешек бойынша БКЗ арналған сақтық қор 3.946.983 мың теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 3.839.190 мың теңге).

9. Босалқы қорлар

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша босалқы қорлар келесі позицияларды қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Қаржылық жалдауға арналған жабдық	2.469.664	2.210.086
Меншікке айналдырылған кепілзаттық мүлік	1.049.693	1.596.904
Өзге материалдар	23.126	33.249
	3.542.483	3.840.239
Құнсыздануға арналған сақтық қор (24-ескертпе)	(672.706)	(838.991)
Босалқы қорлар	2.869.777	3.001.248

2022 жылдың ішінде қарыз алушылардың берешегін өтеу ретінде алынған әртүрлі активтер Компания меншігіне ауысты. Компания бұл мүлікті қаржы лизингі шарты бойынша беруді жоспарлап отыр.

10. Қосылған құнға салық және өтелуге жататын басқа да салықтар

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қосылған құнға салық пен өтелуге жататын басқа да салықтар келесі позицияларды қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Өтелуге жататын қосылған құнға салық	8.184.428	6.390.344
Өзге салықтар	11.660	14.836
Қосылған құнға салық және өтелуге жататын басқа да салықтар	8.196.088	6.405.180

11. Берілген аванстар

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген аванстар келесі позицияларды қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Ауыл шаруашылығы техникасы үшін берілген аванстар	553.252	472.642
Жабдықтар үшін берілген аванстар	10.770	10.770
Басқа да берілген аванстар	1.563	5.736
	565.585	489.148
Құнсыздануға арналған сақтық қор (24-ескертпе)	(11.283)	(11.283)
Берілген аванстар	554.302	477.865

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аванстар кейіннен қаржылық жалға беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарды және ірі қара малды жеткізгені үшін алдын ала төлем болып табылады.

12. Акционер алдындағы берешек

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционер алдындағы берешек мыналарды қамтиды:

	Шарт	Валюта	Өтеу мерзімі	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	16.07.2021 ж. № 20-076451-01- КЛ/2 Қарыз шарты	Теңге	2026	6.442.150	–
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	28.12.2018 ж. № 1564-ЦА-АТ/1 Қарыз шарты	Теңге	2025	5.735.950	–
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	10.12.2019 ж. № 1595-ЦА-АБ/2 Қарыз шарты	Теңге	2029	4.980.954	–
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	03.10.2022 ж. № 1669-ЦА-АБ/1 Қары шарты	Теңге	2032	4.903.034	–
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	16.06.2021 ж. № 25 Қарыз шарты	Теңге	2041	–	10.834.739
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	23.09.2014 ж. № 113 Негізде- мелік келісім	Теңге	2022	–	220.999
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	24.06.2013 ж. № 63 Негіздемелік келісім	Теңге	2022	–	1.031.597
Акционер алдындағы берешек				22.062.088	12.087.335

2022 жылғы 25 шілдеде Компания акцияларының 100% пакеті «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на берілді.

Акциялардың берілуіне байланысты, Компанияның «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешегі акционер алдындағы берешек құрамынан «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек құрамына қайта жіктелді, Компанияның «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ алдындағы берешегі берілу күніне кредиттік ұйымдар қаражатының құрамынан Акционер алдындағы берешек құрамына қайта жіктелді. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша берешектер берілу күніне жіктеуге сәйкес көрсетілді.

2022 жылғы 3 қазанда Компания Акционермен №1669-ЖҚШ-на №1 қосымша келісім жасасты, оның шеңберінде 5.500.000 мың теңге мөлшерінде қарыз қаражаты алынды.

Жылдық 14,97% мөлшерлеме бойынша есептелген 269.758 мың теңге мөлшеріндегі қарызды бастапқы тану кезіндегі дисконт (53.951 мың теңге мөлшеріндегі салық әсерін қоспағанда) Акционермен жасалған мәміленің әсері ретінде қосымша төленген капитал құрамындағы капиталда тікелей көрсетілді.

Компания Акционердің қарыздарын бастапқы тану күндеріндегі нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді анықтау үшін келесі болжамдарды қолданды:

- тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған ұзақ мерзімді облигациялардың кірістілігі негізінде айқындалды;
- Компанияның кредит тәуекелі үшін сыйлықақысы.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания Акционермен жасалған шарттар бойынша шектеулі қаржылық талаптарды орындау бойынша талаптарды сақтайды. Акционер алдындағы берешек кепілді мүлікпен қамтамасыз етілмеген.

13. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек мыналарды қамтиды:

Шарт	Валюта	Өтеу мерзімі	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан	
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	№ 25 Қарызшарты	Теңге	2041	11.584.240	–
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек			11.584.240	–	

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Компанияның 100% акциясын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ меншігіне беруге байланысты, Компанияның «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешегі 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Акционер алдындағы берешек құрамынан «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек құрамына қайта жіктелді (12-ескертпе).

«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ бұрын Компанияға бұрын жасалған шарттар бойынша берешек сомаларын біріктіру жолымен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатынан берген қарыз құрылымын оңтайландыру шеңберінде 2021 жылғы 16 маусымдағы №25 қарыз шартына қол қойылды. Қарыздың жалпы сомасы – 50.000.000

мың теңге, қарыз мерзімі – 2041 жылғы 10 ақпанға дейін, номиналды сыйақы мөлшерлемесі – жылдық 1,02%, тиімді мөлшерлеме – жылдық 11,98%. Қарыздың нысаналы мақсаты – кейіннен агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне қаржы лизингіне беру үшін отандық өндірілген және/немесе құрастырылған ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде өздігінен жүретін, тіркемелі және аспалы техниканы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін, оларды қайта өңдеуден алынған өнімдерді және биологиялық активтерді тасымалдайтын отандық өндірілген және/немесе құрастырылған көлік құралдарын сатып алу. Бұл мәміленің жасалуы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған алдыңғы келісімдерді және 2021 жылғы 16 маусымдағы №25 Қарыз шарты бойынша жаңа міндеттемелерді танудың тоқтатылуына әкелді. Бұрынғы қаржы міндеттемелерінің теңгерімдік құны мен жаңа қаржы құралдарының әділ құны арасындағы 31.514.405 мың теңге мөлшеріндегі айырма (6.302.881 мың теңге мөлшеріндегі салық әсерін қоспағанда) соңғы бақылаушы тараппен жаңа талаптарды келісу жөніндегі мәміленің әсері ретінде, қосымша капитал құрамында капиталда тікелей көрсетілген болатын. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы келісім бойынша міндеттеменің теңгерімдік құны 10.834.739 мың теңгені құрайды.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-мен жасалған шарттар бойынша шектеулі қаржылық талаптарды орындау бойынша талаптарды сақтайды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек кепілді мүлікпен қамтамасыз етілмеген.

14. Кредиттік ұйымдардың қаражаттары

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардың қаражаттары мыналарды қамтиды:

	Валюта	Өтеу мерзімі	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
«Халық Банкі» АҚ	Теңге	2024-2025 жж.	27.637.582	38.131.865
«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ	Теңге	2042 жыл	3.000.898	–
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	Теңге	2025-2029 жж.	–	13.146.580
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	Теңге	2026 жыл	–	13.593.189
РОСЭКСИМБАНК АҚ	Ресей рублы	2022-2023 жж.	–	1.439.090
Кредиттік ұйымдардың қаражаттары			30.638.480	66.310.724

2022 жылғы 12 сәуірде Компания 2016 жылғы 16 маусымдағы № 16-13525-01-КЛ Кредит желісін ашу туралы шарт бойынша 4.000.000 мың теңге сомаға «Сбербанк» АҚ ЕБ алдындағы міндеттемелерді толық мерзімінен бұрын өтеуді және 2020 жылғы тамыздағы №20-076451-01-КЛ Кредит желісін ашу туралы шарт бойынша 2.684.386 мың теңге сомасына міндеттемелерді ішінара мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді.

2020 жылғы 28 тамыздағы №20-076451-01-КЛ Кредиттік желіні ашу туралы шарт шеңберінде Компанияның 6.908.803 мың теңге мөлшеріндегі «Сбербанк» АҚ ЕБ алдындағы берешегінің қалдығы Шарттың ағымдағы талаптары сақтала отырып, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на берілді. 2022 жылғы 12 сәуірде Компания мен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арасында кредитордың «Сбербанк» АҚ ЕБ-тен «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-на ауысуын көздейтін 2020 жылғы 28 тамыздағы № 20-076451-01-КЛ кредит желісін ашу туралы шартқа № 4 қосымша келісім жасалды.

2022 жылғы 23 маусымда Компания «РОСЭКСИМБАНК» АҚ алдындағы 2016 жылғы 10 мамырдағы №СКЛ-038т/16 кредит желісін ашу туралы келісім бойынша 1.040.675 мың теңге сомасына міндеттемелерді және 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 2-К15-343-216 кредит желісін ашу туралы келісім бойынша 398.415 мың теңге сомасына міндеттемелерді толық мерзімінен бұрын өтеуді жүргізді.

Өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік саладағы қоршаған ортаны жақсартуға бағытталған жобаларды қаржыландыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі №604 қаулысымен айқындалған тәртіппен және талаптарда 2022 жылғы 13 тамызда «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-мен №5-ҚШ қарыз шартына қол қойылды. Жалпы қарыз сомасы-30.000.000 мың теңге, қарыз мерзімі – 2042 жылғы 7 тамызға дейін, сыйақының номиналды мөлшерлемесі – жылдық 0,35%, бастапқы тану кезінде қарыздың әділ құнын есептеу үшін қолданылған нарықтық мөлшерлемелер 13,8% – дан 14,19% – ға дейін қалдырды. Қарыздың нысаналы мақсаты – одан әрі қаржы лизингіне беру үшін отандық өндірістің өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуды қаржыландыру. Нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша қарыз алудың пайдасы қарызды тану күніне 27.097.318 мың теңгені құраған мемлекеттік субсидия ретінде танылды.

Компания «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ қарыздарын бастапқы тану күндеріне нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді айқындау үшін мынадай жорамалдарды пайдаланды:

- тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған ұзақ мерзімді облигациялардың кірістілігі негізінде айқындалды;
- Компанияның кредит тәуекелі үшін сыйлықақысы.

«Бәйтерек «ҰБХ» АҚ Компанияның 100% акциясын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ меншігіне беруіне байланысты, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ алдындағы берешегі кредиттік ұйымдар қаражатының құрамынан Акционер алдындағы берешектің құрамына қайта жіктелді (12-ескертпе).

Шектеуші қаржы талаптары

Кредиттік ұйымдардың қарыз шарттарының талаптарына сәйкес, Компания дауыс беретін акцияларының жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде Ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйымдар үшін ҚРҰБ белгілеген пруденциалдық нормативтерді қоса алғанда, белгілі бір қаржылық коэффициенттерді сақтауға міндетті. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания кредиторлармен жасалған шарттар бойынша шектеулі қаржылық талаптарды орындау бойынша талаптарды сақтайды.

15. Шығарылған борышқорлық қағаздар

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар келесі позицияларды қамтиды:

	Өтеу күні	Мөлшерлемесі, %	Валюта	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Купондық облигацияларды шығару	2029 жылғы 28 шілде	16,85%	Теңге	42.679.970	–
Купондық облигациялар шығарылымы	2028 жылғы 20 тамыз	11,9%	Теңге	41.573.931	41.555.385
Купондық облигациялар шығарылымы	2031 жылғы 21 желтоқсан	11,5%	Теңге	25.079.108	25.079.861
Екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі төртінші шығарылым	2024 жылғы 24 желтоқсан	12,0%	Теңге	19.673.924	19.503.095
Екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде купондық облигациялардың үшінші шығарылымы	2024 жылғы 24 желтоқсан	12,0%	Теңге	19.606.415	19.445.272
Бірінші облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялардың үшінші шығарылымы	2023 жылғы 16 қаңтар	8,0%	Теңге	17.567.283	17.409.234
Купондық облигацияларды шығару	2025 жылғы 30 сәуір	13,0%	Теңге	14.239.833	–
Екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде купондық облигациялардың бірінші шығарылымы	2023 жылғы 8 қараша	12,0%	Теңге	12.204.386	12.190.675
Купондық облигацияларды шығару	2025 жылғы 30 сәуір	14,5%	Теңге	10.130.207	–
Купондық облигациялардың бірінші шығарылымы	2024 жылғы 12 маусым	8,5%	Теңге	3.962.052	3.958.518
Купондық облигациялардың екінші шығарылымы	2022 жылғы 12 маусым	8,5%	Теңге	–	18.062.146
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар				206.717.109	157.204.186

2022 жылғы маусымда Компания номиналды құны 17.990.000 мың теңге болатын купондық облигациялар шығарылымын өтеді.

2022 жылғы 27 маусымда Компания өтеу мерзімі 2025 жылғы 30 сәуірге дейін номиналды құны 15.000.000 мың теңге болатын купондық облигациялар шығарды. Борыштық бағалы қағаздар кейіннен лизингтік қаржыландыруды ұсыну үшін шығарылды және бастапқы тану кезінде жылдық 16.47% нарықтық сыйақы мөлшерлемесін пайдалана отырып, шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша шарттық ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген әділ құн бойынша танылды. 945.549 мың теңге мөлшеріндегі дисконт қосымша төленген капитал ретінде танылды (189.110 мың теңге мөлшеріндегі тиісті табыс салығының әсерін шегергенде), өйткені басшылық «Бәйтерек» ҰБХ» Компанияға қандай да бір қосымша шарттарсыз нарықтық сыйақы мөлшерлемелері бойынша көрсетілген қаржыландыру құралдарын ұсына отырып, Акционер ретінде әрекет еткенін анықтады. Компания бастапқы борыштық бағалы қағаз күніне нарықтық пайыздық мөлшерлемені анықтау үшін келесі болжамдарды қолданды:

- тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемелер Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған ұзақ мерзімді облигациялардың кірістілігі негізінде айқындалды;
- Компанияның кредит тәуекелі үшін сыйлықақысы.

2022 жылғы 28 шілдеде Компания үшінші облигациялық бағдарлама шегінде өтеу мерзімі 2029 жылғы 28 шілдеге дейін облигациялардың бірінші шығарылымын шығарды, шығарылым 40.230.366 мың теңгеге орналастырылды.

2022 жылғы 28 қарашада Компания өтеу мерзімі 2025 жылғы 30 сәуірге дейін номиналды құны 10.000.000 мың теңге купондық облигациялар шығарды.

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар бойынша шектеуші талаптарды орындау талаптарын сақтайды.

16. Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек Компанияның кейіннен қаржылық жалға беруге арналған мүлік үшін өнім берушілер алдындағы берешегін қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Ауыл шаруашылығы техникасы	2.354.428	4.881.657
Жабдық	133.401	635.374
Ірі қара мал	746	741
Басқалары	224.939	260.354
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	2.713.514	5.778.126

17. Мемлекеттік субсидиялар

	2022 жыл	2021 жыл
Мемлекеттік субсидиялар 1 қаңтарға	–	–
«Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша мемлекеттік субсидиялар	27.097.318	–
1 жылдағы амортизация	(71.367)	–
Мемлекеттік субсидиялар 31 желтоқсанға	27.025.951	–

2022 жылы Компания отандық өндірістің өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы техникасының жеңілдетілген лизингі бағдарламасын қаржыландыру мақсатында төмен сыйақы мөлшерлемесі (шарт бойынша пайыздық мөлшерлеме 0,35%) бойынша «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның қарыз беруі нәтижесінде алынған 27.097.318 мың теңге мөлшеріндегі пайданы мемлекеттік субсидиялар ретінде мойындады.

Пайда лизинг алушыларға олармен жеңілдікті мөлшерлемелер бойынша қаржы лизингі шарттарын жасасу арқылы берілетін болады.

18. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем мынадай баптардан тұрады:

	2022 жыл	2021 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	430.379	358.546
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс – уақытша айырмалардың пайда болуы және азаюы	225.401	5.558.855
Капиталда танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде	(243.061)	(6.339.721)
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем	412.719	(422.320)

2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер 134.115 мың теңгені құрайды (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 134.115 мың теңге).

Компанияның корпоративтік табыс салығы бойынша мөлшерлеме 2022 және 2021 жылдары 20,0% құрады.

Корпоративтік табыс салығының тиімді мөлшерлемесі пайдаға салық салудың ресми мөлшерлемесінен ерекшеленеді. Төменде қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығының үнемімен, ресми мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың салыстыруы келтірілген.

Тиімді салық мөлшерлемесіне қатысты салыстыру:

	2022 жыл	%	2021 жыл	%
Салық салынғанға дейінгі пайда	21.032.093	100	16.879.425	100
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	4.206.419	20	3.375.885	20
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша салық салынбайтын пайыздық кіріс	(4.970.620)	(24)	(4.775.816)	(28)
Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	430.379	2	358.546	2
Шегерілмейтін кредиттік залалдар	664.673	3	589.368	3
Басқа да шегерілмейтін шығыстар	81.868	-	29.697	-
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс/(үнемдеу)	412.719	1	(422.320)	(3)

31 желтоқсанға корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ тиісті жылдардағы олардың қозғалысы келесі позицияларды қамтиды:

	Уақыт айырмашылықтары-ның пайда болуы және азаюы			Уақыт айырмашылықтары-ның пайда болуы және азаюы			2022 жыл
	2020 год	Пайда немесе залал туралы есепте	Капиталда	2021 жыл	Пайда немесе залал туралы есепте	Капиталда	
Шегерілетін мезгілдік айырмалардың салықтық әсері							
Клиенттерге берілген кредит	209.757	(133.543)	-	76.214	(76.214)	-	-
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	47.170	37.911	-	85.081	4.290	-	89.371
Кредиттік ұйымдардың қаражаттары	128.753	24.641	-	153.394	(153.394)	-	-
Мемлекеттік субсидиялар	-	-	-	-	5.405.190	-	5.405.190
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша	26.660	34.781	-	61.441	28.541	-	89.982
Сот шешімі бойынша танылған тұрақсыздық айыбы	-	471.964	-	471.964	(119.550)	-	352.414
Кепілдіктер	36.840	-	(36.840)	-	-	-	-
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер	449.180	435.754	(36.840)	848.094	5.088.863	-	5.936.957
Салық салынатын мезгілдік айырмалардың салықтық әсері							
Клиенттерге берілген кредит	-	-	-	-	(194)	-	(194)
Акционер алдындағы берешек	(1.812.326)	242.486	(6.302.881)	(7.872.721)	7.654.251	(53.951)	(272.421)
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	-	-	-	-	(7.722.819)	-	(7.722.819)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	-	-	-	-	34.013	(189.110)	(155.097)
Кредиттік ұйымдардың қаражаттары	(392.583)	93.198	-	(299.385)	(5.038.779)	-	(5.338.164)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(44.540)	9.428	-	(35.112)	2.325	-	(32.787)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	(2.249.449)	345.112	(6.302.881)	(8.207.218)	(5.071.203)	(243.061)	(13.521.482)
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған таза міндеттеме	(1.800.269)	780.866	(6.339.721)	(7.359.124)	17.660	(243.061)	(7.584.525)

Тиімді салық мөлшерлемесіне қатысты салыстыру:

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер, тек есебіне актив пайдаланылуы мүмкін болашақтағы салық салынатын пайданың қолжетімді болу ықтималдығы бар көлемде ғана танылады. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер енді тиісті салық жеңілдігінің іске асырылу ықтималдығы болмайтын көлемде азайтылады.

19. Алынған аванстар

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 6.900.816 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 5.471.667 мың теңге) сомасындағы қаржылық жалдауға арналған, қаржылық жалдау шарттарының талаптары бойынша сатып алынған, бірақ жалға алушыға әлі берілмеген, клиенттердің мүлік үшін төлеген алдын-ала төлемдері, сондай-ақ қаржылық жалдау шарттары бойынша алдын ала төленген төлемдер болып табылады.

20. Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер

Мүлікті қаржы лизингіне бере алдында Компания кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелерді таниды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер 10.917.373 мың теңгені (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 8.817.626 мың теңге) құрайды.

21. Басқа да міндеттемелер

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа да міндеттемелер келесі позицияларды қамтиды:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Басқа да қаржы міндеттемелері		
Қызметкерлерге берілетін сыйақыларға есептелген шығындар	449.996	307.903
Кредит сипатындағы шартты міндеттемелер бойынша БКЗ арналған сақтық қор (23-ескертпе)	176.215	233.258
Төленетін корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	47.163	53.955
Бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешек және қызметкерлерге берешек	43.697	37.184
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	73.030	201.863
Басқа да қаржы міндеттемелері	790.101	834.163
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер		
Болашақтағы кезеңдердің пайыздық кірістері	1.374.885	2.012.656
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер	1.374.885	2.012.656
Басқа да міндеттемелер	2.164.986	2.846.819

22. Капитал

2022 жылдың 31 желтоқсанына және 2021 жылдың 31 желтоқсанына жарияланған және төленген жай акциялардың жалпы саны бір акция үшін 1.000 теңге орналастыру бағасы бойынша 82.837.204 дананы құрайды. Бір жай акцияның иесі бір дауысқа ие және дивидендтер алуға тең құқылы. Бөлінетін пайда Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген пайда негізінде анықталады.

Акционердің 2022 жылғы 26 мамырдағы шешіміне сәйкес, Компания 2021 жылға 12.111.222 мың теңге немесе бір жай акцияға 146,21 теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады. Есепті кезең ішінде дивидендтер толық көлемде төленді. Акционердің 2021 жылғы 12 наурыздағы шешіміне сәйкес, Компания 2020 жылға 6.718.739 мың теңге немесе бір жай акцияға 81,11 теңге мөлшерінде дивидендтер жариялады. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дивидендтер толық көлемде төленді.

Компанияның ережесіне сәйкес, сақтық қор капиталы болашақ шығындар мен басқа да күтпеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы тәуекелдер үшін қалыптасады. Сақтық қор капиталы акционердің жалпы жиналыстағы шешімі негізінде бөлінуге жатады. 2022 және 2021 жылдың он екі айы ішінде сақтық қор капиталы өзгерген емес. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтық қор капиталы 1.436.184 мың теңгені құрайды.

2022 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстан қор биржасының әдіснамасына сәйкес есептелген бір жай акцияның теңгерімдік құны 1.886,28 теңгені (2021: 1.774,30 теңге) құрайды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияның теңгерімдік құнының есебі:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтер	485.259.494	413.345.621
Материалдық емес активтер	(447.612)	(491.984)
Міндеттемелер	(328.309.082)	(265.875.607)
Таза активтер	156.502.800	146.978.030
Есептеу күніне жай акциялардың саны, дана	82.837.204	82.837.204
Теңгемен акцияның теңгерімдік құны	1.889,28	1.774,30

Төменде акцияға базалық және бытыраңғы пайданы есептеу кезінде пайда пен акциялар туралы деректер келтірілген:

	2022 жыл	2021 жыл
Жыл ішіндегі таза пайда	20.619.374	17.301.745
31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	82.837.204	82.837.204
Жай акцияға базалық және бытыраңғы пайда (теңгемен)	248,91	208,86

2022 жылдың және 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда акцияға пайданы көбейтетін қаржы құралдары болған емес.

23. Шарттық және шартты міндеттемелер

Сот талқылаулары

Нарықтағы әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Компания әртүрлі заңды кінәрат-талаптарға тап болады. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкілікті шамасы (олар болған жағдайда) Компанияның қаржылық жағдайына немесе одан арғы қызметіне елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды.

Басшылықта қандай да бір маңызды немесе шешілмеген сот талқылаулары туралы, сондай-ақ Компанияға қарсы қойылуы мүмкін ықтимал талаптар туралы ақпарат жоқ.

Салық салу

Қазақстандық коммерциялық және, атап айтқанда, салық заңнамасында интерпретациясы түрленуі мүмкін ережелер бар, жекелеген жағдайларда заңнамаға жанама ретроспективті әрекеті бар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Бұдан басқа, Компания басшылығының заңнама ережелерін түсінуі салық органдарының осы ережелерді түсінуінен өзгеше болуы мүмкін және нәтижесінде Компания жүргізген операцияларды салық органдары өзгеше түрде бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкелуі мүмкін. Компания басшылығы барлық қажетті салық төлемдері жүргізілді және сәйкесінше, есептілікте ешқандай сақтық қорлар есептелген жоқ деп санайды. Салық органдары соңғы 5 (бес) жылдағы салық салу жөніндегі деректерге тексеру жүргізуі мүмкін.

Кредит сипатындағы міндеттемелер

2022 жылғы және 2021 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның шарттық және шартты міндеттемелері келесі позицияларды қамтыған:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Кредит сипатындағы міндеттемелер		
Қаржылық жалгерлік ұсыну бойынша міндеттемелер	18.254.310	11.379.962
БКЗ арналған сақтық қорды шегергенге дейінгі кредиттік сипаттағы міндеттемелер	18.254.310	11.379.962
БКЗ арналған сақтық қор	(176.215)	(233.258)
Жиыны	18.078.095	11.146.704

2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы қаржылық жалға беру және берілген кепілдіктер бойынша БКЗ арналған сақтық қор өзгерістерінің талдауы төменде келтірілген. 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания 12-айлық болжалды кредиттік залалдарға тең сомада пайдаланылмаған кредиттік желілерге қатысты болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қорын таныды.

	Пайдаланылмаған кредиттік желілер	Берілген келілдіктер	Жиыны
2021 жылдың 1 қаңтарына БКЗ арналған сақтық қор	172.710	394	173.104
Жыл ішіндегі БКЗ өзгерістері	60.548	(394)	60.154
2021 жылғы 31 желтоқсанға	233.258	-	233.258
Жыл ішіндегі БКЗ өзгерістері	(57.043)	-	(57.043)
2022 жылғы 31 желтоқсанға	176.215	-	176.215

24. Кредиттік залалдар бойынша шығыстар

Төмендегі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсанда және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал құрамында танылған қаржы құралдары бойынша БКЗ арналған шығыстар көрсетілген:

	Ескерпе	2022 жыл	2021 жыл
Клиенттерге берілген кредиттер	7	(3.984.650)	2.200.386
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары		(2.121)	(386)
Берілген келілдіктер		-	394
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар		893	222
Кредит сипатындағы міндеттемелер	23	57.043	(60.548)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	8	620.636	(4.250.411)
Басқа да қаржы активтері		(15.168)	(836.498)
		(3.323.367)	(2.946.841)

Төменде құнсыздануға арналған сақтық қордың және өзге де сақтық қорлардың қозғалысы берілген:

	Босалқы қорлар	Берілген аванстар	Жиыны
2021 жылғы 1 қаңтарға	(980.206)	(11.283)	(991.489)
Резервтер құру	(320.664)	(44)	(320.708)
Активтерді есептен шығару	461.879	44	461.923
2021 жылғы 31 желтоқсанға	(838.991)	(11.283)	(850.274)
Резервтер құру	(174.246)	-	(174.246)
Активтерді есептен шығару	340.531	-	340.531
2022 жылғы 31 желтоқсанға	(672.706)	(11.283)	(683.989)

Активтердің құнсыздануына арналған тиісті қорлар тиісті активтердің құнынан шегеріледі.

25. Басқа да кірістер

Басқа да кірістер келесі позицияларды қамтиды:

	2022 жыл	2021 жыл
Шығыстарды өтеуден түскен кіріс	271.584	286.633
Босалқы қорлар бойынша құрылған сақтық қорды қалпына келтіруден түскен кіріс	127.953	253.128
Алынған айыппұлдар мен өсімшұлар	47.133	98.950
Басқалары	391.434	45.073
Басқа кірістер	838.104	683.784

Компания айыппұлдар мен өсімшұларды қаржылық жалдауға арналған жабдықтарды мерзімінде жеткізбегені үшін өнім берушілерден алды.

26. Персоналға арналған шығыстар және басқа да операциялық шығыстар

Персоналға арналған шығыстар мен басқа да операциялық шығыстар келесі позицияларды қамтиды:

	2022 жыл	2021 жыл
Персоналды ұстауға арналған шығыстар	(3.191.980)	(3.066.819)
Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстар	(306.667)	(270.809)
Персоналға арналған шығыстар	(3.498.647)	(3.337.628)
НҚ мен МЕА жөндеу және техникалық қызмет көрсету	(219.431)	(139.008)
Негізгі құралдардың амортизациясы	(143.679)	(142.188)
Аутсорсингке арналған шығыстар	(139.034)	(105.696)
Консультациялық қызмет көрсету/кәсіби қызмет көрсету	(133.595)	(86.100)
Операциялық жалдау бойынша шығыстар	(129.137)	(113.605)
Бағдарламалық жасақтама мен өзге де материалдық емес активтердің амортизациясы	(125.962)	(147.241)
Пайдаға салынатын салықтан басқа өзге салықтар	(98.566)	(102.324)
Іссапар шығыстары	(59.569)	(19.543)
Материалдар	(43.672)	(38.385)
Жарнамалық және маркетингтік қызмет көрсету	(39.314)	(26.661)
Байланыс қызметін көрсету	(37.543)	(37.081)
Көлік қызметін көрсету	(35.854)	(14.303)
Ақпараттық қызмет көрсету	(22.634)	(21.131)
Қызметкерлерді оқыту	(15.545)	(12.009)
Рейтингті беру/бақылау/ұстап тұру бойынша рейтингтік қызмет көрсету шығыстары	(14.812)	(22.628)
Кеңсе және баспаханалық өнімдер бойынша шығыстар	(12.504)	(12.533)
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	(8.774)	(8.345)
Сақтандыру	(2.566)	(2.897)
Қайырымдылық және демеушілік	(2.100)	(1.971)
Өкілдік шығыстар	(32)	(35)
Басқалары	(198.012)	(188.727)
Басқа да операциялық шығыстар	(1.482.335)	(1.242.411)

27. Тәуекелдерді басқару

Кіріспе

Компания қызметіне тәуекелдер тән. Компания тәуекелдерді басқаруды анықтау, бағалау және бақылаудың тұрақты процесі барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін белгілеу және басқа да ішкі бақылау шараларын қолдану арқылы жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару процесі Компанияның тұрақты кірістілігін сақтау үшін өте маңызды және Компанияның әрбір жеке қызметкері өз міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауапты болады. Компания кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырайды, ол өз кезегінде сауда операцияларымен байланысты тәуекелге және саудадан тыс қызметпен байланысты тәуекелге бөлінеді. Компания сондай-ақ операциялық тәуекелдерге бейім.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау процесі, мысалы, ортаны, технологияны өзгерту немесе саланы өзгерту сияқты қызметті жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Мұндай тәуекелдерді Компания стратегиялық жоспарлау процесінде бақылайды.

Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау және оларды бақылау бойынша жалпы жауапкершілікті Директорлар кеңесі көтереді, алайда тәуекелдерді басқару мен бақылау үшін жауап беретін жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі жалпы тәуекелдерді басқару тәсілдемесіне, тәуекелдерді басқару стратегиясы мен қағидаттарын бекітуге жауап береді.

Басқарма

Басқарманың міндеті Компаниядағы тәуекелдерді басқару процесін бақылау болып табылады.

Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуелсіз бақылау процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруға байланысты рәсімдерді енгізу және жүргізу үшін жауап береді.

Тәуекелдерді бақылау

Тәуекелдерді бақылау бөлімшесі Компанияның тәуекелдерді басқару қағидаттарының, саясатының және тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылауға жауап береді. Компания құрылымына, белгіленген лимиттермен салыстырғанда тәуекелге ұшыраған позициялардың мөлшерін бақылауды қоса алғанда, тәуекелдерді тәуелсіз бақылауға, сондай-ақ жаңа өнімдер мен құрылымдалған мәмілелердің тәуекелін бағалауға жауап беретін, Компания Басқармасына тікелей бағынатын бөлек бөлімше кіреді. Бұл бөлімше сондай-ақ тәуекелді бағалау жүйесінде және тәуекелдер туралы есептілікте толық ақпараттың жиналуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тәуекелдерді бақылау мақсатында Компания филиалдарында тәуекел-менеджерлері көзделген.

Компанияның қазынашылығы

Компанияның қазынашылығы Компанияның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржы құрылымын басқаруға жауап береді. Қазынашылық сондай-ақ, өтімділік тәуекеліне және Компанияны қаржыландыру тәуекеліне жауап береді.

Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметінің жұмысы Компанияның Директорлар кеңесіне жыл сайын рәсімдер жеткіліктілігіне де, сол сияқты Компанияның осы рәсімдерді орындауына да аудит жүргізуге негізделген тәуелсіз, объективті және риясыз ақпарат беру болып табылады. Аудит бөлімі басшылықпен бірге жүргізілген тексерістердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсынымдарын тікелей Директорлар кеңесіне ұсынады.

Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпаратты беру жүйесі

Компанияның тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында келтірілуі ықтимал болжалды залал ретінде де, сондай-ақ статистикалық модельдер негізінде неғұрлым үлкен нақты залалдарды бағалау болып саналатын күтпеген залалдар ретінде де көрсететін әдіс арқылы бағаланады. Модельдерде бұрынғы тәжірибеден алынған және экономикалық жағдайлар ескеріле отырып түзетілген ықтималдылық мәндер қолданылады. Компания сондай-ақ туындау ықтималдылығы аз болып саналатын оқиғалар басталған жағдайда орын алатын «ең нашар сценарийлерді» қолданады.

Тәуекелдердің мониторингі мен бақылауы негізінен Компания белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай лимиттер қызметті жүргізу стратегиясын және Компания жұмыс істейтін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді әрі жекелеген салаларға ерекше назар аударылады. Бұдан басқа, Компания тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты өзінің тәуекелдерді көтеру қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және ерте анықтау мақсатында зерделенеді және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Директорлар кеңесіне, Компания Басқармасына, Кредит комитетіне, бөлімшелердің басшыларына ұсынылады. Бұл ақпарат кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшерінің көрсеткішін, болжамды кредиттік көрсеткіштерді, тәуекелдің белгіленген лимиттерінен тыс жайттарды, тәуекелді ескере отырып, құнды, өтімділік көрсеткіштерін, пайыздық тәуекел көрсеткіштерін, тәуекел деңгейіндегі өзгерістерді қамтиды.

Компанияның барлық деңгейлері үшін Компанияның барлық бөлімшелеріне кең, қажетті және тиісті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін таратылатын түрлі тәуекелдер туралы есептер жасалады.

Басқарма мен Компанияның өзге де қызметкерлерінің мәжілістері тұрақты түрде өткізіледі, онда белгіленген лимиттерді ұстап тұру туралы мәселе талқыланады, тәуекел, инвестициялар, өтімділік ескеріле отырып, құн, сондай-ақ тәуекел деңгейіндегі өзгерістер талданады.

Тәуекелдің азаюы

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Компания пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбас бағамдарындағы туындайтын позицияларды, акция бағасының өзгеру тәуекелін, кредит тәуекелін, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша позицияларды басқару үшін туынды және басқа да құралдарды пайдаланады.

Компания өзінің кредит тәуекелін төмендету үшін қамтамасыз етуді белсенді қолданады.

Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі – бұл өзінің клиенттері немесе контрагенттері шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан Компанияның шығынға ұшырау тәуекелі. Компания кредит тәуекелін жекелеген контрагенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуын мониторингтеу арқылы басқарады.

Компания қамтамасыз ету мөлшерін мерзімді қайта қарауды қоса алғанда, контрагенттердің кредит төлеу қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістердің ерте анықталуын қамтамасыз ету үшін кредиттік сапаны тексеру рәсімін әзірледі. Контрагенттер бойынша лимиттер әрбір контрагентке кредит тәуекелі беретін кредит тәуекелін жіктеу жүйесі пайдаланыла отырып айқындалған. Кредит тәуекелі үнемі қайта қаралып отырады. Кредиттік сапаны тексеру процедурасы Компанияға Компания ұшырайтын тәуекелдер бойынша ықтимал залалдардың мөлшерін бағалауға және қажетті шараларды қолдануға мүмкіндік береді.

Компанияның кредит тәуекелінің ең жоғары деңгейі, әдетте, қаржы жағдайы туралы есепте қаржы активтерінің теңгерімдік құнында көрсетіледі. Есепті күнгі жағдай бойынша теңгерімдік кредит тәуекелінің ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2022 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
Активтер		
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	64.764.023	30.011.182
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар	61.833	35.098.466
Клиенттерге берілген кредиттер	13.287.308	21.720.408
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	393.664.193	314.712.495
Басқа да қаржы активтері	39.495	80.945
Кредит тәуекеліне ең жоғары ұшырағыштық деңгейінің жиыны	471.816.852	401.623.496

Туынды қаржы құралдары

Туынды қаржы құралдарымен байланысты кредит тәуекелі кез келген уақытта қаржы жағдайы туралы есепте танылған оң әділ құны бар туынды құралдармен шектелген.

Кредит сипатындағы міндеттемелермен байланысты тәуекелдер

Компания өз клиенттеріне клиенттердің атынан Компанияның төлем жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін кепілдіктер алу мүмкіндігін ұсынады. Клиенттер Компанияның мұндай төлемдерін аккредитив ұсыну шарттарына сәйкес өтейді. Көрсетілген шарттар бойынша Компания кредиттер бойынша тәуекелдерге ұқсас және сол процедуралар арқылы және тәуекелдерді бақылау саясатының көмегімен төмендетілетін тәуекелдерді көтереді.

Есепті күнгі жағдай бойынша танылмаған шарттық міндеттемелерге қатысты кредит тәуекелінің ең жоғары мөлшері туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 22-ескертпеде берілген.

Құнсыздануды бағалау

Компания БКЗ-ды тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақшалай қаражаттың күтілетін толық алынбауларын бағалау үшін ықтималдылық ескеріле отырып өлшемделген бірнеше сценарийлердің негізінде есептейді. Ақшаны толық алмау – шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары және ұйым алуды күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырма.

БКЗ есептеу тетігі төменде сипатталған, ал негізгі элементтері мыналар болап табылады:

Дефолт ықтималдығы (PD)	Дефолт ықтималдығы – берілген уақыт аралығы бойына дефолттың пайда болуы ықтималдығын есептік бағалау болып саналады. Егер активтің танылуы тоқтатылмаған болса және ол бұрынғыдай портфельдің бөлігі болып табылса, дефолт қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін.
Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама болашақта қандай да бір күнге шартта немесе өзгеше түрде көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздардың төленуін, берілген қарыздардың болжалды өтелуін және төлемдердің мерзімін өткізіп алу нәтижесінде есептелген пайыздарды қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, дефолтқа ұшыраған шаманы есептік бағалау дегенді білдіреді.
Дефолт кезіндегі шығын деңгейі (LGD)	Дефолт кезіндегі шығын деңгейі белгілі бір уақытта дефолт басталған жағдайда туындайтын залалдарды есептік бағалау дегенді білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алынуын күтетін, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде алынуын күтетін ақша ағындары арасындағы айырма негізге алына отырып есептеледі. Әдетте EAD қатысты пайызбен көрсетіледі.

БКЗ арналған бағалау сақтық қоры, егер бастапқы танылған сәттен бастап кредит тәуекелінің едәуір ұлғаюы болса, пайда болуы активтің қолданылу мерзімі бойына күтілетін (бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдар немесе бүкіл мерзімдегі БКЗ) кредиттік залалдардың негізінде есептеледі, олай болмаған жағдайда, бағалау сақтық қоры 12-айлық болжалды кредиттік залалдарға (12-айлық БКЗ) тең сомада есептеледі. 12-айлық БКЗ – бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде болуы ықтимал қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын БКЗ болып саналатын, бүкіл мерзімдегі БКЗ бөлігі. Бүкіл мерзімдегі БКЗ және 12-айлық БКЗ қаржы құралдарының базалық портфелінің сипатына қарай не жеке негізде, не топтық негізде есептеледі.

Компания қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт басталу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болған-болмағанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңына бағалауды жүзеге асыру үшін саясат әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Компания қаржы активтерін келесі топтарға біріктіреді:

1-кезең:	Активті бастапқы тану кезінде Компания бағалау сақтық қорын 12 айлық БКЗ-ға тең сомада таниды. 1-кезеңге сондай-ақ кредиттер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және кредит тәуекелі 2-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін төмендеген басқа да кредиттік желілер жатады.
2-кезең:	Егер актив бойынша кредит тәуекелі бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, Компания бағалау сақтық қорын бүкіл мерзім ішіндегі БКЗ-ға тең сомада таниды. 2-кезеңге сондай-ақ кредиттер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және кредит тәуекелі 3-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін төмендеген басқа да кредиттік желілер жатады.
3-кезең:	Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер. Компания бағалау сақтық қорын бүкіл мерзімдегі БКЗ-ға тең сомада таниды.
СҚКҚ:	Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) активтер – бұл бастапқы тану сәтіне кредиттік құнсыздану болған қаржы активтері. СҚКҚ бастапқы тану кезінде активтер әділ құн бойынша бағаланады, кейіннен кредит тәуекелі ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдаланыла отырып есептелген пайыздық түсім танылады. БКЗ арналған бағалау сақтық қоры бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залал сомасының кейінгі өзгерісі болған көлемде ғана танылады немесе танылуын тоқтатады.

БКЗ қайта бағалау кезінде Компания үш сценарийді қарайды: базалық, оптимистік, пессимистік. Олардың әрқайсысы үшін өздерінің PD, EAD және LGD көрсеткіштері белгіленеді. БКЗ анықтау модельдерінде Компания бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады. Құнсызданудан болған залалдар мен олардың өтелуі ескеріледі, және олар туралы ақпарат қаржы активтерінің жалпы теңгерімдік құнын түзету ретінде көрсетілетін түрлендіруден түскен пайдадан немесе залалдан бөлек ұсынылады.

Дефолтты анықтау және қалпына келтіру

Компания қаржы құралы бойынша дефолт болды деп санайды, демек, қарыз алушы шартта көзделген төлемдерді 90 күнге кешіктірген кез келген жағдайда, БКЗ есептеу мақсатында Компания оны 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады. Қазынашылық және банкаралық операциялар жағдайында, Компания дефолт болды деп санайды және, егер операциялық күн жабылған сәтке жекелеген келісімдерде көрсетілген қажетті бір күндік төлемдер жасалмаса, оны жою бойынша дереу шаралар қабылдайды. Бағалы қағаздар, депозиттер, ағымдағы шоттардағы қаражат бойынша болжалды кредиттік залалды есептеу Fitch Ratings, Moody's InvestorsService, S&P GlobalRatings халықаралық рейтингтік агенттіктері беретін сыртқы кредиттік рейтингтер негізінде жүзеге асырылады.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде Компания сондай-ақ, төлемнің екіталай екенін көрсететін бірқатар оқиғаларды қарастырады. Мұндай оқиғалар туындаған жағдайда, Компания мұндай оқиға дефолтқа әкеле ме және БКЗ есептеу мақсатында активтерді 3-кезеңге жатқызу керек пе, әлде 2-кезең қолайлы бола ма, соны мұқият талдайды. Мұндай оқиғаларға мыналар жатады:

- Компанияда форс-мажорлық жағдайлар туралы, сондай-ақ қарыз алушыға (қосалқы қарыз алушыға) елеулі материалдық залал келтірген немесе қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру/тоқтата тұру туралы ақпаратты, сондай-ақ қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) еңбекпен қамтылмағандығы немесе коммерциялық қызметінің болмауы туралы ақпаратты қоса алғанда, оған өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін өзге де жағдайлар туралы ақпараттың болуы;
- банкроттықтың немесе қайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдығы, сондай-ақ қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) қаржылық жағдайын нашарлатуы мүмкін сот талқылаулырына оның тартылғандығы туралы негізделген және расталған ақпарат. Бұл ақпарат ретінде Компания келесі оқиғаларды қарайды:
 - жеке тұлға қарыз алушысының (қосалқы қарыз алушысының) қайтыс болуы туралы ақпараттық болуы;
 - соңғы күнін қоса алғанда күнтізбелік 60 күннен астам кросс-дефолт (Компанияда ақпарат болған кезде);
- қарыз алушының кредиттік рейтингісінің CC рейтингіне дейін және Standard&Poor's, Moody's Investors Service и Fitch рейтингтік агенттіктері берген рейтингтен төмен төмендеуі;
- қаржылық қиындықтардың нәтижесінде осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

Қазынашылық және банкаралық қатынастар

Қазынашылық және банкаралық қатынастарға қаржылық қызмет көрсету ұйымдары, банктер, брокер-дилерлер сияқты контрагенттермен қарым-қатынас кіреді. Мұндай қатынастарды бағалау үшін Компанияның қаржы департаменті мен тәуекелдерді басқару департаменті қаржылық есептілік сияқты жалпы қолжетімді ақпаратты және басқа сыртқы көздерден алынған мәліметтерді, мысалы, сыртқы рейтингтер сияқты мәліметтерді талдайды.

Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі

Кредит тәуекелін бағалау нәтижесінде LGD белгілі бір деңгейлері белгіленетін LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделеді. LGD осы деңгейлері ұстап қалатын қамтамасыз етуді сату нәтижесінде қалпына келтірілетін болады деп немесе іске асырылатын болады деп күтілетін сомалармен салыстырғанда, LGD болжалды көрсеткішін есепке алады. Компания өзінің кредиттік өнімдерін болашақтағы ақша ағындарын бағалау үшін қолайлы кредит тәуекелінің негізгі сипаттамалары негізінде біртекті топтарға біріктіреді. Ол үшін өткен кезеңдердің залалдары туралы ақпарат қолданылады және мәмілелерге тән сипаттамалардың кең спектрі (мысалы, қамтамасыз ету түрлері), сондай-ақ қарыз алушының сипаттамалары қаралады.

Қажет болған жерде, ҚЕХС (IFRS) 9 бойынша LGD деңгейін айқындау үшін қаржы құралдарының әрбір тобы үшін жаңа деректер мен болжамды экономикалық сценарийлер қолданылады. Болжамды ақпаратты бағалау кезінде күтілетін нәтижелер көптеген сценарийлерге негізделеді. Негізгі бастапқы деректердің мысалдары қамтамасыз ету құнының өзгеруін және төлемдер мәртебесін қамтиды. LGD деңгейлері 1, 2 және 3-кезең активтерінің және СҚКҚ активтердің барлық санаттары үшін бағаланады. LGD осындай деңгейлері үшін бастапқы деректер соңғы қалпына келтірулерді ескере отырып, тарихи деректердің негізінде тестілеу арқылы бағаланады және, мүмкін болған жерде, түзетіледі. Қажет болған жағдайда мұндай деректер әрбір экономикалық сценарий үшін айқындалады.

Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы

Компания БКЗ есептелетін барлық активтерді үнемі тексеріп отырады. Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсыздануға арналған бағалау сақтық қорын қандай сомада құру қажет екенін анықтау үшін (яғни, 12-айлық БКЗ немесе бүкіл мерзімдегі БКЗ сомасында), Компания бастапқы танылған сәттен бастап осы құрал немесе құралдар портфелі бойынша кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғайды ма, соны талдайды. Компания кредит тәуекелінің мынадай айтарлықтай ұлғайған белгілері анықталған жағдайда, бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғайды деп есептейді:

- күнтізбелік 30 (отыз) және одан артық күн мерзімін кешіктіру;
- басқа кредиттік ұйымдарда қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) соңғы күнін қоса алғанда күнтізбелік 31 күннен бастап 60 күнге дейін мерзімі өткен негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша өтелмеген берешегі туралы ақпараттың Компанияда болуы (Компанияда ақпарат болған кезде);
- қайта құрылымдалған және/немесе мерзімі ұзартылған сәттен бастап 12 айдан астам, бірақ соңғы күнін қоса алғанда 24 айдан аз уақыт өткен, есепті күнге кешіктіру болмаған немесе 60 күннен аспай мерзімі кешіктірілген активтер;
- қайта құрылымдалған және/немесе мерзімі ұзартылған сәттен бастап 24 айдан астам уақыт өткен және есепті күнге олар бойынша 30 күннен артық, бірақ 60 күннен аспайтын кешіктірулері бар активтер;
- қарыз алушының сыртқы кредиттік рейтингінің нақты немесе болжалды (негізделген және расталған ақпараттың негізінде) төмендеуі;
- міндеттеме бойынша қамтамасыз ету құнының (бастапқы танылған күнінен бастап кепілзаттық қамтамасыз етудің әділ құнының 50% артық шамаға төмендеуі) немесе қарыз алушы үшін шартта көзделген

- жоспарлы төлемдерді жүзеге асыруға экономикалық стимулды азайтады деп немесе дефолттың басталу ықтималдығына өзгеше түрде әсер етеді деп күтілетін үшінші тұлғаларға берілген кепілдік сапасының немесе кредиттік сапаны көтеру тетіктерінің айтарлықтай өзгеруі (Компанияда ақпарат болған кезде);
- ЕДБ берілген кепілдік сапасының айтарлықтай өзгеруі, атап айтқанда, қазынашылық активтер үшін пайдаланылатын тәсілге сәйкес кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюына әкелетін ЕДБ рейтингінің өзгеруі (рейтингтің 2 нотчаға және одан да көп төмендеуі) (кепілдік болған кезде);
- қаржы жағдайының нашарлауы.

Сонымен қатар, Компания актив бойынша кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғайғанын көрсету үшін қосымша сапалы әдісті қолданады, мысалы, клиентті/активті проблемалылардың тізіміне ауыстыру немесе кредиттік оқиғаға байланысты қайта құрылымдау. Кейбір жағдайларда Компания жоғарыда, «Дефолтты анықтау» бөлімінде келтірілген оқиғаларды да дефолт ретінде емес, кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғайғанына нұсқау ретінде қарай алады. Кредиттік рейтинг деңгейлерінің өзгеруіне қарамастан, егер шартта көзделген төлемдер 30 күннен астам мерзімге кешіктірілсе, онда бастапқы танылған сәттен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы орын алды деп есептеледі.

БКЗ-ды ұқсас активтер тобы бойынша топтық негізде бағалау жағдайында, Компания бастапқы тану сәтінен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы болған-болмағанын бағалаудың осындай қағидаттарын қолданады.

Ақшалай қаражаттар және олардың баламаларына, сондай-ақ кредиттік ұйымдардағы қаражаттарға қатысты, Компания кредит тәуекеліне ұшырайтын нақты бір позиция бойынша кредит тәуекелі, егер Топ эмитенттің кредиттік рейтингі бастапқы танылған сәттен бастап 2 тармаққа немесе одан да көп тармаққа төмендегенін анықтаса, бастапқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай көтерілді деп санайды.

Болжамды ақпарат және көптеген экономикалық сценарийлер

Компания өзінің БКЗ есептеу модельдерінде бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады:

- ЖІӨ өсу қарқыны;
- жұмыссыздық деңгейі;
- инфляция деңгейі;
- экспорт көлемі.

БКЗ есептеу кезінде қолданылатын бастапқы деректер мен модельдер қаржылық есептілікті ұсыну күніндегі нарықтық барлық сипаттамаларын әрдайым көрсете бермейді. Мұны көрсету үшін, кейде сапалы түзетулер жасалады немесе, егер мұндай айырмашылықтар маңызды болып табылатын болса, уақытша түзетулер ретінде қабаттастырып белгі қояды.

Болжамды ақпарат алу үшін Компания сыртқы көздерден (сыртқы рейтингтік агенттіктер, мемлекеттік органдар, мысалы, халықаралық қаржы институттары) алынған деректерді пайдаланады. Компания көптеген сценарийлерге жатқызылатын салмақ коэффициенттерін анықтайды. Төмендегі кестеде БКЗ бағалау үшін әрбір экономикалық сценарийде қолданылатын негізгі болжамды экономикалық айнымалылардың/болжамдардың мәндері көрсетілген. Төмендегі кестеде күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін әр экономикалық сценарийде қолданылатын негізгі болжамды экономикалық айнымалылардың/жорамалдардың мәндері көрсетілген.

Болжамды ақпарат және и көптеген экономикалық сценарийлер

Түйінді факторлар	БКЗ сценарийі	2023 жылға берілген ықтималдық, %	2024 жылға берілген ықтималдық, %	2023 жыл	2024 жыл
ЖІӨ өсімі, %	Оптимистік	9%	8%	4.4	4.3
	Базалық	73%	67%	4	4
	Пессимистік	18%	25%	3.3	3.0
Жұмыссыздық деңгейі, %	Оптимистік	36%	29%	3.3	3.4
	Базалық	64%	65%	4.8	4,8
	Пессимистік	0%	6%	5.1	5.1
Инфляция деңгейі, %	Оптимистік	18%	17%	7.8	4.2
	Базалық	64%	67%	9.5	5
	Пессимистік	18%	17%	11.2	5.8
Экспорт көлемі, миллиард-таған АҚШ доллары	Оптимистік	18%	17%	95.5	94
	Базалық	55%	50%	80.8	80.6
	Пессимистік	27%	33%	58.8	53.7

Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі – бұл Компанияның әдеттегі немесе күтпеген жағдайларда өтеу мерзімі басталған кезде төлемдер бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында басшылық әр түрлі қаржыландыру көздерінің қол жетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағындары мен өтімділіктің күнделікті мониторингін жүзеге асырады. Бұл процесс күтілетін ақша ағындарының бағалауын және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыру алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуын қамтиды.

Өтеуге дейін қалған мерзімдер бойынша қаржы міндеттемелерінің талдауы

Төмендегі кестеде өтеу бойынша дисконтталмаған шарттық міндеттемелер негізінде, 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтеуге дейін қалған мерзімдер қиындысында Компанияның қаржы міндеттемелері бойынша негізгі борыш пен сыйақыны / купонды қамтитын төлемдер көрсетілген. Бірінші талап бойынша өтелуге жататын міндеттемелер, егер өтеу туралы талап ең ерте мүмкін болатын күнге мәлімделгендей етіп қаралады. Алайда, Компания Алайда, Компания тиісті төлемді жүргізуге міндетті болатын ең ерте күнге көптеген кредиторлар өтеуді талап етпейді деп күтеді.

2022 жылғы 31 желтоқсан	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
Акционер алдындағы берешек	1.140.564	5.509.355	18.050.639	5.347.309	30.047.867
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	255.000	255.000	2.040.000	56.273.000	58.823.000
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	835.445	12.680.598	19.463.425	31.573.273	64.552.741
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	23.394.430	30.612.801	137.924.748	134.963.606	326.895.585
Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиыны	25.625.439	49.057.754	177.478.812	228.157.188	480.319.193

2021 жылғы 31 желтоқсан	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
Акционер алдындағы берешек	350.686	1.454.298	2.040.000	56.783.000	60.627.984
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2.540.792	21.170.865	56.216.112	2.714.479	82.642.248
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	3.058.090	31.261.375	115.689.552	88.895.000	238.904.017
Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиыны	5.949.568	53.886.538	173.945.664	148.392.479	382.174.249

Төмендегі кестеде Төмендегі кестеде Компанияның шарттық және шартты міндеттемелерінің шарттық қолданылу мерзімдері көрсетілген. Кредит беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент оның орындалуын талап ете алатын ең ерте күнді қамтитын уақыт кезеңіне енгізіледі.

	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
2022 жыл	18.254.310	-	-	-	18.254.310
2021 жыл	11.379.962	-	-	-	11.379.962

Компания барлық шарттық немесе шартты міндеттемелерді олардың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін орындау талап етілмейді деп күтеді.

Компанияның өз міндеттемелерін орындау қабілеті оның белгілі бір уақыт аралығында активтердің балама сомасын іске асыру қабілетіне байланысты.

Компания Акционерден және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан қомақты қаражат алды. Басшылық таяу болашақта Компанияның қаржыландыру көлемі бұрынғы деңгейде сақталып қалады және осы қаражатты беру қажеттілігі туындаған жағдайда, Компания алдын ала хабарлама алады және қажетті төлемдерді жүзеге асыру үшін өзінің өтімді активтерін сата алады деп есептейді.

Нарық тәуекелі

Нарық тәуекелі – бұл қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны пайыздық мөлшерлемелер, валюталық бағамдар және үлестік құралдардың бағалары сияқты нарықтық параметрлердегі өзгерістердің салдарынан құбылып тұратын тәуекел. Саудадан тыс портфель бойынша нарық тәуекелі сезімталдықты талдау негізінде басқарылады және бақыланады. Валюталық жайғасымдарды қоспағанда, Компанияда нарық тәуекелінің айтарлықтай шоғырлануы жоқ.

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелі пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістердің болашақ ақша ағындарына немесе қаржы құралдарының әділ құнына әсер ету мүмкіндігі салдарынан туындайды. Компанияның активтері мен міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелер тиянақталған болып табылады.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі белгілі бір өтеу мерзімімен қолда бар немесе болжанатын активтер ұқсас өтеу мерзімімен қолда бар немесе болжанатын міндеттемелердің шамасы бойынша көп немесе аз болған жағдайларда туындайды.

Сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдерінің талдауы

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі көбінесе сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін мониторингтеу арқылы басқарылады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2022 жылғы 31 желтоқсан						
	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз	3-6 ай	6-12 ай	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Пайызсыз	Жиыны
Активтер							
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	62.957.820	-	-	-	-	1.806.203	64.764.023
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	60.833	-	1.000	-	-	-	61.833
Клиенттерге берілген кредиттер	530.198	471.071	10.589.371	1.625.204	71.464	-	13.287.308
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	29.359.982	12.678.353	43.517.050	204.539.005	103.569.803	-	393.664.193
Басқа да қаржы активтері	-	-	-	-	-	39.495	39.495
Қаржы активтерінің жиыны	92.908.833	13.149.424	54.107.421	206.164.209	103.641.267	1.845.698	471.816.852
Міндеттемелер							
Акционер алдындағы берешек	992.988	979.024	2.959.770	13.348.942	3.781.364	-	22.062.088
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	198.333	-	-	-	11.385.907	-	11.584.240
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	335.133	3.575.617	6.880.301	16.873.380	2.974.049	-	30.638.480
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	22.175.871	604.125	11.992.387	67.300.168	104.644.558	-	206.717.109
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	-	-	-	-	-	2.713.514	2.713.514
Басқа да қаржы міндеттемелері	-	-	-	-	-	790.101	790.101
Қаржы міндеттемелерінің жиыны	23.702.325	5.158.766	21.832.458	97.522.490	122.785.878	3.503.615	274.505.532
Таза жайғасым	69.206.508	7.990.658	32.274.963	108.641.719	(19.144.611)	(1.657.917)	197.311.320

	2021 жылғы 31 желтоқсан						
	Талап етілгенге дейін және 3 айдан аз	3-6 ай	6-12 ай	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Пайызсыз	Жиыны
Активтер							
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	23.873.210	-	-	-	-	6.137.972	30.011.182
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	-	4.157.235	30.941.231	-	-	-	35.098.466
Клиенттерге берілген кредиттер	750.789	1.608.605	14.761.331	4.032.293	567.390	-	21.720.408
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	25.032.024	13.143.658	39.754.488	165.156.290	71.626.035	-	314.712.495
Басқа да қаржы активтері	-	-	-	-	-	80.945	80.945
Қаржы активтерінің жиыны	49.656.023	18.909.498	85.457.050	169.188.583	72.193.425	6.218.917	401.623.496
Міндеттемелер							
Акционер алдындағы берешек	289.017	985.659	176.253	-	10.636.406	-	12.087.335
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	1.766.974	5.089.478	11.262.153	46.154.415	2.037.704	-	66.310.724
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	2.353.694	18.511.687	-	71.515.532	64.823.273	-	157.204.186
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	-	-	-	-	-	5.778.126	5.778.126
Басқа да қаржы міндеттемелері	-	-	-	-	-	834.163	834.163
Қаржы міндеттемелерінің жиыны	4.409.685	24.586.824	11.438.406	117.669.947	77.497.383	6.612.289	242.214.534
Таза жайғасым	45.246.338	(5.677.326)	74.018.644	51.518.636	(5.303.958)	(393.372)	159.408.962

Төмендегі кесте Компанияның пайыздық активтері мен міндеттемелерін және 2022 және 2021 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша оларға сәйкес келетін орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді. Осы сыйақы мөлшерлемелері тиісті активтер мен міндеттемелерді өтеуге жуықтама кірістілікті көрсетеді.

	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан	
	Теңгерімдік құн мың теңге	Сыйақының орташа тиімді мөлшерлемесі	Теңгерімдік құн мың теңге	Сыйақының орташа тиімді мөлшерлемесі
Пайыздық активтер				
Ақшалай қаражат және олардың баламалары				
• теңгемен	57.023.800	13,37%	23.873.210	6,77%
• доллармен	5.934.020	1,00%	-	-
Кредиттік ұйымдардағы қаражат				
• теңгемен	61.833	10,99%	30.941.231	8,18%
• доллармен	-	0,36%	4.157.235	1,25%
Клиенттерге берілген кредиттер				
• теңгемен	13.287.308	4,76%	21.720.408	8,7%
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек				
• теңгемен	393.664.193	14,00%	314.712.495	14,48%
Пайыздық міндеттемелер				
Акционер алдындағы берешек				
• теңгемен	22.062.088	11,29%	12.087.335	11,38%
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек				
• теңгемен	11.584.240	11,98%	-	-
Кредиттік ұйымдардың қаражаты				
• теңгемен	30.638.480	13,29%	64.871.634	12,16%
• рубльмен	-	-	1.439.090	8,84%
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар				
• теңгемен	206.717.109	12,94%	157.204.186	10,55%

Ақша ағындарының сыйақы мөлшерлемелерінің өзгерістеріне сезімталдығын талдау

Жыл ішіндегі таза пайданың және Компанияның меншікті капиталының нарықтық сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруіне сезімталдығының (табыстылық ауытқымасының 100 базистік пунктке және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданыстағы пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша позицияларға параллель төмендеуінің немесе өсуінің оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған) талдауы мынадай түрде ұсынылған:

	2022 жыл		2021 жыл	
	Пайда	Меншікті капитал	Пайда	Меншікті капитал
100 базистік тармаққа параллель ұлғаю	(735.806)	(735.806)	(453.733)	(473.773)
100 базистік тармаққа параллель азаю	735.806	735.806	453.733	473.773

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл қаржы құралының құны валюта бағамдарындағы өзгерістердің салдарынан ауытқып тұратын тәуекел. Басқарма ҚР ҰБ ұсынымдарын негізге ала отырып, шетел валютасындағы позициялар бойынша лимиттерді белгіледі. Позициялар күнделікті қадағаланады.

Келесі кестеде 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша валюталар қиындысында қаржы активтері мен міндеттемелерінің құрылымы ұсынылған:

	2022 жылғы 31 желтоқсан				
	Теңге	АҚШ доллары	Евро	Ресей рубльі	Жиыны
Активтер					
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	58.830.003	5.934.020	-	-	64.764.023
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	61.833	-	-	-	61.833
Клиенттерге берілген кредиттер	13.287.308	-	-	-	13.287.308
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	393.664.193	-	-	-	393.664.193
Басқа да қаржы активтері	39.495	-	-	-	39.495
Активтер жиыны	465.882.832	5.934.020	-	-	471.816.852
Міндеттемелер					
Акционер алдындағы берешек	22.062.088	-	-	-	22.062.088
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	11.584.240	-	-	-	11.584.240
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	30.638.480	-	-	-	30.638.480
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	206.717.109	-	-	-	206.717.109
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	900.262	1.233.532	554.514	25.206	2.713.514
Басқа да қаржы міндеттемелері	790.101	-	-	-	790.101
Міндеттемелер жиыны	272.692.280	1.233.532	554.514	25.206	274.505.532
Таза позиция	193.190.552	4.700.488	(554.514)	(25.206)	197.311.320

	2021 жылғы 31 желтоқсан				
	Теңге	АҚШ доллары	Евро	Ресей рубльі	Жиыны
Активтер					
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	29.763.032	3.603	229.265	15.282	30.011.182
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	30.941.231	4.157.235	-	-	35.098.466
Клиенттерге берілген кредиттер	21.720.408	-	-	-	21.720.408
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	314.712.495	-	-	-	314.712.495
Басқа да қаржы активтері	80.945	-	-	-	80.945
Активтер жиыны	397.218.111	4.160.838	229.265	15.282	401.623.496
Міндеттемелер					
Акционер алдындағы берешек	12.087.335	-	-	-	12.087.335
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	64.871.634	-	-	1.439.090	66.310.724
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	157.204.186	-	-	-	157.204.186
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	3.648.425	1.154.999	838.695	136.007	5.778.126
Басқа да қаржы міндеттемелері	834.163	-	-	-	834.163
Міндеттемелер жиыны	238.645.743	1.154.999	838.695	1.575.097	242.214.534
Таза позиция	158.572.368	3.005.839	(609.430)	(1.559.815)	159.408.962

Келесі кестеде Компанияның 31 желтоқсанға саудадан тыс монетарлық активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ болжанатын ақша ағындары бойынша елеулі позициялары бар валюталар ұсынылған. Жүргізілген талдау теңгеге қатысты валюта бағамдарындағы ықтимал өзгерістің пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепке әсерін есептеуден тұрады (әділ құны валюта бағамының өзгеруіне сезімтал саудадан тыс монетарлық активтер мен міндеттемелердің болуы салдарынан). Капиталға әсер ету пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есепке әсер етуден ерекшеленбейді. Барлық басқа параметрлер тұрақты шамалармен қабылданған. Кестедегі теріс сомалар пайда немесе залал және басқа жиынтық кіріс туралы есептегі әлеуетті ықтимал таза азаюды көрсетеді, ал оң сомалар ықтимал таза ұлғаюды көрсетеді.

Валюта	2022 жыл		2021 жыл	
	Валюта бағамындағы өзгеріс %	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсер	Валюта бағамындағы өзгеріс %	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсер
АҚШ доллары	-10%	(376.039)	-20%	(480.934)
АҚШ доллары	10%	376.039	20%	480.934
Евро	-20%	88.722	-20%	97.509
Евро	20%	(88.722)	20%	(97.509)
Ресей рублы	-8%	1.613	-8%	99.828
Ресей рублы	8%	(1.613)	8%	(99.828)

Операциялық тәуекел

Операциялық тәуекел – бұл жүйелік іркіліс, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқан кезде операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі мүмкін, оның заңды салдары болуы мүмкін немесе қаржылай залалға ұшыртауы мүмкін. Компания барлық операциялық тәуекелдер жойылады деген болжам жасай алмайды, бірақ бақылау жүйесі мен бақылау арқылы және ықтимал тәуекелдерге тиісті реакция арқылы Компания осындай тәуекелдерді басқара алады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөлуді, қол жеткізу құқығын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, персоналды оқытуды, сондай-ақ ішкі аудитті қоса алғанда, бағалау рәсімдерін көздейді.

28. Әділ құнды бағалау

Әділ құн иерархиясы

Компания бағалау моделіне қарай қаржы құралдарының әділ құнын айқындаудың және ол туралы ақпаратты ашудың мынадай иерархиясын пайдаланады:

- 1-деңгей: ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтардағы баға белгіленімдері (түзетілмеген).
- 2-деңгей: есептілікте көрсетілетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін барлық бастапқы деректер нарықта байқалатын ақпаратқа тікелей немесе жанама негізделетін бағалау модельдері.
- 3-деңгей: есептілікте көрсетілетін әділ құн сомасына елеулі әсер ететін бастапқы деректерді қолданатын, нарықта байқалатын ақпаратқа негізделмейтін бағалау модельдері.

Келесі кестеде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн көздері иерархиясының деңгейлері бөлінісінде қаржы құралдарының талдауы ұсынылған:

	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау			Жиыны
	Белсенді нарықтардағы баға белгіленімі (1-деңгей)	Бақыланатын елеулі бастапқы деректер (2-деңгей)	Бақыланбайтын елеулі бастапқы деректер (3-деңгей)	
<i>2022 жылғы 31 желтоқсан</i>				
Әділ құны ашылатын активтер				
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	–	64.764.023	–	64.764.023
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	–	61.833	–	61.833
Клиенттерге берілген кредиттер	–	1.618.558	3.228.362	4.846.920
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	320.032.711	13.720.631	333.753.342
Басқа да қаржы активтері	–	39.495	–	39.495
Әділ құны ашылатын қаржы активтерінің жиыны	–	386.516.620	16.948.993	403.465.613
Әділ құны ашылатын қаржы міндеттемелері				
Акционер алдындағы берешек	–	20.872.491	–	20.872.491
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ берешек	–	13.458.614	–	13.458.614
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	30.253.012	–	30.253.012
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	137.092.927	66.560.953	–	203.653.880
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	–	2.713.514	–	2.713.514
Басқа да қаржы міндеттемелері	–	790.101	–	790.101
Әділ құны ашылатын қаржы міндеттемелерінің жиыны	137.092.927	134.648.685	–	271.741.612

Келесі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн көздері иерархиясының деңгейлері бөлінісінде әділ құн жөніндегі қаржылық есептілікте ұсынылған қаржы құралдарының талдауы берілген:

	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау			Жиыны
	Белсенді на-рықтардағы баға белгіленімі (1-деңгей)	Бақыланатын елеулі бастапқы деректер (2-деңгей)	Бақыланбайтын елеулі бастапқы деректер (3-деңгей)	
<i>2021 жылғы 31 желтоқсан</i>				
Әділ құны ашылатын активтер				
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	–	30.011.182	–	30.011.182
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	–	35.098.466	–	35.098.466
Клиенттерге берілген кредиттер	–	3.113.139	11.151.934	14.265.073
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	–	278.621.882	21.073.662	299.695.544
Басқа да қаржы активтері	–	80.945	–	80.945
Әділ құны ашылатын қаржы активтерінің жиыны	–	346.925.614	32.225.596	379.151.210
Әділ құны ашылатын қаржы міндеттемелері				
Акционер алдындағы берешек	–	15.530.519	–	15.530.519
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	–	66.260.854	–	66.260.854
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	92.644.790	62.576.417	–	155.221.207
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	–	5.778.126	–	5.778.126
Басқа да қаржы міндеттемелері	–	834.163	–	834.163
Әділ құны ашылатын қаржы міндеттемелерінің жиыны	92.644.790	150.980.079	–	243.624.869

Төменде қаржы жағдайы туралы есепте әділ құн бойынша көрсетілмейтін Компанияның қаржы құралдарының жіктелімдері бөлінісінде теңгерімдік құн мен әділ құнды салыстыру келтірілген. Кестеде бейқаржы активтер мен бейқаржы міндеттемелердің әділ құнының мәндері келтірілмеген.

	2022 жылғы 31 желтоқсан		2021 жылғы 31 желтоқсан	
	Теңгерімдік құн	Әділ құн	Теңгерімдік құн	Әділ құн
Қаржы активтері				
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	64.764.023	64.764.023	30.011.182	30.011.182
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	61.833	61.833	35.098.466	35.098.466
Клиенттерге берілген кредиттер	13.287.308	4.846.920	21.720.408	14.265.073
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	393.664.193	333.753.342	314.712.495	299.695.544
Басқа да қаржы активтері	39.495	39.495	80.945	80.945
	471.816.852	403.465.613	401.623.496	379.151.210
Қаржы міндеттемелері				
Акционер алдындағы берешек	22.062.088	20.872.491	12.087.335	15.530.519
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	11.584.240	13.458.614	–	–
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	30.638.480	30.253.012	66.310.724	66.260.854
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	206.717.109	203.653.880	157.204.186	155.221.207
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	2.713.514	2.713.514	5.778.126	5.778.126
Басқа да қаржы міндеттемелері	790.101	790.101	834.163	834.163
	274.505.532	271.741.612	242.214.534	243.624.869

Бағалау әдістемелері және жорамалдар

Төменде көмегімен қаржылық есептілікте әділ құн бойынша көрсетілетін активтер мен міндеттемелердің, сондай-ақ қаржы жағдайы туралы есепте әділ құн бойынша бағаланбайтын, бірақ әділ құны ашылатын баптардың әділ құны айқындалған модельдер мен жорамалдар сипатталған.

Әділ құны шамамен олардың теңгерімдік құнына тең активтер

Өтімді болып табылатын немесе өтеу мерзімі қысқа (үш айдан кем) қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері жағдайында, олардың әділ құны шамамен теңгерімдік құнға тең болуына жол беріледі. Бұл жол беру талап етілгенге дейінгі салымдарға және белгіленген өтеу мерзімі жоқ жинақ шоттарына да қолданылады.

Тиянақталған мөлшерлемен және құбылмалы мөлшерлемен қаржы құралдары

Бағасы белгіленбейтін қаржы құралдары жағдайында, ұқсас шарттарымен және кредит тәуекелімен қаржы құралдарына арналған өтеуге дейінгі қалған уақыт кезеңін ескере отырып, ағымдағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының моделі пайдаланылады.

Әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын активтер бойынша, болашақтағы ақша ағындары ҚРҰБ жариялайтын статистика негізінде өтеу мерзімдері ұқсас қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. Бұл аталған тәсіл клиенттерге берілген кредиттердің және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің әділ құнын айқындау кезінде қолданылады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша нарықтық мөлшерлеменің орташа мәні 21.9% құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 16.7%, не аудиттелмеген).

Әділ құны қаржылық есептілікте ашылатын міндеттемелер бойынша, болашақ ақша ағындары өтеу мерзімдері мен кредиттік рейтингі ұқсас қаржы құралдарының орташа нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконтталады. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құнды бағалау үшін қолданылатын нарықтық мөлшерлемелер теңгемен деноминацияланған қарыздар бойынша жылдық 10.69%-дан 16.08%-ға дейін құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: жылдық 10.27%-дан 12.4%-ға дейін).

Болашақ ақша ағындары негізгі борышты және шартта көзделген пайыздық мөлшерлеме бойынша негізгі борыш сомасына есептелген пайыздарды өтеуді қамтиды.

29. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің талдауы

Төмендегі кестеде активтер мен міндеттемелер болжалды өтелу мерзімдері бөлінісінде ұсынылған. Компанияның өтеу бойынша дисконтталмаған шарттық міндеттемелері туралы ақпарат «Тәуекелдерді басқару» 27-ескертпеде ашылған.

	2022 жылғы 31 желтоқсан								
	Талап етілетін	1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімі жоқ	Мерзімі өткен	Барлығы
Активтер									
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	30.079.077	5.120.667	29.564.279	-	-	-	-	-	64.764.023
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	-	60.833	-	1.000	-	-	-	-	61.833
Клиенттерге берілген кредиттер	-	50.506	479.692	5.080.491	1.625.204	71.464	-	5.979.951	13.287.308
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	4.330.530	25.029.452	47.860.356	204.539.005	103.569.803	-	8.335.047	393.664.193
Босалқы қорлар	-	-	-	-	-	-	2.869.777	-	2.869.777
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	-	-	-	134.115	-	-	-	-	134.115
Негізгі құралдар	-	-	-	-	-	-	972.822	-	972.822
Бейматериалдық активтер	-	-	-	-	-	-	447.612	-	447.612
Қосылған құн салығы және өтелетін басқа да салықтар	-	156.068	712.453	1.329.266	5.998.301	-	-	-	8.196.088
Берілген аванстар	-	1.215	397	552.690	-	-	-	-	554.302
Басқа да активтер	-	306	-	267.620	-	-	-	39.495	307.421
Барлық активтер	30.079.077	9.720.125	55.786.273	55.225.538	212.162.510	103.641.267	4.290.211	14.354.493	485.259.494
Міндеттемелер									
Акционер алдындағы берешек	-	148.381	844.607	3.938.794	13.348.942	3.781.364	-	-	22.062.088
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	-	-	198.333	-	-	11.385.907	-	-	11.584.240
Кредиттік ұйымдардың қаражаттары	-	102.974	232.159	10.455.918	16.873.380	2.974.049	-	-	30.638.480
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	-	20.443.759	1.732.112	12.596.512	67.300.168	104.644.558	-	-	206.717.109
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	-	111.671	2.601.843	-	-	-	-	-	2.713.514
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	-	-	-	-	-	7.584.525	-	-	7.584.525
Алынған аванстар	-	-	-	6.900.816	-	-	-	-	6.900.816
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер	-	156.068	700.793	1.329.266	6.705.707	2.025.539	-	-	10.917.373
Мемлекеттік субсидиялар	-	24.729	48.108	238.718	1.755.503	24.958.893	-	-	27.025.951
Басқа да міндеттемелер	-	90.542	26.011	2.048.433	-	-	-	-	2.164.986
Барлық міндеттемелер	-	21.078.124	6.383.966	37.508.457	105.983.700	157.354.835	-	-	328.309.082
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	30.079.077	(11.357.999)	49.402.307	17.717.081	106.178.810	(53.713.568)	4.290.211	14.354.493	156.950.412

	2021 жылғы 31 желтоқсан								
	Талап етілетін	1 айдан кем	1 айдан 3 айға дейін	3 айдан 1 жылға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Өтеу мерзімі жоқ	Мерзімі өткен	Барлығы
Активтер									
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	30.011.182	-	-	-	-	-	-	-	30.011.182
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	-	-	-	35.098.466	-	-	-	-	35.098.466
Клиенттерге берілген кредиттер	-	44.964	705.825	6.899.373	4.032.293	567.390	-	9.470.563	21.720.408
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	-	3.415.714	21.616.310	41.696.660	165.156.290	71.626.035	-	11.201.486	314.712.495
Босалқы қорлар	-	-	-	-	-	-	3.001.248	-	3.001.248
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	-	-	-	134.115	-	-	-	-	134.115
Негізгі құралдар	-	-	-	-	-	-	902.719	-	902.719
Бейматериалдық активтер	-	-	-	-	-	-	491.984	-	491.984
Қосылған құн салығы және өтелетін басқа да салықтар	-	122.761	592.764	1.142.367	4.547.288	-	-	-	6.405.180
Берілген аванстар	-	56.700	-	160.155	261.010	-	-	-	477.865
Басқа да активтер	-	553	-	309.547	-	-	-	79.859	389.959
Барлық активтер	30.011.182	3.640.692	22.914.899	85.440.683	173.996.881	72.193.425	4.395.951	20.751.908	413.345.621
Міндеттемелер									
Акционер алдындағы берешек	-	51.196	237.821	1.161.912	-	10.636.406	-	-	12.087.335
Кредиттік ұйымдардың қаражаттары	-	43.164	1.723.810	16.351.631	46.154.415	2.037.704	-	-	66.310.724
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	-	621.583	1.732.111	18.511.687	71.515.532	64.823.273	-	-	157.204.186
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	-	-	5.220.442	557.684	-	-	-	-	5.778.126
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	-	-	-	-	-	7.359.124	-	-	7.359.124
Алынған аванстар	-	-	-	5.471.667	-	-	-	-	5.471.667
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер	-	122.761	577.928	1.142.367	5.586.675	1.387.895	-	-	8.817.626
Басқа да міндеттемелер	-	112.170	39.747	2.694.902	-	-	-	-	2.846.819
Барлық міндеттемелер	-	950.874	9.531.859	45.891.850	123.256.622	86.244.402	-	-	265.875.607
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза позиция	30.011.182	2.689.818	13.383.040	39.548.833	50.740.259	(14.050.977)	4.395.951	20.751.908	147.470.014

30. Байланысты тараптармен операциялар

«Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» ХҚЕС (IAS) 24 сәйкес, тараптардың бірі екінші тараптың операциялық және қаржылық шешімдерін бақылауға немесе оған елеулі дәрежеде ықпал етуге мүмкіндігі болған жағдайда, олар байланысты тараптар болып саналады. Тараптардың бір-бірімен байланысты екендігі туралы мәселені шешу кезінде Тараптардың құқықтық нысаны ғана емес, олардың өзара қатынастарының мазмұны да ескеріледі.

Байланысты тараптар байланысты емес тараптар арасында жүргізілмеген мәмілелерге түсуі мүмкін. Мұндай мәмілелердің бағалары мен шарттары байланысты емес тараптар арасындағы мәмілелердің бағалары мен шарттарынан өзгеше болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті арқылы Компанияның қызметін бақылайды.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік агенттіктер мен өзге де ұйымдар арқылы кәсіпорындардың (бірлесіп «мемлекетпен байланысты кәсіпорындар» деп аталатындар) бірталайын тікелей және жанама түрде бақылайды және елеулі ықпал етеді. Компания осы кәсіпорындармен кредит тарту және ақша қаражатын орналастыру сияқты банк операцияларын жасайды.

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының ұйымдары	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Активтер				
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	-	-	-	134.115
Қосылған құн салығы және өтелетін басқа да салықтар	-	-	-	8.196.088
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	-	-	-	35.489.031
Мідеттемелер				
Акционер алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемесі: 5%-13%)	22.062.088	-	-	-
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемесі 1,02%)	-	11.584.240	-	-
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар (номиналды пайыздық мөлшерлемесі: 8.00%-16.85%)	588.495	75.747.147	22.727.882	16.175.483
Кредиттік ұйымдардағы қаражат (номиналды пайыздық мөлшерлемесі: 0.35%)	-	-	3.000.898	-
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер	-	-	-	10.917.373
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	-	-	-	7.584.525

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанға байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтар көрсетілген:

	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының ұйымдары	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Активтер			
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер	-	-	134.115
Қосылған құн салығы және өтелетін басқа да салықтар	-	-	6.405.180
Мідеттемелер			
Акционер алдындағы берешек (номиналды пайыздық мөлшерлемесі: 1.02%-10%)	12.087.335	-	-
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар (номиналды пайыздық мөлшерлемесі: 8.00%-12.00%)	69.241.701	9.770.635	20.007.191
Кредиттік ұйымдардағы қаражат (номиналды пайыздық мөлшерлемесі: 5.00%)	-	13.146.580	-
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер	-	-	8.817.626
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	-	-	7.359.124

Төменде 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы байланысты тұлғалармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының ұйымдары	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық шығыстар	(5.222.169)	(4.695.652)	(2.468.873)	(4.478.542)
Пайыздық кірістер	-	-	-	4.683.710
Кредит шығындары бойынша шығыстар	-	-	-	(2.088)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	-	-	-	(412.719)

Төменде 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы байланысты тұлғалармен операциялар бойынша кірістер мен шығыстардың баптары көрсетілген:

	Акционер	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тобының ұйымдары	Мемлекеттік кәсіпорындармен операциялар
Пайыздық шығыстар		(6.896.212)	(1.873.536)
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем		-	-
			422.320

Акционерден, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан және жалпы бақылаудағы компаниядан тартылған кредиттердің шарттары туралы ақпарат тиісінше 12,13, 14-ескертпелерде ұсынылған.

2022 және 2021 жылдары 5 (бес) адамнан тұратын негізгі басқарушы персоналға сыйақы мынадай позицияларды қамтиды:

	2022 жыл	2021 жыл
Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер	125.357	120.449
Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған салықтар мен аударымдар	11.945	11.121
Негізгі басқарушы персоналға сыйақы жиыны	137.302	131.571

31. Қаржы қызметіне жататын міндеттемелердегі өзгерістер

	Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	Кредиттік ұйымдардың қаражаты	Акционер алдындағы берешек	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ алдындағы берешек	Қаржы қызметі бойынша міндеттемелер жиыны
2021 жылғы 1 қаңтардағы теңгерімдік құн	98.237.807	63.549.227	53.444.325	-	215.231.359
Түсімдер	65.000.000	18.917.333	5.835.875	-	89.753.208
Өтеу	(8.000.000)	(16.883.249)	(15.782.396)	-	(40.665.645)
Бағамдағы айырма	-	84.912	-	-	84.912
Ақшасыз операциялар	311.074	532.912	(31.282.601)	-	(30.438.615)
Дивидендтер жарияланған	-	-	6.718.739	-	6.718.739
Дивидендтер төленген	-	-	(6.718.739)	-	(6.718.739)
Басқалары	1.655.305	109.589	(127.868)	-	1.637.026
2021 жылғы 31 желтоқсанға теңгерімдік құн	157.204.186	66.310.724	12.087.335	-	235.602.245
Түсімдер	65.230.366	30.000.000	5.500.000	-	100.730.366
Өтеу	(17.990.000)	(20.068.509)	(3.941.071)	(176.191)	(42.175.771)
Бағамдағы айырма	-	663.432	-	-	663.432
Ақшасыз операциялар	(677.798)	(26.241.671)	111.370	190.565	(26.617.534)
Қайта жіктеулер	-	(19.553.956)	8.182.423	11.371.533	-
Дивидендтер жарияланған	-	-	12.111.222	-	12.111.222
Дивидендтер төленген	-	-	(12.111.222)	-	(12.111.222)
Басқалары	2.950.355	(471.540)	122.031	198.333	2.799.179
2022 жылғы 31 желтоқсанға теңгерімдік құн	206.717.109	30.638.480	22.062.088	11.584.240	271.001.917

«Ақшалай емес операциялар» бабы есепті кезеңде шығарылған борыштық бағалы қағаздар, басқа да қарыз қаражаттары және Акционер мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша дисконттың өзгеруін, сондай-ақ аванстардың есепке жатқызылуын қамтиды.

«Өзгелері» бабы шығарылған борыштық бағалы қағаздар, басқа да қарыз қаражаттары және Акционер мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-нан алынған қарыздар бойынша есептелген, бірақ әлі төленбеген пайыздардың әсерін қамтиды. Компания төленген пайыздарды операциялық қызметтен түсетін ақша ағындары ретінде жіктейді.

32. Капиталдың жеткіліктілігі

Компания өз қызметіне тән тәуекелдерден қорғау мақсатында капиталдың жеткіліктілік деңгейін белсенді басқаруды жүзеге асырады. Компания капиталдың жеткіліктілігін басқа әдістермен қатар, Компанияның қызметін қадағалауды жүзеге асыру кезінде ҚРҰБ және 1988 жылғы Базель келісінде белгіленген коэффициенттерді пайдалана отырып бақылайды.

2022 және 2021 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания капиталға қатысты заңнамамен белгіленген барлық сыртқы талаптарды толық сақтады.

Компания үшін капиталды басқарудың негізгі мақсаты капиталға қатысты сыртқы талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және жоғары кредиттік рейтинг пен қызметті жүзеге асыру және акционерлік құнды барынша арттыру үшін қажетті капиталдың жеткіліктілік нормативтерін қолдау болып табылады.

ҚРҰБ банк қызметінің жекелеген түрлерімен айналысатын компаниялардан 1-деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін 6,0% мөлшерінде және 2-деңгейдегі капиталдың жеткіліктілік коэффициентін активтердің 6,0% мөлшерінде және капитал жеткіліктілігінің жалпы коэффициентін тәуекелді ескере отырып мөлшерленген активтердің 12,0% мөлшерінде ұстап тұруды талап етеді. 31 желтоқсанға Компания капиталының жеткіліктілік коэффициенті осының негізінде келесідей болды:

	2022 жыл	2021 жыл
Бірінші деңгейдегі капитал	136.280.751	130.070.951
Екінші деңгейдегі капитал	20.619.374	17.301.745
Капитал жиыны	156.900.125	147.372.696
Активтер жиыны	485.259.494	413.345.621
Тәуекелді ескере отырып өлшемделген активтер және шартты және ықтимал міндеттемелер	459.694.541	413.341.793
Операциялық тәуекел	19.610.906	14.988.056
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1) кемінде 6,0%	28,08%	31,47%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1-2) кемінде 6,0%	29,65%	31,47%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті (к1-3) кемінде 12,0%	32,73%	34,41%

1988 жылғы Базель келісімі бойынша капитал жеткіліктілігінің нормативі

31 желтоқсанға нарықтық тәуекелді енгізуге қатысты кейінгі түзетулерді ескере отырып, 1988 жылғы Базель келісімінің ережелеріне сәйкес есептелген Компания капиталының жеткіліктілік нормативі мынаны құрады:

	2022 жыл	2021 жыл
Бірінші деңгейдегі капитал	136.280.751	130.070.951
Екінші деңгейдегі капитал	20.619.374	17.301.745
Капитал жиыны	156.900.125	147.372.696
Тәуекелді ескере отырып өлшемделген активтер	444.281.891	404.156.877
1-деңгейдегі капитал жеткіліктілігінің нормативі	30,67%	32,18%
Капитал жеткіліктілігінің жалпы нормативі	28,08%	31,47%

33. Сегменттік есептілік

Компанияның қызметі жоғары дәрежеде интеграцияланған болып табылады және «Операциялық сегменттер» ХҚЕС (IFRS) 8 мақсаттары үшін бірыңғай операциялық сегмент болып саналады. Компанияның активтері Қазақстан Республикасында шоғырланған және Компания Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асырудан пайда алады. Компанияның операциялық шешімдер қабылдау бойынша жауапты тұлғасы Басқарма Төрағасы болып табылады, ол жалпы Компания бойынша ақпаратты алады және талдайды.

34. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

KZ2C00002749 (KAFIB3) облигацияларының айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты, 2023 жылғы 24 қаңтарда Компания осы облигацияларды 17.630.340 мың теңге сомасына өтеуді жүзеге асырды, оның ішінде номиналды құны 16.952.250 мың теңге және купондық сыйақы 678.090 мың теңге.

4-ҚОСЫМША.

ҚазАгроҚаржы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің орындалуы туралы есеп

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері

1. Жалпы ережелер

1.1. ҚазАгроҚаржының (бұдан әрі – Компания) Іскерлік этика кодексі (бұдан әрі – Кодекс) өз қызметінің барысында тиімділікті, транспаренттілікті, есептілікті, Компания ішіндегі және басқа мүдделі тұлғалармен қарым-қатынастарда жоғары деңгейлі іскерлік этиканы қамтамасыз етуге арналған қағидалар мен ұсынымдардың жинағы болып табылады.

Кодекс Компанияның корпоративтік басқаруы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының тиісті стандарттарына сәйкес болуын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- ҚазАгроҚаржының Іскерлік этика кодексі «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 22 желтоқсандағы шешімімен бекітілді (№68/21 хаттама).

1.2. Компания өз қызметінде Кодекстің ережелерін қатаң сақтауға міндетті. Сәйкессіздік болған жағдайда жылдық есепте әрбір ереженің сақталмауының себебін көрсету керек, кезеңді түрде (екі жылда бір реттен кем емес) корпоративтік басқаруды бағалауды (қажет болған жағдайда тәуелсіз бағалауды) жүргізуі және тиісті нәтижелерді Компанияның Интернет ресурсына орналастыруы тиіс.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар



- Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалауды Компанияның ішкі аудит қызметі Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес екі жылда бір реттен кем емес жүргізеді.
- Корпоративтік басқару деңгейін сыртқы бағалауды Компанияның Бюджетінде сыртқы бағалауды жүргізу үшін қажетті қаражат болған кезде тәуелсіз ұйым үш жылда бір рет кезеңділікпен жүргізетін болады (корпоративтік басқару деңгейін бағалау нәтижелері бойынша тиісті рейтинг беріледі).
- Корпоративтік басқару деңгейінің диагностикасын ІАҚ 2021 жылы жүргізді, аудит 2018 жылғы 01 қаңтардан 2021 жылғы 01 шілдеге дейінгі кезеңді қамтыды. Аудит қорытындысы бойынша Компанияның корпоративтік басқару деңгейі 87,6% құрады.
- Компания корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын 2023 жылы жүргізуді жоспарлап отыр, коммерциялық ұсыныстары бар тиісті ұсыныстар Компанияның 2023 жылға арналған Бюджетін түзету үшін жіберілді.

1.3. Компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Кодексте көзделген міндеттемелерді, өзіне, соның ішінде Компаниямен жасалған тиісті шарттар негізінде алады және Компанияда оның ережелерін сақтауға міндеттенеді.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның шенеуніктері мен қызметкерлері Компанияда және Жалғыз акционермен қарым-қатынаста Кодекстің ережелерін сақтауға ұмтылады.

1.4. Компанияның осы Кодекстің орындауын бақылау Компанияның Директорлар кеңесіне жүктеледі. Корпоративтік хатшы мониторинг жүргізеді және Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органына осы Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша консультация береді, сондай-ақ жыл сайын оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды. Кейіннен бұл есеп Директорлар кеңесінің тиісті комитетінің қарауына шығарылады, оны Директорлар кеңесі бекітеді және есеп Компанияның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның Директорлар кеңесі есепті жыл сайын қарау арқылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Компанияның корпоративтік хатшысы Кодекстің дұрыс сақталуына мониторинг жүргізеді және жылдық есеп дайындайды. Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органына осы Кодекстің тиісінше сақталуы мәселелері бойынша кеңес береді және Компанияның Корпоративтік хатшысына жүктелген функцияларды тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді, Компанияда Кодекстің ережелері мен қағидаттары сақталмауы фактілерін анықтауға және жоюға бағытталған тұрақты жұмыс жүргізеді.
- Корпоративтік хатшы жыл сайын Директорлар кеңесіне оның принциптері мен ережелерін сақталуы/сақталмауы туралы есеп береді.

1.5. Осы Кодекстің ережелерін сақтамау жағдайлары Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесінің

тиісті комитетінің отырыстарында қаралып, Компанияда корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған тиісті шешімдер қабылданады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Прецеденттер іркелген жоқ.

1.6. Компания корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалауды кемінде үш жылда бір рет жүргізеді, оның нәтижелері Компанияның интернет-ресурсында орналастырылады.

Ішнара орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын 2023 жылы жүргізуді жоспарлап отыр, коммерциялық ұсыныстары бар тиісті ұсыныстар Компанияның 2023 жылға арналған Бюджетін түзету үшін жіберілді.
- Корпоративтік басқару деңгейінің диагностикасын ІАҚ 2021 жылы жүргізді, аудит 2018 жылғы 01 қаңтардан 2021 жылғы 01 шілдеге дейінгі кезеңді қамтыды. Аудит қорытындысы бойынша Компанияның корпоративтік басқару деңгейі 87,6% құрады.

2. Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты

2.1. Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен

құзыреттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалады және соларда бекітілген.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- 2022 жылы Жалғыз акционер ауысып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ орнына»Аграрлық несие корпорациясы» АҚ болды. («Бәйтерек «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесі «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-қа тиесілі 100% жай акцияларын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың орналастырылатын жай акцияларына төлем ретінде «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың Жалғыз акционері ретіндегі «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-тың өзінің «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың акцияларын басымдықпен сатып алу құқығын өткізуі жолымен иеліктен шығару туралы 2022 жылғы 15 шілдедегі № 05/22 шешімі).
- Орналастырылған акцияларды төлеу 2022 жылғы 25 шілдеде «ҚазАгроҚаржы» АҚ-тың «Бәйтерек «Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-қа тиесілі 100% жай акцияларын беру жолымен жүргізілді («Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ-тың 2022 жылғы 25 шілдедегі №5422681 бұйрығының орындалуы/орындалмауы туралы есеп), ақпарат кейіннен «Қазақстан қор биржасы» АҚ және DFO-да орналастырылды.
- Компанияның корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін Компания органдары арасында нақты бөлуді көздейді.
- Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Компания Басқармасының қызметі, сондай-ақ Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі және Компания Басқармасы арасында өкілеттіктердің бөлінуі

оңтайлы және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Компанияның Жарғысында, Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде және Компанияның өзге де ішкі құжаттарында толық көлемде көрсетілген және регламенттелген.

2.2. Жалғыз акционер өз өкілеттіктерін Компанияның да, Жалғыз акционердің де мүдделеріне ықпал етпейтін мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында шектейді. Компанияның Жалғыз акционерінің функциялары Компания қызметінің рентабельділігін қамтамасыз ету және Компания қатысатын агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру мақсатында жүзеге асырылады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания Жарғысының 27-тармағында Жалғыз акционердің айрықша құзыреті айқындалған.
- Акционердің ауысуына байланысты «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер енгізілді. (Жалғыз акционердің 03.10.2022 жылғы №16 шешімі).

2.3. Жалғыз акционер Компанияны басқаруға Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өкілеттіктерін іске асыру және Компанияның Директорлар кеңесінде өкілінің болуы арқылы ғана қатысады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымы болып табылатын «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-тың еншілес компаниясы болып табылады. Өз кезегінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.
- Кодекстің 46-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды. Директорлар кеңесінің құрамы қызмет ауқымы, ағымдағы міндеттер, даму стратегиясы және/немесе даму жоспары мен қаржылық мүмкіндіктер ескеріле отырып, жеке белгіленеді.
- Директорлар кеңесінің құрамы теңдестірілген болып табылады, бұл Директорлар кеңесі мүшелері (Жалғыз акционердің өкілдері, тәуелсіз директорлар, Компания Басқармасының Төрағасы) Компания мүддесі үшін шешімдер қабылдануын және оның алдына қойылған экономиканы дамыту міндеттері орындалуын қамтамасыз ететінін білдіреді.
- Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі Тәуелсіз директорлар болып табылады.
- Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылды, олардың құзыретіне аудит, тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау, кадр, сыйақы мәселелерін және әлеуметтік мәселелерді қарау кіреді.
- Комитеттер анағұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша олар Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

2.4. Компанияның жалғыз акционері Компанияға толық операциялық дербестікті ұсынады және Қазақстан

Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері мен тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Компанияның операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласпайды.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Стратегиялық және операциялық қызмет мәселелері бойынша барлық шешімдерді Директорлар кеңесі мен Компания Басқармасы өз бетінше қабылдады.
- Компанияны құрудың мақсаты ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолжетімді қаржы құралдарымен, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасымен және арнайы техникамен, қайта өңдеу жабдықтарымен және технологиялық жабдықтармен және биологиялық активтермен лизингтік негізде қамтамасыз ету жолымен агроөнеркәсіптік кешенді технологиялық жаңарту болып табылады.
- Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Компания Жалғыз акционердің және Компанияның Директорлар кеңесінің шешімдері басшылыққа алады.

2.5. Орнықты дамуды қамтамасыз ету мақсатында Холдинг Компания үшін бірыңғай саясаттар, әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттар қалыптастырады және бекітеді.

Компанияда Холдинг бекіткен тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит бойынша корпоративтік стандарттарды қолдану туралы шешімді аталған стандарттардың Компания қызметінің ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз етуді ескере отырып Компанияның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Компанияның Басқармасы Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен Компанияның стратегиясы мен даму жоспарының орындалуын қамтамасыз етеді.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның ішкі нормативтік құжаттарды (бұдан әрі – ІНҚ) енгізуіне және өзектендіруіне қатысты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-тың 2021 жылғы 19 сәуірдегі тапсырмасына сәйкес (№04-1-1/1838 хат), «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ІНҚ негізінде бірқатар ІНҚ бекітілді. Оның ішінде:
 - Корпоративтік басқару кодексі (Жалғыз акционердің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы №68/21 шешімімен бекітілген);
 - Орнықты даму саласындағы ҚазАгроҚаржы саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №7 шешімімен бекітілген);
 - Тәуекелдерді басқару саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 тамыздағы №10 шешімімен бекітілген);
 - ҚазАгроҚаржыда ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидалар (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 мамырдағы №5 шешімімен бекітілген);
- Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 шілдедегі шешімімен (№10 хаттама) ҚазАгроҚаржының 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын орындау жөніндегі 2021 жылдың қорытындысы бойынша жасалған есеп бекітілді.

2.6. Компанияның Директорлар кеңесі басқарудың тиімділігін, орнықты дамуды және Компания қызметінің рентабельділігін қамтамасыз етеді. Компания тобында тиімді басқару нәтижелері

операциялық тиімділіктің артуы, есеп беру сапасының жақсаруы, корпоративтік мәдениет пен этика стандарттарының жақсаруы, ашықтық пен айқындылық, тәуекелдердің азаюы, тиісті Ішкі бақылау жүйесі болып табылады.

Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) топта нақты басқару жүйесінің, ара жігі бөлінген өкілеттіктердің және шешім қабылдау процесінің болуы, функциялар мен процестердің қайталануы жоқтығы;
- 2) бірыңғай стандарттар, саясаттар мен процестер, соның ішінде жоспарлауға, мониторинг пен бақылауға, нәтижелілікті бағалауға және түзету іс-әрекеттерін қолдануға бірыңғай тәсілдерді айқындауға қатысты;
- 3) топтың қызметіне қатысты сапалы ақпаратқа қолжетімділік;
- 4) топтың тәуекелдерін тиісінше басқару.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияда Жалғыз акционердің шешімдерімен: Компанияның Директорлар кеңесі туралы ереже, Компанияның Корпоративтік басқару кодексі, Компанияның Жарғысы бекітілді, оларда Компанияда нақты басқару жүйесінің болуын, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, басқа да алқалы органдардың және Компанияның басшы қызметкерлерінің өкілеттіктерінің аражігі бөлінуін және шешім қабылдау процесінің тәуелсіздігін, функциялар мен процестердің қайталанбауын қамтамасыз ететін процестер регламенттелген.
- Компанияда Директорлар кеңесінің шешімдерімен Компания қызметінің (дамуының) басым бағыттары, стратегиялық мақсаттары (Даму стратегиясы)

мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттар, жоспарлау және бюджеттеу мәселелері бойынша құжаттар, ішкі бақылау, ішкі және сыртқы аудит мәселелері бойынша ішкі құжаттар бекітілді.

- Компания өзінің корпоративтік интернет-ресурсында Компанияның қызметіне қатысты сапалы ақпаратқа қолжетімділік ұсынады.
- Компания корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік пен аудиторлық есептер туралы ақпаратты, үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді, сондай-ақ қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында ашылуға жататын өзге де ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №189 қаулысымен бекітілген талаптарға сәйкес ашып көрсетеді.
- Компания тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Компанияның келесі органдары мен бөлімшелерін тарта отырып тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқарумен ұсынылған: Директорлар кеңесі, Басқарма, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше, Ішкі аудит қызметі, өзге де құрылымдық бөлімшелер. Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Компанияның басқа да алқалы органдарының өкілеттіктерінің аражігін ажырату, сондай-ақ тәуекелдерді басқарудың құрылымы, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттері Компанияның Тәуекелдерді басқару саясатында көрсетілген.

3. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

- 3.1. Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау компанияға инвестициялар тартудың негізгі шарты болып табылады. Осыған байланысты қоғамдағы корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Компанияның тиімді қызметіне ықпал етуге және қызметтің рентабельділігіне қол жеткізуге бағытталған.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 қаулысына сәйкес 1999 жылғы 28 желтоқсанда құрылды.
- Компанияның Миссиясы – сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік қызметтер көрсету арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу.
- Компанияның Жалғыз акционері «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы болып табылады.
- Компания корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды және оның мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, бұл «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Компания Жарғысымен (Холдинг басқармасының 2021 жылғы 31 наурыздағы №15/21 хаттамасы) көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысу, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін бекіту жөнінде түйінді шешімдер қабылдау, Директорлар кеңесінің құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма Төрағасын сайлау, сыртқы аудиторды, жылдық қаржылық есептілікті бекіту және т. б. болып табылады.
- Компанияның қызметі туралы ақпарат Жалғыз акционерге толық көлемде ұсынылады және теңдестірілген және әділ шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

- 3.2. Компания Жалғыз акционердің құқықтарын, соның ішінде келесі құқықтарын іске асыруды белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді:

- акцияларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы;

- «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында және/немесе компания Жарғысында көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысу және Директорлар Кеңесін сайлау құқығы;
- Компания пайдасынан үлес (дивиденд) алу құқығы;
- Компания таратылған жағдайда оның активтеріндегі үлесін алу құқығы;
- Компанияның қызметі туралы ақпарат алу құқығы, соның ішінде Компанияның жалғыз акционері немесе Жарғысы анықтаған тәртіппен компанияның қаржылық есептілігімен танысу;
- Компанияға оның қызметіне қатысты жазбаша сұрау салып жүгіну және Компания Жарғысында белгіленген мерзімде дәлелді және толық жауаптар алу құқығы;
- Компанияның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алу құқығы;
- Компания органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау құқығы;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63 және 74-баптарда көзделген жағдайларда Компанияның лауазымды тұлғалары Компанияға келтірген залалды өтеуі және Компанияның лауазымды тұлғалары және/немесе олардың үлестес тұлғалары олар ірі мәмілелерді және/немесе жасауға мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыну) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Компанияға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгіну құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Компанияның акцияларына айырбасталатын Компанияның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу құқығы;

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Компания акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау құқығы.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания Жарғысының 5 бабының 17 тармағына сәйкес Жалғыз акционердің келесі құқықтары бар:
 - 1) Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысу;
 - 2) дивиденд алу;
 - 3) осы Жарғыда айқындалған тәртіппен Компанияның қызметі туралы ақпарат алу, соның ішінде Компанияның қаржылық есептілігімен танысу;
 - 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алу;
 - 5) Компания органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау;
 - 6) Компанияның лауазымды тұлғалары Компанияға келтірген залалды өтеуі және Компанияның лауазымды тұлғалары және/немесе олардың үлестес тұлғалары олар ірі мәмілелерді және/немесе жасауға мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыну) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Компанияға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгіну;
 - 7) Компанияға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салып жүгіну және сұрау салу Компанияға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алу;
 - 8) Компания таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін алу;

- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Компанияның акцияларына айырбасталатын Компанияның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу;
 - 10) Заңда көзделген тәртіппен Компания акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау.
 - 11) Заңға сәйкес Директорлар кеңесіне Жалғыз акционердің отырысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсыну;
 - 12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап ету;
 - 13) аудиторлық ұйымның өз есебінен Компанияға аудит жүргізуін талап ету.
- Компанияның Жарғысында бекітілген Жалғыз акционердің құқықтарын Компания мен Компания органдары сақтайды.

3.3. Дивидендтер мөлшері Компанияның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес жасалған жылдық аудиттелген қаржылық есептілігінде көрсетілген Компанияның таза кірісінің сомасына негізделіп есептеледі. Бұл ретте дивидендтер төлеу мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасы ескеріле отырып айқындалады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның жалғыз акционеріне дивидендтер төлеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, компанияның

Жарғысымен, сондай-ақ Компанияның Жалғыз акционерінің тиісті шешімімен регламенттеледі.

- Компанияның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес («Бәйтерек» Холдингі» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 26 мамырдағы № 23/22 хаттамасы) 2021 жылғы 12 111 221 390,11 (он екі миллиард жүз он бір миллион екі жүз жиырма бір мың үш жүз тоқсан теңге он бір тиын) теңге мөлшерінде дивидендтер төленді (2022 жылғы 27 маусымдағы № 36942 төлем тапсырмасы).

4. Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқаруы қағидаты

4.1. Директорлар кеңесі Компанияны стратегиялық басқаруды және Басқарма қызметін бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады.

Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық айқындылығын, сондай-ақ осы Кодекстің барлық ережелері ендірілуін қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компания Жарғысына, осы Кодекске, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Компанияның өзге де ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Сонымен бірге Директорлар кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- 1) даму стратегиясын анықтау (бағыттары мен нәтижелері);
- 2) Даму стратегиясында және/немесе даму жоспарында белгіленетін ҚНҚ қою және мониторингілеу;
- 3) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қадағалау;

- 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі Стратегиялық жобаларды бекіту және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеу;
- 5) басшыны және атқарушы орган мүшелерін сайлау (қайта сайлау), оларға сыйақы беру, олардың сабақтастығын жоспарлау және қызметін қадағалау;
- 6) корпоративтік басқару;
- 7) осы Кодекстің және Компанияның іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік этика кодексінің) ережелерін сақтау.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережемен регламенттелген (Холдинг Басқармасының 2021 жылғы 17 қарашадағы №62/21 хаттамасы).
- Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру қағидаттарына негізделеді. Бұл қағидатты Компанияның Директорлар кеңесі іс жүзінде орындайды.
- Директорлар кеңесі Компанияның Жалғыз акционері мен Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
- Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 шілдедегі № 10 шешімімен ҚазАгроҚаржы акционерлік қоғамының 2020 – 2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді, онда Компанияның миссияларына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қызметтің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ,) анықталды.
- Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 15 шешімімен ҚазАгроҚаржы

акционерлік қоғамының 2020 – 2023 жылдарға арналған даму стратегиясына енгізілетін өзгерістер бекітілді.

- Директорлар кеңесі Даму стратегиясының орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.
- Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 шілдедегі шешімімен (№10 хаттама) 2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚазАгроҚаржының 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есеп бекітілді.

4.2. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде Компанияның мүддесі үшін және Жалғыз акционердің мүдделері мен орнықты даму қағидаттарының сақталуы ескеріле отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерілімі сақталуы тиіс.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесін, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің комитеттерінің Төрағасы мен мүшелерін сайлау кезінде Компанияның Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесі заңнама талаптарын және өзге де ішкі нормативтік актілерді басшылыққа алады.

4.3. Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны кемінде үш құралуы тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы керек. Сонымен қатар, тәуелсіз директорлардың саны қабылданатын

шешімдердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесінің мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар бар.
- Директорлар кеңесінің мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы керек, Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында 2 тәуелсіз директор бар.
- «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 31 қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамы анықталды – 6 адам.

4.4. Тәуелсіз директорлар мен Компания арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, осы Кодекстің ережелері және Компанияның ішкі құжаттары ескеріле отырып шарттармен ресімделеді.

Шарттарда тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және басқа да елеулі талаптарды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының осы Кодекстің ережелерін сақтау жөніндегі міндеттемелерін, соның ішінде өздеріне жүктелген функцияларды орындау үшін олар жеткілікті уақыт бөлуі тиістігі, Директорлар кеңесінің қызметі тоқтатылғаннан кейін Компания туралы ішкі ақпаратты Директорлар кеңесі белгілеген мерзім бойы жария етпеу туралы және тәуелсіз директорлардың мәртебесі мен функцияларына қойылатын

талаптарға негізделген қосымша міндеттемелерді (тәуелсіздігін жоғалту туралы уақтылы хабарлауға қатысты және т.б.) көрсету қажет.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның тәуелсіз директорларымен тиісті шарттар жасалды.

4.5. Компанияның Директорлар Кеңесінің жанынан комитеттер құрылды, олардың құзыретіне аудит және тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму, кадр, сыйақы мәселелерін және әлеуметтік мәселелерді қарау кіреді.

Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін қабылданған шешімдер үшін Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберіндегі жауапкершіліктен босатпайды

Комитеттер анағұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша олар Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін ішкі құжаттармен реттеледі, олар комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі туралы, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтиды. Жалғыз акционер сұрау салу бойынша комитеттер туралы ережелермен танысуға құқылы.

Комитеттің жұмысын ұйымдастыру үшін комитет немесе Директорлар кеңесі комитет хатшысы етіп Корпоративтік хатшыны тағайындалады. Комитет хатшысы комитет отырыстарын дайындауды, отырыстарға материалдар жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды кейіннен сақтауды қамтамасыз етеді.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның Директорлар кеңесінің жанынан 3 комитет құрылды:
 - 1) аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет;
 - 2) стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитет;
 - 3) кадрлар, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет.
- Компанияның Директорлар кеңесінің комитеттерінің хатшысы Компанияның корпоративтік хатшысы болып табылады.

4.6. Директорлар кеңесінің отырыстары Директорлар кеңесі күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітетін, қаралатын мәселелердің тізбесі мен өткізілетін күндері көрсетілетін отырыстар кестесі кіретін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу көзбе-көз немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру нысаны бар отырыстар

санын барынша азайту қажет. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелерді қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау дауыс берудің күндізгі нысанымен өтетін Директорлар кеңесінің отырыстарында ғана жүзеге асырылады.

Егер Директорлар кеңесінің мүшелерінің (Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 30%-нан аспайтын) Директорлар кеңесінің отырысына келіп қатысуға мүмкіндігі болмаса, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарын өткізудің екі нысанын үйлестіруге болады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің жоқ мүшесі қаралатын мәселелерді талқылауға техникалық байланыс құралдарын пайдалану арқылы қатысып, өз пікірін жазбаша нысанда бере алады.

Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің ұсынылатын кезеңділігі жылына кемінде алты отырыс құрайды. Мұқият және толыққанды талқылауды қамтамасыз ету және уақтылы және сапалы шешімдер қабылдау үшін қарауға жоспарланған мәселелер санын жыл бойына біркелкі бөлу ұсынылады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін жүйелі түрде отырыстар өткізеді. Директорлар Кеңесінің отырыстары Компанияның Директорлар кеңесінің 22.12.2021 жылғы шешімімен бекітілген (№14 хаттама) 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу дауыс берудің күндізгі және сырттай нысандары арқылы жүзеге асырылады.
- 2022 жылы Директорлар кеңесінің 15 отырысы – Компанияның Директорлар Кеңесінің 11 күндізгі

және 4 сырттай отырысы өткізілді, 102 мәселе қаралып, шешімдер қабылданды.

- 4.7. Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Компанияны дамытудың стратегиялық міндеттеріне қол жеткізудегі үлесін анықтауға, сондай-ақ бағыттарды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлау немесе олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

Бағалау Директорлар кеңесі мен оның жеке мүшелерінің кәсіби шеберлігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалауды тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционердің өкілдері үшін де жүргізу міндетті.

Бағалау жүйелілік, күрделілік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты қағидаттар бойынша жүзеге асырылады.

Директорлар Кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалауды жүргізу процесі, мерзімдері мен тәртібі Компанияның ішкі құжаттарында айқын реттелуі тиіс.

Ішнара орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес Компанияда жыл сайын Директорлар кеңесінің қызметін бағалау жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің ұзақмерзімді тиімді дамуы айқындалады.
- Корпоративтік басқару кодексіне, Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес, Директорлар кеңесі, комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 маусымына дейін жыл сайынғы негізде бағаланады.
- Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу туралы шешімді Компанияның Директорлар кеңесі қабылдайды.
- 2022 жылы Компанияның Жалғыз акционерінің ауысуына және Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы өзгеруіне байланысты Директорлар кеңесі 2022 жылғы 21 желтоқсанда (№15 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы қызметін бағалауды өз күшімен жүргізу туралы шешім қабылдады. Бағалау сауалнама әдісімен жүргізіледі және оның нәтижелері Компанияның жылдық есебіне енгізілетін болады.

- 4.8. Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционермен өзара ықпалдасуы мақсатында Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшы тағайындайды.

Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, қызметінің функциялары мен тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындайды, Корпоративтік хатшы қызметін (хатшылығын) құру туралы (қажет болған жағдайда) шешім қабылдайды және бұл қызметтің бюджетін айқындайды. Корпоративтік хатшы Компанияның Директорлар кеңесіне есеп береді және Компания басқармасынан тәуелсіз. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне

Директорлар кеңесі, жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесу, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің барлық мәселелері және осы Кодекстің ережелерін қолдану бойынша кеңесші рөлін орындау, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізу және Компанияда корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу кіреді. Корпоративтік хатшы сондай-ақ осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындауды жүзеге асырады, ол Компанияның жылдық есебінің құрамына кіреді. Бұл есепте Кодекстің сақталмайтын қағидаттары мен ережелерінің тізбесі тиісті түсініктемелер келтіріліп көрсетілуі керек.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) компанияда Корпоративтік хатшы тағайындалды.

- 4.9. Іскерлік этика қағидаттарын сақтау, Компанияда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Омбудсмен тағайындалады.

Омбудсмен лауазымына үміткер мінсіз іскерлік беделге, жоғары беделге, сондай-ақ бейтарап шешім қабылдау қабілетіне ие болуы тиіс.

Омбудсмен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және екі жылда бір рет қайта сайланады. Омбудсменнің рөлі оған жүгінген қызметкерлерге, еңбек дауларына, жанжалға қатысушыларға кеңес беру және оларға Қазақстан

Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауды ескере отырып (оның ішінде, қажет болған жағдайда құпиялылықты сақтап) өзара қолайлы, конструктивті және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдемдесу, қызметкерлердің де, Компанияның да проблемалық әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге жәрдемдесу болып табылады.

Омбудсмен Компанияның тиісті органдары мен лауазымды адамдарының қарауына өзі анықтаған, жүйелі сипаттағы және тиісті шешімдер (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді шығарады, оларды шешу үшін конструктивті ұсыныстар жасайды. Омбудсмен жылына кемінде бір рет жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы есепті Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетке және Компанияның Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне ұсынады, оның қызметінің нәтижелерін бағалайды.

Компанияның Директорлар кеңесі Омбудсмен қызметінің нәтижелерін бағалайды және Омбудсмен лауазымын атқаратын адамның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- *Іскерлік этика кодексінің қағидаттарын сақтау, компанияда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында, Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№8 хаттама) 2 жыл мерзімге Компанияның омбудсмені болып Акрачкова Дина Викторовна тағайындалды, ол «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасы төрағасының Аппарат басшысы лауазымын атқарады.*

- *Компания омбудсменінің 2022 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есепті Компанияның Директорлар кеңесі белгіленген тәртіппен қарады (2023 жылғы 7 наурыздағы №2 хаттама).*

4.10. Компанияның жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беретін қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін, ішкі аудит қызметі құрылды және жұмыс істейді. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалау мен олардың тиімділігін арттыру үшін жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

Компанияның Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтайды, оның басшысы мен қызметкерлерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйақы беру мөлшері мен шарттарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің бюджетін айқындайды.

Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлері Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне тікелей бағынады және Компания басқармасынан тәуелсіз. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады.

Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттеріне компаниядағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару

және корпоративтік басқару жүйелерінің сапасын бағалау және осы жүйелердің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізу кіреді. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеті Компания қызметінің нәтижелерін жақсартуға жәрдемдесу болып табылады.

Ішкі аудит қызметі туралы ережеде мыналар айқындалады және бекітіледі:

- 1) Халықаралық ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors) қабылдаған қағидаттар мен ережелерді ұстану;
- 2) Компанияның ішкі аудитінің статусы, мақсаттары мен міндеттері;
- 3) Ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу және Ішкі аудит қызметінің өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындау үшін Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін, объективтілігін және кәсібилігін қамтамасыз ету шарттары;
- 4) ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;
- 5) ішкі аудит қызметінің көлемі мен мазмұны;
- 6) тиісті тапсырмаларды орындау кезінде құжаттамаға, қызметкерлерге және материалдық активтерге қол жеткізу құқығы;
- 7) Ішкі аудит қызметінің Компанияның Директорлар кеңесімен және Басқармасымен өзара ықпалдасу және аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке және Компанияның Директорлар кеңесіне есеп беру тәртібі.

Ішкі аудит қызметі туралы ережеде сонымен қатар мынадай міндеттер мен функциялар көзделеді:

- 1) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру процедуралары мен іс-шараларын әзірлеуде және олардың орындалуын мониторингтеуде Компанияның басқармасы мен қызметкерлеріне жәрдемдесу;
- 2) Компанияның сыртқы аудиторымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және кор-

поративтік басқару бойынша консультация беру қызметтерін көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіру;

- 3) белгіленген тәртіп шеңберінде Компанияның ішкі аудитін өткізу;
- 4) ішкі аудит қызметі қызметінің нәтижелері және (жылдық) аудиторлық жоспардың орындалуы туралы мерзімді есептерді (соның ішінде елеулі тәуекелдер, кемшіліктер туралы, анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындау нәтижелері мен тиімділігі, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің нақты жай-күйін, сенімділігін және тиімділігін бағалау нәтижелері туралы ақпарат берілген) дайындау және Директорлар кеңесі мен аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке ұсыну;
- 5) Компания Басқармасының мүшелерінің және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасының және ішкі құжаттардың инсайдерлік ақпаратқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты ережелерін, этикалық талаптарды сақтауын тексеру;
- 6) сыртқы аудитордың ұсынымдарының орындалуын мониторингтеуді жүзеге асыру;
- 7) Директорлар кеңесі бекіткен ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды ұйымдастыру және жетілдіру және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері, сондай-ақ ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша жұмыс жоспары шеңберінде консультация беру.

Ішкі аудит қызметінің, оның басшысы мен қызметкерлерінің тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі ішкі аудит қызметінің есептерін қарау, (жылдық) аудиторлық жоспарды орындау және есептілікті ұсыну мерзімдерін сақтау, есептердің Ішкі аудит қызметінің стандарттары мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырады.

Орындалады**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

- Компанияда ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Директорлар кеңесінің 30.06.2022 жылғы шешімімен (№8 хаттама) Компанияның ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі 30.07.2025 жылға дейін болып айқындалған. ІАҚ-тың Директорлар кеңесіне функционалдық есептілігі бекітілген және іс жүзінде жүзеге асырылады. ІАҚ басшысы Директорлар кеңесімен тікелей өзара ықпалдасады. Жеке объективтілік (мүдделер қақтығысын болдырмау) қамтамасыз етіледі. Ішкі аудиторлар кейіннен аудиттелуге жататын операциялық функцияларды жүзеге асырмайды. ІАҚ туралы Ережеге сәйкес ІАҚ қызметкерлері Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды. Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін бағалау бойынша тиісті әдіснамалар бекітілді. ІАҚ осы жүйелерге тұрақты бағалау жүргізеді және нәтижелер Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. ІАҚ жоғарыда аталған жүйелерді жетілдіру бойынша ұсыныстар береді. Стандарттардың талаптарына және Этика кодексіне сәйкес келетін ІАҚ туралы ереже бекітілді. Ішкі аудиторлардың білімі мен дағдыларына қойылатын талаптар формалдандырылды. ІАҚ қызметкерлері ұжымдық қажетті білім мен дағдыларға ие. Жыл сайын ІАҚ қызметкерлерін оқытуға арналған шығыстар көзделген ІАҚ бюджеті бекітіледі. ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы мерзімді есептілік процедуралары белгіленеді және іс жүзінде орындалады, аталған есептілік шеңберінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы, сондай-ақ менеджмент қабылдаған тәуекелдер туралы ақпарат беріледі. Аудиторлық тапсырманың нәтижелері бойынша қабылданған шаралардың мониторингі фор-

малдандырылған және іс жүзінде орындалады. Мерзімді есептілік шеңберінде мониторинг нәтижелері Директорлар кеңесіне ұсынылады. Аудиторлық тапсырманың нәтижелерін қалыптастыру бойынша талаптар формалдандырылған және іс жүзінде орындалады. Аудиторлық файлдарды сақтау және оларға қол жеткізу процедуралары формалдандырылған және іс жүзінде орындалады. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы әзірленді және бекітілді. Директорлар кеңесі ІАҚ жұмыскерлерінің жұмысының сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірледі және бекітті, бағалау нәтижелері ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау шеңберінде Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады. Сапаны қамтамасыз ету және жоғарылату бағдарламасы ІАҚ қызметінің сапасына жыл сайын ішкі бағалауды жүргізуді көздейді (өзін өзі бағалау). Жыл сайынғы өзін өзі бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі ІАҚ қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді. Есепті кезеңде «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі «АҚ (бұдан әрі-Холдинг) сыртқы бағалаушы – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС-ын тарта отырып Холдингтің еншілес ұйымдарының (бұдан әрі – ЕҰ) Ішкі аудит қызметтерінің (бұдан әрі – ІАҚ) 2018-2022 жылдар кезеңіндегі жұмысының Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына (ХИАС) және Этика кодексіне сәйкестігін халықаралық ішкі аудиторлар институтының әдіснамасының талаптарына сай бағалауды жүргізді. Бағалау нәтижелері бойынша Компанияның ІАҚ қызметі Ішкі аудит анықтамасына және Ішкі аудиторлар институтының Әдеп кодексіне, сондай-ақ стандарттардың 93% талаптарына, оның ішінде келесі 4 сегмент бойынша (Quality Assessment Manual әдістемесі) сәйкес келетіні расталды:

- Ішкі аудитті ұйымдастыру – 92%;
- Ішкі аудит персоналы – 96%;
- Ішкі аудитті басқару – 92%;
- Ішкі аудит процестері – 93%.

- «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС жүргізген бағалау нәтижелері Компанияның ІАҚ қызметін тәуелсіз бағалау нәтижелері бойынша есеп түрінде ұсынылды, оны Компанияның Директорлар кеңесі қарады. Компанияның Директорлар кеңесінің 29.11.2022 ж. шешімімен (№14 хаттама) ІАҚ қызметін жетілдіру жоспары бекітілді.

4.11. Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін сайлайды (Басқарма төрағасын қоспағанда), олардың өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, оларға еңбекақы төлеу және сыйақы беру шарттарын айқындайды. Басқарма құрамына кандидаттарды іздеу және іріктеу процесінде, олардың сыйақысын анықтауда Компанияның Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті шешуші рөл атқарады.

Директорлар кеңесінің Кадр, сыйақы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің қарауына Басқарма құрамына сайлауға кандидаттар бойынша ұсыныстарды Басқарма Төрағасы енгізеді.

Басқарма құрамындағы бір бос лауазымға Басқарма басшысы екінші рет ұсынған кандидатты Директорлар кеңесі қабылдамаған жағдайда, осы бос лауазымға кандидат бойынша ұсыныс енгізу құқығы Директорлар кеңесіне өтеді.

Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің (басқарма төрағасын қоспағанда) өкілеттігін кез келген уақытта тоқтата алады.

Компанияның Басқармасының мүшелерін үш жылға дейін мерзімге сайлау ұсынылады. Басқарманың Төрағасы мен мүшелерінің өкілеттік мерзімі жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзімімен сәйкес келеді.

Компания Басқармасының мүшелерін тағайындау және оларға сыйақы беру процестерінің айқын-

дылығын жоғарылату үшін Директорлар кеңесіне тағайындау, сыйақы, бағалау және Компания Басқармасының мүшелерінің сабақтастығы қағидаларын бекіту және қатаң сақтау ұсынылады.

Орындалады**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

- Компания Басқармасының мүшелерін сайлау процестері Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 30 наурыздағы шешімімен бекітілген Басқарма туралы ережемен реттеледі (№3 хаттама)
- Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 19 шілдедегі № 9 шешімімен Компания Басқармасының 5 (бес) мүшеден тұратын құрамы Басқарма өкілеттігінің 2022 жылғы 31 шілдеден бастап 3 жыл мерзімімен айқындалды.
- Компания Басқармасының мүшелерін марапаттау процестері Компанияның Директорлар кеңесінің 30.09.2021 жылғы шешімімен бекітілген (№11 хаттама) Компанияның басшы қызметкерлерінің еңбекақы төлеу, олардың қызметін бағалау және сыйақы беру қағидаларымен реттеледі.

4.12. Басқарма көзбе-көз отырыстар өткізеді және даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру және операциялық қызмет мәселелерін талқылайды. Басқарма отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Сырттай отырыстар өткізу жағдайлары шектеулі және Компанияның Жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған.

Басқарма күнтізбелік жылдың басына дейін алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын мәселелер тізбесін көрсетіп қалыптастырады. Басқарма

мүшелері қаралатын материалдармен сапалы түрде алдын ала қамтамасыз етіледі. Даму стратегиялары және/немесе даму жоспарлары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелер қаралған кезде бірнеше отырыстар өткізілуі мүмкін.

Әрбір мәселені қарау кезінде шешім қабылдауға/қабылдамауға байланысты тәуекелдерге және олардың Компанияның рентабельді қызметіне әсеріне жеке талқылау арналады.

Басқарманың бастамасы бойынша Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын барлық мәселелерді Басқарма алдын ала қарайды және мақұлдайды.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері мүдделер қақтығысы жағдайының туындауына жол бермейді.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда олар бұл туралы Директорлар кеңесіне немесе Басқарма Төрағасына мұны жазбаша түрде тіркеу және мәселе бойынша шешім қабылдауға қатыспау қажеттілігі туралы алдын ала хабарлайды.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің мақұлдауымен ғана қызмет атқара алады. Басқарма Төрағасы басқа заңды тұлғаның басқармасының басшысы лауазымын атқармайды.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания Басқармасының 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 36 шешімімен Басқарманың 2022 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

- Компания Басқармасының 2022 жылға арналған жұмыс жоспарына енгізу үшін ұсынылатын мәселелер тізілімі анықталды. Жұмыс жоспарында Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту, Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық жасау, негізгі құралдарды есептен шығару және өзге де мәселелер көрсетілген.
- 2022 жылы Компания Басқармасының 41 отырысы өткізілді, барлығы күндізгі тәртіпте, отырыстар тұрақты негізде өткізілді.
- Басқарма туралы ережеге сәйкес шешімдердің жобаларына бастамашылық еткен департаменттің басшысы, құқықтық департамент басшысы олардың заңнама талаптарына сәйкестігіне қатысты және оларға жетекшілік ететін басшылар, тәуекел-менеджментті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің басшысы Компанияның Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкестігіне қатысты міндетті түрде бұрыштама қояды
- Бұдан басқа, Компания Жарғысының 85-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшының, комплаенс қызметінің, омбудсменнің мәселелерін қоспағанда, Басқарманың құзыретіне, Жалғыз акционерге және Директорлар кеңесіне шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау жатады.
- Компанияның мақсаттары мен міндеттері Компанияның миссиясына сәйкес келуі керек және Компанияның тәуекел тәбетіне сай болуы тиіс. Тәуекел менеджменті департаменті Басқарма және басқа да уәкілетті органдар шешімінің жобасын келісу кезінде тәуекел деңгейіне қатысты ойластырылған шешімдер қабылдануын қамтамасыз етеді
- Тәуекел менеджменті департаменті Уәкілетті органның шешімінің жобасын келісу кезінде шешім жобасының Компанияның бекітілген тәуекел-тәбетінің деңгейіне сәйкестігі/сәйкессіздігі фактісін тексереді.

4.13. Басқарма Төрағасы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі алға қойылған ҚНҚ-ға қол жеткізу болып табылады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің мотивациялық ҚНҚ-ларын Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.

Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің мотивациялық ҚНҚ-лары бойынша ұсыныстарды Басқарма Төрағасы енгізеді.

Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттікті мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбекақы төлеу тұрақты және ауыспалы бөліктен құралады. Лауазымдық жалақыны белгілеу кезінде орындалатын міндеттердің күрделілігі, қызметкердің дербес құзыреттері және оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі, осы тұлғаның компанияның дамуына қосып отырған үлесі, ұқсас Компаниялардағы лауазымдық жалақы деңгейі, Компаниядағы экономикалық жағдай назарға алынады.

Еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сыйақы Компанияның Директорлар Кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес төленеді.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания Жарғысының 37-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Компанияның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне Компания Басқармасының Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін мен еңбекақы, сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау жатады.
- Компания Басқармасының Төрағасы мен мүшелерін Директорлар кеңесі жыл сайын бағалайды.

Бағалаудың негізгі критерийі Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің Компания қызметінің ерекшелігі ескерілген және негізгі қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштер қамтылған корпоративтік және функционалдық негізгі қызмет көрсеткіштерінен тұратын алға қойылған негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу болып табылады.

- ҚНҚ Компанияның стратегиялық мақсаттарын каскадтау арқылы және белгілі бір лауазым/басшы қызметкер үшін бекітілген құзыреттілік аясына сәйкесті әзірленеді және белгіленген тәртіппен Компанияның Директорлар Кеңесінің бекітуіне шығарылады.
- 2022 жылға арналған ҚНҚ карталары Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы шешімімен бекітілген (№14 хаттама).
- Сонымен қатар Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 20 қыркүйектегі шешімімен басшы қызметкерлердің 2022 жылға арналған ҚНҚ карталарына өзгерістер енгізілді.
- Сондай-ақ басшы қызметкерлердің 2022 жылға арналған ҚНҚ карталары бекітілді (Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 15 шешімі).

5. Орнықты даму қағидаты

5.1. Компания мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақмерзімді перспективада орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын түсінеді. Мүдделі тараптармен жауапкершілікпен, ойластырылған және ұтымды өзара ықпалдасу тәсілі Компанияның орнықты дамуына ықпал етеді.

Компания қызметтің рентабельділігіне ұмтылады, орнықты дамуды қамтамасыз етеді, мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтайды.

Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға ықпал етеді немесе олардың ықпалын сезінеді. Орнықты даму бойынша қызмет үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

Мүдделі тараптар Компанияның қызметіне, атап айтқанда, рентабельділікке, орнықты дамуға, беделге және имиджге оң да, теріс те әсер етуі, тәуекелдерді туындатуы немесе азайтуы мүмкін. Компания мүдделі тараптармен тиісінше өзара ықпалдасуға үлкен мән береді.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания орнықты даму саласындағы басқару жүйелерін құруда ұстануы тиіс негізгі нормалар, қағидаттар, ережелер мен тәсілдерді анықтау мақсатында Компанияда Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№7 хаттама) ҚазАгроҚаржының орнықты даму бойынша саясаты (бұдан әрі – ОД саясаты) әзірленді және бекітілді.
- Орнықты даму бойынша міндеттерді шешуде Компания өзінің миссиясына, Компания мен Холдингтің Даму стратегиясына сүйенеді, сондай-ақ халықаралық мінез-құлық нормалары мен орнықты даму бойынша халықаралық стандарттармен бекітілген қағидаттарды қолданады.
- Компания орнықты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды өз қызметінің үздік халықаралық практикаға сәйкестігін қамтамасыз етудің және орнықты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарастырады.
- Компания Басқармасы орнықты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді.

- Компания мүдделі тараптардың мүдделерінің те-пе-теңдігін сақтай отырып, ұзақмерзімді перспективада орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын түсінеді. Мүдделі тараптармен жауапкершілікпен, ойластырылған және ұтымды өзара ықпалдасу тәсілі Компанияның орнықты дамуына ықпал етеді. Орнықты даму саласындағы қағидаттар ашықтық, есептілік, айқындылық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу болып табылады.
- Жалпы алғанда, бұл қағидаттар Компанияда қолданылады және сақталады. Орнықты даму саясатын табысты және тиімді жүргізу үшін Компанияда мүдделі тараптармен өзара ықпалдасуға тиісінше көңіл бөлінеді.
- Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Компания мүдделеріне ықпал ету аясын айқындау мақсатында Басқарманың 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 34 шешімімен Компания стейкхолдерлерінің картасы өзектендірілді.
- Мүдделі тараптармен өзара ықпалдасудың негізгі формалары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және т. б. болып табылады.
- Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуін ұйымдастыру процесі қатыстырылу қағидатына негізделген, ол Компания қызметін басқару процесінің барлық кезеңдерінде мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға мүдделі тараптарды қатыстыруды білдіреді.

5.2. Компания ұзақ мерзімді кезеңде орнықты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және

әлеуметтік мақсаттарының үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Компаниядағы орнықты даму: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік үш құрамдастан тұрады. Экономикалық құрамдас Компания қызметін рентабельділікке, Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялардың өсуіне бағыттайды.

Экологиялық құрамдас биологиялық және физикалық табиғат жүйелеріне әсерді барынша азайтуға, органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалануға, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануға ықпал етеді.

Орнықты дамудың әлеуметтік құрамдасы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, олар соның ішінде еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мен жұмыскерлердің денсаулығын сақтауды, әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын сақтауды, жұмыскерлердің жеке басын дамытуды, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруды, жаңа жұмыс орындарын құруды, демеушілік және қайырымдылықты, экологиялық және білім беру акцияларын өткізуді қамтиды.

Компания өз қызметі мен тәуекелдеріне осы үш аспект бойынша талдау жүргізеді, сондай-ақ өз қызметінің нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе азайтуға ұмтылады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компаниядағы орнықты даму ТД саясатына сәйкес жүзеге асырылады экономикалық, экологиялық және әлеуметтік үш құрамдастан тұрады.
- Компанияның орнықты дамуының экономикалық құрамдасы келесі мақсаттардан тұрады:
 - 1) қызметтің шығынсыздығы;
 - 2) Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
 - 3) процестердің тиімділігін арттыру;
 - 4) ауыл шаруашылығына инвестициялардың өсуі.
 - 5) жаңа жұмыс орындарын құру.
- Орнықты дамудың экологиялық құрамдасы келесі мақсаттардан тұрады:
 - 1) биологиялық және физикалық табиғат жүйелеріне әсерді барынша азайту;
 - 2) органикалық ресурстарды оңтайлы пайдалану;
 - 3) экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдану.
- Орнықты дамудың әлеуметтік құрамдасы әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған және соның ішінде келесі мақсаттарды қамтиды:
 - 1) жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық процедуралар мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
 - 2) әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын сақтау;
 - 3) еңбектің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмыскерлердің денсаулығын сақтау;
 - 4) жұмыскерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
 - 5) ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламалардың

5.3. Компанияда орнықты даму бойынша басқару жүйесі құрылады, ол мынадай элементтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) Директорлар кеңесі, Басқарма және қызметкерлер деңгейінде орнықты даму қағидаттарына бейілілік;
- 2) үш құрамдас бойынша ішкі және сыртқы жағдайды талдау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер);

- 3) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы орнықты даму бойынша тәуекелдерді айқындау;
- 4) мүдделі тараптар картасын құру;
- 5) орнықты дамуды негізгі процестерге, соның ішінде тәуекелдерді басқару, жоспарлау, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, есеп беру, операциялық қызмет және т.б., сондай-ақ даму стратегиясына және шешім қабылдау процестеріне кіріктіру;
- 6) орнықты даму саласындағы мақсаттар мен ҚНҚ-ны айқындау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды белгілеу;
- 7) орнықты даму бойынша лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- 8) орнықты даму бойынша ұдайы мониторинг және іс-шараларды бағалау, мақсаттар мен ҚНҚ-ға жету нәтижелерін бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты түрде жақсарту мәдениетін енгізу.

Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізілуін қамтамасыз етеді.

Барлық деңгейдегі бүкіл жұмыскерлер мен лауазымды тұлғалар орнықты дамуға үлес қосады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компаниядағы орнықты дамуды басқару компания қызметін басқарудың жалпы жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.
- ОД саясаты орнықты даму бойынша басқару жүйесін құрудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін анықтайды.

- Компанияның орнықты даму бойынша міндеттері:
 - 1) орнықты даму қағидаттарын Компания қызметінің негізгі процестеріне енгізу и корпоративтік шешім қабылдау жүйесіне бірізді ендіру;
 - 2) орнықты даму бойынша қызметті бағалауды және тәуекелдерді бақылауды оның үш құрамдасы тұрғысынан жүзеге асыру;
 - 3) жүйелік жұмысты ұйымдастыру есебінен орнықты дамуды басқарудың сапасын арттыру;
 - 4) орнықты даму бойынша қызмет нәтижелері туралы тұрақты түрде хабарлауды қоса, Компанияның мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау тетіктерін құру.
- Компанияның орнықты даму мәселелеріне қатысты тәсілдемесі Компанияның мүдделері мен стратегиялық жоспарларының орнықты даму саласындағы негізгі қағидаттармен үйлесімділігіне және барлық мүдделі тараптарға қатысты адал және жауапты мінез-құлық қағидаттарын сақтауға негізделеді.

5.4. Компания орнықты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын келесілерді талдау арқылы әзірлейді:

- 1) үш негізгі: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік сала бойынша ағымдағы жағдайды талдау; бұл талдауды жүргізу кезінде ақпараттың дұрыстығы, уақтылығы және сапасы маңызды болып табылады;
- 2) орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау; тәуекелдер орнықты дамудың үш бағытына сәйкес бөлінеді, сонымен қатар шектес бағыттарға әсер етуі және басқа тәуекелдерді қамтуы да мүмкін. Тәуекелдерді анықтау үшін Компанияға әсер ететін ішкі факторларға да, сол сияқты сыртқы факторларға да талдау жасалады;
- 3) мүдделі тараптарды және олардың қызметке әсерін анықтау;
- 4) мақсаттарды, сондай-ақ мүмкіндігінше нысаналы көрсеткіштерді, және үш компонент бойынша

- қызметті жақсарту және жетілдіру іс-шараларын, жауапты тұлғаларды, қажетті ресурстар мен орындалу мерзімдерін анықтау;
- 5) мақсаттардың іске асырылуын, іс-шараларды, нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізілуін тұрақты мониторингтеу және бағалау;
- 6) мүдделі тараптармен жүйелі және конструктивті түрде өзара ықпалдасу, кері байланыс алу;
- 7) қалыптастырылған жоспарды іске асыру;
- 8) ұдайы мониторинг жүргізу және жүйелі есептілік;
- 9) жоспардың нәтижелілігін талдау және бағалау, қорытындылау және түзету және жақсарту шараларын қабылдау.

Орнықты дамуды:

- 1) басқару жүйесіне;
- 2) даму стратегиясына;
- 3) негізгі процестерге, соның ішінде: тәуекелдерді басқару, жоспарлау (ұзақ мерзімді (стратегия), ортамерзімді (5 жылдық даму жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерге), есептілік, тәуекелдерді басқару, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, операциялық қызмет және т. б, сонымен қатар органдардан бастап (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма), қатардағы қызметкерлерге дейін барлық деңгейлердегі шешім қабылдау процестеріне кіріктіру ұсынылады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Есепті жылы Компания Басқарманың 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №36 шешімімен бекітілген 2022 жылға арналған ҚазАгроҚаржының орнықты даму бойынша іс-шаралар жоспарын іске асырды.
- ҚазАгроҚаржының орнықты даму жөніндегі 2022 жылғы іс-шаралар жоспарының орындалуы ту-

ралы есепті Басқарма 2023 жылғы 13 қаңтарда қарады және бекітті (№1 хаттама).

- Жоспар Компанияның орнықты даму саласындағы озық халықаралық тәжірибені ұстануға ұмтылу бастамаларын көрсетеді.
- Жоспарға орнықты дамудың үш құрамдас бөлігі (экономикалық, экологиялық және әлеуметтік) бойынша іс-шаралар кірген. Жоспарды іске асыру шеңберінде энергиямен жабдықтау мәдениетін арттыру, энергия тұтынуды азайту, қағаз құжат айналымын оңтайландыру, жұмыскерлердің оқытумен қамтылуын ұлғайту және басқа да бірқатар іс-шаралар көзделген.
- Компания орнықты даму қағидаттарын жаңа Даму стратегиясына кіріктіруді жоспарлап отыр.

6. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты

6.1. Компанияда тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесі жұмыс істейді, ол Компанияның өз стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуі үшін орынды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және ұйымдастырушылық саясаттың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылады және оны Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы келесілерді қамтамасыз ету үшін құрған:

- 1) Компания қызметінің рентабельділігі, стратегиялық мақсаттар және олармен ілесе жүретін тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерім;
- 2) қаржылық-шаруашылық қызметтің тиімділігі және Компанияның қаржылық тұрақтылығына қол жеткізу;
- 3) Компания активтерінің сақталуы және ресурстарының тиімді пайдаланылуы;

- 4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және шынайылығы;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
- 6) алаяқтықтың алдын алу және негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуіне тиімді қолдау көрсетуін қамтамасыз ету үшін және қызметтің нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылау.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері бар, олар Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуіне орынды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысты компоненттер (ұйымдастыру саясаты, процедуралар, әдістер, механизмдер, мінез-құлық нормалары және т. б.) жиынтығы болып табылады.
- Компаниядағы тәуекелдерді басқару тұрақты, динамикалық және үздіксіз процесс болып табылады және келесі схемаға сәйкес компоненттерден тұрады: сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторинг.
- Ішкі аудит қызметі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды белгіленген кезеңділікпен жүргізеді.
- 2021 жылғы Корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесін бағалауды KPMG сыртқы консультанттары жүзеге асырды.
- Бағалау нәтижелері бойынша корпоративтік тәуекелдерді басқару жүйесінің қорытынды рейтингі 82% құрады.
- 82%-ға бағалау «Кемел» тиімділік деңгейіне сәйкес келеді және тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері «үздік тәжірибеге» сәйкес келеді және тәу-

- екелдерді басқару жүйесі жеткілікті түрде тиімді.
- Компания тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.
 - Ішкі бақылау жүйесі Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Компанияның барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.
 - Ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсаттарында Компанияда үш шепті қорғау құрылған:
 - бірінші қорғау шебі, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде Басқарма Төрағасының бұйрығымен Қоғам жұмыскерлерінің арасынан ішкі бақылаушылар тағайындалады;
 - екінші қорғау шебі, Компанияның бақылау функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелері;
 - үшінші қорғау шебі, Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау арқылы Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) қамтамасыз етеді.
 - Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің 23.12.2021 жылғы №15 шешімімен Компания ҚазАгроҚаржының ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің 2022-2024 жылдарға арналған жоспарын бекітті
 - Жоспарға бес компонент бойынша іс-шаралар кіреді: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау процедуралары, ақпарат және коммуникация арналары, мониторинг.
 - 2022 жылға арналған жоспардың орындалуы жөніндегі есеп Директорлар кеңесінің 07.03.2023 жылғы № 2 шешімімен бекітілген.
 - Сонымен қатар, Компанияның ішкі аудит қызметі белгіленген кезеңділікпен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізеді, мәселен, 2021 жылдың екінші тоқсанында тиімділікті бағалау нәтижелері бойынша аудиторлық топ «орташадан жоғары» тиімділік рейтингін анықтады, бұл айтарлықтай жоғары көрсеткіш болып табылады.

- 6.2. Компанияның Директорлар кеңесі осы жүйенің міндеттеріне негізделе отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттарды бекітеді.

Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру қызметкерлердің, менеджменттің, компания органдарының шешім қабылдаған кезде тәуекел деңгейінің орындылығы мен қолайлылығын түсінуін, тәуекелдерге тез ден қоюын, негізгі және қосалқы бизнес-процестерді және күнделікті операцияларды бақылау жүзеге асырылуын, сондай-ақ кез келген елеулі кемшіліктер туралы тиісті деңгейдегі басшылыққа дереу хабарлануын қамтамасыз етуге қабілетті басқару жүйесін құруды көздейді.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдері мыналарды көздейді:

- 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- 2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің барлық шешім қабылдау деңгейлері қамтылған, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін өзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесіндегі тиісті деңгейдің рөлі ескерілген ұйымдық құрылымы;
- 3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар (тәуекелдерді анықтау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін анықтау, мониторинг және т.б.);
- 4) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптар (ішкі бақылау жүйесінің негізгі бағыттары мен негізгі компоненттерінің сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділік пен есептілікті бағалау тәртібі және т.б.).

Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін шоғырландырылған негізде ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша жауапкершілігі бекітіліп көрсетіледі.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компанияның Директорлар кеңесі келесі ішкі құжаттарды бекітті:
- Тәуекелдерді басқару саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген (№10 хаттама);
- Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі мақсаттары:
- тиімді кешенді жүйе құру және тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін жасау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен процедураларына бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру;
- Компанияның Компания қызметінің ауқымына адекватты тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету.
- Компаниядағы тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдар, уәкілетті органдар, құрылымдық бөлімшелер мен Компания қызметкерлері тартыла отырып, барлық деңгейде жүзеге асырылады.
- ҚазАгроҚаржының Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат (Компанияның Директорлар кеңесінің 06.09.2019 ж. № 9 шешімімен бекітілген).
- Саясат ішкі бақылау жүйесінің ұғымдарын, мақсаттары мен міндеттерін, оның жұмыс істеу қағидаттарын, ішкі бақылау процедурасының негізгі бағыттары мен негізгі компоненттерін, сондай-ақ ішкі бақылау субъектілерінің Компанияның ішкі

бақылау жүйесін бағалау және процедураларды орындау бойынша құзыреті мен жауапкершілігі анықтайды.

- Ішкі бақылау жүйесі саясатының негізгі мақсаты үш негізгі бағыт бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу болып табылады:
 - операциялық қызмет;
 - қаржылық есептілікті дайындау;
 - нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау.
- Ішкі бақылау жүйесі саясаты Компанияның басқаруы мен қызметінің барлық деңгейлеріндегі, құрылымдық бөлімшелердегі лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге, сондай-ақ ішкі бақылаудың басқа да қатысушылары мен мүдделі тараптарға қолданылады.
- Бұдан басқа, ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін айқындау мақсатында Компанияда Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидалары бекітілді.
- Компания ішкі бақылау жүйесін дамытуды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуді бұдан әрі де жалғастырады.

6.3. Компанияның әрбір лауазымды тұлғасы шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді тиісті түрде қарауды қамтамасыз етеді.

Компания Басқармасы тәуекелдерді басқару рәсімдерін тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлер енгізуін қамтамасыз етеді.

Басқарма:

- 1) Директорлар Кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді;
- 2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидалары мен процедураларын практикалық іске асыру және үздіксіз жүзеге асыру жолымен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

- 3) Директорлар кеңесінің шешімдері мен аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдарын орындау үшін жауапты;
- 4) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін мониторингтеуді жүзеге асырады;
- 5) бизнестің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен процедураларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылау қағидаларын іске асыру және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Компания Басқармасы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың нақты процедуралары үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті төмендегі деңгей басшыларының және/немесе құрылымдық бөлімше басшыларының арасында бөледі

Құрылымдық бөлімшелердің басшылары Компания қызметінің оларға сеніп тапсырылған функционалдық салаларында өздерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, құжаттау, енгізу, мониторингтеу және дамыту үшін жауапты болады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде, лауазымдық нұсқаулықтарда және бизнес-процестерді регламенттеу кезінде лауазымдық міндеттерді орындау үшін рөлдер мен жауапкершілік регламенттеледі. Басқару органы (Директорлар кеңесі) және Атқарушы орган (Басқарма) деңгейінде шешім қабылдау өкілеттігі анықталды,

комитеттер немесе Атқарушы органның жеке-леген мүшелері деңгейінде өкілеттіктер басқаға қосымша берілді.

- Мәселелерді өкілеттіктер аясында қарау кезінде құрылымдық бөлімшелермен-сарапшылармен және/немесе міндетті құрылымдық бөлімшелермен бизнес-процесс шеңберінде алдын ала келісу көзделген.
- Келісу нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда сараптамалық қорытынды дайындалады.
- Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес Компания қызметкерлері өз құзыреті шегінде тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, бағалау және басқару үшін жауапты.
- Тәуекелдерді басқару процесінің әдістері мен процедураларының сипаттамасы, соның ішінде тәуекелдерді басқару бойынша есептілікті ұсыну тәртібі мен нысандары, тәуекелдердің негізгі түрлерін басқару процесіне қатысушылардың міндеттері, функциялары және жауапкершілігі, тәуекелдерді басқару іс-шаралары және тәуекелдерді басқару процесінің басқа да компоненттері Компанияның уәкілетті органдары өз құзыретіне сәйкес бекіткен Компанияның ішкі құжаттарында берілген.
- Ішкі бақылау жүйесі саясатын іске асыру қағидаларының 10-тармағына сәйкес, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде бірінші қорғау шебінде ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында Басқарма Төрағасының 14.10.2022 жылғы № 209 бұйрығымен Компания қызметкерлерінің арасынан ішкі бақылаушылар тағайындалды.
- Ішкі бақылаушылар мен бақылау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер ұсынған есептер негізінде ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидаларының 33-тармағына сәйкес Басқарманың 15.02.2023 жылғы № 3 шешімімен ішкі бақылау жүйесінің анықталған бұзушылықтары мен кемшіліктері бойынша 2022 жылғы жиынтық есеп бекітілді.
- Өзін-өзі бағалау мен оның бақылау процедураларын жүргізу мақсатында Басқарманың 29.12.2021

жылғы № 36 шешімімен Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілді.

- Ішкі бақылау әрекетінің тиімділігі үшін ІАҚ ұсынымына сәйкес Компанияда Ішкі бақылау жүйесін жыл сайынғы бағалау (өзін-өзі бағалау) жүргізілді, оның қорытындысы бойынша Компания Басқармасының 01.07.2022 жылғы № 24 шешімімен Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау (өзін-өзі бағалау) туралы есеп бекітілді.
- Жүргізілген бағалау (өзін-өзі бағалау) негізінде ішкі бақылау жүйесіне «Жоғары» тиімділік рейтингі берілді.

6.4. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу процедурасын, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және адекватты шаралар қабылдауды көздейді.

Тәуекелдерді басқару процедуралары жаңа тәуекелдерге жылдам ден қоюды, оларды айқын анықтауды және тәуекел иелерін анықтауды қамтамасыз етеді. Компанияның бәсекелестік немесе экономикалық ортасында кез келген күтпеген өзгерістер орын алған жағдайда Тәуекелдер картасын және оның тәуекел-тәбетке сәйкестігін қайта бағалау жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесі тәуекелге тәбеттің жалпы деңгейін және негізгі тәуекелдерге қатысты төзімділік деңгейін бекітеді, олар Компанияның ішкі құжаттарымен бекітіліп көрсетіледі.

Негізгі тәуекелдер бойынша толеранттылық деңгейлері елеулі оқиғалар туындаған жағдайда қайта қаралады. Күнделікті қызметте тәуекелдерді шектейтін лимиттер белгіленеді.

Тән тәуекелдерді тұтас және анық түсіну үшін Компанияда кем дегенде жыл сайынғы негіз-

де тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі, олар Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тізілімінде, тәуекелдер картасында, тәуекелдерге ден қою бойынша іс-шаралар жоспарында (процестерді жақсарту, азайту стратегиялары) көрсетіледі.

Тәуекелдер тізілімі мен картасын қарау кезінде Директорлар кеңесі оларға стратегиялық міндеттерді іске асыруға шынымен әсер етуі мүмкін тәуекелдерді қосуды қамтамасыз етеді, ал тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау кезінде іс-шаралардың пайдалылығына көз жеткізіпалуы тиіс. Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы негізгі тәуекелдер туралы ақпаратты, олардың Компанияның стратегиясы мен даму жоспарына әсер ету тұрғысынан талдауын алып отырады.

Тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырыстарына тоқсанына кемінде бір рет шығарылады және тиісті түрде толық көлемде талқыланады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Тәуекелдерді басқару саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген (№10 хаттама) тәуекелдерді басқарудың құрылымын, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттерін анықтайды, тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асырудың жүйелі және дәйекті тәсілін қамтамасыз етеді.
- Компанияның Директорлар кеңесінің 23.12.2021 жылғы № 15 шешімімен 2022 жылға арналған тәуекел тәбеті бекітілді.

- Компанияның Директорлар кеңесінің 29.11.2022 жылғы № 14 шешімімен 2023 жылға арналған тәуекел тәбеті бекітілді.
- Компанияның Директорлар кеңесінің 23.12.2021 жылғы № 15 шешімімен 2022 жылға арналған негізгі тәуекел индикаторлары бекітілді.
- Компанияның Директорлар кеңесінің 29.11.2022 жылғы № 14 шешімімен 2023 жылға арналған тәуекел тәбеті бекітілді
- Бизнес-процестерді, тәуекелдер мен бақылауларды талдау және өзектендіру шеңберінде ҚазАгроҚаржының Бизнес-процестер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы жаңа редакцияда бекітілді (Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 29 қарашадағы №14 шешімі).
- Компанияда идентификатталған тәуекелдерді жүйелеу үшін Компания өз қызметінде кезігетін тәуекелдердің тізілімі болып табылатын және тәуекелді іске асырудың ықтималды салдарын қамтитын тәуекелдер регистрі қолданылады (бұдан әрі – Тәуекелдер регистрі) мен әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару бойынша іс-шаралар әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін Тәуекелдер картасы (бұдан әрі – Тәуекелдер картасы) әзірленді.
- 2022 жыл ішінде Тәуекелдер регистрі мен Тәуекелдер картасы жаңа тәуекелдер сәйкестендірілген сайын, тәуекелдердің маңыздылығы өзгерген сайын немесе Компанияның қызметіне тәуекелдің әсер ету күші өзгеген сайын өзектендіріліп отырды және олар Компанияның Директорлар кеңесінің тиісінше 22.02.2022 жылғы №1, 31.05.2022 жылғы №7, 30.06.2022 жылғы №8, 29.11.2022 жылғы №14 шешімдерімен бекітілген.
- Сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) бизнес-процеске әсер ететін анықталған тәуекелдердің тізбесі болып табылады және тәуекелдерді азайтуға бағытталған іс-шаралар міндетті түрде айқындалған.

- Ең маңызды тәуекелдерді бағалау нәтижелері бойынша (қызыл аймақ), Компания қызметінің тәуекелге барынша ұшырауын білдіретін және және Компанияның құрылымдық бөлімшелері – тәуекел иелері тарапынан тәуекелді азайту бойынша шұғыл іс-қимылдарды талап ететін тәуекелдерді анықтағаннан кейін, 2022 жыл ішінде Директорлар кеңесі тиісінше 12.11.2021 жылғы №12, 30.06.2022 жылғы №8, 29.11.2022 жылғы №14 жоспарларды бекітті.
- АПБК-ның 2022 жылғы 04 наурыздағы №06-2022, 2022 жылғы 16 наурыздағы №08-2022, 2022 жылғы 31 наурыздағы № 10-2022, 2022 жылғы 10 маусымдағы №15-2022, 2022 жылғы 22 шілдедегі №20-2022, 2022 жылғы 28 қарашадағы №33-2022 шешімдерімен 2022 жыл ішінде ЕДБ лимиттері бекітілді.
- Басқарманың 20.10.2021 жылғы № 27 шешімімен Компанияның Тәуекелдерді басқару қағидалары бекітілді, онда тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, мониторингтеу және басқару бойынша реттеуші әдістер, құралдар мен тәсілдер регламенттелген.
- Компания Басқармасының 2022 жылғы 25 наурыздағы № 9 шешімімен ҚазАгроҚаржының тәуекелдерді басқару жүйесін дамытудың 2022 – 2025 жылдарға арналған стратегиясы бекітілді, оған ҚазАгроҚаржының тәуекелдерді басқару корпоративтік жүйесін жетілдірудің 2022-2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары кіреді.

6.5. Компанияда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесінің және корпоративтік басқару практикасының сенімділігін және тиімділігін жүйелі түрде тәуелсіз бағалау үшін ішкі аудит қызметі құрылды.

Ішкі аудит қызметі өз жұмысын тәуекелге бағдарланған (жылдық) аудиторлық жұмыс жоспарының негізінде жүзеге асырады, оны Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.

Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Ішкі аудит қызметінің басшысы тәуекелдерді басқарудың Компанияда қабылданған тұжырымдамасын назарға алады, сондай-ақ Компания Басқармасымен және аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетпен консультациялардан кейін қалыптасқан тәуекелдер туралы өз пікірін қолданады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- ІАҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелеріне, сондай-ақ корпоративтік басқаруға тұрақты бағалау жүргізеді. Әрбір аудиторлық тапсырма шеңберінде ІАҚ Компаниядағы ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін тексеріліп отырған бизнес-процестердің бақылау рәсімдерін тестілеу нәтижелері бойынша бағалайды және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар береді.
- Бұдан басқа, ІАҚ мерзімді негізде ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерін Директорлар Кеңесі бекіткен әдіснамаға сәйкес бағалауды жүргізеді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. 2021 жылы ІАҚ корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілді, оның нәтижелері бойынша корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар берілді, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша да ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөнінде ұсынымдар берілді.
- Компания корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасын жүргізуді 2023 жылға жоспарлап

отыр, Компанияның 2023 жылға арналған Бюджетін түзету үшін коммерциялық ұсыныстары бар тиісті ұсыныстар жіберілді. ІАҚ басшысы Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес ішкі аудиттің басымдықтарын айқындайтын тәуекелге бағдарланған жоспар жасайды.

- ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы мерзімді есептілік процедуралары белгіленді, бұл есептіліктің шеңберінде айқындалған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы, сондай-ақ менеджмент қабылдаған тәуекелдер туралы ақпарат беріледі.

6.6. Компания жыл сайынғы қаржылық есептілік аудитін тәуелсіз және білікті аудитор тарту арқылы жүргізеді, ол үшінші тарап ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді.

Сыртқы аудиторды таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Іріктеу кезінде Компанияның Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің пікірі ескеріледі, бұл комитет конкурс өткізу мақсатында әзірленген біліктілік талаптарын және/немесе техникалық ерекшелікті келіседі.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания жыл сайынғы қаржылық есептілік аудитін тәуелсіз және білікті аудитор тарту арқылы жүргізеді, ол үшінші тарап ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді.

7. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты

7.1. Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының мүшелері, Компания қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын акционерлер мен Компанияның мүдделері үшін адал және орынды, қақтығыстардан аулақ болуға тырысып орындайды.

Корпоративтік қақтығыстар болған (туындаған) жағдайда, Компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қатысушылар оларды келіссөздер арқылы шешу жолдарын іздейді. Бұл ретте Компанияның лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшыға және/немесе Омбудсменге қақтығыстың орын алғандығы (туындағандығы) туралы уақтылы хабарлайды.

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және оларды реттеу жұмысының тиімділігі мұндай қақтығыстарды толық және тез анықтау және Компанияның барлық органдарының іс-қимылын үйлестіруді көздейді.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- 2022 жылы мүдделер қақтығысымен байланысты оқиғаларға жол беру жағдайлары Компанияда тіркелген жоқ.

7.2. Мүдделер қақтығысы Компания қызметкерінің жеке қызығушылығы лауазымдық міндеттерді

бейтарап орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде анықталады.

Компания қызметкерлері өздеріне (немесе өздерімен байланысты тұлғаларға) қатысты да, басқаларға қатысты да мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға жол бермейді.

Директорлар Кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау үшін және Компанияның Директорлар кеңесінің процестерге саяси араласуын шектеу үшін оларға жол бермеу және реттеу тетіктері енгізілуде.

Мүдделер қақтығысын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Директорлар кеңесі бекітетін Компанияның Іскерлік этика кодексінде бекітіледі.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компаниядағы корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылдарын үйлестіру мақсатында, Компанияның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 04 қарашадағы шешімімен (№17 хаттама) Компанияда Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидалары бекітілді.
- Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 ақпандағы шешімімен (№2 хаттама) бекітілген құжаттар:
 - 1) Компанияның Іскерлік этика кодексі – корпоративтік (іскерлік) әдептің негіз қалаушы құндылықтары мен қағидаттарын белгілейді;

- 2) Компанияның Омбудсмені туралы ереже – еңбек дауларын, қақтығыстарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешудегі, сондай-ақ Компания жұмыскерлерінің іскерлік әдеп қағидаттарын сақтаудағы Омбудсмен институтының функцияларын айқындайды.

8. Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындылығы мен объективтілігі қағидаттары

8.1. Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, меншік құрылымын және басқаруды қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және шынайы ашып көрсетеді.

Ақпаратты ашудың жүйелілігін қамтамасыз ету үшін Компанияда ішкі құжаттар бекітіледі, оларда ақпаратты ашу және қорғау қағидаттары мен тәсілдері, мүдделі тұлғаларға ашылып көрсетілетін ақпараттың тізбесі, ақпаратты ашудың мерзімдері, тәртібі, тәсілі, нысаны, функциялары мен міндеттері көрсетіле отырып жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелер анықталады.

Коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты қорғау мақсатында, Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын айқындайды. Компания коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізуге құқығы бар адамдар тобын айқындайды және оның құпиялылығын қорғау бойынша шаралар қабылдайды.

Орындалады**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

- Компания өз қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржы қызметі туралы ақпаратты ашу саясатын басшылыққа алады, бұл саясат ақпаратты ашудың мақсаттарын, қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін, коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың тізбесін айқындайды.
- Қаржылық есептілік депозитарийінің, Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында, Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері ҚазАгроҚаржы қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі – Ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулық) регламенттелген, ол Басқарманың 2023 жылғы 15 наурыздағы № 5 шешімімен өзектендірілген.
- Ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықта мүдделі тұлғаларға ашылып көрсетілетін ақпараттың тізбесі, ақпаратты ашудың мерзімдері, тәртібі, тәсілі, нысаны, функциялары мен міндеттері көрсетіле отырып, жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелер қарастырылған.
- 2022 жылы Компания заңнама мен Ақпаратты ашу қағидаларының талаптарына сәйкес Қазақстан қор биржасының бағалы қағаздарына рұқсат беру бастамашылары корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік туралы ақпаратты, үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді және акционердің мүдделерін қозғайтын өзге де ақпаратты ашуды жүзеге асырды.
- 2022 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында 93 жария-

ланым, Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында 65 жарияланым орналастырылды.

- 2022 жылы ақпаратты ашу мерзімдері бұзылған жоқ.
- Сондай-ақ, Компанияның www.kaf.kz корпоративтік интернет-ресурсында Компанияның қызметі, ұйымдық құрылымы, қаржыландыру өнімдері және басқа да маңызды ақпарат туралы толық ақпарат орналастырылған.
- Компанияда Компанияның Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 13 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржының Ақпараттық қауіпсіздік саясаты қолданылады.

8.2. Интернет-ресурс құрылымдалған, навигация пайдалануға ыңғайлы және онда мүдделі тұлғалар үшін Компанияның қызметін түсінуге жеткілікті ақпарат бар.

Ақпаратты интернет-ресурстың жеке тақырыптық бөлімдерінде орналастыру ұсынылады. Интернет-ресурсты өзектендіру қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына бір реттен кем емес жүзеге асырылады. Компанияда интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігін бақылау тұрақты негізде жүзеге асырылады, сондай-ақ интернет-ресурстың қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі нұсқаларында орналастырылған осы ақпараттың сәйкестігі айқындалады. Осы мақсатта интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне жауапты жауапты тұлғалар (құрылымдық бөлімше) бекітіледі.

Орындалады**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

- Компанияның корпоративтік сайты (www.kaf.kz) құрылымдалған және пайдалануға ыңғайлы. Онда

Компания туралы жалпы ақпарат, басшылық туралы мәліметтер, қызмет нәтижелері және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес басқа да ақпарат бар.

- Компанияның корпоративтік сайты өзектендіру тұрақты негізде, құрылымдық бөлімшелердің сұраныстары және деректердің өзектілігін бақылау негізінде жүзеге асырылады, ақпарат орыс, қазақ, ағылшын (қажет болған жағдайда) тілдерінде тең қолжетімділікпен жарияланады.
- Компанияның корпоративтік сайты жетілдіру және жаңғырту қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады.
- Компанияның корпоративтік сайты жүргізудің тәртібі Ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықпен регламенттелген (№3, 3-1 қосымша) және корпоративтік сайттың бөлімдерін уақтылы жаңарту, толтыру және өзектендіру үшін жауапты құрылымдық бөлімшелерді анықтайды.

8.3. Компания осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес жылдық есеп дайындайды. Жылдық есепті Жалғыз акционер бекітеді.

Жылдық есеп құрылымдалған құжат болып табылады және қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады (қажет болған жағдайда).

Жылдық есеп дайындалады және Компанияның Жалғыз акционері бекіткеннен кейін интернет-ресурста орналастырылады.

Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар бойынша кемінде мынадай ақпарат болуы көзделеді:

- 1) Компанияның Директорлар Кеңесінің Төрағасының үндеуі;
- 2) Басқарма Төрағасының үндеуі;
- 3) Компания туралы: жалпы мәлімет; мынадай мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капитал-

дың құрылымы туралы: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны және номиналды құны, акциялар беретін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, Жалғыз акционер туралы мәліметтер, оған тиесілі жай акциялардың саны, меншік құқығына билік ету тәртібі; миссия; Даму стратегиясы, оны іске асыру нәтижелері; нарыққа шолу және нарықтағы жағдай;

- 4) есепті жылдағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері: қойылған міндеттерге қатысты қызметті шолу және талдау; қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері; негізгі маңызды оқиғалар мен жетістіктер; маңызды мәмілелер туралы ақпарат; кез келген қаржылық қолдау, соның ішінде мемлекеттен алынатын/ алынған кепілдіктер және мемлекет пен қоғам алдындағы Компания өзіне қабылдаған кез келген міндеттемелер (егер ХҚЕС-ке сәйкес ашылмаса);
- 5) активтердің құрылымы, шолу, олардың қаржылық және өндірістік қызметінің негізгі қорытындылары;
- 6) болашақ кезеңдердің мақсаттары мен жоспарлары;
- 7) тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі;
- 8) корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; акционерлердің құрамы және иелік құрылымы; Директорлар кеңесінің құрамы біліктілікті, іріктеу процесін қоса, соның ішінде тәуелсіз директорлар туралы олардың тәуелсіздігін айқындау критерийлерін көрсете отырып; Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметі туралы, Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары көрсетілетін есеп, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстар саны, отырыстар нысаны, қатысу көрсеткіштері; корпоративтік басқару практикасының осы Кодекстің қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат, ал ол сәйкес келмеген жағдайда қағидаттардың әрқайсысының сақталмау себептері

туралы түсініктемелер; Компания Басқармасының құрамы; Басқарма қызметі туралы есеп; лауазымды тұлғаларға сыйақы беру саясаты;

- 9) орнықты даму;
- 10) аудитордың қорытындысы және Қаржылық есептілік ескертулермен қоса;
- 11) жылдық есепке енгізілетін аналитикалық көрсеткіштер мен деректерде алдыңғы кезеңге қатысты салыстырмалы талдауды және қол жеткізілген прогресті (регрессияны) көрсету керек (өткен жылдық есепте көрсетілген ұқсас көрсеткіштердің мәндерімен салыстыру). Көрсеткіштерді ұқсас салада жұмыс істейтін халықаралық деңгейдегі компаниялармен салыстыру мақсатында салалық бенчмаркинг-талдау жүргізуге мүмкіндік беретін қызмет көрсеткіштерін жариялау ұсынылады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Компания жыл сайынғы негізде қызмет қорытындылары бойынша Жылдық есеп дайындайды, оны Жалғыз акционер бекітеді.
- 2022 жылы Жалғыз акционердің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 30/22 шешімімен Компанияның 2021 жылғы жылдық есебі бекітілді.
- 2021 жылғы ҚазАгроҚаржы жылдық есебі (бұдан әрі – Жылдық есеп) Қазақстан қор биржасының бағалы қағаздарына рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларымен анықталған құрылымға, ҚазАгроҚаржы қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулыққа, сондай-ақ жылдық есептерді қалыптастыру бойынша үздік тәжірибеге (GRI стандарттарына (сәйкестіктің негізгі деңгейі) сәйкес әзірленген.
- Жылдық есепте ұсынылған ақпарат шынайы мәліметтерді ашады, Компания қызметінің ай-

қындылығын қамтамасыз етеді және Компанияның корпоративтік басқару қағидаттарына бейілділігін көрсетеді.

- Жылдық есеп компанияның корпоративтік сайтында «есептілік» бөлімінде орналастырылған <https://www.kaf.kz/upload/iblock/4a0/dm86q0zitxjzsig2f5ln3nuh0aaqnfq>
- Компания 2021 жылғы жылдық есептер байқауына қатысты.
- PwC Kazakhstan өткізген жылдық есептер конкурсында, Компанияның 2021 жылдың қорытындысы бойынша жылдық есебі «ESG-ақпаратты ашу деңгейі бойынша үздік қаржы компаниялары» рейтингінде 1 орынға ие болды және «B+» жақсы деңгей ашу рейтингіне ие болды, сондай-ақ ESG-ақпаратты ашудың жалпы рейтингінде 5-ші орынды иеленді.
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ өткізген жылдық есептер конкурсында Компания «Қаржы секторындағы 2021 жылғы үздік жылдық есеп» номинациясы бойынша лауреат болып танылды және «2021 жылғы жылдық есептің үздік дизайны» номинациясы бойынша жүлдегер атанды.

8.4. Компания іскери серіктестермен (клиенттер, инвесторлар, рейтингтік агенттіктер, консалтингтік компаниялар және т.б.) өзара пайда, құрмет, сенім, шыншылдық және әділеттілік негізінде өзара ықпалдасады. Компания заңды қызметпен айналысатын сенімді іскер серіктестермен ғана бизнес жүргізеді.

Заңнамаға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес, Компания қызметтерді/тауарларды жеткізушілерді негізінен конкурстық негізде таңдайды.

Компания іскери серіктестер алдындағы өзінің келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды және олардан да соны талап етеді.

Қызмет барысында туындайтын дауларды Компания әрқашан да құқықтық жолмен шешеді, келіссөздер жүргізеді және өзара қолайлы ком-промисстерге келуге ұмтылады.

Орындалады

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар

- Од саясатына сәйкес Компанияның инвесторларымен және контрагенттерімен өзара ықпалдасу кезінде:
 - 1) қаржылық жағдай, дивидендтік саясат және кредит тарихы, сондай-ақ даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты жеткілікті дәрежеде ашады
 - 2) қаржылық және басқарушылық есептілік заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес уақтылы дайындалады және ұсынылады, сонымен қатар Қаржылық есептілік тәуелсіз аудиторлардың тексеруінен өтеді;
 - 3) Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тұлғалардың (мемлекеттік органдардың) ықпалы туралы, сондай-ақ мүдделі тұлғалармен жасалатын мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, айқын және қолжетімді;
 - 4) стратегиялық шешімдер қабылдауда проактивті коммуникациялар тәсілдерін жүзеге асырады;
 - 5) іскери серіктестер алдындағы келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкес түрде ақпараттық айқындылықты, ашықтықты, тең құқықты, әділдікті, кемсітушілікті болдырмауды және бәсекелестіктің негізсіз шектелуін болдырмауды қамтамасыз етеді;
 - 7) әлемдік жетекші тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қағидаттарды сақтайды.

Клиенттермен және тұтынушылармен өзара әрекеттесу кезінде Компания:

- 1) тұтынушыларға қолжетімді қызметтерді ұсынады;
 - 2) Тұтынушы деректері мен коммерциялық ақпаратты жылыстаудан және заңсыз пайдаланылудан қорғау мақсатында олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
 - 3) тұтынушылардың барлық топтарына кемсітусіз, сапасы бірдей және қызмет көрсету деңгейі бірдей қызметтер ұсынады;
 - 4) сервистің және халыққа қызмет көрсетудің сапасын арттыруға ықпал етеді, бұл клиенттерге қызмет көрсету стандарттарын жақсартуда көрініс табады;
 - 5) жаңа құралдар мен жұмыс принциптері туралы ақпаратты клиенттерге тұрақты негізде жеткізеді;
 - 6) тұтынушылар мен өз клиенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыруға өз мүмкіндіктеріне қарай және қолжетімді нысандарда ықпал етеді.
- Компанияда тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу нақты уақыт режимінде жүзеге асырылады және қатысушыларға заңды іс-қимылдарды электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландыра отырып, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелер жасаудың электрондық форматына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Портал отандық жеткізушілерге Компанияның бәсекелестік сатып алуларына қатысуға мүмкіндік береді
- Сатып алу Еуразиялық электрондық порталда жүзеге асырылады: eep.mitwork.kz.
- Fitch Ratings Халықаралық рейтинг агенттігі ұзақмерзімді кредиттік рейтинг беру бойынша Компанияны рейтингін бағалауды жыл сайын жүргізеді, мұқият талдау жасайды. Fitch Ratings агентігінің 100 жылдан асатын үлкен тәжірибесі бар, ол дүние жүзі бойынша 20 000-нан астам ұйымда жұмыс істеді.